



**KAZAGROFINANCE**

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ»**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

# МАЗМҰНЫ

Компанияның қысқаша профилі	6
Негізгі көрсеткіштердің динамикасы	8
Негізгі оқиғалар	10
Директорлар кеңесі Төрағасының арнау сөзі	12
Басқарма Төрағасының арнау сөзі	14
Даму стратегиясы	16
<b>1. Компания туралы</b>	<b>19</b>
Рейтингтер	21
Лицензиялар	21
Сертификаттау	21
Қызмет географиясы	21
Компанияның қысқаша тарихы	22
Бизнес-модель	24
Бәсекелік артықшылығы	26
Лизинг беру процесі	27
Қызмет бағыттары	28
Субсидиялау процестері	30
Бизнес-процестерді оңтайландыру	32
Өнім берушілермен жұмыс	32
<b>2. Менеджмент есебі</b>	<b>33</b>
Макроэкономикалық көрсеткіштер	34
АӨК саласын талдау	36
Лизинг нарығын талдау	49
PEST-талдау	55
SWOT-талдау	59
Даму стратегиясын іске асыру	60
Операциялық қызмет нәтижелері	65
Қаржылық нәтижелер	72
Даму перспективалары	76
<b>3. Корпоративтік басқару</b>	<b>78</b>
Менеджменттің ұйымдық құрылымы	80
Корпоративтік басқару рейтингі	81
Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы есеп	82
Бағалы қағаздар және қатысушылар құрамы туралы мәліметтер	83
Жалғыз акционердің 2021 жылғы негізгі шешімдері	83
Директорлар кеңесі	84

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы құрамындағы өзгерістер	86
Директорлар кеңесінің құрамы	87
Директорлар кеңесінің қызметі	94
Директорлар кеңесінің комитеттері	96
Таңдау және тағайындау	100
Тәуелсіздік	102
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	103
Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамыту	104
Мүдделер қайшылығын басқару	104
Мәселелер туралы ақпараттандыру	105
Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы	105
Атқарушы орган	106
Ұйымдық құрылым	114
Жасалуында мүдделілік бар мәмілелер туралы 2021 жылғы есеп	116
Басқарма мүшелерінің сыйақысы	116
Акционерлік капиталдың құрылымы	117
Дивидендтер	118
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	119
Корпоративтік этика	123
Ішкі бақылау жүйесі	126
Ішкі аудит қызметі	128
Сыртқы аудит	129
<b>Тәуекелдерді басқару</b>	<b>130</b>
Тәуекелдерді басқару жүйесі	131
Тәуекелдерді талдау	135
<b>Маркетингтік қызмет</b>	<b>137</b>
Ақпараттық саясат	138
Брендинг және PR саласындағы қызмет	141
<b>Тұрақты даму</b>	<b>143</b>
Басқарма Төрағасының тұрақты даму мәселелері жөніндегі арнау сөзі	144
Тұрақты даму саласындағы саясат	146
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл туралы есеп	150
Экономикалық әсер	156
Әлеуметтік жауапкершілік	159
Демеушілік және қайырымдылық	169
Экологиялық әсер	169
<b>Глоссарий</b>	<b>172</b>
<b>Байланыс ақпараты</b>	<b>173</b>
<b>1-қосымша. Есеп туралы</b>	<b>175</b>
<b>2-қосымша. «ҚазАгроҚаржы» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есеп</b>	<b>179</b>
<b>3-қосымша. Қаржылық есептілік</b>	<b>221</b>
<b>4-қосымша. GRI индексі</b>	<b>319</b>



«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (ҚазАгроҚаржы, Компания) – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік қызмет көрсететін аса ірі қаржы институты.

Компания еліміздің аграрлық секторындағы техникалық жарақтандыруды дамытуға ықпал ете отырып,

**өз қызметін 22 жылдан астам уақыт бойы ойдағыдай жүзеге асырып келеді.**


Саладағы жоғары құзырет, нарықтағы көп жылдық жұмыс тәжірибесі, дамыған филиалдық желі, мықты кадрлық құрам, сенімді кредиттік рейтингтер және қаржы қаражатын тартуға қолжетімділік сияқты бәсекелік артықшылықтар лизинг нарығында көшбасшылық позицияны сақтауға және отандық фермерлер үшін сенімді әріптес болып қалуға мүмкіндік береді.

# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ПРО- ФИЛІ




# НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

## ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ




## ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



## ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС КӨРСЕТКІШТЕР

### Кірістілік көрсеткіштері

- Таза пайда, млрд теңге
- ROE, %
- ROA, %



### Корпоративтік басқару рейтингі %



### Fitch Ratings




### Лизингке берілген техника мен жабдықтар саны, бірл.



### Жыл соңындағы портфельдегі клиенттер саны, бірл.



### Жасалған қаржыландыру шарттарының саны, бірл.



# 2021

## ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР

### 18 наурызда

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы барысында берген тапсырмасын орындау мақсатында іске асырылған, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-н «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на қосу арқылы компанияның «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның еншілес ұйымдарының құрамына енуі.

### 20 тамызда

ҚазАгроҚаржы 7 жыл айналыс мерзімімен 40 млрд.теңгеге облигация шығаруды жүзеге асырды және инвесторлардың кең ауқымы арасында толық көлемде орналастырды.

### 11 қарашада

Fitch Ratings компанияның шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР бойынша «Тұрақтыдан» «оң» болжамға өзгертті де, рейтингтерді «BB+» деңгейінде растады.

### 21 желтоқсанда

ҚазАгроҚаржы 10 жыл айналыс мерзімімен 25 млрд теңгеге облигациялар шығаруды жүзеге асырды және жеке орналастыру арқылы толық көлемде орналастырды.

### 2021 жылдың қорытындысы бойынша

ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі

# 141,6

млрд теңгені құрады

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ

### Құрметті әріптестер мен серіктестер!

**ҚазАгроҚаржы** Директорлар кеңесінің атынан сіздермен жүздескеніміз үшін ризашылығымызды білдіреміз!

АӨК техникалық жарақтандыру Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені саласындағы Даму бағдарламасы шеңберінде мемлекеттің басым міндеттерінің бірі болып табылады. Лизинг бүгінгі күні негізгі қорларды жаңарту үшін неғұрлым қолайлы негізгі құралдардың бірі болып қала бермек.

ҚазАгроҚаржы 22 жылдан астам уақыт бойы лизингтік көрсетілетін қызметтер көрсету арқылы АӨК-дегі ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын жаңартуға жәрдемдесуді жүзеге асырып келеді және өткен жылдың қорытындысы бойынша елдегі сатып алынатын ауыл шаруашылығы техникасының барлық көлемінің шамамен 42,4% - ын сатып алуын қамтамасыз етті.

Компанияның Директорлар кеңесі ҚазАгроҚаржы қызметінің 2021 жылғы қорытындысын «оң» деп бағалайды. Жоспарлы қаржылық көрсеткіштер орындалды және Компанияның Даму стратегиясында айқындалған барлық бағыттар бойынша айтарлықтай өсу қамтамасыз етілді. Қол жеткізілген нәтижелер, алға қойылған мақсаттардың іске асырылуы қабылданып шешімдердің тиімділігін куәландырады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша активтер мен меншікті капиталдың рентабельділік көрсеткіштері 100% - дан астамға орындалды. Таза табыс 17,3 млрд теңге деңгейінде қалыптасты. 2021 жылы лизинг көлемі 2020 жылдың қорытындысынан 28,7% - ға асып, 141,6 млрд теңгені құрады, бұл тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, ұсынылатын лизингтік көрсетілетін қызметтерді жетілдіруге және дамытуға негізделген.

Директорлар кеңесі тиімділік пен жауапкершілік қағидаттарын сақтай отырып, Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауды қамтамасыз ету және Компанияны стратегиялық басқару жөніндегі жұмысты жалғастырады.



**ИЗБАСТИН  
КАНЫШ ТЕМИРТАЕВИЧ**

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ Директорлар  
кеңесінің төрағасы**



## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ АЛҒЫ СӨЗІ



ПРАШЕВ  
АЙДАР ГИЛИМОВИЧ

ҚазАгроҚаржы Басқармасының  
Төрағасы

### Құрметті әріптестер мен серіктестер!

**Сіздерге қошеметімді білдіріп, 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚазАгроҚаржы қызметінің нәтижелерін ұсынуға рұқсат етіңіздер!**

ҚазАгроҚаржы компанияның Даму Стратегиясын дәйектілікпен іске асыруды және лизинг нарығында көшбасшы мәртебесін сақтауды жалғастыруда. Компания үшін 2021 жыл нәтижелі және табысты болды, қызметтің барлық негізгі көрсеткіштерінің тұрақты өсуіне қол жеткізілді.

Компанияның миссиясы-сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік көрсетілетін қызметтерді ұсыну арқылы АӨК-ді техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу. ҚазАгроҚаржы еліміздің машина-трактор паркін жаңартуға айтарлықтай үлес қосады, бұл ҚазАгроҚаржы арқылы сатып алынатын техника үлесінің жыл сайынғы өсуімен расталады.

2021 жылдың қорытындысы бойынша лизингке 7,3 мың бірлік ауыл шаруашылығы техникасы немесе елдегі сатып алынған техниканың жалпы көлемінің 42,4% - ы берілді, ал компания портфеліндегі клиенттер саны жыл соңына қарай 9,5 мыңға жетті, бұл өз кезегінде 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 16% - ға артық (8263 клиент).

Клиенттердің қажеттіліктеріне бағдар компания қызметіндегі басымдықтардың бірі болып табылады. Аграрийлер үшін қаржыландырудың қолжетімді жағдайларын жасау, сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету және жаңа клиенттік сервистерді енгізу мақсатында көрсетілетін қызметтерді жетілдіру бойынша үздіксіз жұмыс жүргізілуде.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге неғұрлым тиімді және икемді шарттармен, сондай-ақ өтінімдерді қараудың жеделдетілген рәсімдерімен қаржыландырудың арнайы ұсыныстары беріледі.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Компания нәтижелілігінің жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізу біздің клиенттеріміздің сенімі, компания ұжымының тиімді жұмысы және кәсіпқойлығының арқасында мүмкін болды.

ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында көп жылдық жұмыс тәжірибесі, жоғары кредиттік рейтингі, тұрақты бәсекеге қабілетті, сондай-ақ техниканың өнім берушілермен сенімді және серіктестік қатынастары бола отырып, АӨК-ді субъектілеріне сапалы көрсетілетін қызметтер көрсету және компанияның үздіксіз қызметін қамтамасыз ету мақсатында өз активтерін тиімді басқару, корпоративтік дамыту, несиелендірудің автоматтандырылған процестерін енгізу бойынша жұмысты жалғастырады.



## ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

# «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы  
20 наурыздағы №3 шешімімен бекітілген

және 2 стратегиялық бағыттың және 4 мақсаттың шеңберінде іске асырылатын 11 міндетті, сондай-ақ қызметтің 10 стратегиялық негізгі көрсеткіштері бойынша нәтижелерге жетуді айқындайды.

## МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

### № 1 Стратегиялық бағыты

**Техникалық және технологиялық жарақтандыру арқылы АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға жәрдемдесу**

#### 1-МАҚСАТ

Ауыл шаруашылығында техникалық жарақтандыруды және экспорттық әлеуетті ұлғайту.

1-міндет. Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингі бойынша инвестициялар көлемін ұлғайту.

2-міндет. АӨК саласында экспорттық әлеуетті және еңбек өнімділігін дамытуға жәрдемдесу.

#### 2-МАҚСАТ

Лизингтік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру және дамыту.

1-міндет. Лизингтік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділік деңгейін арттыру.

2-міндет. ҚазАгроҚаржы өнімдерінің желісін, оның ішінде қаржыландырудың жаңа бағыттарын енгізу жолымен дамыту.

3-міндет. Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру.

### № 2 Стратегиялық бағыты

**Компания қызметінің тиімділігі**

#### 1-МАҚСАТ

Компания қызметінің тиімділігін арттыру.

1-міндет. Меншікті капитал мен активтерді басқару тиімділігін арттыру.

2-міндет. Несие қоржынының сапасын арттыру.

3-міндет. Қаржыландырылған жобалардың мониторингі жүйесін жетілдіру.

#### 2-МАҚСАТ

ҚазАгроҚаржының үздік тәжірибеге сәйкес корпоративтік дамуы.

1-міндет. Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және Компания қызметінің ашықтығын арттыру.

2-міндет. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру.

3-міндет. Адами ресурстардың әлеуетін арттыру, нәтижеге бағытталған корпоративтік мәдениетті дамыту.

ҚазАгроҚаржы үшін 2021 жылдың маңызды оқиғаларының бірі «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на қосу жолымен 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы барысында Мемлекет басшысының берген тапсырмасын орындау үшін іске асырылған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының құрамына кіру болды.

Акционердің ауысуына байланысты компания Жалғыз акционердің саясатын және стратеги-

ялық бағыттарын ескере отырып, жаңа даму стратегиясын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізуде, Даму стратегиясы қызметінің жекелеген түйінді көрсеткіштерін қайта қарастыру жоспарлануда. Бұл ретте компанияның миссиясы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу болып қала береді. Жаңа Даму стратегиясы қабылданғанға дейін Компания 2020-2029 жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыруды жалғастырады.



## КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ



### ҚазАгроҚаржы:

- қазақстандық лизингтік компаниялардың рейтингінде берік позицияларды иеленетін тұрақты шығынсыз компания;
  - клиенттік сервистің сапасы бойынша лизингтік көрсетілетін қызметтер нарығындағы көшбасшы;
  - саланың сапалы және бәсекелі лизингтік көрсетілетін қызметтерге қажеттілігін барынша қамтамасыз ететін АӨК-ті дамыудың қуатты қаржы құралы.
- Осылайша, қойылған мақсаттар мен міндеттерді кешенді іске асыру Қазақстанның АӨК-ін дамытудың жетекші және тұрақты қаржы институттарының бірі ретіндегі ұстанымын нығайтуды жалғастыруға мүмкіндік береді.

## 2021 жылдың қорытындысы бойынша

компанияның **2020-2029 жылдарға** арналған Даму стратегиясы қызметінің барлық негізгі көрсеткіштері **толық көлемде орындалды,**

стратегиялық бағыттар бойынша жұмыс туралы ақпарат «Даму стратегиясын іске асыру» бөлімінде ашылған



# КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

## Миссиясы

сапалы және бәсекеге қабілетті лизингтік көрсетілетін қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу.

## Пайымдауы

ҚазАгроҚаржы - саланың қазіргі заманғы және жоғары технологиялық техникаға қажеттілігін қамтамасыз ететін Қазақстанның АӨК лизинг нарығындағы көшбасшысы.

## Рейтингтер

2021 жылғы 11 қарашада Fitch Ratings ҚазАгроҚаржының шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді ЭДР бойынша болжамды «Тұрақтыдан» «Позитивтіге» өзгертті және рейтингті «BB+» деңгейінде растады.

## Лицензиялар

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің банктік қарыз операцияларын ұлттық валютада жүргізуге лицензиясы (2006 жылғы 31 наурызда алынды).

## Саладағы мақсат

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді лизинг негізінде ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін қолжетімді қаржы қаражатымен қамтамасыз ету жолымен агроөнеркәсіптік кешенді технологиялық жаңарту.



## Сертификаттау

ISO 9001-2015 сапа менеджменті жүйесі бойынша сертификаттау.

## Қызмет географиясы

Еліміздің барлық өңірлерінде 14 филиалы бар. Қазақстандық техника өндіруші зауыттармен, сондай – ақ жақын және алыс шетел жабдықтаушыларымен ынтымақтастық.

# КОМПАНИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ



ҚазАгроҚаржы Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысына сәйкес 1999 жылғы 28 желтоқсанда тіркелді.

**1999**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚазАгроҚаржы құрылымын құру туралы қаулысы бекітілді.

**2000**

шетелдік ауыл шаруашылығы техникасы лизингінің алғашқы тәжірибесі

**2000-2003**

алғашқы машина-трактор станцияларын құру.

**2004**

арнайы техника мен технологиялық жабдықтың лизингі.

**2005**

өңдеу жабдықтарының лизингі.

**2006**

ҚазАгроҚаржы жаңадан құрылған «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингінің құрылымына енді.

**2007**

асыл тұқымды мал лизингін енгізу.

**2008**

компанияға алғаш рет Fitch (BBB -) халықаралық кредиттік рейтингі берілді.

**2009**

ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруының басталуы.

**2009**

құрастыру өндірісін дамыту.

**2010**

Қазақстандағы лизинг нарығын Эксперт РА алғашқы зерттеуі: ҚазАгроҚаржы қазақстандық лизинг нарығында көшбасшысы болып танылды.

**2010**

мелиоративтік техника лизингін және қайталама техника лизингін енгізу.

**2012**

«Егінжай» бағдарламасы бойынша техниканы қаржыландыру.

**2013**

«Экспресс-лизинг» және «Шебер-лизинг» бағдарламаларын іске асыруды бастау.

**2013**

ҚазАгроҚаржы субсидиялау бағдарламасының ресми қатысушысы болды.

**2015**

ҚазАгроҚаржы алғаш рет корпоративтік басқару диагностикасын жүргізді және Компанияға алғаш рет корпоративтік басқару деңгейі берілді.

**2016**

ҚазАгроҚаржы алғаш рет инвесторлардың кең тобы арасында 8 млрд теңге сомасына және айналым мерзімі 5 жыл ішкі нарықтық облигацияларды орналастырды.

**2016**

«Беларусьте жасалған» бағдарламасын іске асырудың басталуы.

**2016**

ҚазАгроҚаржыны бәсекеге қабілетті ортаға беруге ұсынылатын объектілер тізбесіне енгізу.

**2017**

ҚазАгроҚаржының теңгелік облигациялар шығару және орналастыру бойынша 5-жылдық мәмілесі «Еуропада, Таяу және Орта Шығыс пен Африкада ұлттық валютадағы облигациялардың үздік шығарылымы» санатында EMEA Finance жеңімпазы («Best local currency bond in EMEA») болып танылды.

**2018**

«Өз жем-шөбіміз» және «Сенімді фермер» бағдарламаларын іске асырудың басталуы.

**2018**

ҚазАгроҚаржының 2017 жылғы жылдық есебі жылдық есептердің VIII конкурсының қорытындысы бойынша қаржы секторында үздік деп танылды, сондай-ақ конкурстың барлық қатысушыларының есептері арасында 9-шы орынға ие болды.

**2019**

компанияны жекешелендіруге жататын объектілер тізімінен шығару.

**2019**

Нұр-Сұлтан қаласында филиалдың ашылуы.

**2019**

Компанияның 20 жыл қызметі.

**2020**

ҚазАгроҚаржының 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының бекітілуі.

**2020**

«Қазақстанда жасалған» және «Ауыл шаруашылығы мұқтаж-дықтары үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарының лизингі» қаржыландырудың жаңа бағдарламаларын енгізу. Азық-түлік желісін қаржыландыруды оңтайландыру.

**2021**

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы барысында берген тапсырмасын орындау үшін іске асырылған, «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ мен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қосу жолымен ҚазАгроҚаржының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының құрамына енуі.



# БИЗНЕС-МОДЕЛЬ



Лизингтік қызметті жүзеге асыру мақсатында Компания тұрақты негізде және ретті негізде көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту бойынша тиісті іс-шараларды жүргізеді.





## БӘСЕКЕЛІК АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

- лизинг саласындағы тәжірибесі 22 жылдан астам;
- қаржыландырудың қолжетімді шарттары;
- қызмет көрсетудің клиентке бағдарланған стандарттары;
- танымал бренд және оң беделді;
- несие рейтингтің жоғары деңгейі;
- кең филиалдық желісі;
- нарықтық құралдарды пайдалана отырып, қаражат тартудағы табысты тәжірибе;
- кадрлық құрамының жоғары құзыреттілігі;
- ауыл шаруашылығы техникасының жетекші өнім берушілері мен өндірушілерінің үлкен базасы;
- 2008 жылдан бастап Қазақстан қор биржасындағы листингі;
- қызмет ашықтығының жоғары деңгейі;
- корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру бойынша тұрақты жұмысы.


## ЛИЗИНГ БЕРУ ПРОЦЕСІ

Лизинг беру процесі клиенттің лизинг нысанасы мен өнім берушіні таңдауынан басталады. Өнім берушіден коммерциялық ұсынысты алғаннан кейін клиент ҚазАгроҚаржы-ға жүгінеді.

Кредиттік бөлімшенің менеджері қолда бар қаржыландыру бағдарламалары бойынша консультация жүргізеді, сондай-ақ клиентті өтінім беру үшін қажетті міндетті құжаттардың тізбесімен таныстырады. Клиент құжаттардың толық пакетін ұсынғаннан кейін Компанияның құрылымдық бөлімшелері клиенттің жобасына сараптама жүргізеді. Қорытындылар мен

сараптамалардың қорытындылары бойынша Компанияның уәкілетті органы (Кредит комитеті) жобаны қаржыландыру туралы шешім шығарады. Жобаны қарастырудың жалпы мерзімі пысықтауды есепке алмағанда, 5-тен 12 жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайды.

Жоба бойынша кредит комитетінің оң шешімі болған жағдайда қаржы лизингі шарты жасалады, клиент бірінші лизингтік төлемді енгізеді, содан кейін өнім берушімен лизинг нысанасын сатып алу шартына қол қойылады. Жеткізгеннен кейін лизинг нысанасы лизинг алушыға беріледі.



## ҚЫЗМЕТ БАҒЫТТАРЫ

Компания ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің әртүрлі санаттарының мүдделері мен қажеттіліктеріне жауап беретін және техниканы тиімді шарттарда сатып алуға мүмкіндік беретін қаржыландыру бағдарламаларының ауқымды теңдестірілген өнім желісін іске асыруда.

Компания қызметінің бағыты ауыл шаруашылығы техникасының, арнайы техниканың, көлік құралдарының, жабдықтардың лизингі болып табылады.

### 2021 ЖЫЛДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Стандартты лизинг бойынша шарттар	Мерзімі	Аванс	Мөлшер лемесі
<b>1 Ауыл шаруашылық техникасы</b>	10 жылға дейін	кемінде 15%	17%(субсидияны есепке алғанда 7%)
<b>2 Мелиоративтік және ауыл шаруашылығы жұмыстарына арналған арнайы техника</b>	7 жылға дейін	кемінде 20%	17% (субсидияны есепке алғанда 7%)
<b>Ауыл шаруашылығы мұқтаждықтары үшін ұшқышсыз ұшу аппараттары</b>	5 жылға дейін	кемінде 30%	17% (субсидияланбайды)
<b>3 Ауыл шаруашылығы және балық өнімдерін және оларды қайта өңдеу өнімдерін, биологиялық активтерді тасымалдау жөніндегі көлік құралдары (оның ішінде тартқыштар мен тіркемелер)</b>	7 жылға дейін	кемінде 15%	17% (субсидияны есепке алғанда 7%)
<b>Астықты және ауыл шаруашылығы өнімінің өзге де түрлерін тасымалдауға арналған жүк вагондары</b>	10 жылға дейін	кемінде 15%	17% (субсидияланбайды)
<b>4 Жабдықтар</b>	10 жылға дейін	кемінде 15%	17% (субсидияны есепке алғанда 7%)

Несиелеу шарттары	Мерзімі	Аванс	Мөлшер лемесі
<b>5 Айналым капиталын толықтыруға несие беру</b>	3 жылға дейін	-	17% (субсидияны есепке алғанда 10%)

Арнайы қаржыландыру бағдарламаларының шарттары	Мерзімі	Аванс	Мөлшер лемесі
<b>1 «Қазақстанда жасалған» ҚР-да өндірілген/құрастырылған ауыл шаруашылығы техникасы мен көлік құралдар.</b>	10 жылға дейін	кемінде 15%	6% (ҚР ҰҚ)

	Мерзімі	Аванс	Мөлшер лемесі
<b>2 «Сенімді фермер»:</b> Аванссыз лизинг	10 жылға дейін	0	17%(субсидияны есепке алғанда 7%)
<b>3 «Беларусьте жасалған»</b> Беларусь Республикасы (РБ) өндірісінің техникасы мен жабдықтары	5 жылға дейін	кемінде 15%	17 % (жылдық 1% БР мен ҚР субсидиялауын есепке алғанда)
Арнайы қаржыландыру бағдарламаларының шарттары	Мерзімі	Аванс	Мөлшер лемесі
<b>1 «Экспресс-лизинг»</b> Табысты растаусыз	10 жылға дейін	кемінде 20%	17%(субсидияны есепке алғанда 7%)
<b>2 «Шебер-лизинг»</b> 1 жылға арналған лизинг желісі	10 жылға дейін	кемінде 15%	17%(субсидияны есепке алғанда 7%)
			6% (ҚР ҰҚ)

Лизинг нысанын қаржыландырудың басым шарттарында, техниканы кепілсіз, комиссиясыз, жеңілдікті кезең беріле отырып, қаржыландырудың ұзақ мерзімдерімен, аванс төлеусіз (техника құнының 25% - ы мөлшеріндегі инвестициялық субсидиялар есебінен) беру болып табылады.

Сыйақы мөлшерлемесін мемлекет 10% - ға дейінгі мөлшерде субсидиялайды.



## СУБСИДИЯЛАУ ПРОЦЕСТЕРІ

Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін субсидиялау.

ҚазАгроҚаржы инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша мемлекеттік субсидиялау бағдарламасына қатысады.


Осы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау шарасының арқасында техниканы лизингке сатып алу кезінде инвестициялық субсидиялар есебінен аванс беруге болады. Инвестициялық субсидияларды алу мүмкіндігі клиенттерге қаржылық жүктемені айтарлықтай жеңілдетеді және техниканың қолжетімділігін арттырады.


Субсидиялауға өтінім беру Qoldau цифрлық платформасы арқылы электрондық форматта да, қағаз түрінде де жүзеге асырылуы мүмкін.

2021 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық салымдарды субсидиялау бағдарламасы бойынша компанияның арнайы шотына 1322 қаржы лизингі шарты бойынша жалпы сомасы 6,8 млрд теңгеге аванстық төлемді өтеуге инвестициялық субсидиялар түсті.

2021 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық салымдарды субсидиялау бағдарламасы бойынша компанияның арнайы шотына 1322 қаржы лизингі шарты бойынша жалпы сомасы 6,8 млрд теңгеге аванстық төлемді өтеуге инвестициялық субсидиялар түсті.

### ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ СУБСИДИЯЛАРДЫ АВАНСТЫҚ ТӨЛЕММЕН АУДАРУ



 Инвестициялық субсидиялардың мөлшері техника құнының 25% - ын құрайды. Инвестсубсидиялар техника лизингі бойынша аванс ретінде пайдаланылады.


### СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН СУБСИДИЯЛАУ

ҚазАгроҚаржы кредиттер, сондай-ақ технологиялық жабдықтың және ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың мемлекеттік бағдарламасына қатысады. Бағдарлама агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін көрсетілетін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге субсидиялау есебінен жылдық 10% - ға дейінгі мөлшерлемелерді үнемдеуге мүмкіндік береді.

Субсидиялауға өтінім беру Qoldau цифрлық платформасы арқылы электрондық форматта да, қағаз түрінде де жүзеге асырылуы мүмкін.

2021 жылы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бағдарламасы бойынша Qoldau.kz субсидиялауға жалпы негізгі борыш сомасы 173,6 млрд теңге болатын 6 360 қаржы лизингі мен қарыз шарты мақұлданды. 2021 жылы компанияның арнайы шотына жалпы сомасы 15,5 млрд теңгеге субсидиялар түсті.

### СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІН СУБСИДИЯЛАУ







## БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

Кредиттік-лизингтік қызметті жетілдіру мақсатында компания көрсетілетін көрсетілетін қызметтердің жағдайларын жақсарту және сапасын арттыру бойынша тиісті іс-шаралар кешенін іске асыруда.

Есепті жылы компания ұсынатын өнімдер желісінің шарттары жаңартылды және жақсартылды, атап айтқанда, клиенттерге Қазақстан Республикасы тарапынан жылдық 10% және Беларусь Республикасы тарапынан жылдық 6% сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау көзделген техниканы сатып алуға мүмкіндік беретін «Беларусьте жасалған» арнайы қаржыландыру бағдарламасы жаңартылды, нәтижесінде клиенттер үшін түпкілікті мөлшерлеме жылдық 1% - ды құрайды.

2021 жылы компанияда негізгі бизнес-процестерді автоматтандыру және оңтайландыру шеңберінде <https://online.kaf.kz/> портал арқылы қаржыландыруға онлайн өтінім беруге арналған функционал іске асырылды. Жоба ЭЦҚ арқылы қажетті құжаттарға қол қою арқылы өтінімді автоматты түрде беруге бағытталған.

Жоба қажетті өнімді таңдағаннан кейін, клиент туралы мәліметтерді автоматты түрде тексере отырып, лизинг нысанасының негізгі параметрлерін таңдағаннан кейін өтінім берушінің қаржыландыруға өтініш беру мүмкіндігін көздейді. ҚазАгроҚаржы бизнес-процестерді оңтайландыру және клиенттердің мүддесінде өнім желісін дамыту бойынша жұмыстарды жалғастыруда.

## ӨНІМ БЕРУШІЛЕРМЕН ЖҰМЫС

Лизинг нысанасын және лизинг нысанасын берушіні таңдауды клиент «Қаржы лизингі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес жүзеге асырады. Компания ынтымақтастық тәжірибесі бар ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының өнім берушілері базасын жүргізеді. Ақпарат мүдделі тұлғалар үшін Компанияның корпоративтік сайтында [www.kaf.kz](http://www.kaf.kz) ашық қолжетімді.

Компанияның лизинг нысаналарының өнім берушілеріне қоятын талаптары сәйкестігін және лизинг нысанасының әділ құнын қалыптастыру тұрғысынан мұқият тексеруге жатады.

Компанияның лизинг нысаналарының өнім берушілеріне қойылатын талаптары барлығы үшін бірдей болып табылады және компанияның сайтында орналастырылған, бұл өнім берушілер үшін компаниямен өзара іс-қимыл процесін жеңілдетеді.

Өнім берушілерге қойылатын негізгі талаптарға мыналар жатады:

- Кәсіби біліктілігі мен жеткізілетін лизинг нысанасы нарығында кемінде 6 ай жұмыс тәжірибесінің болуы;
- Компания алдында орындалмаған (лизинг нысаналарын сатып алу талаптарына сәйкес мерзімі өтіп кеткен) міндеттемелерінің болмауы;
- лизинг нысанасын жеткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қажетті сертификаттардың, лицензиялардың болуы;
- кепілдікті және кепілдіктен кейінгі сервистік қызмет көрсетуді жүзеге асыру;
- Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауы;
- сенімсіз өнім беруші мәртебесінің болмауы.

Өнім берушімен лизинг нысанасын сатып алуға және техниканы жеткізуге шарт жасалғаннан кейін, Компания аталмыш лизинг нысанасын қабылдайды, өнім берушіге ақысын төлейді және одан әрі лизинг алушыға табыс етеді. Лизинг нысанасының логистикасын, кедендік ресімдеуді және жеткізуге байланысты басқа да іс-қимылдарды Компания қызметкерді жүзеге асырады, бұл лизинг алушылар үшін лизинг процесін барынша жеңілдетеді және қолжетімді етеді.



## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (бұдан әрі – ҚР СЖЖәнеРА Ұлттық статистика бюросы) деректері бойынша 2017 жылдан бастап Қазақстан экономикасы тұрақты өсу қарқынына шықты. Егер 2019 жылға дейін ел экономикасы сыртқы экономикалық жағдайды біртіндеп жақсарту жағдайында дамыған болса, онда 2019 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) нақты өсімі 4,5% - ды, 2018 жылы 4,1% - ды, 2017 жылы 4,1% - ды және 2016 жылы 1,1% - ды құрады. Қазақстан экономикасының мұндай өсуі ішкі сұранысты қалпына келтіру есебінен қамтамасыз етілді, ол экономикаға жаңа инвестициялар тартумен, сондай-ақ сатылатын секторлардағы өндірісті кеңейтумен және іс жүзінде экономиканың барлық салаларында теңгерімді өсумен қолдау тапты. Жалпы алғанда, 2019 жылы елдің экономикалық дамуы тау-кен өнеркәсібінің, құрылыстың, өңдеу


өнеркәсібінің өсуі және қызмет көрсету секторының үлесі арқасында тұрақты болып қалды.

2020-2021 жылдары Қазақстан экономикасына мұнай бағасының құлдырауы, инфляция, бірқатар экспорттық тауарлардың құбылмалылығы және COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуынан туындаған пандемия себеп болған көрсетілетін қызметтер саласындағы іскерлік белсенділіктің төмендеуі әсер етті.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда өндірілген жалпы ішкі өнім көлемі 81 269 230,5 млн теңгені құрады және өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда нақты мәнде 4,0% - ға ұлғайды.

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда ЖІӨ-дегі тауарлар өндірісі мен көрсетілетін қызметтер көрсету өндірісінің үлесі тиісінше 40,1% және 53,5% - ды құрады. ЖІӨ өндірісіндегі негізгі үлесті өнеркәсіп құрайды – 29,2%.


### ЖІӨ ДИНАМИКАСЫ



Дереккөз: ҚР СЖЖәнеРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері

2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 13 221,4 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылға қарағанда 3,5% - ға артық.

### НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР СЕРПІНІ



Дереккөз: ҚР СЖЖәнеРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері


2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл, орман және балық шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар көлемі 773,2 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылға қарағанда 33,3% - ға артық.

Ауыл, орман және балық шаруашылығына негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемінде ең көп салымдар бір немесе

екі жылдық дақылдарды өсіруге (60,9%) және мал шаруашылығына (25,4%) тиесілі.

Негізгі астық егетін өңірлер-Солтүстік Қазақстан, Ақмола және Қостанай облыстары салаға 341,1 млрд теңге бағыттады, бұл ауыл, орман және балық шаруашылығына салынған инвестициялардың жалпы көлемінің 44,1% - ын құрады.

### СЕКТОРЛАР БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯЛАР КӨЛЕМІ



Дереккөз: ҚР СЖЖәнеРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚР Ұлттық Банкі) деректері бойынша 2021 жылы жылдық инфляция 8,4% (2020 жылғы желтоқсанда – 7,5%) деңгейінде қалыптасты. Инфляция құрылымында азық – түлік тауарларына бағалар жылдық мәнде 9,9% – ға, азық-түлік емес тауарларға-8,5% - ға, ақылы көрсетілетін қызметтерге-6,5% - ға өсті.

АҚШ долларының бағамы 2022 жылдың басындағы 420,91 теңгеге қарсы 1 АҚШ доллары үшін 2021 жылдың соңында 431,67 теңгені құрады.

Ел халқының саны 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 19 125,6 мың адамды құра-

ды, оның ішінде қалалық – 11 355,8 мың (59,4%), ауылдық – 7 769,8 мың (40,6%) адам.

ҚазАгроҚаржы стратегиялық мақсаттары мен міндеттері мемлекеттік саясатты іске асыру және АӨК дамыту саласында қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты дамуына бағытталған.

Осыған байланысты компания Қазақстан экономикасының дамуына ықпал ететін қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлер мен геосаяси жағдайды назарға ала отырып, саланы дамыту жөніндегі нақты шараларға назар аударуы қажет.


## АӨК САЛАСЫН ТАЛДАУ

Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешені-экономиканың бірнеше салаларын біріктіретін, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруге және қайта өңдеуге және одан түпкілікті тұтынушыға жеткізілетін өнім алуға бағытталған ірі салааралық кешен. Бұл ауыл шаруашылығын және ауыл шаруашылығы өндірісімен тығыз байланысты өнеркәсіп салаларын қамтитын, ауыл шаруашылығы өнімдерін тасымалдауды, сақтауды, қайта өңдеуді, оны Ауыл шаруашылығын ауыл шаруашылығы өндірісіне қызмет көрсететін техникамен, химикаттармен және тыңай-

тқыштармен қамтамасыз ететін тұтынушыларға жеткізуді жүзеге асыратын ел экономикасы салаларының жиынтығы.

Ауыл шаруашылығы Қазақстан экономикасының негізгі салаларының бірі болып табылады. Аграрлық сектордың даму деңгейі әрдайым Қазақстан қоғамының экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығының айқындаушы факторы болды және одан әрі де болып бермек келеді.

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ШЫҒАРУ ДИНАМИКАСЫ, млрд теңге



Дереккөз: ҚР СЖЖәнеРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері

### ҚР СЖЖӘНЕРА ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫНЫҢ ДЕРЕКТЕРІ БОЙЫНША АӨК САЛАСЫНЫҢ ТАЛДАМАСЫ:

- 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 7 376 млрд теңгені құрады, бұл 2020 жылға қарағанда 2,4% - ға аз, өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі-4 232,5 млрд теңге, мал шаруашылығының жалпы өнімі-3 104,5 млрд теңге, ауыл шаруашылығы саласындағы көрсетілетін қызметтер – 9,7 млрд теңге, аңшылық шаруашылығындағы өнім (қызмет) көлемі – 1,1 млрд теңге, орман шаруашылығындағы өнім (қызмет) көлемі – 15,8 млрд теңге, балық аулау мен акваөсімдіктегі өнім (қызмет) көлемі-12,4 млрд теңге. 2021 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің төмендеуі өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірудің 6,7% - ға азаюына байланысты;
- 2021 жылы көкөніс өнімділігінің көрсеткіші гектарынан 268 центнерді, 2020 жылға қарағанда – гектарынан 265,9 центнерді, 2021 жылы картоп түсімі гектарынан 11 центнерді, ал 2020 жылы - гектарынан 11,3 центнерді құрады;
- өсімдік шаруашылығында еліміздің бірқатар облыстарында дәнді дақылдардың жалпы түсімінің төмендеуі байқалады. 2020 жылмен салыстырғанда 2021 жылы дәнді дақылдар көлемінің төмендеуі Қоста-

най облысында - 29,2%, Ақмола облысында-23,9%, Солтүстік Қазақстан облысында - 19% байқалады.


Жер ресурстары бойынша ақпарат

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің барлық түрлерінің өндірісін ұлғайтуға және елді отандық өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса ірі жер ресурстары бар.

1991-2005 жылдар кезеңінде республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауданы 136,2 млн гектарға қысқарды, бірақ кейіннен осы санаттағы жерлердің алаңы жыл сайын ұлғайып, оның жалпы ұлғаюы 2005 жылдан бастап 2020 жылға дейін 26,8 млн гектарды құрады. Соңғы жылдары Барлық облыстар бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер босалқы жерлерді игеру есебінен ұлғаюда, ағымдағы жылы олардың республика бойынша жалпы алаңы 1,8 млн гектарға ұлғайды. Өсім Ақмола, Атырау, Қостанай және Маңғыстау облыстарынан басқа барлық облыстарда орын алды. Осы облыстардағы ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің азаюы негізінен пайдаланылмайтын алаңдарды қорға қайтару есебінен болды.

Жер қорының құрылымындағы осы санаттағы жерлердің ауданы 108,6 млн га немесе пайдаланылатын жерлердің 41,3% - ын құрайды.

### АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ЖЫЛДАР БОЙЫНША ТАҢДАУЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, млн га



Дереккөз: ҚР СЖЖәнеРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – ҚР АШМ) деректері бойынша еліміздің жер қорында ауыл шаруашылығы мақсатындағы 108,6 млн гектар жер бар, оның 105,5 млн гектарын ауыл шаруашылығы алқаптары алып жатыр. Қорда 93,6 млн га жер бар, олар негізінен жер реформасының бастапқы кезеңінде, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің елеулі аяңдары өнімді айналымнан шығарылған кезде қалыптасқан және қазіргі уақытта меншікке және жер пайдалануға берілмеген.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санында республиканың ауыл шаруашылығына қатысты неғұрлым құнды жерлері бар: ҚР егістігінің жалпы көлемінің 98,0%-ы егістік, оның ішінде 91,1%-ы суармалы, 42,2%-ы көпжылдық екпелер, 48,2%-ы тыңайған жерлер, 45,4%-ы шабындық, оның ішінде 36,3%-ы жақсартылған және 43,4%-ы жайылма суару:

Алқаптардың атауы	Ауданы, млн га	Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде	%
Ауыл шаруашылығы алқаптары	214,3	105,5	49,2
Оның ішінде:			
Егістік	26,3	25,8	98,0
Жайылым	179,1	75,6	42,2
Шабындықтар	4,9	2,2	45,4

Дереккөз:  
ҚР АШМ деректері

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құрамындағы егістіктің негізгі аяңдары Қостанай (6,2 млн га), Ақмола (5,9 млн га) және Солтүстік Қазақстан (4,9 млн га) облыстарында дәнді өңірлерде есепте тұр. Шөл және шөлейт аймақтарда орналасқан өңірлерде жайылымдық жерлердің неғұрлым ірі алқаптары шоғырланған, атап айтқанда Қарағанды (14,2 млн га), Ақтөбе (10,2 млн га), Шығыс Қазақстан (9,7 млн га), Алматы (6,9 млн га) және Батыс Қазақстан (5,7 млн га) облыстарында.

Ең көп тыңайған жер аяңдары Батыс Қазақстан (458,0 мың га), Ақмола (292,4 мың га), Ақтөбе (256,9 мың га), Қарағанды (214,1 мың га) және Павлодар (171,0 мың га) облыстарында бар деп саналады.

Барлық шабындықтардың 50%-дан астамы республиканың үш облысында: Шығыс Қазақстан – 488,7 мың га, Батыс Қазақстан-467,5 мың га және Қарағанды – 227,2 мың га.

2021 жылы барлық ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс аяңдары 22,9 млн гектарды құрады, бұл 2020 жылғы деңгейден 343,3 мың гектарға артық. Оның ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар – 16,0 млн га (236,9 мың га-ға артық), оның ішінде бидай-12,9 млн га (749,9 мың га-ға артық). Майлы дақылдар 3,1 млн

га (197,3 мың га – ға артық), Жемшөп дақылдары – 3,1 млн га (82,8 мың га – ға аз), мақта-109,9 мың га (16,0 мың га-ға аз), күріш-96,8 мың га (7,3 мың га-ға аз), қант қызылшасы - 21,7 мың гектарға (0,9 мың гектарға артық), картоп – 195,8 мың гектарға (1,4 мың гектарға артық) және көкөніс дақылдары – 168,6 мың гектарға (5,0 мың гектарға артық) және бақша дақылдары-110,0 мың гектарға (8,1 мың гектарға артық).

Қазіргі уақытта қолда бар жайылымдық алқаптардан 103,2 млн га жайылым немесе 56% суландырылды.

2014-2021 жылдар аралығында республика бойынша пайдаланылмайтын жайылымдарды суландыру үшін 9 760 бірлік жайылымдарды суландыру және мал шаруашылығы шаруашылықтарын сумен қамтамасыз ету инфрақұрылымы салынды, оның ішінде 6 874 бірлік құдық 26,4 млрд теңгеге субсидияланды.

Суландыру есебінен шалғайдағы жайылымдарға 913,7 мың бас ірі қара мал, 3 013 мың бас қой, 309,3 мың бас жылқы және 43 мың бас түйе шығарылды.

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жерде ауыл шаруашылығы жерлерін пайдаланудың ғарыштық мониторингі енгізілді, сондай-ақ

пайдаланылмайтын жерлерді мемлекеттік меншікке қайтару бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдануда.

Космомониторингтің алдын ала нәтижелері бойынша бүкіл республика бойынша 22,4 млн

гектар ауыл шаруашылығы жері анықталды, оның ішінде 1,1 млн гектар егістік және 21,3 млн гектар жайылым, оның ішінде 3,2 млн гектары мемлекеттік меншікке қайтарылды, оның ішінде 3 млн гектары жайылым және 0,2 мың гектары егістік.

## 2021 ЖЫЛЫ QOLDAU.KZ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЦИФРЛАНҒАН ЖАЙЫЛЫМДАРДЫҢ ҮЛЕСІ:

Облыс	Жалпы ауданы, млн га	Жер пайдаланушылар саны	Цифрланған алқаптардың ауданы, млн га	Цифрланған алқаптардың үлесі, %
Барлығы, соның ішінде:	75,6	56 368	63,5	84
Маңғыстау облысы	2,7	1 100	3,5	100
Ақмола облысы	4,4	2 856	4,2	94,3
Ақтөбе облысы	10,2	3 905	9,3	91,8
Қарағанды облысы	14,2	5 747	13,0	91,7
Қостанай облысы	3,9	2 514	3,5	89,7
Алматы облысы	6,9	11 333	5,9	85
Батыс-Қазақстан облысы	5,7	3 955	4,8	84,3
Павлодар облысы	4,3	2 361	3,6	83
Шығыс-Қазақстан облысы	9,7	7 436	7,1	73,8
Қызылорда облысы	2,0	2 147	1,5	73,7
Түркістан облысы	3,1	5 678	2,2	70,3
Атырау облысы	2,7	1 533	1,8	68,4
Жамбыл облысы	3,7	4 484	2,1	58,1
Солтүстік-Қазақстан облысы	2,1	1 319	0,9	44,2

Дереккөз:  
qoldau.kz жүйе деректері



## ӨСІМДІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ

2021 жылы өңдеуден кейінгі салмақта 16,4 млн тонна дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар (2020 жылғы деңгейден 3,6 млн тоннаға аз), орташа өнімділік 10,4 ц/га (2,4 ц/га аз) бастырылды. Оның ішінде бидай 9,3 ц/га (2,5 ц/га аз) түсімділігімен 11,8 млн тонна (2,4 млн тоннаға аз) бастырылды.

2021 жылы 2,4 млн тонна майлы дақылдар (126,4 мың тоннаға кем) 8,3 ц/га түсімділікте (1,2 ц/га кем), 332,2 мың тонна қант қызылшасы (134,2 мың тоннаға кем) 275,5 ц/га түсімділікте 47,7 ц/га кем), 290,4 мың тонна мақта (36,2 мың тоннаға кем) өнімділігі 26,4 ц/га (0,5 ц/га артық), 503,8 мың тонна күріш (53,0 мың тоннаға кем) өнімділігі 52,1 ц/га (2,3 ц/га кем), 4,0 млн тонна картоп (24,8 мың тоннаға артық) 207,4 ц/га (0,7 ц/га-ға артық), 4,5 млн тонна көкөніс (171,2 мың тоннаға артық), 268,0 ц/га (2,1 ц/га-ға артық), 2,8 млн. тонна бақша дақылдары (353,5 мың тоннаға артық) жиналды.

## МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Мал шаруашылығы саласына келетін болсақ, мал шаруашылығы өнімдерінің өндіріс көлеміне әсер ететін негізгі факторлар мал басы мен өнімділігі, малды жемшөппен қамтамасыз ету, азықтандыру рационы, жануарлардың тұқымы, мал шаруашылығы қора-жайларының болуы және оларды ұстау шарттары болып табылады.

Бұл ретте мал басы мен мал өнімділігі өнім өндіру көлеміне тікелей байланысты.

ҚР СЖжәнеРА Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда шаруашылықтардың барлық санаттарында ауыл шаруашылығы жануарларының саны мынадай үрдісті көрсетеді:

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ САНЫ

ҚР бойынша барлық саны, мың бас	1 қаңтарға		Өзгерістер (+ -)
	2021 г	2022 г	
ІҚМ	7 848,5	8 185,1	336,6
Жылқы	3 118,3	3 470,8	352,6
Қойлар мен ешкілер	20 042,0	20 856,5	814,5
Шошқалар	819,9	775,3	-44,5
Түйелер	227,2	243,4	16,1
Құстар	43 160,0	47 787,4	4 627,5

Дереккөз:  
ҚР СЖжәнеРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері

Ірі қара мал саны 4,3% – ға артып, 8 185,1 мың басты, жылқы – 11,3% – ға артып, 3 370,8 мың басты, қой – 4,1% - ға артып, 20 856,5 мың басты, түйе-7,1% - ға артып, 243,4 мың басты, құс-10,7% - ға өсіп, 47 787,4 мың басты құрады. Бұл ретте, шошқа басы 5,4% - ға төмендеп, 775,3 мың басты құрады.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ірі қара малдың 52,4% - ы аула шаруашылықтарында; 38,2% - ы шаруа қожалықтары мен жеке кәсіпкерлерде; 9,4% - ы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында; қойлар бойынша – тиісінше 50,6%, 43,7% және 5,7%; ешкілер – 67,7%, 31,3% және 1%; шошқалар-56%10,5% және 33,5%; құс – 25,2%, 1,3% және 73,5%.

## АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫ

Отандық өндіріс тауарларының едәуір үлес салмағы азық-түлік тауарларының көпшілігінің ресурстарында байқалады. Нарықтағы сүт өнімдерінің ресурстары 2021 жылғы қаңтар-қарашада 2020 жылғы қаңтар-қарашамен салыстырғанда республикада олардың өндірісінің ұлғаюы есебінен өсті. Дәнді дақылдар, ет, сүт

өнімдері, сондай-ақ макарон өнімдерінде отандық өндіріс басым (96,0%,86,1%, 85,8%, 82,4% тиісінше).

Көптеген өнімдер бойынша 2021 жылы заттай көріністе өнеркәсіптік ауқымда өнім өндірісі төмендеу үрдісіне ие:

## ӨНЕРКӘСІПТІК АУҚЫМДА ӨНІМ ӨНДІРУ

Өнім	2020 ж	2021 ж	Өзгерістер (+/-)
Ет, тонна	295 578	336 471	40 893
Сүт, тонна	616 514	611 047	-5 467
Ұн, тонна	3 352 374	3 093 527	-258 847
Нан, тонна	550 173	527 163	-23 010
Жарма, тонна	84 492	84 116	-376

Дереккөз:  
ҚР СЖжәнеРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері

## ТИІМДІЛІК

Ауыл, орман және балық шаруашылығы қызметі бойынша рентабельділік (шығындылық) 2021 жылғы 3-тоқсанда 24,5% - ды құрады, ал өткен жылдың ұқсас кезеңінде АӨК кәсіпорындарының рентабельділігі 28,5% - ды құрады.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің рентабельділігін қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ қайта өңдеушілерді шикізатпен қамтамасыз

ету үшін мемлекет мемлекеттік қолдау шараларын, оның ішінде субсидиялау, сақтандыру, ішкі нарықтарды импортты алмастыру және отандық өнімдермен молықтыру бағдарламасын, қарыздарға кепілдік беруді, жеңілдікті кредит беруді, оның ішінде «қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша және т. б. ұсынады.

## ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

2021 жылы инвестициялық салымдарды субсидиялау бағдарламасы бойынша АӨК субъектілеріне 104,4 млрд теңге көзделді, бұл 24 189 инвестициялық жобаны субсидиялауға мүмкіндік берді.

Инвестициялық субсидиялаумен АӨК-нің 34 басым бағыты қамтылды.

Инвестициялық субсидиялау бағдарламасын іске асырудың жыл сайынғы тәжірибесі бюджет қаражатының негізгі көлемі орта есеппен 50% ауыл шаруашылығы техникасы паркін жаңартуға тиесілі екенін көрсетеді.

Шамамен 13,3 млрд теңге немесе 13% - ы мал шаруашылығы саласындағы инвестициялық жобаларды субсидиялауға, 23 млрд теңге немесе 22% - ы өсімдік шаруашылығы саласындағы жобаларды қолдауға бағытталған.

2021 жылы ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске асыруға 52,4 млрд теңге қарастырылды.

«Qoldau.kz» субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің деректері бойынша, бағдарламаны іске асыру есебінен 2021 жылы ауыл шаруашылығы саласына 370 млрд теңгеден астам несие қаражаты тартылды.

2020 жылдың басынан бастап АӨК саласында екікті сақтандыру жүйесі іске қосылды. Ерікті сақтандыру шеңберінде мемлекет сақтандыру сыйлықақыларының 50% - ын субсидиялау түрінде қолдау көрсетеді. Бүгінгі күні өсімдік

шаруашылығында (құрғақшылықтан, топырақтағы артық ылғалдан, күздік дақылдардан сақтандыру), мал шаруашылығында (жайылымдарды, ірі қара малды, ұсақ қара малды, жылқыларды, құстарды сақтандыру) сақтандыру өнімдері, сондай-ақ мүлік пен ауыл шаруашылығы техникасын (ауыл шаруашылығы техникасын, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті) сақтандыру әрекет етеді.

Осылайша, «Qoldau.kz» жүйесінің деректері бойынша, 2021 жылы сақтандыруды дамыту үшін АӨК-ге 1 024,5 млн теңге сомасында қаражат бөлінген болатын.

2021 жылдың басынан 163 сақтандыру шарты жасалды, оның ішінде 150,6 мың га қамтумен өсімдік шаруашылығындағы сақтандыру бойынша 118 шарт. Осы шарттар бойынша 185,1 млн теңге сомасына сақтандыру сыйлықақысын субсидиялау, шамамен 2,6 млн басты қамти отырып, мал шаруашылығын сақтандыру бойынша 45 шарт жүргізілді. Осы шарттар бойынша 57,5 млн теңге сомасына сақтандыру сыйлықақысын субсидиялау жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысымен Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жоба (бұдан әрі – Ұлттық жоба) бекітілді. Ұлттық жоба шеңберінде 2023-2025 жылдар кезеңінде кейіннен лизингке беру үшін техниканы, жемшөп дайындау техникасын және ұтқыр жүйелерді сатып алуын қаржыландыру үшін «ҚазАгроҚаржы» АҚ жарғылық капиталын кейіннен ұлғайта отырып, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту көзделеді.

## АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫ ПАРКІН ТАЛДАУ

Мемлекеттік саясаттың міндеттеріне сәйкес басым мақсаттардың бірі саланы қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету болып табылады, өйткені ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді техникалық жарақтандыру АӨК-ді дамытудың маңызды проблемасы болып қала береді. Ескі технологиялар мен ескірген ауыл шаруашылық техникалары еңбек өнімділігінің өсуіне және өндірістің өсуіне кедергі келтіреді.

Тозған техниканы пайдалану ЖЖМ мен қосалқы бөлшектердің жоғары шығындарына, өнімнің жоғалуына және сапаның төмендеуіне, ақаулардың салдарынан техниканың тоқтап қалуына және басқа да жағымсыз салдарға әкеледі. Сонымен қатар, техникалық жарақтандыруды дамыту және әлемдік әзірлемелерді енгізу айтарлықтай қаржылық инвестицияларды талап етеді.

ҚР АШМ деректері бойынша 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстанда 147,7 мың бірлік трактор және 38,1 мың бірлік комбайн болған, оның ішінде:

## АӨК СУБЪЕКТІЛЕРІНДЕ КЕЗЕҢ БОЙЫНША АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТЕХНИКАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІНІҢ БОЛУЫ

Техника түрлері	2016	2017	2018	2019	2020	2021
Тракторлар	152 616	148 301	147 344	145 224	141 750	147 731
Комбайндар	41 494	40 044	38 502	37 385	36 997	38 101
Тайлағыш-жинаушылар	7 298	7 311	7 014	7 601	9 144	10 145
Шөп шапқыштар	22 401	22 720	22 438	22 980	19 567	20 972
Дестелегіштер	14 985	15 039	14 869	14 817	12 894	13 293
Бүріккіштер	5 401	5 350	5 300	5 383	5 931	5 889
Егіс кешендері	4 097	3 915	3 900	4 060	4 302	4 743

Дереккөз:  
ҚР АШМ деректері

Жоғарыда келтірілген кестеден көрініп тұрғандай, ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерінің сызықтық емес динамикасы, ең алдымен, ескі, істен шыққан, ұзақ уақыт жұмыс істеген жабдықтардың үнемі істен шығуын, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешеннің трактор паркін жаңартудың жеткіліксіз қарқынын көрсетеді.

Сонымен қатар, пайдаланудың амортизациялық мерзімдерімен анықталатын ауыл шаруашылығы техникасын пайдаланудың нормативтік мерзімі (8-12 жыл) оны пайдаланудың нақты мерзімінен өте ерекшеленеді. Айналым қаражатының және уақтылы жаңарту мүмкіндігінің болмауына байланысты АӨК субъектілері жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарына қосымша шығындар есебінен ауыл шаруашылығы машиналарының қызмет мерзімін

ұзартуға мәжбүр. Сонымен қатар, нақты қызмет мерзімі, әдетте, техниканы сатып алуға қаражат жеткілікті болған жағдайда есептелген экономикалық тұрғыдан тиімді. Ауыл шаруашылық ұйымдарының көпшілігінде машиналарды уақтылы ауыстыру үшін қажетті қаржы ресурстары жоқ.

Инвестициялар көлемін ұлғайту жолымен саланы қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз ету ҚазАгроҚаржының басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Осы кезеңде ҚР АШМ алдын ала деректері бойынша ауыл шаруашылығы техникасының негізгі түрлерін жаңарту деңгейі 4,3% - ды құрайды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Компанияның паркті жаңартуға қатысу үлесі орта есеппен 42,4% - ды құрайды%:

<sup>1</sup> <https://eldala.kz/novosti/selhoztehnika/9100-uroven-obnovleniya-selhoztehniki-za-god-sostavil-4-3>




### ТЕХНИКА ПАРКІН ЖАҢАРТУҒА КОМПАНИЯНЫҢ ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ

Техниканың атауы	01.01.2022 ж. ҚР-да негізгі а/ш техникасының болуы, бірл.	2021 жылы ҚР-да техника сатып алынды, бірл.	2021 жылы «ҚАҚ» АҚ-ның техника сатып алуы, бірл.	«ҚАҚ» АҚ-ның ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуға қатысу үлесі, %
Тракторлар	147 731	5 627	2 431	43,2%
Комбайндар	38 101	1 294	633	48,9%
Сепкіштер	76 876	1 453	258	17,8%
Егіс кешендері	4 743	368	258	70,1%
Басқалары	13 293	8 429	3 696	43,8%
<b>Барлығы</b>	<b>280 744</b>	<b>17 171</b>	<b>7 276</b>	<b>42,4%</b>

Дереккөз:  
ҚР АШМ деректері

2021 жылы АШТӨ республикада 386 млрд теңге сомаға 17 171 бірлік техника сатып алды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда сандық мәнде 12% - ға және ақшалай мәнде 65,7% - ға артық.

### ҚР АШТӨ-НІҢ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚОҒАМНЫҢ ТЕХНИКА САТЫП АЛУ ДИНАМИКАСЫ, млрд теңге



Дереккөз:  
ҚР АШМ және Компания деректері

2021 жылы АӨК субъектілері ҚазАгроҚаржы лизингтік көрсетілетін қызметтері арқылы сатып алған техниканың барлық түрлері бойынша ауыл шаруашылығы техникасын республика бойынша сатып алуының жалпы көлеміндегі үлес салмағы 42,4% - ды құрайды (17 171 бірліктің 7 276 бірлігі).

Компания сатып алған отандық ауыл шаруашылығы техникасының көлемі 3 751 бірлікті немесе ҚазАгроҚаржы сатып алған техниканың жалпы көлемінің 51,6% - ын құрады.

### ТЕХНИКА ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ЖАҢАРТУҒА КОМПАНИЯНЫҢ ҚАТЫСУ ҮЛЕСІ

3. Жоғары кредит рейтингі. 2021 жылғы 11 қарашада Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ұзақ мерзімді рейтинг бойынша болжамды «Тұрақтыдан» ВВ+деңгейінде «Жағымдыға» өзгертті. Агенттіктің ҚазАгроҚаржының жоғары рейтингтерін растауы Компанияның мемлекет үшін маңызды рөлін, сондай-ақ Компанияның Қазақстанмен байланысын дәлірек көрсету үшін, мемлекетпен байланысты компанияларды рейтингтеу әдіснамасына сәйкес бағалауды көрсетеді. Fitch пікірі бойынша, нақты субституттар болмаған кезде елдің ауыл шаруашылығы секторын дамытудағы ҚазАгроҚаржы рөлінің маңыздылығы жоғары.
4. Қаржы тәуекелдерін тиімді басқару. Компанияда кредит, валюта, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және неғұрлым азайтуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған.
5. Пруденциалдық нормативтерді сақтау. Компания Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы №308 Қаулысымен бекітілген пруденциалдық нормативтерді және ипотекалық ұйымдар мен агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді сақтайды. Барлық коэффициенттер бойынша айтарлықтай босалқы қорлар бар. Компания белгіленген нормативтерді бұзуға жол бермеу бойынша үнемі жұмыс жүргізеді.
6. Рентабельділік. Компания 2021 жылы 17,3 млрд теңге мөлшерінде таза пайда алды, бұл 2020 жылға қарағанда 80,4%-ға артық. Тиісінше, капиталдың рентабельділігі 2021 жылы 13,36%-ды, 2020 жылы - 8,84%-ды құрады.

## Кірісті болжау

### ҚазАгроҚаржының негізгі кіріс көзі негізгі қызмет нәтижелері бойынша

сыйақы ретінде алынатын кіріс болып табылады. 2022 жылы табыс 53,0 млрд теңге мөлшерінде болжануда, оның ішінде:

- ағымдағы шоттар бойынша-0,7 млрд теңге;
- орналастырылған салымдар бойынша-0,9 млрд теңге;
- берілген кредиттер және көрсетілген уақытша қаржылық көмек бойынша – 1,2 млрд теңге
- берілген қаржылық жалдау бойынша – 48,6 млрд теңге;
- бағалы қағаздар бойынша (айналым мерзімі 28 күн болатын ҚР Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары)– 0,9 млрд теңге;
- кері РЕПО операциялары бойынша (айналыс мерзімі бір айға дейінгі мемлекеттік бағалы қағаздармен) – 0,7 млрд теңге.

2021 жылғы фактімен салыстырғанда кірістердің

# 4,0

млрд теңгеге

өсуі  
несие

портфелі көлемінің ұлғаюымен, сондай-ақ несие портфелі бойынша сыйақы мөлшерлемесінің болжамды ұлғаюымен түсіндіріледі.



## ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

ҚазАгроҚаржы лизинг нарығында жетекші қаржы ұйымы болып табылады. 2021 жылы Компания есепті кезеңде жоспарланған ҚазАгроҚаржыны дамытудың 2020-2029 жылдарға арналған стратегиясының егжей-тегжейінің барлық негізгі көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Елдегі сатып алынған техника саны бойынша ҚазАгроҚаржының үлесі 42,4%-ды құрайды, бұл Компания клиенттері тарапынан жоғары сенімді білдіреді.

ҚазАгроҚаржы 2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес компаниялар тобына енді. Акционердің ауысуына байланысты 2022 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, Компанияның жаңа Даму стратегиясын бекіту жоспарлануда. Сондай-ақ, 2022 жылы күтілетін маңызды іс-шаралардың бірі ретінде Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағын іске асыру шеңберінде ҚазАгроҚаржы акцияларының 100%-н «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-ға берілуін атап өткен жөн.

Бұл ретте, акционердің ауысуы Компания қызметінде елеулі өзгерістерге әкеп соқпайды, ҚазАгроҚаржы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу бойынша миссияны іске асыруды жалғастырады.

ҚазАгроҚаржы қолжетімді әрі сапалы қызмет көрсету арқылы тиімді қызметі мен рейтингін нығайтуға тұрақты түрде ұмтылады.

АӨК субъектілерін ауыл шаруашылығы техникасымен лизинг арқылы қамтамасыз ету жолымен Компанияның ресурстарын негізгі капиталдағы инвестицияларға шоғырландыр техника паркінің өсуін және жаңартылуын, сондай-ақ аграрлық сектордағы еңбек өнімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, бұл АӨК саласында мемлекеттік саясатпен белгіленген басым міндеттерді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 732 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының АӨК дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын іске асырудағы ҚазАгроҚаржының негізгі үлесі болмақ.

Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингін қаржыландыру көлемі Компания қызметінің ұзақ мерзімді кезеңдегі негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қаржылық тұрақтылық пен қаражатты тиімді тартудың арқасында Компания жыл сайын техникаға әлі де болса жоғары сұранысты қамта-

масыз ету мақсатында ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін өнімділігі жоғары заманауи техника мен жабдықтар сатып алуға инвестициялар көлемін ұлғайтуды жалғастырады.

Капиталға салынған инвестициялар кәсіпорындарға өндіріс тиімділігін арттыруға, өнім өндірісі мен оны қайта өңдеуді ұлғайтуға, ішкі нарықты отандық өндіріс өнімдерімен қанықтыра отырып, импорт алмастыруды жүргізуге және халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

Капиталға салынған инвестициялар кәсіпорындарға өндіріс тиімділігін арттыруға, өнім өндірісі мен оны қайта өңдеуді ұлғайтуға, ішкі нарықты отандық өндіріс өнімдерімен қанықтыра отырып, импорт алмастыруды жүргізуге және халықаралық нарықтарға шығуға мүмкіндік береді.

Техника лизингі бойынша инвестициялар көлемінің жыл сайын ұлғайтылуын қамтамасыз ету мақсатында түрлі қаржыландыру көздерінен қосымша қаражат тарту бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізілетін болады.

АӨК субъектілерінің ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының әртүрлі түрлеріне қажеттіліктерін барынша қанағаттандыру мақсатында Компания көрсетілетін қызметтерді тұрақты жетілдіру және оларды көрсету сапасын арттыру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізетін болады.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын тұрақты арттыру Компанияның тұрақты дамуы үшін маңызды шарттардың бірі болып табылады. ҚазАгроҚаржы клиентке бағдарланған саясатты іске асыру бойынша жұмысты жалғастыратын болады, оның шеңберінде клиенттерге қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін фронт-офис қызметкерлерін оқыту тұрақты негізде жүргізілетін болады, консультациялар мен қызмет көрсету сапасына бақылау жүргізіледі. Клиентке бағдарланған стандарттарды енгізудің басты мақсаты – бұл өз клиенттерінің күткенінен асып түсуге және оларға агробизнеске табысқа жетуге көмектесуге ұмтылу.

Клиентке бағдарланған стандарттарды жетілдіру процесінде Компания қаржылық қызмет көрсету кезінде халықаралық тәжірибені, сондай-ақ клиенттерден сапаны бағалау бойынша кері байланыс алудың заманауи тәсілдерін қолданатын болады.

Компания орта мерзімді перспективада өтімдерді қабылдау мен қадағалаудың электрондық жүйесіне толығымен көшеді. Бұл жүйе клиенттерге қаржыландыруға онлайн-өтімдер беруге мүмкіндік береді, бұл клиенттер үшін Компанияның көрсететін қызметінің қолжетімділігін

арттырады және өтімнің тіркеуден бастап ол бойынша шешім қабылдауға дейінгі мәртебесін қадағалауға мүмкіндік береді.

Компания лизинг өнімдерін алу клиенттер үшін өте жылдам және жеңіл рәсімге айналуына, ал «лизинг» қаржы құралының өзі жаңа деңгейге көшуіне және Қазақстан нарығында бәсекеге қабілетті және сұранысқа ие қаржы өніміне айналуына ұмтылатын болады.

Тұтынушылық сұранысқа бағдарлана отырып, лизингтік қызметтерді жетілдіру және дамыту әрекеттегі клиенттердің қанағаттанушылығын арттыруға және жаңа клиенттерді тартуға, сондай-ақ Компанияның отандық аграрийлерді қолдауға бағалы үлесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Өтімдерді қабылдау мен қадағалаудың электрондық жүйесін енгізу, ақпаратты таратудың ақпараттық арналарын кеңейту, ҚазАгроҚаржының жарнамалық даму стратегиясын жетілдіру өңірлік қамтуды барынша ұлғайтуға және АӨК субъектілері үшін Компанияның көрсететін қызметінің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бизнес-процестерді автоматтандыруды жүргізу, өтімдерді қарау рәсімдері мен мерзімдерін оңайлату, өнім желісі мен қаржы өнімдерін кеңейту және дамыту, клиентке бағдарланған тәсілдемені енгізу клиенттердің Компанияның көрсететін лизингтік қызметтерінің сапасы мен деңгейіне қанағаттануын арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, өзінің қаржы өнімдері мен акциялары туралы, клиенттердің алдағы төлемдері бойынша мәліметтерді таратудың ақпараттық арналарын пайдалануды жалғастыру, жергілікті және аудандық атқарушы органдарды, кәсіпкерлердің ұлттық палаталарын, түрлі аграрлық одақтарды, техника сату орталықтарын және т. б. пайдалана отырып, фермерлерге консультациялар жүргізу жоспарланып отыр.

Капитал мен активтерді тиімді басқарудың негізгі көрсеткіші қаржы қаражатын сапалы тарту, резервтердің/провизиялардың оңтайлы деңгейін ұстап тұру, еркін өтімділік пен қаржылық міндеттемелерді тиімді басқару, сондай-ақ әкімшілік шығыстардың оңтайлы мөлшерін ұстап тұру салдарынан Компанияның оң қаржылық нәтижесі болып табылады.

ҚазАгроҚаржы инвесторлармен ынтымақтастықты дамыту, қарыз алудың жаңа құралдарын пайдалану, қаржыландыру көздерін әртараптандыру, сондай-ақ Компанияның мақсаттары мен міндеттерін іске асыру үшін қажетті көлемде қорландыру арқылы жүзеге асырылатын инвестицияларды тарту бойынша белсенді жұмысты жалғастырады.

Провизиялардың оңтайлы деңгейіне проблемалық портфельмен тұрақты жұмыс істеу және қолданыстағы клиенттердің міндеттемелерді өтеуі бойынша мониторингті күшейту арқылы қол жеткізілетін болады.

Компания өтімділігі жоғары активтердің кірістілігін барынша арттыру және қаржы тәуекелдерін барынша азайту арқылы өтімділікті басқару тиімділігін арттыру, сондай-ақ қазынашылық операцияларды жүзеге асыру кезінде операциялық тәуекелдерді төмендету бойынша жұмысты жалғастыратын болады.

Компанияның маңызды мақсаты корпоративтік басқару жүйесін, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін дамыту, сондай-ақ адами ресурстарды дамыту болып табылатын корпоративтік даму болып қала береді.

Кейіннен қажетті түзету шараларын қабылдай отырып, Директорлар кеңестерінің, оның комитеттерінің қызметін жыл сайынғы бағалау жүйесін дамыту одан әрі жалғасады. Тұрақты негізде корпоративтік басқару деңгейінің заңнама, ішкі құжаттардың талаптарына және корпоративтік басқарудың халықаралық практикасына сәйкестігіне тиісті рейтингтер беріле отырып, бағалау жүргізілетін болады. Алынған нәтижелер негізінде корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіру және қажетті шаралар қабылдау бойынша негізгі салалар айқындалатын болады.

Компанияның бизнесті басқару тиімділігін қолдау, корпоративтік тәуекел-мәдениетін дамыту үшін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс одан әрі де жүзеге асырылатын болады.

Компанияда тәуекел-менеджмент жөніндегі бөлімшенің ұйымдастырушылық және талдамалық функцияларын күшейту, сондай-ақ құрылымдық бөлімшелердің рөлін және олардың процестері, функционалы және құзыреті шеңберінде тәуекелдерді басқаруға жауапкершілігін арттыру арқылы қызметтің барлық бағыттарында тәуекел-менеджменттің рөлін күшейту бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Компания қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштердің тұтастығына кепілдіктер алуға, Компанияның мақсаттарына қол жеткізуіне, сондай-ақ қызметтің барлық аспектілерінде саясаттар мен рәсімдерді іске асыруға ықпал ететін ішкі бақылау жүйесін құру бойынша жұмысты жалғастыратын болады. Адами ресурстардың әлеуетін арттыру, нәтижеге бағдарланған корпоративтік мәдениетті дамыту да Компанияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Тиімді кадр саясатын жүзеге асыру Компанияға тиімділіктің дамуы мен өсуіне елеулі үлес қосуға қабілетті жоғары білікті кадрлар құрамын ұстап қалуға және тартуға, сондай-ақ адами ресурстарға салынған инвестициялардан барынша ықтимал қайтарымды алуға мүмкіндік береді.

Бұл іс-шаралар жиынтығында Компанияға АӨК лизинг нарығындағы жайғасымын сақтауға және портфельдегі қазіргі клиенттерінің санын арттыруға мүмкіндік береді.





# КОРПО- РАТИВТІК БАСҚАРУ

Компания корпоративтік басқаруды қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп беруді қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және олардың капитал тартуға жұмсайтын шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады.

Компанияның корпоративтік басқаруы әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, айқындық, кәсібилік және құзыреттілік негізінде құрылады.

## Корпоративтік басқару жүйесінің компоненттері:

### Адалдық

Компания Жалғыз акционердің құқықтарын қорғайды және оның құқықтарының бұзылуы анықталған жағдайда пәрменді шаралар қолданады;

### Жауапкершілік

Компания Жалғыз акционердің заңды құқықтарының танылуын қамтамасыз етеді, Компанияның қаржылық әл-ауқаты мен тұрақтылығы мәселелерінде Компания мен Жалғыз акционер арасындағы ынтымақтастықты көтермелейді;

### Есеп беруге міндеттілік

Компания Компанияның атқарушы органының Директорлар кеңесіне және Директорлар кеңесінің Жалғыз акционерге есеп беруге міндеттілігін қамтамасыз етеді;

### Ашықтық

Компания мүдделі тұлғалардың шешімдеріне әсер етуі мүмкін барлық маңызды мәселелер бойынша ақпараттың уақтылы және дұрыс ашылуын қамтамасыз етеді.





Компанияда корпоративтік басқарудың жолға қойылған жүйесі қалыптастырылып, жұмыс істейді, Компания мен оның органдарының қызметін регламенттейтін қажетті ішкі нормативтік құжаттар әзірленді және бекітілді, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласында бағалауды жүзеге асыратын ішкі аудит қызметі тиімді жұмыс істейді. Компаниядағы басқару процестері мен рәсімдері заңнаманың, ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ететіндей және көреген әрі жауапты шешімдер қабылдау үшін оңтайлы жағдайлар жасайтындей етіп құрылымдалған.

ҚазАгроҚаржының жоғары басқару органы – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі, атқарушы органы – Басқарма.

Компанияның Директорлар кеңесінің жанынан құзыретіне аудит, тәуекелдер, стратегиялық жоспарлау, корпоративтік даму, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мәселелерді қарау кіретін комитеттер құрылды. Компания қызметінің жекелеген бағыттары бойынша Басқарма үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін, оның ішінде Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау және алдын ала қарауды жүзеге асыру үшін Басқарма жанынан комитеттер құрылды.

Жалғыз акционермен өзара іс-қимыл Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жалғыз акционердің айрықша құзыреті бекітілген ҚазАгроҚаржы Жарғысына және Компанияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

## МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



www.kaf.kz


## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ РЕЙТИНГІ

Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру және ашықтық деңгейін арттыру ҚазАгроҚаржының корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес Корпоративтік даму бойынша мақсатқа қол жеткізудегі негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Корпоративтік басқару жүйесінің сапалы мониторингі мақсатында корпоративтік басқару рейтингі Компанияның Даму стратегиясы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде енгізілген. Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалауды Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес екі жылда кемінде бір рет Компанияның ішкі аудит қызметі жүргізеді. Корпоративтік басқару деңгейін сыртқы бағалауды тәуелсіз ұйым үш жылда бір рет кезеңділігімен жүргізетін болады (корпоративтік басқару деңгейін бағалау нәтижелері бойынша тиісті рейтинг беріледі).

Талдау нәтижелері бойынша 2021 жылдың қорытындысы бойынша корпоративтік басқару деңгейі 87,6%-ды құрады. Корпоративтік басқаруды және шешімдер қабылдау жүйесін тұрақты жетілдіру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды стратегиялық даму бағыты болып табылады. ҚазАгроҚаржының корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 23 желтоқсандағы № 15 шешімімен ҚазАгроҚаржының корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Компания менеджмент жүйесін корпоративтік басқарудың озық тәжірибесінің әлемдік стандарттарына келтіру жолымен корпоративтік басқару деңгейін арттыру бойынша жұмысты жалғастыруда.





## КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компания өз қызметінде Компанияның табысты қызметі, оның ішінде оның құндылығының өсуі, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдау үшін барлық мүдделі

тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейтін корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.



### Корпоративтік басқару кодексінің негіз қалаушы қағидаттары мыналар болып табылады:

1. Өкілеттіктердің шектеу қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты;
4. Тұрақты даму қағидаты;
5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және Ішкі аудит қағидаты;
6. Корпоративтік қақтығыстар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты;
7. Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен әділдігі қағидаттары.

Компания жыл сайын Директорлар кеңесінің отырысында қаралатын Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерінің орындалуы жөнінде есеп дайындайды. «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2021 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 31 мамырдағы №7 шешімімен бекітілген.

Компанияның 2021 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтауын талдау ҚазАгроҚаржы ішінара сақталатын 3 ережеден басқа корпоративтік басқару кодексінің барлық қағидаттары мен ережелерін сақтайтындығын көрсетті.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ 2021 жылғы Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есептің қысқаша нұсқасы Жылдық есептің Қосымшасында келтірілген (толық нұсқасы Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында орналастырылған [www.kaf.kz](http://www.kaf.kz)).

## БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ЖӘНЕ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі және «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 952 қаулысына, 2021 жылғы 26 ақпандағы қосылу шартына және табыстау актісіне сәйкес ҚазАгроҚаржы акцияларының жүз пайыздық пакеті «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-на берілді. ҚазАгроҚаржының Жалғыз акционері «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны 82 837 204 дана жай акцияларды құрайды.

Компанияның дивидендтік саясаты туралы ереже ҚазАгроҚаржыны басқаруға қатысуға байланысты Жалғыз акционердің құқықтарын, оның ішінде дивидендтерді алу құқығын және таза табысты бөлуге қатысу құқықтарын регламенттейді. 2021 жылғы маусымда 2020 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша Компания Жалғыз акционерге 6,7 млрд теңге мөлшерінде дивиденд төледі, бұл Компанияның таза табысының 70% құрайды.



## ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ШЕШІМДЕРІ

- Компанияның Жарғысын жаңа редакцияда бекіту.
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту.
- ҚазАгроҚаржы жылдық есебін бекіту.
- Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау және өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.
- 2022-2023 жылдары ҚазАгроҚаржының аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау.
- ҚазАгроҚаржының Корпоративтік басқару кодексін жаңа редакцияда бекіту.
- ҚазАгроҚаржының Директорлар кеңесі туралы ережені жаңа редакцияда бекіту.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі - заңнамамен және (немесе) Компанияның Жарғысымен Жалғыз акционер мен Басқарманың ерекше құзыретіне

жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компания қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын басқару органы.

### Директорлар кеңесі өз функцияларын Компания Жарғысына сәйкес жүзеге асырады және келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- Компанияның даму стратегиясын анықтауға (бағыттары мен нәтижелері);
- даму жоспарын құру мен мониторингтеуге;
- тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және қадағалауға;
- Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде негізгі стратегиялық жобаларды бекітуге және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеуге;
- Басқарманы сайлауға, сыйақы беруге, сабақтастықты жоспарлауға және Басқарма қызметін қадағалауға;
- Компанияда Корпоративтік басқару кодексін және іскерлік әдеп туралы ішкі құжаттарды сақтауға.

Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген болып табылады, оның ішінде оның мүшелерінің біліктілігі, олардың тәжірибесі, білімі мен іскерлік қасиеттері бойынша теңдестірілген болып табылады және Жалғыз акционердің сеніміне ие.


Директорлар кеңесінің мүшелері ауыл шаруашылығы, экономика және бизнесті басқару,

сондай-ақ құқықтану саласында мінсіз іскерлік беделге, білімге, дағдыларға және тәжірибеге ие.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 6 адам кірді, оның ішінде Директорлар кеңесінің 2 мүшесі тәуелсіз директорлар. Директорлар кеңесінің ұсынылған құрамының өкілеттіктері 2024 жылғы 16 маусымда аяқталады.


2021 жылғы 31 желтоқсандағы Директорлар кеңесінің құрамы		Директорлар кеңесінің құрамына сайлау туралы Жалғыз акционер шешімінің күні мен нөмірі
Қаныш Теміртайұлы Ізбастин	Директорлар кеңесінің төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары	2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Айгүл Кеңесбекқызы Джуанышбаева	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі	2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Әлия Ерболатқызы Мұрзағалиева	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры	2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Руслан Сағадатұлы Оразбаев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор - Директорлар кеңесінің мүшесі	2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Сержан Нураханұлы Мәдиев	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор	2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі
Айдар Гилимович Прашев	Директорлар кеңесінің мүшесі – Басқарма Төрағасы – Директорлар кеңесінің мүшесі	2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімі

### САНАТ БОЙЫНША ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, %



- Тәуелсіз директорлар
- Акционерлердің өкілдері
- Атқарушы директорлар

### КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕГІ ЖҰМЫС МЕРЗІМІ, адам саны




- Бір жылға дейін
- Бес жылға дейін



**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ГЕН-ДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ, адам саны**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАСЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ, адам саны**



**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР**

1. Ербол Қуанышұлы Тасжүрековтің Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттігі 2021 жылғы 16 наурыздан бастап өз қалауы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылды. Жалғыз акционердің 2021 жылғы 16 маусымдағы № 30/21 шешімімен Директорлар кеңесінің барлық құрамының өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты;
2. Директорлар кеңесінің төрағасы Мұрат Амангелдіұлы Дәрібаев шығарылды; Директорлар кеңесінің мүшелері - Жалғыз акционердің өкілдері Қаныш Теміртайұлы Ізбастин, Айгүл Кеңесбекқызы Джуанышбаева, Әлия Ерболатқызы Мұрзағалиева, тәуелсіз директорлар ретінде Руслан Сағадатұлы Оразбаев, Сержан Нұраханұлы Мадиев сайланды.

**ДИРЕКТОР-ЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ**





## ҚАНЫШ ТЕМІРТАЙҰЛЫ ІЗБАСТИН

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ  
ӨКІЛІ -

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ

1981 жылы 20 сәуірде дүниеге келген

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау – 2015 жылғы 10 қыркүйек, 2018 жылғы 26 маусым, 2021 жылғы 16 маусым  
КазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ

Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді

### БІЛІМІ:

Ресей СИМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институты, мамандығы: құқықтану  
Орталық Азия университеті, мамандығы: әлемдік экономика.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2007 жылғы қаңтардан сәуірге дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ басқарушы директоры.

2007 жылғы сәуірден 2008 жылғы сәуірге дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2008 жылғы сәуірден 2012 жылғы мамырға дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Басқарма Төрағасы.

2012 жылғы мамырдан қарашаға дейін – «ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.

2013 жылғы қаңтардан 2015 жылғы қыркүйекке дейін – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқарушы директоры.

2015 жылғы 3 қыркүйектен 2021 жылғы наурызға дейін – ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасы.

2021 жылғы наурыздан 2022 жылғы қаңтарға дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары.



## АЙГҰЛ КЕЧЕСБЕКҚЫЗЫ ДЖУАНЫШБАЕВА

ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ  
ӨКІЛІ -

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

1985 жылы 4 желтоқсанда дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау – 2021 жылғы 16 маусым.

КазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ.

Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

### БІЛІМІ:

Қазақ гуманитарлық заң академиясы, біліктілігі «Қаржы бакалавры».

Халықаралық бизнес университеті, «Есеп және аудит магистрі» біліктілігі.

СИМА «Бизнес тиімділігін басқару» дипломы.  
DiplFR – Diploma in International Financial Reporting.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2013 жылдан 2014 жылға дейін – «Алматы қаласы көлік холдингі» ЖШС Экономика және бухгалтерлік есеп бөлімінің бастығы.

2016 жылдан 2017 жылға дейін – «Energy Solution Center» ЖШС экономисі.

2017 жылдан 2018 жылға дейін – «Самұрық-Энерго» АҚ Жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің бас менеджері.

2018 жылдан 2019 жылға дейін – «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ Инвестициялық талдау департаментінің директоры / инвестициялық талдау қызметінің бастығы / Жобалар мониторингі департаментінің директоры.

2019 жылғы сәуірден тамызға дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Активтер мониторингі департаментінің директоры / Жобалар мониторингі департаментінің директоры.

2019 жылғы тамыздан 2021 жылғы наурызға дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2021 жылғы наурыздан 2022 жылғы мамырға дейін – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2022 жылдың мамыр айынан бастап – «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ Стратегия жөніндегі басқарушы директоры-Басқарма мүшесі.



### **ӘЛИЯ ЕРБОЛАТҚЫЗЫ МҰРЗАҒАЛИЕВА**

**ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ  
ӨКІЛІ -**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ**

1980 жылы 09 ақпанда дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау – Директорлар кеңесінің құрамына сайлау – 2021 жылғы 16 маусым.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазырна уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі – «Baiterek Venture Fund» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компанияның өнім берушілері менбәсекелестерінің акцияларына иелікетуі – иелік етпейді

#### **БІЛІМІ:**

2001 жылы – Басқару және құқық институты, жоғары білікті заңгер.

#### **ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

2012 жылдан 2017 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Экономика салаларын дамыту департаменті директорының орынбасары.

2017 жылдан 2018 жылға дейін – «ҚДБ-Лизинг» АҚ Стратегиялық жоспарлау департаментінің директоры.

2018 жылдан 2019 жылға дейін – ҚР Ұлттық экономика министрлігі жобалық басқару департаментінің директоры.

Қазіргі уақытта – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің директоры.



### **АЙДАР ГИЛИМОВИЧ ПРАШЕВ**

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ -**

**ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ**

1983 жылы 29 қыркүйекте дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау-2021 жылғы 16 маусым.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ.

Компанияның өнім берушілері менбәсекелестерінің акцияларына иелікетуі – иелік етпейді.

#### **БІЛІМІ:**

Экономика және статистика академиясы, Алматы қ., мамандығы: персоналды басқару, экономист.

А.Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті, мамандығы: менеджмент, экономика және бизнес магистрі.

#### **ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

2006 жылғы қаңтардан 2007 жылғы ақпанға дейін – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша кедендік бақылау департаменті» ММ кедендік бақылау инспекторы.

2007 жылғы ақпаннан 2008 жылғы желтоқсанға дейін – «Қазкоммерцбанк» АҚ банк жүйесінде жұмыс істеді.

2009 жылдан 2019 жылға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарында Атырау облысы, Ақтөбе облысы және Қостанай облысы бойынша филиалдарының директоры лауазымдарын атқарды.

2020 жылғы желтоқсаннан 2021 жылғы маусымға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2021 жылғы маусымнан қазіргі уақытқа дейін – ҚазАгроҚаржы Басқармасының Төрағасы





### **РУСЛАН САФАДАТҰЛЫ ОРАЗБАЕВ**

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР -

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

1983 жылы 7 сәуірде дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау – 2019 жылғы 16 мамыр, 2021 жылғы 16 маусым.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі қазіргі уақытта – тәуелсіз директор, «Қаржы орталығы» ААҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Компанияның өнім берушілері менбәсекелестерінің акцияларына иелікетуі – иелік етпейді.

#### **БІЛІМІ:**

2004 жыл – С. Сейфуллин атындағы Ақмола аграрлық университеті, мамандығы: қаржы және кредит.

2007 жыл – Еуразия гуманитарлық университеті, мамандығы: құқықтану.

#### **ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

2015 жылғы сәуір – 2017 жылғы қаңтар – «Астана Банк» АҚ аймақтық басқарушы директоры, Нұр-Сұлтан қ. филиал директоры.

2016 жылғы қараша – 2017 жылғы қаңтар – «Астана Банк» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының кеңесшісі.

2017 жылғы қаңтар–наурыз – «NEXUM» ЖШС заңгерлік компаниясы бас директорының орынбасары.

2017 жылғы қаңтар – 2018 жылғы қаңтар – «Стандарт» сақтандыру компаниясы» АҚ атқарушы директоры.

2017 жылғы сәуір – қазан – «Астана Банк» АҚ Вице-президенті, Нұр-Сұлтан қ.

2017 жылғы қазан – 2018 жылғы қазан – «Астана Банк» АҚ басқарушы директоры, Нұр-Сұлтан қ.

2018 жылғы 6 желтоқсаннан қазіргі уақытқа дейін – «Ломбард «АВТОКЭШ» ЖШС ломбардының директоры;

2015 жылғы ақпан – 2019 жылғы маусым – «Қаржы орталығы» АҚ тәуелсіз директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі (Қазақстан Республикасы Білім министрлігі жанында).

2021 жылғы шілде – 2022 жылғы мамыр – «Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» КЕАҚ Қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директоры-Басқарма мүшесі.



### **СЕРЖАН НУРАХАНОВИЧ МАДИЕВ**

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОР -

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

1983 жылы 23 қаңтарда дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау – 2019 жылғы 1 қараша, 2021 жылғы 16 маусым.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріндегі мүшелігі қазіргі уақытта – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директоры.

Компанияның өнім берушілері менбәсекелестерінің акцияларына иелікетуі – иелік етпейді.

#### **БІЛІМІ:**

2002 жыл – University of Wisconsin, мамандығы: банк ісі.

2005 жыл – Гумилев атындағы ЕҰУ, мамандығы: халықаралық экономика.

2007 жыл – Warwick Business School, мамандығы: қаржы.

2013 жыл – CFA Institute, мамандығы: қаржы.

#### **ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ қазынашылығының жетекші маманы, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ құрылымдық қаржыландыру басқармасының менеджері, «ААҚО» АҚ қаржы экономикалық департаментінің директоры, «ААҚО» АҚ қаржылық консалтинг және инвестициялық талдау департаментінің директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ басқарушы директоры, «ЕТС» тауар биржасы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік қаржы департаментінің директоры, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басқарушы директоры.

2016 жылғы шілдеден 2017 жылға дейін – «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ Басқарма Төрағасы.


2018 жылдан қазіргі уақытқа дейін «Documentolog» ЖШС Бас директорының қаржы мәселелері жөніндегі орынбасары.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

Директорлар кеңесінің қызметі кәсіпқойлық, парасаттылық және сақтық, адалдық және объективтілік қағидаттарына, Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидатына негізделеді.

2021 жылы Директорлар кеңесінің 15 отырысы, оның ішінде бетпе-бет нысанда 11 отырыс, сырттай нысанда 4 отырыс өткізілді. 147 мәселе қаралды.

### ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2021 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ



### 2021 ЖЫЛЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН СҰРАҚТАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



## Қабылданған негізгі шешімдер келесі мәселелерге қатысты болды:

- 2020 жылғы Даму стратегиясы мен Даму жоспарының орындалуы жөніндегі есепті бекіту;
- ҚазАгроҚаржының 2019-2023 жылдарға арналған Даму жоспарын бекіту;
- Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті қарау
- 2020 жылға 2019-2021 жылдарға арналған ҚазАгроҚаржының ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша есепті және түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдарының жоспарын бекіту;
- Комплаенс қызметі қызметінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуы туралы есепті, 2020 жылға Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есепті бекіту;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесіне есеп беретін және/немесе бағынатын Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің және Корпоративтік хатшының бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту;
- ҚазАгроҚаржы Ішкі аудит қызметі туралы жаңа редакциядағы ережені, «ҚазАгроҚаржы» АҚ ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды жаңа редакцияда бекіту;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі комитеттерінің сандық және дербес құрамын анықтау;
- ҚазАгроҚаржы Омбудсменін тағайындау және өкілеттік мерзімін белгілеу туралы;
- ҚазАгроҚаржының Тұрақты даму саласындағы саясатын бекіту;
- ҚазАгроҚаржы мемлекеттік емес облигацияларын шығару және шығару шарттарын айқындау туралы;
- ҚазАгроҚаржы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту;
- ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту;
- ҚазАгроҚаржы ақпараттық технологияларды дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған стратегиясын бекіту;
- 2021 жылға Компания тәуекелдерінің негізгі индикаторларын, тәуекел-тәбетті және тәуекелдерге төзімділік деңгейін бекіту;
- Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің карталарын және олардың нысаналы мәндерін, комплаенс қызметінің түйінді көрсеткіштерінің карталарын бекіту;
- бизнес-үдерістердің, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын, тәуекелдер тізілімі мен тәуекелдер картасын бекіту;
- Корпоративтік басқару кодексін ұстану туралы есепті және ақпаратты ашу процестерінің ашықтығы мен тиімділігіне байланысты мәселелерді іске асыру жөніндегі ақпаратты қарау;
- Стратегиялық жоспарлау, ақпараттық ашықтық, несие саясаты, Компанияның қаржыландыру шарттары, тәуекел менеджменті, кадр саясаты және сыйақы мәселелері бойынша ішкі құжаттарды бекіту.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ ОНЫҢ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ОТЫРЫ- СТАРЫНДА ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Т.А.Ә-А.	Директорлар кеңесінің отырыстары	Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеттің отырыстары	Аудит және тәуекелдер Комитетінің отырыстары	Әлеуметтік мәселелер, кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеттің отырыстары
Избастин К.Т.	13/15	-	-	-
Дарибаев М.А.	5/5	-	-	-
Тасжуреков Е.К.	2/2	-	-	-
Джуанышбаева А.К.	9/10	-	-	-
Мұрзағалиева А.Е.	10/10	-	-	-
Оразбаев Р.С.	15/15	13/13	9/9	13/13
Мәдиев С.Н.	15/15	13/13	9/9	13/13
Прашев А.Г.	12/12	-	-	-

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ


Компанияның Директорлар кеңесінің жанынан құзыретіне аудит және тәуекелдерді басқару, Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мәселелерді қарау кіретін комитеттер құрылған. Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады.

Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

Комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, оларды сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі туралы, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын ішкі құжаттармен реттеледі.

### 2021 ЖЫЛҒЫ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖҰМЫСЫ

www.kaf.kz



## Директорлар кеңесінің аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің негізгі функциялары ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару, Қазақстан Республикасының

заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелерін және директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелерді қамтиды.

### Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы:

- Комитеттің төрағасы - **Мәдиев Сержан Нураханович;**
- Комитеттің мүшесі - **Оразбаев Руслан Сағадатович.**

2021 жылы Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитет **9 отырыс өткізіп, 54 мәселені қарастырды.**

Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:

- ҚазАгроҚаржы Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы жылдық және тоқсандық есептерді қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржының 2020 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту туралы;
- ҚазАгроҚаржы Ішкі аудит қызметі мен оның қызметкерлерінің 2020 жылғы қызметінің тиімділігін бағалау туралы есепті қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржы Ішкі аудит қызметі туралы ережені жаңа редакцияда қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржыдағы ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды жаңа редакцияда қарау туралы;
- Ішкі аудит қызметінің, Ішкі аудит қызметінің басшысы мен қызметкерлері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің орындалуы туралы тоқсандық есептерді қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржының 2022 жылға арналған сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржының бизнес-процестерінің, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы аудиті облыстарының картасын және ҚазАгроҚаржының Ішкі аудит қызметінің 2022 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарын бекіту туралы» мәселені алдын ала мақұлдау туралы;
- «ҚазАгроҚаржының 2022 жылға арналған тәуекел-тәбетін бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

## Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеті

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму жөніндегі комитеттің негізгі функциялары Компания қызметінің тиімділігін арттыруға, оның рентабельді қызметіне және тұрақты дамуына ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда,

ҚазАгроҚаржы қызметінің басым бағыттарын және оның даму стратегиясын әзірлеу мәселелері бойынша Компанияның Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу және ұсыну болып табылады.

### Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің құрамы:

- Комитеттің төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;
- Комитеттің мүшесі – Мәдиев Сержан Нұраханұлы.

2021 жылы Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті 13 отырыс өткізіп, 61 мәселені қарады.

Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қаралды:

- ҚазАгроҚаржы қызметі туралы ақпаратты ашу саясатын жаңа редакцияда бекіту туралы;
- ҚазАгроҚаржының ақпаратты ашу процестерінің тиімділігі мен ашықтық деңгейі туралы есепті қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржының Корпоративтік басқару кодексын ұстану туралы есепті қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржының 2020 жылдың қорытындысы бойынша 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы;
- ҚазАгроҚаржының 2020-2024 жылдарға арналған Даму жоспарының 2020 жылға орындалуы жөніндегі есепті бекіту туралы;
- ҚазАгроҚаржының 2020 жылдағы Бюджеттің атқарылуы жөніндегі есебін бекіту туралы;
- ҚазАгроҚаржының 2020 жылдағы 2019-2021 жылдарға арналған арналған ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті алдын ала қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржының ішкі қызметін реттейтін, Директорлар кеңесінің бекітуіне/қарауына жататын құжаттар тізбесін айқындау туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржының мемлекеттік емес облигацияларын шығару және шығару шарттарын айқындау туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржының Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы ережелерді бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржының мемлекеттік емес облигацияларын шығару жолымен ҚазАгроҚаржы міндеттемелерін ҚазАгроҚаржының меншікті капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға ұлғайту туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржының ақпараттық технологияларды дамытудың 2021 - 2023 жылдарға арналған стратегиясын бекіту туралы мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржының 2022-2023 жылдарға арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.

## Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті

Комитеттің негізгі функциялары Басқарма Төрағасы мен мүшелерін тағайындау (сайлау), уәждемелік ҚТК қою, қызметін бағалау, сыйақы беру және сабақтастығын жоспарлау мәселелерін, Корпоративтік хатшыны тағайындау

және оған сыйақы беру мәселелерін, сондай-ақ Жалғыз акционер осындай өкілеттіктер берген жағдайда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысуды қамтиды.

### Кадрлар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің құрамы:

- Комитеттің төрағасы – Оразбаев Руслан Сағадатұлы;
- Комитеттің мүшесі – Мәдиев Сержан Нұраханұлы.

2021 жылы Кадрлар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 13 отырыс өткізді, 46 мәселені қарады.

Кадрлар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің отырыстарында мынадай негізгі мәселелер қаралды:

- 2021 жылға арналған ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы;
- ҚазАгроҚаржының тәуекел менеджменті департаменті жұмыскерлерінің еңбегіне ақы төлеу, сыйлықақы төлеу және оларды әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережені бекіту туралы;
- 2020 жылдағы ҚазАгроҚаржының Ішкі аудит қызметі мен оның жұмыскерлері қызметінің тиімділігін бағалау туралы есепті қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесіне есеп беретін Ішкі аудит қызметі, Комплаенс қызметі жұмыскерлерінің және Корпоративтік хатшының еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру, олардың қызметінің тиімділігін бағалау және оларға әлеуметтік қолдау көрсету қағидаларын қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы Басқармасының сандық құрамын анықтау туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы Басқарма мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ҚазАгроҚаржы Басқарма мүшелерін сайлау және лауазымдық жалақылардың мөлшерін анықтау туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесіне есеп беретін және/немесе бағынатын Ішкі аудит қызметінің, Комплаенс қызметінің және Корпоративтік хатшының бос лауазымдарына орналасуға үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту туралы;
- «ҚазАгроҚаржы жұмыскерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету ережесін бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы жұмыскерлерінің жалпы санын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы Басқарма мүшелері қызметінің түйінді көрсеткіштерінің карталарын және олардың 2021 жылға арналған нысаналы мәндерін бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы;
- «ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту және ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің 2021 жылдың қорытындысы бойынша қызметіне бағалау жүргізу туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- «ҚазАгроҚаржының корпоративтік хатшысы қызметінің 2022 жылға арналған түйінді көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы» мәселені алдын ала қарау туралы.
- ҚазАгроҚаржының Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің 2022 жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы.



## ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАҒАЙЫНДАУ

Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер анықтайды.

Жалғыз акционер ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және ішкі құжаттарында айқындалған тәртіппен, үміткерлердің құзыреттерін, дағды-

ларын, жетістіктерін, іскерлік беделі мен кәсіби тәжірибесін ескере отырып сайлайды.

Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау нәтижелері назарға алынады.

### Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

1. басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
2. Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
3. жұмыс өтілі;
4. білімі, мамандығы, халықаралық сертификаттарының болуын қоса алғанда;
5. бағыттар мен салалар бойынша кемінде 2 (екі) жыл құзыретінің/басшылық тәжірибесінің болуы (салалар активтер портфеліне қарай өзгеруі мүмкін);
6. іскерлік беделі;
7. тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы;
8. Директордың «Сертификатталған директор» кәсіби сертификаттауының болуы (тәуелсіз директорлар үшін).

### Директорлар кеңесіне тұлға сайлана алмайды:

- атқарушы органның қатысушысы, басшысы, басқару органының мүшесі немесе Компания жетекшілік ететін заңды тұлғаның қызметкері болып табылатын адам;
- бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, Атқарушы органның бірінші басшысы, бірінші басшының орынбасары, басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері болған, бірақ
- бұрын атқарушы органның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы, бірінші басшының орынбасары, басқа заңды тұлғаның бас бухгалтері болған, бірақ
- 4 (төрт) және одан да көп компаниялардың Директорлар кеңесіне мүше болып табылады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін Жалғыз акционер белгілейді. Тәуелсіз директорлар үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызмет нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 (алты) жылдан астам мерзімге кез келген сайлау мерзімі (мысалы, екі үш жылдық мерзім) Директорлар кеңесі мүшесінің жұмыс нәтижелері мен қызметін бағалау нәтижелері, сондай-ақ Компанияның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттігі ескеріле отырып, ерекше қаралуға тиіс.

Тәуелсіз директорлар қатарындағы бір адам Директорлар кеңесіне қатарынан 9 (тоғыз) жылдан артық сайлана алмайды (мысалы, үш үш жылдық мерзім). Ерекше жағдайларда 9 (тоғыз) жылдан артық мерзімге сайлауға жол беріледі, бұл ретте мұндай тұлғаны Директорлар кеңесіне сайлау, Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігі және бұл фактінің шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, жыл сайын немесе өзге мерзімде өтеді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ КӘСІБИ САЛАЛАРДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ

ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесі мүшелерінің өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін жоғары деңгейлі құзыреті және үлкен жұмыс тәжірибесі бар.

Негізгі құзыреттер, дағдылар мен тәжірибе	Ізбастин Қ.Т.	Джуанышбаева А.К.	Мұрзағалиева А.Е.	Оразбаев Р.С.	Мадиев С.Н.	Прашев А.Г.
Тәуекелдерді басқару және аудит		•				
Стратегиялық жоспарлау	•	•	•	•	•	
Қаржы және экономика	•	•	•	•	•	•
Бизнесті басқару	•	•		•	•	•
Адами ресурстарын басқару			•		•	•
Құқықтану	•		•			•

## ТӘУЕЛСІЗДІК

Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті түрде.

Директорлар кеңесіне тәуелсіз директор болып сайлану үшін үміткер мынадай талаптарға сәйкес келуге тиіс:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 20-тармағына сай тәуелсіз директор анықтамасына сәйкес келуге;

*тәуелсіз директор* - осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайтын және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде ондай тұлға болмаған (оның осы акционерлік қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын Директорлар кеңесінің мүшесі; осы акционерлік қоғамның немесе осы акционерлік қоғамның үлестес тұлғалары - ұйымдарының лауазымды тұлғаларына бағыныстылықпен байланысты емес және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғаларға бағыныстылықпен байланысты болмаған; мемлекеттік қызметші болып табылмайды; осы акционерлік қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде болған емес; аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде осы акционерлік қоғамның аудитіне қатыспайды және өзі Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде мұндай аудитке қатыспаған;

Компания қызметінің көлемі мен сипаты жағынан ұқсас ұйымға тән негізгі мәселелер туралы жалпы ақпаратты меңгеру, ұсынуға дейінгі кемінде 2 (екі) жыл кәсіби тәжірибеге ие болу, сондай-ақ мыналарды түсінетіндігін көрсету:

- 1) Қоғамға қатысты заңнама талаптарын;
- 2) ұлттық және халықаралық нарықтардағы бәсекелік қоршаған ортаны;

ұсынылған ақпаратты талдай және объективті бағалай білу және заңдылық, әділеттілік және барлық акционерлерге тең қатынас қағидаттары негізінде мәселе бойынша тәуелсіз позицияны қалыптастыру. Өз пікірін білдіру және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғау қабілетіне ие болу;

- корпоративтік басқару және тұрақты даму қағидаттарын білу;
- мінсіз беделге ие болу / іскерлік және (немесе) салалық ортада оң жетістіктерге ие болу. Үміткердің өмірбаянында экономикалық қызмет саласында қылмыс жасау, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметте әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактілері болмауы тиіс;
- тек директорлар кеңесінің отырыстары кезінде ғана емес, сондай-ақ Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдарды тиісінше зерделеу үшін де Директорлар кеңесінің жұмысына қатысуға жеткілікті уақыты болуға тиіс;
- басқа компаниялардың 3-тен артық директорлар кеңесіне мүше болып табылмайды;
- тәуелсіз директор мәртебесін жоғалтқан жағдайда Компанияға хабарлау

ҚазАгроҚаржының Директорлар кеңесінің құрамында екі тәуелсіз директор бар.

2021 жыл ішінде Директорлар кеңесінің құрамында болған тәуелсіз директорлар:

- Руслан Сағадатұлы Оразбаев;
- Сержан Нұраханұлы Мәдиев.

Барлық тәуелсіз директорлар Компанияның Директорлар Кеңесі шешім қабылдаған кезде аталған тәуелсіздік белгілеріне жауап берді.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Директорлар кеңесінің қызметін бағалау Директорлар кеңесінің негізгі қызмет салаларының кешенді талдауын алу мақсатында жүргізіледі.

Бағалау Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметін талдауға және күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және Директорлар кеңесінің жұмысына түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, бағалау сыйақының тиімділігін және Директорлар кеңесі мүшелерін оқыту, олардың біліктілігін арттыру қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің қызметін бағалау жыл сайынғы негізде жүргізіледі. Бағалау өз күшімен, сондай-ақ корпоративтік басқару рейтингтерін беретін консультанттарды, кәсіби қауымдастықтарды және ұйымдарды тарта отырып жүргізілуі мүмкін.

Компанияның корпоративтік басқару кодексіне сәйкес және Директорлар кеңесінің құзыретіне кіретін мәселелер аясына сүйене отырып, Директорлар Кеңесі бағалаудың мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- өз жұмысын бағалау;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі комитеттерінің қызметін бағалау. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 14 шешімімен ҚазАгроҚаржы Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін 2021 жылдың қорытындысы бойынша бағалауды Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес өз күшімен жүргізу белгіленді. Бағалау сауалнама әдісімен жүргізілді.

Жүргізілген бағалау шеңберінде Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін

регламенттейтін ішкі құжаттарға талдау жүргізілді, Директорлар кеңесі төрағасының және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің жұмыс тиімділігіне, Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің тиімділігіне талдау жүргізілді.

Жүргізілген бағалау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің жұмысы оң бағаланады және тиімді деп танылады:

- шешімдер қабылдау кезінде Директорлар кеңесі қойылған мақсаттарға қол жеткізуге және Компания мен Жалғыз акционердің мүдделерін қорғауға бағдарланады;
- ҚазАгроҚаржы стратегиясын айқындау, даму жоспары мен бюджетті бекіту, менеджмент қызметін ынталандыру және бағалау жүйесін орнату, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау, ішкі аудит және корпоративтік басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін бақылау бойынша негізгі шешімдерді қабылдау кезінде Директорлар кеңесінің маңызды рөлі атап өтілді;
- отырыстардың форматы ашық пікір алмасуды, Директорлар кеңесі мүшелерінің белсенді қатысуын және мәселелерді уақтылы шешуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;
- комитеттер құрамы жақсы теңдестірілген және оның мүшелерінің Комитетке жүктелген міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін қажетті құзыреті мен тәжірибесі бар;

Жүргізілген бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің отырысында қаралды және Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 31 мамырдағы №7 шешімімен бекітілді.



## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІН ОҚЫТУ ЖӘНЕ КӘСІБИ ДАМУ

Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту және кәсіби дамуы қажеттілігі Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша айқындалады.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесі Жалғыз акционерге өзінің тиімділігін арттыру, оның ішінде Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытудың тиімді жүйесін құру бойынша нақты шаралар туралы өтініш жасайды. 2021 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру жүргізілген емес.

## МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ

Мүдделер қақтығысын болдырмау Жалғыз акционердің, Компанияның, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету үшін маңызды шарт болып табылады. Компанияның барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысынан бос ашық, уақтылы және барабар шешімдер қабылдау үшін жауапты болады. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Компания қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын қақтығыстардан сақтанып, акционерлер мен ҚазАгроҚаржының мүддесінде адал және дұрыс орындайды.

Корпоративтік қақтығыстар болған (туындаған) жағдайда қатысушылар Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер жолымен шешу жолдарын іздестіреді. Бұл ретте Компанияның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге қақтығыстың болуы (туындауы) туралы уақтылы хабарлайды.

Корпоративтік қақтығыстардың алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі осындай қақтығыстарды толық және жедел анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылын үйлестіруді көздейді.

Корпоративтік қақтығыстарды Корпоративтік хатшының және/немесе Омбудсменнің жәрдемдесуімен Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік қақтығысқа тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті қарайды.

Корпоративтік жанжалдарды келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған жағдайда, олар қатаң түрде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

Директорлар кеңесі өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады. Бұл жағдайда Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге Директорлар кеңесін корпоративтік қақтығыстың мәні және корпоративтік қақтығысты шешудегі делдалдың рөлі туралы барынша хабардар етуді қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

Басқарма төрағасы ҚазАгроҚаржы атынан Компанияның Директорлар кеңесінің құзыретіне кірмейтін барлық мәселелер бойынша корпоративтік қақтығыстарды реттеуді жүзеге асырады, сондай-ақ корпоративтік қақтығыстарды реттеу бойынша жұмысты жүргізу тәртібін өз бетінше айқындайды.

Директорлар кеңесі Басқарманың құзыретіне жататын жекелеген корпоративтік қақтығыстарды (мысалы, егер қақтығыс тақырыбы осы органның әрекеттері (әрекетсіздігі) болып табылған жағдайда) қарайды.

Мүдделер қақтығысы Компания жұмыскерінің жеке мүдделілігі лауазымдық міндеттерін әділ орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде айқындалады. Компания қызметкерлері, не өзіне (немесе өзімен байланысты адамдарға) қатысты, не басқаларға қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайларға жол бермейді.

Мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Компанияның Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

2021 жылы Компанияда шешім қабылдау кезінде мүдделер қақтығысының туындау жағдайлары тіркелмеген.

## МӘСЕЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ

Директорлар кеңесін аса маңызды мәселелер туралы хабардар ету Директорлар кеңесі туралы ережеге, Компанияның Жарғысына сәйкес қаржылық және қаржылық емес есептілікті

ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Есепті жылы назар аударуды талап ететін барлық мәселелер ағымдағы отырыстар шеңберінде қаралды.

## ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның жарғысында, ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындауы кезеңінде сыйақы төлеуі және (немесе) Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын атқаруына байланысты шығыстар етелуі мүмкін.

Тәуелсіз директорларға төленетін сыйақы тоқсан сайынғы, тиянақталған сыйақы болып табылады және Директорлар кеңесінің және Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына қатысқаны үшін төленеді. Сыйақы мөлшері мен төлеу шарттары Жалғыз акционердің шешімімен анықталады. Сыйақы Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына, нормативтік құқықтық актілерге және басқа құжаттарға сәйкес салықтар шегеріле отырып төленеді.

Есепті кезең үшін сыйақы есепті кезеңде Директорлар кеңесінің / Директорлар кеңесі комитеттерінің есепті кезеңде барлық өткізілген бетпе-бет және сырттай отырыстарына тәуелсіз директордың қатысуына пропорционалды түрде төленеді.

Тәуелсіз директор есепті кезеңде (тоқсанда) Директорлар кеңесінің бетпе-бет және сырттай өткізілетін отырыстарының жартысынан азына қатысқан жағдайда, сыйақы төленбейді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне – Жалғыз акционердің өкілдеріне, Компанияның атқарушы органының басшысына Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысқаны үшін сыйақы төлеу көзделмеген.

ҚазАгроҚаржының 2 адамнан тұратын Директорлар кеңесінің мүшелеріне (тәуелсіз директорларға) 2021 жылы сыйақы мынадай позицияларды қамтиды:

	2021
Есептелген сыйақы (мың теңге)	6 856
Салықтар және әлеуметтік қамсыздандыруға аударымдар (мың теңге)	643
<b>Сыйақы жиыны (мың теңге)</b>	<b>7 499</b>

## АТҚАРУШЫ ОРГАН

Басқарма құрамы (2021 жылғы 31 желтоқсанға)



**АЙДАР  
ГИЛИМОВИЧ ПРАШЕВ**

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ

1983 жылы 29 қыркүйекте дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

Директорлар кеңесінің құрамына сайлау – 2021 жылғы 16 маусым.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ.

Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелікетуі – иелік етпейді.

### БІЛІМІ:

Экономика және статистика академиясы, Алматы қ., мамандығы: персоналды басқару, экономист.

А.Жұбанов атындағы Ақтөбе аймақтық мемлекеттік университеті, мамандығы: менеджмент, экономика және бизнес магистрі.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2006 жылғы қаңтардан – 2007 жылғы ақпанға дейін – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша кедендік бақылау департаменті» ММ кедендік бақылау инспекторы.

2007 жылғы ақпаннан – 2008 жылғы желтоқсанға дейін – «Казкоммерцбанк» АҚ банк жүйесінде жұмыс істеді.

2009 - 2019 жылдары – «ҚазАгроҚаржы» АҚ филиалдарында Атырау облысы, Ақтөбе облысы және Қостанай облысы бойынша филиалдарының директоры лауазымдарын атқарды.

2020 жылғы желтоқсаннан бастап 2021 жылғы маусымға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2021 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасы.



**НАЗГҮЛ ШОЛПАНҚҰЛҚЫЗЫ  
КАРНАКОВА**

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ  
ОРЫНБАСАРЫ

Жүзеге асыратын функциялары: қаржы-экономикалық мәселелер, қарыз алу, бухгалтерлік есеп және есептілік мәселелері саласындағы ҚазАгроҚаржы қызметін үйлестіру.

1978 жылы 27 желтоқсанда дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ.

Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иелік етпейді.

### БІЛІМІ:

М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті, мамандығы: құрылыс кәсіпорындағы экономика және менеджмент, экономист-менеджер.

### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2008 жылғы желтоқсаннан 2012 жылғы сәуірге дейін – «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2012 жылғы сәуірден 2014 жылғы шілдеге дейін – «ИНГИ&ИТ КБТУ»Қазақстан-Британия техникалық университеті» АҚ қаржы директоры.

2014 жылғы шілдеден 2018 жылғы наурызға дейін – «Қазақстан-Британия техникалық университеті» АҚ Қаржы-экономикалық департаментінің директоры

2018 жылғы сәуірден 2019 жылғы сәуірге дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Бюджеттік жоспарлау департаментінің директоры.

2019 жылғы сәуірден – мамырға дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ қаржы жөніндегі басқарушы директоры.

2019 жылғы мамырдан тамызға дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ басқарушы директоры – Басқарма мүшесі. 2019 жылғы тамыздан бастап 2021 жылғы маусымға дейін – «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2021 жылғы маусымнан 2022 жылғы ақпанға дейін – ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасының Орынбасары.

2022 жылғы ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары.





### АЛМАТ БҮРКІТБАЙҰЛЫ ӘШІРБЕКОВ

#### БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Жүзеге асыратын функциялары: проблемалық жобалармен жұмыс, жобаларды әкімшілендіру мәселелері бойынша ҚазАгроҚаржы қызметін тікелей үйлестіру.

1986 жылы 10 қыркүйекте дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ.

Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі – иелік етпейді

#### БІЛІМІ:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, мамандығы: қаржы, біліктілігі: қаржы бакалавры.

«Синергия» Мәскеу қаржы-өнеркәсіптік университеті, біліктілігі: іскери әкімшіліктендіру шебері (МВА) – Стратегиялық менеджмент.

#### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2008 жылғы қыркүйектен 2012 жылғы тамызға дейін – ҚазАгроҚаржы. Жұмыс барысында ол әр түрлі лауазымдарда қызмет атқарды: Шағын және орта бизнесті несиелеу бөлімінің маманы, жетекші маманы, бас маманы, Корпоративтік бизнес бөлімінің бас маманы.

2012 жылғы қыркүйектен 2015 жылғы ақпанға дейін – «ҚазАгро» холдингі» АҚ Инвестициялық жобалар және кредиттік әдіснама департаментінің бас менеджері.

2015 жылғы ақпаннан 2019 жылғы шілдеге дейін ҚазАгроҚаржы. Жұмыс барысында ол әр түрлі қызметтерді атқарды: Корпоративтік бизнес бөлімінің бастығы, Оңалту және проблемалық кредиттер бөлімінің бастығы, Жобалар мониторингі департаментінің директоры, Оңалту және проблемалық кредиттер департаментінің директоры.

2019 жылғы шілдеден бастап 2021 жылғы маусымға дейін – ҚазАгроҚаржы Басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2021 жылғы маусымнан 2022 жылғы қаңтарға дейін – ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасының Орынбасары.

2022 жылғы қаңтардан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Басқарма Төрағасы.



### АЙДОС БАУЫРЖАНҰЛЫ СЕЙТЖАНОВ

#### БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ

Жүзеге асыратын функциялары: ҚазАгроҚаржы-ның кредиттік-лизингтік қызмет мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру.

1990 жылы 10 мамырда дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ.

Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі-иелік етпейді

#### БІЛІМІ:

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, мамандығы: Қаржы, қаржы бакалавры.

А. Мырзахметов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, мамандығы: Құқықтану, құқықтану бакалавры.

#### ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:

2010 жылдан 2017 жылға дейін – «Темірбанк» АҚ, «Еуразиялық банк» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ шағын және орта бизнесті, сондай-ақ корпоративтік бизнесті кредиттеу бағыты бойынша.

2019 жылғы қазаннан 2021 жылғы маусымға дейін – ҚазАгроҚаржының Нұрсұлтан қаласы бойынша филиалының директоры.

2021 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін – ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасының Орынбасары.



**ДАНИЯР СЕРІКҰЛЫ  
ҚАЙЫРЖҰБАН**

**БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ  
ОРЫНБАСАРЫ**

Жүзеге асырылатын функциялары: ҚазАгроҚаржының активтерді сараптау, әкімшілік-шаруашылық қызмет, адам ресурстарын басқару саласындағы қызмет, ақпараттық технологияларды дамыту, Компанияның негізгі бизнес-процестерін автоматтандыру жөніндегі шараларды күшейту, ақпараттық технологиялар саласындағы өнімдер мен процестерді оңтайландыру, ақпараттың құпиялылығын, тұтастығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша қызметін үйлестіру.

1987 жылы 4 маусымда дүниеге келген.

Азаматтығы – Қазақстан Республикасы.

ҚазАгроҚаржы акцияларына иелік етуі – иелік етпейді.

Қазіргі уақытта қоса атқаратын жұмысы және басқа ұйымдардың директорлар кеңестеріне мүшелігі – жоқ.

Компанияның өнім берушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иеленуі-иелік етпейді.

**БІЛІМІ:**

Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, мамандығы: мемлекеттік басқару, мемлекеттік басқару саласындағы әлеуметтік ғылымдар бакалавры.

Алматы Экономика және статистика институты, мамандығы: экономика, экономика бакалавры.

**ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІ:**

2008 жылдан 2012 жылға дейін – «Самұрық ЛТД» ЖШС, «АЛЕКС – КОМПАНИ» ЖШС, «Ақтөберентген» АҚ, «Әлем-АГРО LTD» ЖШС сатып алу, логистика және жабдықтау бағыты бойынша.

2014 жылдан 2019 жылдың наурызына дейін - ҚазАгроҚаржы активтерді сараптау департаментінің менеджері.

2019 жылғы наурыздан 2021 жылғы мамырға дейін - ҚазАгроҚаржы активтерді сараптау департаментінің директоры.

2021 жылғы мамырдан 2021 жылғы маусымға дейін - ҚазАгроҚаржы басқарушы директоры – Басқарма мүшесі.

2021 жылғы маусымнан бастап қазіргі уақытқа дейін - ҚазАгроҚаржы Басқарма Төрағасының Орынбасары.

**БАСҚАРМАНЫҢ  
ЖҰМЫСЫ**

Басқарма Компанияның ағымдағы қызметіне басшылық етеді және Даму стратегиясының, Даму жоспарының және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапкершілікті көтереді. Басқарма қызметі Компания Басқармасы туралы ережемен реттелген.

2021 жыл ішінде Басқарманың 36 отырысы өткізілді, олардың барлығы бетпе-бет тәртіпте, отырыстар тұрақты түрде - айдың әр онкүндігінде өтіп отырды. Дәлелді себептермен келмеген жағдайларды қоспағанда, Басқарма мүшелерінің отырыстарға қатысу дәрежесі жоғары.


**БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ ОНЫҢ  
ОТЫРЫСТАРЫНА ҚАТЫСУЫ**

Т.А.Ә.	2021
Ізбастин Қ.Т.*	5/5
Оспанов Б.С.**	0/20
Карнакова Н.Ш.	34/36
Әшірбеков А.Б.	35/36
Жолдасов Б.С.**	14/15
Прашев А.Г.	33/36
Сейтжанов А.Б.	20/21
Қайыржұбан Д.С.	19/21

\* Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 26 наурыздағы шешімімен Басқарма құрамынан шыққан.  
\*\* Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы шешімімен Басқарма құрамынан шыққан.



## БАСҚАРМАМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІК



**Басқарманың негізгі мақсаты –** ҚазАгроҚаржының Даму стратегиясын және Даму жоспарын тиімді іске асыру.


### Басқарма жұмысының негізгі қағидаттары:

- жариялылық және ашықтық;
- жауапкершілік және есеп берушілік;
- міндеттерді объективті бөлу;
- операцияларды тиісінше мақұлдау және бекіту;
- кешенділік және жүйелілік;
- тұрақты даму және жетілу;
- икемділік;
- кез келген елеулі кемшіліктерді және бақылаудың әлсіз тұстарын уақтылы айқындау және оларға уақтылы ден қою;
- Басқарма қызметі салаларының басымдылығы
- технологиялылық;
- жұмыскерлердің құзыреттілігі;
- процедуралардың құжатталғандығы;
- ақпараттың шынайылығы және толықтығы.



# ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМ

Басқарманың 2021 жылғы 09 маусымдағы № 12 шешімімен бекітілген 2021 жылғы «01» шілдеден бастап күшіне енеді



Штат саны  
**333** бірл.

Әкімшілік-басқару персоналы  
**81** бірл.

**24,3%**

Өндірістік персонал  
**252** бірл.

**75,7%**



## ЖАСАЛУЫНДА МҮДДЕЛІЛІК БАР МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП

№ п/п	Контрагент атауы	Мүдделілік белгісі	Мәміленің мазмұны
1	«Бәйтерек» холдингі» АҚ	Жалғыз акционер	ҚР Ұлттық қоры көзі болып табылатын қарыз шарттарын 50 млрд теңге сомаға бір бірыңғай Қарыз шартына біріктіру жүргізілді, оның шеңберінде «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-нан қарыз мерзімін 2041 жылға дейін ұзарта отырып, 5,8 млрд теңге мөлшерінде қосымша қаржыландыру алынды.

## БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Басшы қызметкерлерге сыйақы төлеу саясаты мен мөлшері ҚазАгроҚаржының басшы қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларымен регламенттеледі.

Есепті жылдағы жұмыс нәтижелері бойынша сыйақының төленуі Директорлар кеңесінің шешімімен, есепті жыл ішінде таза шоғырландырылған пайда бар болған жағдайда, Компанияның есепті жыл ішіндегі аудиттелген қаржылық есептілігі негізінде қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін, стратегиялық және дербес ҚТК-не жету нәтижелеріне және қызметті бағалау нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылады.

2021 жылы Басқарма мүшелерінің ҚТК-де тұрақты даму саласындағы міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай стратегиялық және жеке ҚТК қосылды:

- ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары лизингінің көлемі;
- корпоративтік басқару рейтингі;
- «ҚазАгроҚаржы» АҚ персоналының тартылу деңгейі.

Есепті жылы Басқарма мүшелеріне тәртіптік жаза қолдану жағдайлары болған емес.

Басқарма мүшелеріне 2021 жылы төленген сыйақы сомасы 131 571 мың теңгені құрады, соның ішінде салықтар және еңбекке ақты төлеуден аударымдар – 11 121 мың теңге.

## АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша ҚазАгроҚаржының жарияланған және орналастырылған жай акцияларының саны 82 837 204 дананы құрады, акциялардың номиналдық құны 82 837 204 000 теңгені құрайды.

Есепті кезеңде акцияларды орналастыру, сатып алу және күшін жою жөніндегі мәмілелер жүзеге асырылмады.

<b>Жарияланған жай акциялардың саны:</b>	82 837 204 акция
<b>Орналастырылған жай акциялардың саны:</b>	82 837 204 акция
<b>Бір жай акцияның номиналды құны:</b>	1 000 теңге
<b>Бір акцияны орналастыру бағасы:</b>	1 000 теңге
<b>Эмитенттің акцияларын төлеу тәсілдері:</b>	эмитенттің акциясы ақшамен төленді
<b>Эмитенттің акцияларын орналастырудан тартылған ақша қаражатының сомасы:</b>	82 837 204 000 теңге

## ДИВИДЕНДТЕР

Дивидендтік саясаттың қағидаттары Дивидендтік саясат туралы ережемен анықталған.

Дивидендтік саясат келесі қағидаттарға негізделген:

1. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасымен, ҚазАгроҚаржының Жарғысымен, оның ішкі құжаттарымен және корпоративтік басқарудың ең үздік тәжіриесімен көзделген құқықтарын қатаң сақтау қағидатына;
2. дивидендтік төлемдердің мөлшерін анықтаған кездегі ҚазАгроҚаржы мен Жалғыз акционер мүдделерінің теңгерімі;
3. Жалғыз акционердің мүдделерін ескеру және оның активтерін барынша көбейту;
4. дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдаған кезде Қазақстан Республикасының заңнамасымен және ҚазАгроҚаржының Жарғысымен белгіленген шектеулерді сақтау;
5. ҚазАгроҚаржының дивидендтік саясатын қалыптастырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдеріне сәйкес орта мерзімді және ұзақ мерзімді дивидендтік саясатты әзірлеу;
6. ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқармасының жоспарланған таза табыс пен дивидендтерге қол жеткізуге уәждемесін қамтамасыз ету.

2020 жылға дивидендтер

6 718 739

төлеу 2021 жылғы маусымда

■ **мың теңге** мөлшерінде жүргізілді

Бір жай акцияға дивидендтер мөлшері

81,11

■ **теңгені құрайды**

## ТӨЛЕНГЕН ДЕВИДЕНДТЕР

Атауы	Өлшем бірлігі	2018 (2017 жыл үшін)	2019 (2018 жыл үшін)	2020 (2019 жыл үшін)	2021 (2020 жыл үшін)
Таза кіріс залал)*	мың теңге	3 572 220	6 728 372	9 210 964	9 598 199
Жыл ішінде жарияланған дивидендтер	мың теңге	3 572 220	6 728 372	9 210 964	6 718 739
Жыл ішінде төленген дивидендтер	мың теңге	3 572 220	6 728 372	9 210 964	6 718 739
Бір акцияға шаққандағы пайда **	теңге	43,12	81,22	111,19	81,11
Акцияның теңгерімдік құны ***	теңге	1 234,41	1 277,14	1 268,96	1 339,89

\* Дивидендтер төлеу жүзеге асырылған жыл ішіндегі таза кіріс.

\*\* Дивидендтер төлеу жүзеге асырылған жыл ішіндегі пайда.

\*\*\* Дивидендтер төлеу жүзеге асырылған жыл ішіндегі теңгерімдік құн.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Өз қызметінде Компания басшылығы және оның жұмыскерлері өз жұмысында қызметтің айқындығы мен ашықтығы сияқты негіз құраушы қағидаттарды ұстанады. Компания өз жұмысында барынша жариялылықты қамтамасыз етуге ұмтылады. Бірінші кезекте бұл жұмыс сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ Компания қызметкерлері тарапынан құқыққа қарсы іс-әрекеттердің алдын алуды қамтамасыз етуге арналған.

Компанияның есепті жыл ішіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес, Компанияның Комплаенс қызметі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне қайта құрылды, оның функционалында Компания мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын орындауын қамтамасыз ету көзделген. Қажет болған жағдайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл іс-шараларын жүргізу үшін жұмыс топтары құрылады, басқа бөлімшелердің қызметкерлері тартылады. Жалпы, Компанияның барлық қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жұмысына жұмылдырылған.



## Компания сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша мынадай шараларды іске асырады:

1. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг; ген жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауы;
2. сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдауы;
3. сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
4. Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды қалыптастыру және сақтау;
6. мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаларға теңестірілген мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;
7. мүдделер қақтығысын болдырмау және шешу;
8. сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар, теріс қылықтар туралы хабарлау;
9. бастамашылықпен ақпараттандыру арналарының жұмыс істеуі;
10. контрагенттердің сенімділігін тексеру, контрагенттермен жасалған шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу.

Аталған мақсаттар үшін Компанияда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілді.


2021 жылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптық мониторинг жүзеге асырылды, оның міндеті сыбайлас жемқорлық көріністеріне ықпал ететін проблемалық мәселелерді зерделеу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижелерінің практикалық маңыздылығы,

тиісті ұйымдастырушылық-басқарушылық және құқықтық шаралар қабылдау арқылы оның қорытындыларының сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға ықпал ететіндігінде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мониторингі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сауалнама деректерін, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін жинау, өңдеу, қорыту, талдау және бағалау арқылы жүргізілген.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ



Сауалнамаға Компанияның 257 қызметкері немесе Компанияның барлық бөлімшелері (филиалдары) және барлық лауазым деңгейлеріндегі қызметкерлердің жалпы санының 72,8% қатысты. Сауалнама Компания жұмыскерлерінің сыбайлас жемқорлыққа әлеумет-

тік құбылыс ретінде қатынасын анықтау, сондай-ақ оның пайда болу мен жасалу себептері мен шарттарын анықтау мақсатында жүргізілді. Сауалнама нәтижелері бойынша Компания жұмыскерінің орташаландырылған портреті жасалды.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГ

Сұрау салудың репрезентативтілігі:

96

257




Сауалнамаға 257 респондент немесе барлық бөлімшелер (филиалдар) мен Компания барлық лауазым деңгейлеріндегі қызметкерлердің жалпы санының (353) 72,8 % қатысты.

Мониторинг нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асыру үшін бағыттарды айқындау кезінде пайдаланылды. Талдау барысында елеулі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының бұйрығына

сәйкес Компанияның сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді. Талдау Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында жүргізілді.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН ІШКІ ТАЛДАУ



Талдау нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған ұсыныстар жасалды және орындалды, атап айтқанда:

- ең төменгі балама баға ұсыныстарын іздеуге, қандай да бір әлеуетті өнім берушіден лизинг нысанасын сатып алу үшін маңызы бар орташа нарықтық баға ұсыныстарымен айла-шарғы жасау ықтималдығын жоюға бағытталған ішкі нормативтік құжаттарға өзгерістер енгізілді;

- сатып алуларды өткізуге жауапты бөлімшелер мен қызметкерлердің жұмысын жетілдіру, сондай-ақ тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды өткізу сапасын ішкі бақылаудың тиімді тетіктерін енгізу бойынша шаралар қолданылды;

- Компанияның персоналды басқару жөніндегі құжаттарына жұмыскерлерді іріктеу процесінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған өзгерістер енгізілді.

Бас прокуратура жанындағы Құқықтық статистика комитетімен және Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жауаптылыққа тарту фактілерінің болуына тексеру жүргізілді. Мұндай жұмыскерлер анықталған жоқ.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымға тікелей бағынысты бос лауазымдарға орналасу фактілерінің бар болуына тексеріс жүргізді. Белгіленген фактілер анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты Халықаралық сауда палатасының (ICC) ұсыныстарына сәйкес әзірленген және тараптардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процедураларын қамтамасыз ету бойынша міндетін, сондай-ақ оларды бұзғаны үшін санкцияларды қолдану, оның ішінде шарттан бас тарту құқығын көздейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелермен толықтырылған.

Компания қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлықтың көрініс табу фактілері мен өзге де бұзушылықтарды анықтау үшін клиенттерге сауалнама жүргізу бойынша жыл сайынғы науқан өткізілді. Сауалнамамен Нұр-Сұлтан қ., Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары бойынша филиалдардың клиенттері қамтылды. Барлығы 303 клиенттен сауалнама алынды, бұзушылықтар анықталған жоқ.

«ҚазАгроҚаржы» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты Компанияның корпоративтік сайтында орналастырылған және мүдделі тұлғалардың танысуы үшін қолжетімді. Саясат Компания жасасатын шарттарға (келісімдерге) Сыбайлас жемқорлыққа

қарсы ескертпелердің енгізілуін көздейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені енгізу бүкіл мәтіннің инкорпорациясы арқылы немесе Компанияның ресми интернет-ресурсында орналастырылатын Саясатқа сілтемені көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамытуға бағытталған оқыту іс-шараларын жүргізеді (оқыту шеңберінде Компанияның 330 қызметкері өтті).

2021 жылдың қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлықтың расталған жағдайлары болған емес.

*Компанияның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы қызметі. (КЖ/ТҚҚІК)*

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында Компания тиісті ішкі бақылау жүйесін әзірледі және енгізді.

КЖ/ТҚҚІК жүйесі клиенттің Қоғам арқылы қылмыстық мақсаттар үшін ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасайтын операциялардың алдын алуға және Қоғам мен оның қызметкерлерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты клиенттің операцияларына қатыстырылу тәуекеліне жол бермеуге бағытталған.

Компанияның КЖ/ТҚҚІК жүйесі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес ұйымдастырылған және халықаралық ұйымдар — ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (Financial Action Task Force — FATF), Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топ (EAT), Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті (Basel Committee on Banking Supervision) әзірлеген ұсынымдарды және т.б. ескереді)

Компанияның құрылымында қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі бөлімше бар, сондай-ақ әрбір жеке құрылымдық бөлімшеде (филиалда) ішкі бақылау тетігі енгізілген.

Компанияның КЖ/ТҚҚІК жөніндегі қызметін регламенттейтін және КЖ/ТҚҚІК мақсатында қабылданатын шаралар мен қабылданатын рәсімдер жиынтығының сипаттамасын қамтитын құжат КЖ/ТҚҚІК мақсатында Ішкі бақылау қағидалары болып табылады. Компанияда КЖ/ТҚҚІК бойынша жұмысты ұйымдастыруды Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі қамтамасыз етеді.

## КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА

# 2021 жылы Компания Директорлар кеңесінің

## 2016 жылғы 28 желтоқсандағы № 14 шешімімен бекітілген, Директорлар кеңесінің

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №5 шешімімен енгізілген толықтыруымен бірге Корпоративтік этика кодексін басшылыққа алды. Кодекске сәйкес Компанияның әрбір қызметкері өз саласының маманы ғана емес, сонымен қатар бірыңғай корпоративтік мәдениеттің бір бөлігі болып табылады.

Кодекс Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың негізінде іскерлік мінез-құлықтың танылған әлемдік стандарттары ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленді. Ол Компанияның іскерлік этика және корпоративтік құндылықтар қағидаларын пайымдау мен түсінуін көрсетеді. Корпоративтік этика кодексіне сәйкес, Компанияда іскерлік этика мен корпоративтік құндылықтарды сақтау лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге жүктелген.



## Корпоративтік этика кодексінің нормалары атқаратын лауазымына қарамастан Компанияның барлық қызметкерлеріне қолданылады.



### Негізгі мақсаттар:

- Компанияның корпоративтік құндылықтарын анықтау және бекіту;
- кәсіби қызметтің жоғары сапасына қол жеткізу және Компания миссиясын орындау үшін, атқаратын лауазымына қарамастан, Компанияның барлық қызметкерлерінің іскерлік әдеп нормаларын біркелкі түсінуі және орындауы
- мінез-құлық қағидаттарын, іскерлік этика қағидалары мен нормаларын регламенттеу, оны қызметкерлер арасында одан әрі ілгерілету.



Компания қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезінде Компанияның барлық қызметкерлеріне қолданылатын келесі корпоративтік этикалық қағидаттарды басшылыққа алады:

#### Заңдылық

Халықаралық құқық нормаларын, қазақстан республикасының заңнамасын, кодекстің ережелерін және компанияның өзге де ішкі құжаттарын мұлткісіз ұстану.

#### Адалдық

Компания әлеуметтік қоғамның адамгершілік қағидаттарын, этикалық нормалар мен қағидаларды, сонымен қатар іскерлік айналым әдет-ғұрыптарын мұлткісіз ұстанады, міндеттемелерін уақтылы орындайды және ұжымды және өз беделін биік ұстайды.

#### Субординация немесе парасаттылық және әділдік

Компания қызметкерлерінің арасындағы қарым-қатынас сатылас субординация ескеріле отырып, қызметкерлердің өз міндеттерін орындау процесінде бір қызметкердің екінші қызметкерге тікелей бағынуы негізінде құрылады. Компанияның барлық жұмыскерлері атқаратын лауазымдарына қарамастан, өз іс-әрекеттерінде парасаттылық және әділдік қағидаттарын басшылыққа алулары тиіс.

#### Объективтілік

бұл қағидат Компания жұмыскерлерінің бірін қалдырмай барлығы үшін өз функцияларын және лауазымдық міндеттерін сырттан қандай да бір қысым көрсетілмей, құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірместен жүзеге асыру, сондай-ақ басшылық тарапынан өзіне объективті және әділ көзқарасты қамтамасыз ету мүмкіндігін белгілейді.

ҚазАгроҚаржының қызметі Компания мен оның қызметкерлерінің, басшылық пен оның қарамағындағылардың арасындағы, қызметкерлердің бір-бірінің алдындағы өзара міндеттемелерден құрылған. Өзара міндеттемелерді ұқыпты орындау – сындарлы жұмыстың қажетті шарты.

Компания өз қызметкерлерімен қарым-қатынасты ұзақ мерзімді ынтымақтастық пен өзара сыйластық қағидаттары негізінде орнатады. Серіктестермен өзара қарым-қатынас адалдық пен өзара сыйластық, сот талқылауларына қарағанда келіссөздер басымдығы қағидаттарына негізделген.

#### Инабатылық

барлық кәсіби және іскерлік қатынастарда әділ қарым-қатынас, шыншылдық пен е адалдық.

#### Құрмет

Жалғыз акционерге, басшылыққа, серіктестер мен әріптестерге, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне лайықты қамқорлық таныту.

#### Ынтымақтастық және нәтижелілік

стратегиялық және күнделікті міндеттерді шешу үшін күш-жігерді біріктіру, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін ұйымшыл командада жұмыс істеу.

#### Құпиялылық

Компания мен оның серіктестерінің құпия ақпаратына жауапкершілікпен қарау, оны қорғау және рұқсатсыз таратуға жол бермеу бойынша шаралар қолдану.

Компания қызметкерлері іскерлік серіктестерге жасырын артықшылықтар мен басымдықтар бермейді.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен қарым-қатынаста Компания заңнама талаптарын басшылыққа алады және күмәнді немесе бұрмаланған ақпаратты таратуға жол бермейді.

Қақтығыстар туындаған жағдайда, олар Компанияның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген нормаларға сәйкес шешіледі.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ

Ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) – бұл Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету үшін Басқарма, Директорлар кеңесі анықтайтын және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметін жүзеге асыруы кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған ұйымдық саясаттардың, процедуралардың, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, ішкі бақылау әдістері мен механизмдерінің жиынтығы.

Компанияда Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 6 қыркүйектегі № 9 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржы ішкі бақылау жүйесі туралы саясат қолданылады. Саясат ІБЖ ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, оның жұмыс істеу қағидаттарын, ішкі бақылау рәсімдерінің негізгі салалары мен негізгі компоненттерін, сондай-ақ ішкі бақылау субъектілерінің Компанияның ішкі бақылау жүйесінің рәсімдерін орындау және бағалау бойынша құзыреттері мен жауапкершіліктерін анықтайды.

Сонымен қатар, Компанияда ІБЖ тиімді жұмысын қамтамасыз ету тәртібін анықтау мақсатында, Басқарманың 2019 жылғы 5 тамыздағы № 24 шешімімен Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидалары бекітілген.

Ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың құзыреті олардың ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және оның тиімділігін бағалау процестеріндегі рөліне байланысты шектелген.

Ішкі бақылау жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету бизнес-процестердің барлық иелеріне жүктеледі, алайда, ең алдымен, жауапкершілікті Компанияның ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты құрылымдық бөлімшенің басшылары мен қызметкерлері көтереді, оларға күнделікті негізде тиімді ішкі бақылауды қолдау бойынша тиісті міндеттер беріледі.

Директорлар кеңесі мен Басқарма ішкі бақылау жүйесіне қатысушылардың (субъектілердің) бірі бола отырып, Компания ішінде және үшінші тұлғалармен тік және көлденең қатысымдық байланыстарды қамтамасыз ететін коммуникацияның тиімді арналары мен құралдарын ұйымдастыруды қамтитын ақпараттық қамтамасыз ету және ақпаратпен алмасу жүйесін қалыптастыруға және қолдауға өз құзыреті шегінде жауапты болады.

Ақпарат және оны беру - бұл қажетті және тиісті ақпаратты сәйкестендіру, құжаттау және лауазымды тұлғалардың назарына уақытылы жеткізу процесі болып табылады, сонымен қатар Компанияда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесінің бар болуын көздейді.

Ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсаттарында Компанияда үш желілі қорғаныс құрылған:


– бірінші қорғаныс желісі, Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінде Басқарма Төрағасының бұйрығымен Қоғам қызметкерлерінің ішінен ішкі бақылаушылар тағайындалады;

– екінші қорғаныс желісі, бақылау функцияларын орындайтын Компанияның құрылымдық бөлімшелері;

– үшінші қорғаныс желісі, Компанияның Ішкі бақылау жүйесінің (бұдан әрі – ІБЖ) тиімділігін бағалау арқылы Ішкі аудит қызметімен қамтамасыз етіледі.

ІБЖ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүзеге асырады. ІБЖ ішкі бақылау жүйесіне жүргізген жалпы талдау негізінде 2021 жылдың қорытындысы бойынша Компаниядағы ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің «ортадан жоғары» рейтингі берілді.

## ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ



Сонымен, Компанияның ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, Компанияның барлық басқару деңгейлерін, барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды.

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Компания «ҚазАгроҚаржы» АҚ ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің 2019–2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар бес компонент бойынша іс-шараларды қамтиды: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау процедуралары, ақпарат және коммуникациялық арналар, мониторинг.

2021 жылғы желтоқсанда ҚазАгроҚаржы» АҚ ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі 2022–2024 жылдарға арналған жаңа іс-шаралар жоспары бекітілді. Компания ішкі бақылау жүйесін дамытуды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуді одан әрі жалғастыратын болады.



## ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметінің (ІАҚ) жұмысы Ішкі аудит қызметі туралы ережеге және Этика кодексіне, сапа стандарттары мен Ішкі аудиторлардың халықаралық институтымен белгіленген ішкі аудиторлар қызметінің стандарттарына негізделетін Ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

ІАҚ миссиясы Директорлар кеңесі мен Басқармаға олардың Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бойынша міндеттерін орындауға жәрдемдесу болып табылады. ІАҚ мақсаты Директорлар кеңесіне тәуелсіз және объективті кепілдіктер және Компанияда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге бағытталған консультациялар беру болып табылады.

ІАҚ Компанияның тәуекелдері мен стратегиялық міндеттерін ескере отырып, 2021 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарды (ЖАЖ) әзірледі. 2021 жылға арналған ЖАЖ-да көзделген аудиторлық тапсырмалар толық көлемде және белгіленген мақсаттарға сәйкес орындалды. Аудиторлық тапсырмалардың нәтижелері бойынша тәуекелдерді азайтуға және ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді.

Есепті жыл ішінде ІАҚ (тоқсандық және жылдық) есептерді Директорлар кеңесінің қарауына тұрақты түрде ұсынып отырды. Тоқсан сайынғы негізде ІАҚ/сыртқы аудитордың ұсынымдарына мониторинг жүргізіп отырды және нәтижелерін мерзімді есептер шеңберінде Директорлар кеңесіне ұсынып отырды. ІАҚ/сыртқы аудиторлардың/консультанттардың ұсынымдарын орындау мониторингінің нәтижелері бойынша 2021 жылдың қорытындысы бойынша мерзімі өткен ұсынымдардың жоқ екендігі анықталды. ІАҚ өз құзыреті шегінде Холдингпен, сыртқы аудиторлармен өзара іс-қимыл жасайды.

2021 жылы Компанияда корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді. Корпоративтік

басқару жүйесі диагностикасының нәтижелері бойынша Компанияның корпоративтік басқару деңгейінің үздік тәжірибе талаптарына сәйкестігі 87,6% - ды құрады. Директорлар кеңесі корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітті.

Сондай-ақ, ІАҚ ҚазАгроҚаржыдағы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізді. Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау нәтижелері негізінде Компанияда бекітілген рейтингтік шкалаға сәйкес «орташадан жоғары» рейтингі берілді.

Компанияда Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы жұмыс істейді. Директорлар кеңесі ІАҚ қызметкерлері жұмысының сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірледі және бекітті, бағалау нәтижелері ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады.

2019 жылы ІАҚ қызметіне Ішкі аудит кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздерінің (ІАКТ-ХН) қолдану үшін міндетті бөлімдерінің сақталу мәніне тәуелсіз бағалау жүргізілді: ішкі аудитті, Стандарттарды айқындау, сондай-ақ ішкі аудиторлардың Этика кодексін сақтауы, оның нәтижелері бойынша ІАҚ қызметі Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келетіні және ІАҚ қызметкерлері білікті, өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін жеткілікті кәсіби білімі мен дағдылары бар екендігі анықталды.

Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы ІАҚ жұмысының сапасына жыл сайын ішкі бағалаудың (өзін-өзі бағалау) жүргізілуін көздейді, оның нәтижелері Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке және Директорлар кеңесіне ұсынылады. Жүргізілген 2021 жылғы ІАҚ жұмысының сапасын ішкі бағалау нәтижелері бойынша ішкі аудит қызметін дамыту және жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

## СЫРТҚЫ АУДИТ

KPMG International Limited компаниялар тобына кіретін «КПМГ Аудит» ЖШС ҚазАгроҚаржының 2021 жылғы қаржылық есептілігіне аудит жүргізетін аудиторлық ұйым болып анықталды. KPMG International Limited компаниялар тобының есепті кезеңде көрсеткен қызметтерінің жалпы көлемінен қаржылық есептілік аудитіне байланысты емес көрсетілген қызметтерінің үлесі 12% құрады.

Аудиттің қорытындылары бойынша, аудитордың пікірі «Сөзсіз оң». Қаржылық есептілік Компанияның 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық ахуалын барлық елеулі аспектілерінде, сонымен қатар оның жыл ішіндегі қаржылық көрсеткіштері мен ақша қаражатының қозғалысын Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес (ХҚЕС) шынайы көрсетеді.

### АУДИТОРДЫҢ СЫЙАҚЫСЫ, МЫҢ ТЕҢГЕ

Көрсетілген қызметтер	2018	2019	2020	2021
Жылдық аудит	25 227	30 240	29 008	39 200
Жарты жылдық шолу	10 612	12 736	–	16 800
Жұмыскерлерді оқыту қызметтері	1 555	899	–	–
Кеңес беру қызметтері	–	–	–	7 840
Сыйақының жалпы көлеміндегі аудиторлық емес қызметтердің үлесі (%)	4,16	2,05	–	12
<b>Барлығы</b>	<b>37 394</b>	<b>43 875</b>	<b>29 008</b>	<b>63 840</b>

Сыртқы аудитор мен аудиторлық ұйымның негізгі персоналын тағайындау мен ротациялауға қатысты, аудиторлық ұйымның қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес көрсететін қызметтерін мақұлдау бойынша, Компания Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен бекітілген және Компанияның www.kaf.kz корпоративтік сайтында жарияланған Сыртқы аудит саясатын басшылыққа алады.



## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚазАгроҚаржыда тәуекелдерді айқын сәйкестендіруді, тиімді басқаруды және үнемі мониторингтеуді қамтамасыз етуге арналған және теріс факторлардың Компания қызметіне әсер етуін шектеу жолымен қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған қалыптастырылған, егжей-тегжейлі әзірленген тәуекелдерді басқару жүйесі жұмыс істейді.

ҚазАгроҚаржыда тәуекелдерді басқару үнемі жүргізілетін үздіксіз процесс болып табылады және Компанияның алқалы органдарын, уәкілетті органдарын, құрылымдық бөлімшелерін және жұмыскерлерін тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.


### Тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі қағидаттары:

- акционерлік капиталдың құнын құру және қорғау;
- жүйелілік, құрылымдылық және уақытылылық;
- хабардарлық;
- тұрлаусыздықпен жұмыс;
- бейімделгендік;
- ашықтық және кешенділік;
- ден қою және қайталанушылық;
- үнемі жетілдіру.

# ТӘУЕКЕЛ- ДЕРДІ БАСҚАРУ



## ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ



www.kaf.kz

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту мүмкіндігі үшін үш қорғаныс желісі енгізілген.



### Бірінші деңгей

Компанияның Директорлар кеңесімен ұсынылған. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару саласындағы функциялардың бір бөлігін Директорлар кеңесінің жанында тиісті комитеттер құру арқылы жүзеге асырады.

### Екінші деңгей

тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттың орындалуын және оның ұстанылуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты.

### Үшінші деңгей

тәуекелдерді басқару процесінде Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін үйлестіруге жауапты құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Тәуекелдерді тиімді басқару мүмкіндігі үшін әрбір қорғаныс деңгейінде үш деңгейлік модельге қосу бөлігінде Компанияның әр қызметкерінің негізгі рөлдік функциялары анықталды. Мынадай рөлдер анықталды:


Мақсаттар иесі – бақылау ортасын қалыптастыруға, тәуекелдерді басқару жүйесінің Компанияның даму мақсаттарына сәйкес тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай қамтамасыз етуге жауапты Компанияның бірінші басшысы.

Тәуекел иелері – өздерінің функционалдық міндеттеріне байланысты қызметін жүзеге асыру кезінде материалдық және (немесе) матери-

алдық емес шығындардың әлеуетті көзі болып табылатын немесе болуы мүмкін, сондай-ақ әртүрлі тәуекел түрлеріне ұшырағыштық көздері болып табылатын оқиғаларға ұшырағыштықты сәйкестендіру, талдау және бақылауға мүмкіндіктері бар құрылымдық бөлімшелер немесе Қоғам қызметкерлері.

Бизнес-процестің иелері - бұл процесті басқаруды жүзеге асыратын, процесті орындау үшін барлық қажетті ресурстары бар (персонал, жабдықтар, ақпарат және т.б.) және өзіне сеніп тапсырылған процестің нәтижелілігі мен тиімділігіне жауап беретін ҚБ басшысы.

**БҮГІНГІ ТАҢДА КОМПАНИЯНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ МЫНАДАЙ:**



Компанияда тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жүйелі дамыту мен жетілдіруді жүзеге асыру мақсатында ҚазАгроҚаржының тәуекелдерін басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдірудің 2019–2025 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді және бекітілді. 2020 жылы бұл жоспарды жүзеге асыру мақсатында мынадай іс-шаралар жүргізілді:

- Банктердің тікелей және шартты міндеттемелері бойынша лимиттерді белгілеу әдістемесі, Негізгі және қосалқы бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицасы, Тәуекелдерді басқару қағидалары мен саясаты, кредит комитеттерінің қызметін реттейтін ережелер сияқты бірқатар ішкі құжаттар өзектендірілді;
- тоқсан сайынғы негізде қабылданған тәуекелдер туралы есеп Директорлар кеңесінің қарауына ұсыныла отырып, тәуекел-тәбеттің өзгеруіне ықпал ететін тәуекел факторларына бақылау жүргізіледі және;
- тұрақты негізде тәуекелдерді басқару бойынша жұмыс, соның ішінде 2015 - 2020 жылдардағы кезең ішінде алынып қойылған машиналар мен жабдықтарды талдау, филиалдың рейтингісін анықтау мақсатында филиалдардың қарыз портфелін талдау, Компанияның лизинг нысаналары мен кепілдерінің сақтандырылуын мониторингтеу және бақылау жүзеге асырылады;
- тәуекелдердің туындау ықтималдығын ерте анықтау және қызмет көрсеткіштерін орындау мақсатында тәуекелдердің түйінді индикаторлары мерзімді негізде қадағала-

нып отырады. Директорлар кеңесі тоқсан сайын тәуекелдер картасы мен тізілімін, сонымен қатар Тәуекелдерді барынша азайту жоспары, Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары шеңберіндегі іс-шаралардың орындалуын қарайды;

- тәуекел-мәдениетін көтеру мақсатында Компания қызметкерлерін тәуекел-менеджменті бөлігіндегі дағдыларын жетілдіруге оқыту бойынша іс-шаралар жүргізілді;
- Компания қызметіндегі үзілістер, қызметті қалпына келтіру және шығындарды азайту жағдайларында уақтылы және тұтас ден қойылуын қамтамасыз етуге бағытталған Компания қызметінің үздіксіздігін басқару қағидалары әзірленді.
- Дағдарысты басқару жоспары, Қызметті қалпына келтіру жоспарлары бекітілді, оған сәйкес ТЖ іске асыру кезінде қызметті басқару тәртібі, ТЖ іске асыру кезінде қызметті қалпына келтіру тәртібі және ден қою деңгейлері айқындалды.
- 2021 жылы KPMG сыртқы кеңесшілерімен тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау жүзеге асырылды. Бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің қорытынды рейтингі 82% - ды құрады. 82%-ға бағалау «Толысқан» тиімділік деңгейіне сәйкес келеді және тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес келеді және тәуекелдерді басқару жүйесі айтарлықтай тиімді.

**ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТАЛДАУ**

ҚазАгроҚаржыда тәуекелдерді тұрақты сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару шараларын әзірлеу жүзеге асырылды. Компания өз қызметін бизнеспен байланысты және стратегиялық тәуекелдер, кредиттік

тәуекелдер, қаржылық тәуекелдер, операциялық тәуекелдер және құқықтық тәуекелдер санаттары бойынша бөлінген тәуекелдердің кең ауқымын ескере отырып жүргізеді.



**ҚазАгроҚаржының тәуекелдерін басқару жүйесі**

Бұл бірыңғай процеске біріктірілген өзара байланысты компоненттердің жиынтығы, оның шеңберінде Директорлар кеңесі, Басқарма және Компания жұмыскерлері әрқайсысы өз деңгейінде ҚазАгроҚаржының қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал теріс оқиғалар мен мүмкіндіктерді айқындауға, сонымен қатар негізгі мүдделі тараптар үшін қолайлы тәуекел деңгейі шеңберінде осы оқиғаларды басқаруға қатысады.





## ҚАЗАГРОҚАРЖЫ 2021 ЖЫЛЫ ҰШЫРАҒАН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

### Қаржылық тәуекел - өтімділік тәуекелі.

Өтімділік тәуекелін іске асырудың негізгі салдары кредиторлар алдындағы міндеттемелерді уақтылы орындамау болып табылады, бұл қаражатты мерзімінен бұрын қайтару туралы талапқа әкелуі мүмкін.

Бұл тәуекелді барынша азайту мақсатында Компания 2021 жылы ақшалай қаражатты қосымша тарту және қолданыстағы қарыздарды өтеу мерзімдерін ұзарту бойынша іс-шараларды жүргізді.

### Кредиттік тәуекел-NPL деңгейін көтеру.

Контрагенттің төлем қабілеттілігінің төмендеуі нәтижесінде туындайтын Компанияның қаржы активтері бойынша ықтимал қаржы ысыраптарын жабу үшін қаржы ысыраптарын тану және/немесе резервтерді (провизияларды) қосымша есептеу арқылы іске асырылады.

Кредиттік тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Компания 2021 жылы портфельді әртараптандыру, өтімділерді талдау сапасын арттыру, қарыз алушылардың қаржылық жағдайына мониторинг жүргізу бойынша іс-шараларды жүргізді.

### Операциялық тәуекел -

тәуекелдің іске асырылуына әкеле алатын оқиғаларға IT саласындағы факторлар, әкімшілік-шаруашылық қызмет, адами факторлар, сондай-ақ сыртқы оқиғалар жатады.

Операциялық тәуекелді барынша азайту мақсатында ақпараттық жүйелерді қосымша автоматтандыру және баптау, Компанияның үздіксіз жұмыс істеуі үшін құралдармен және шаралармен уақтылы қамтамасыз ету, қызметкерлерді оқыту және т.б. бойынша жұмыстар жүргізілді.

### Комплаенс тәуекел -

комплаенс тәуекелдің іске асырылуына әкеле алатын оқиғаларға Қазақстан Республикасы заңнамасының, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің, Компанияның ішкі құжаттары мен рәсімдерінің, сондай-ақ Компанияның қызметіне ықпал ететін және Қазақстан Республикасы таныған шет мемлекеттердің заңнамасының талаптарын сақтамау салдарынан заңи ықпалшараларды қолдану жатады.

Комплаенс тәуекелді барынша азайту мақсатында Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы таныған және Компанияның қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамасының, Компанияның ішкі ережелері мен рәсімдерінің және жалпыға бірдей қабылданған мінез-құлық нормаларының талаптарын қатаң және мүлтіксіз сақтау мониторингін және бақылау жүргізді.

Тәуекелдерді басқару аясында 2021 жылы Компания тәуекелдерді басқару құралдарын, әдістері мен тәсілдерін реттейтін жаңа редакциядағы Тәуекелдерді басқару ережелерін әзірледі және бекітті.

Сонымен қатар, 2021 жылы тәуекелдерді басқару жүйесі лимиттердің уақтылы өзектендірілуін, оның ішінде валюталық және пайыздық тәуекелдерге, лимиттерді, стресс-тестілеулердің жүргізілуін, өтімділіктің ГЭП талдауының жүргізілуін, тәуекелдердің бар-жоғы мәніне жобалардың талдануын, болашақтағы көрсеткіштердің болжануын және, қажет болған кезде, тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралардың әзірленуін қамтамасыз етті.

ESG тәуекелін басқару шеңберінде Компанияның қызметіне, сондай-ақ қоршаған ортаға (Қазақстан Республикасының басым бөлігіндегі құрғақшылық, табиғи-климаттық катаклизмдер, ауыл шаруашылығы техникасының қоршаған ортаға әсері) әсер ете алатын факторлар сәйкестендірілді. Бұл тәуекел қолайлы деңгейде бағаланды, бұл оларды барынша азайту бойынша шұғыл шараларды қабылдау қажеттілігінің жоқтығын білдіреді. Алайда, Компания осы тәуекелді басқару бойынша бірқатар алдын алу және реактивті шараларды әзірледі.

Компанияның тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту, қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталатын болады.



# МАРКЕТИНГТІК ҚЫЗМЕТ



## АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Ақпаратты ашу барлық стейкхолдерлермен ұзақ мерзімді, ашық және сенімді қарым-қатынастарды қалыптастыруға, сондай-ақ Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға ықпал ететін Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылының аса маңызды құралдарының бірі болып табылады.

ҚазАгроҚаржы түрлі мүдделі тараптар үшін ақпараттың сапалы ашылуын қамтамасыз етуге және ашықтық деңгейін арттыруға ұмтылады.

Мүдделі тараптардың қызығушылығын сақтау мақсатында Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген ақпаратты,

сондай-ақ қаржылық жағдайын, қызметінің нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, қызметі туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады.

Компанияда ақпаратты ашып көрсетудің мақсаттары мен қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, ақпаратты ашуға жауапты тұлғалар тобын (органдарды), мүдделі тұлғаларға ашуға жататын жалпыға қолжетімді ақпарат тізбесін, сондай-ақ коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындайтын Компания қызметі туралы ақпаратты ашу саясаты бекітілген және қолданылады.

### КОМПАНИЯНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУ ҚАҒИДАТТАРЫ:

#### Ақпаратты ашудың жүйелілігі және уақтылығы қағидаты -

Ақпаратты ашудың жүйелілігі және уақтылығы қағидаты – заңнамада және ішкі құжаттарда көзделген ақпаратты ұсыну мерзімдері мен жүйелілігін сақтауға қатысты Компанияның жауапкершілігі. Компания мүдделі тараптарға тұрақты түрде ақпарат берудің маңыздылығын олардың Компанияның қызметін тұтастай түсінуі үшін қажетті шарт ретінде түсінеді. Ақпарат оқиғаның басталу фактісіне сәйкес оның маңыздылық дәрежесі бойынша және оның жария түрде ашылу уақтылығы ескеріле отырып ұсынылады.

#### Ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігі қағидаты

Компанияның қолжетімділігі еркін, ауыртпалық түсірмейтін және арзан болып табылатын ақпарат тарату арналарын таңдауы, сондай-ақ Компанияның коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қатысты құпиялылық режимінің сақталуын ескере отырып, өз қызметі туралы ақпараттың барынша ашықтығын қамтамасыз ету ниеті.

**1) Сенімділік және толықтық қағидаты** – Компанияның мүдделі тараптарға шындыққа сәйкес келетін және ашылатын фактіні немесе оқиғаны толық көлемде түсіну үшін жеткілікті ақпарат ұсынудағы жауапкершілігі. Компания ұсынылатын ақпараттың үшінші тұлғалар тарапынан бұрмаланбауын қадағалап отырады және мұндай факт анықталған жағдайда, бұрмалаулар мен қателіктерді жою бойынша шаралар қолданады.

Егер мұндай ақпарат құпия болып табылмаса және мүдделі тараптардың инвестициялық және басқа да шешімдерді қабылдауына әсер ете алатын болса, Компания өзі туралы теріс ақпаратты ашудан тартынбайды.

Компания заңнамаға сәйкес ашылуы міндетті болып табылатын ақпараттан басқа, өзінің ағымдағы және жоспарланған қызметі туралы ақпаратты, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың Компанияның қызметін толығырақ түсінуі үшін өзге де ақпаратты ұсынады.

**2) Теңгерімділік қағидаты** - мүдделі тараптардың ақпарат алу құқықтарын барынша іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында, бірақ коммерциялық, қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратқа қолжетімділікті шектеу бөлігінде Компанияның, оның Жалғыз акционерінің мүдделерін қатаң сақтау шартымен, Компанияның, бір жағынан, ашықтықты пен айқындықтың және екінші жағынан, құпиялылықтың ақылға қонымды тепе-теңдігін қамтамасыз етуі.

Қызмет туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидаты Компанияның корпоративтік басқару кодексінде де бекітілген.

#### Ақпаратты ашудың негізгі арналары:

- Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсы;
- Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсы;
- Компанияның корпоративтік сайты;
- Facebook, Instagram, Twitter әлеуметтік желілері.

### Заңнама талаптарына сәйкестік

Компания 2021 жылы елеулі айыппұлдарды өндіріп алуды көздейтін жауапкершілікке тартылмаған.

### Өнім үшін жауапкершілік

Компанияның көрсетілетін қызметтерінің мүдделі тараптардың денсаулығы мен қауіпсіздігі

туралы заңнама талаптарына сәйкес келмеу жағдайлары есепті жылы болған емес.

### Шағым беру және проблемалар туралы ақпараттандыру тетігі

Компания қызметті жүргізудің ашықтығы қағидатын ұстанады және кері байланыс алу үшін ашық. Компанияның бұл бағыттағы қызметі бағым бағыттардың бірі болып табылады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тиісінше қарау үшін 2021 жылы өтініштерді қараудың кейбір процестерін автоматтандыру жүргізілді:

Экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында халықпен, Компанияның қарыз алушыларымен және лизинг алушыларымен кері байланыс ұйымдастырылған.

- қалған хат-хабарлардан бөлек өтініштер есебі енгізілді;
- орталық офис пен филиалдарға келіп түсетін өтініштерге орталықтандырылған қолжетімділік ұйымдастырылған;
- Комплаенс қызметінің өтініштерді қарауға міндетті қатысуына бағытталған өтініштерді тіркеу және қарау процестері автоматтандырылған;
- жауапсыз немесе Комплаенс қызметінің келісімі болмаған жағдайда тапсырманы жабуға шектеу.

Өтініштер - бұл Компания қызметінде олар бойынша әлсіз жақтар анықталатын индикатор; бұл бұзушылықтарды және оларға ықпал ететін себептерді жою бойынша дереу шаралар қабылдауға сигнал боып табылады.

### ӨТІНІШТЕР БОЙЫНША ЖҰМЫС




2021 жылы Компания атына барлығы 465 өтініш түсті, оның ішінде шағымдар – 21,9 %, ұсыныстар

– 2,4 %, кінәрат-талаптық сипатындағы емес ұсыныстар – 75,7 %.



## ӨТІНІШТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ СХЕМАСЫ



Компанияда бастамашылық ақпараттандыру желісінің Компания мен оның қызметкерлерінің қызметіндегі комплаенс-тәуекелдерді анықтау құралы ретінде тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін (оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг) Компанияда мынадай арналар көзделген:

www.kaf.kz

1) жедел желі үшін бөлек телефон нөмірі бөлінді: +7 (7172) 580-411. Жедел желіге қоңырау соғу ішкі нөмірді теру оператордың жауабын күту қажеттілігінсіз жүзеге асырылады, жауапты тұлғаларға келесі ретпен автоматты түрде қайта адрестеу орнатылған:

2) жедел желінің электрондық поштасына хабарламаларды жеткізу операциясы орнатылған: hotline@kaf.kz. Хабарламалар бір мезгілде Комплаенс қызметінің электрондық поштасына түседі;

3) корпоративтік сайтта Комплаенс қызметінің электрондық поштасына хабарламаларды жіберуге арналған нысан орнатылды.

Аталған іс-шаралар барлық қолданымдағы бастамашылық ақпараттандыру арналары бойынша өтініштерді Комплаенс қызметінің бақылап отыруы арқылы құқық бұзушылықтарды уақтылы айқындауға және олардың алдын алуға бағытталған.

## БРЕНДИНГ ЖӘНЕ PR САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

2021 жылы оң имиджді нығайту және қаржыландыру мүмкіндіктері туралы клиенттерді хабардар ету үшін, Компания БАҚ-да мен әлеуметтік желілерде ауқымды ақпараттық науқан өткізді.

Жыл бойы Компанияның коммуникациялық стратегиясы аясында Facebook, Instagram, Twitter желілеріндегі ресми беттерде ақпараттық жазбалар орналастырылды. Республикалық интернет-порталдарда және облыстық басылымдарда Компания қызметі туралы материалдар мен мақалалар жарияланды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында ҚазАгроҚаржының ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыруы туралы ақпарат жарияланды, кейбір өңірлік басылымдарда Компания қызметі туралы материалдар мен сақалалар жарияланды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында ҚазАгроҚаржының қаржыландыруы туралы ақпарат жарияланды, жекелеген облыстық газеттерде Компания қызметінің призмасы арқылы егіс науқанына дайындық барысы туралы материалдар жарияланған.

Сонымен қатар, ҚазАгроҚаржының «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на қосылуы әлеуметтік желілерде кеңінен жария етілді. ҚазАгроҚаржы ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының лизингін ұсыну бойынша өз миссиясын сақтай отырып, штаттық режимде жұмыс істеуін жалғастырып жатқаны ерекше атап өтілді. Басты астық егетін өңірлердің бірі - Қостанай облысында егіс науқанының аяқталуына

баспасөз туры арналды. Осыған байланысты, журналистердің Қарабалық ауданына «Ақ-Бидай Агро» ЖШС егіс алқаптарына іссапарға шығуы ұйымдастырылды, онда БАҚ өкілдері шаруашылық және Компания филиалының басшылығынен, сондай-ақ аталған ауыл шаруашылығы кәсіпорнының механизаторларынан сұхбат алды.

Егін жинау науқаны барысында Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мен Ақмола облысы Астрахан ауданындағы біздің клиенттеріміздің шаруашылықтарына өнім берушілердің қатысуымен баспасөз турлары ұйымдастырылды.

Журналистердің ҚазАгроҚаржы Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының клиенті – «Астық-STEM» ЖШС егіс алқаптарына іссапарға шығуы ұйымдастырылды. Баспасөзде ауыл шаруашылығы тақырыбын жариялайтын облыстың жетекші журналистерімен алдын ала жұмыс бабындағы кездесулер өткізілді. Қазақпарат, ЕЛДАЛА республикалық сайттарында, бірқатар жергілікті БАҚ-да және Компанияның әлеуметтік желілердегі аккаунттарында мақалалар жарияланды.



Ақмола облысына баспасөз турының қорытындысы бойынша материалдар жеті республикалық және өңірлік БАҚ-да жарияланды.

Атап айтқанда, Ваgenews республикалық порталында «Ақмола облысындағы кәсіпорын қаржы лизингі бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы техникасын жаңартуда» талдамалық сипаттағы мақала жарияланды. Аталған интернет-басылымның материалында несие беру мерзімі және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдаудың басқа да тетіктері көрсетілген қаржы лизингі процесі туралы толық түсініктемелер берілген.

Карантиндік шаралар жағдайында баспасөз турларын ұйымдастыру, бір жыл бұрынғыдай, жағымды пікірлер алды.

2021 жылғы 1 қыркүйекте «Айқын» және «Литер» республикалық газеттерінде «ҚазАгроҚаржы» АҚ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі нарығында 20 жылдан астам уақыт қызмет етуде» және «КазАгроФинанс – свыше 20 лет успешной работы на рынке лизинга сельхозтехники» деген тақырыппен ҚазАгроҚаржының қызметі туралы мақалалар жарияланды. 2021 жылдың қазан айында Үкімет АӨК дамытудың бес жылдық Ұлттық жобасын бекітті.

ЕЛДАЛА республикалық ауыл шаруашылығы порталының материалында аталған факті бойынша ақпаратта «Инвестициялық субсидиялау жалғастырылатыны, ал ҚазАгроҚаржы арқылы ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бағдарламасы ұлғайтылатыны баса айтылған. Нәтижесінде ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейі 4% дан 6%-ғаға дейін артады.

Корпоративтік рухты нығайту үшін корпоративтік мәдениетті арттыруға бағытталған «Бәйтерек» холдингінің бірқатар жобаларына қатысу ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, Қазақстан халқының тілдері күніне арналған «Ана тілім – тірегім» челленджінде Компания филиалдары қызметкерлерінің сөйлеген сөздері жоғары бағаланып, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі аккаунттарында көрсетілді. Сондай-ақ, Компанияның Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалының қызметкері «Тәуелсіздіктің құрдастары» жобасына қатысты. Сұхбат Холдингтің Фейсбук және Instagram парақшаларында жарияланып, оң пікірлерге ие болды.

Компания сайтындағы клиенттерге өздерін қызықтырған сұрақтар бойынша хабарласуға және жедел жауап пен кеңес алуға мүмкіндік беретін «Кері қоңырау» функциясы белсенді қолданылады





## БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ АРНАУ СӨЗІ



**ПРАШЕВ  
АЙДАР ГИЛИМОВИЧ**

«ҚазАгроҚаржы» АҚ  
Басқарма Төрағасы

### Тұрақты даму мәселелері әлемде кеңінен таралған және оған мейлінше көп назар аударылуда

Ресурстарды, тәуекелдерді, сондай-ақ экономикаға, қоғамға және экологияға барлық әсер ету түрлерін басқаруға бизнестің жаңа тәсілдерін қалыптастыру, көптеген компаниялардың даму стратегияларын анықтауда басты міндеттерге айналуға.

ҚазАгроҚаржы тұрақты даму мақсаттарының маңыздылығын сезінеді және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтау жолымен тұрақты даму қағидаттарын тиімді іске асыруға ұмтылады.

Компанияның тұрақты даму саласындағы қызметі үздік халықаралық стандарттарды ұстануға бағытталған. Бұған мүдделі тараптардың мүдделерін ескере отырып шешімдер қабылдау жолымен, сондай-ақ стейкхолдерлермен ұзақ мерзімді ынтымақтастыққа бағытталған диалог құру жолымен қол жеткізіледі.

Біз Компанияның негізгі сипаттамаларын сақтаймыз: көрсетілетін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету, клиенттерге, олардың қажеттіліктері мен қауіпсіздігіне мұқият қарау, көрсететін қызмет сапасының қамын ойлау. Компания персоналдың әлеуметтік қорғалуының жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, тұрақты оқыту және біліктілікті арттыру жүйесін қолдайды және дамытады. Сондай-ақ

халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетіледі.

Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Компанияның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

ESG-факторларын басқарудың кешенді және жүйелі тәсілі алдағы уақытта жауапкершіліпен басқару мен инвестициялау тәжірибесін дамытуға, әлемдік нарықта табысты және тартымды компанияға айналуға мүмкіндік береді.

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТ

ҚазАгроҚаржы ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында қызметінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік аспектілерін үйлесімді басқаруға ұмтылады.

Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Компания өзінің миссиясына, ҚазАгроҚаржының Даму стратегиясының ережелеріне сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттармен бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын қолданады.

Тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды Компания өз қыз-

метінің ең үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарайды.

2021 жылы ҚазАгроҚаржының тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құру кезінде негіз қалаушы қағидаттар мен тәсілдерді айқындайтын тұрақты даму саласындағы саясаты бекітілді.

Тұрақты даму Компанияда үш құрамдас санаттан тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік, олардың аспектілері GRI Standards ескерілген.

### Экономикалық

Тұрақты дамудың экономикалық құрамдас бөлігі келесі мақсаттарды қамтиды:

- қызметтің шығынсыздығы;
- Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;
- процестердің тиімділігін арттыру;
- ауыл шаруашылығындағы инвестициялардың өсуі .

### Экологиялық

Тұрақты дамудың экологиялық құрамдас бөлігі келесі мақсаттарды қамтиды:

- биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту;
- шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;
- экологиялық, энергия және материал үнемдеу технологияларын қолдану.

Компания осы үш аспект бойынша өз қызметіне талдау жүргізеді, сондай-ақ өзінің қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға тигізетін жағымсыз әсеріне жол бермеуге немесе оны азайтуға ұмтылады. ҚазАгроҚаржы БҰҰ – ның барлық 17 Тұрақты даму мақсаттарының (бұдан әрі-ТДМ) маңыздылығын қолдайды және мойындайды және ТДМ-на қол жеткізуге елеулі үлес қосуға ұмтылады.

### Әлеуметтік

Тұрақты дамудың әлеуметтік құрамдас бөлігі әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған және деонның ішінде келесі мақсаттарды қамтиды:

- жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық рәсімдерді және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;
- әділ ақы төлеу және жұмыскерлердің құқықтарын құрметтеу;
- еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;
- қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту;
- ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.

Компания өз қызметі шеңберінде мынадай Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуді жүзеге асыруда:

### 1-ТДМ

Кедейліктің барлық түрлерін жаппай жою

- көрсетілетін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру
- қайырымдылық және демеушілік көмек

### 2-ТДМ

Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу

- Компания ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-ді техникалық жарақтандыруға жәрдемдесуді жүзеге асырады. Осылайша, АӨК-ді жоғары өнімді техникамен технологиялық жаңарту арқылы Компания азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді.

### 3-ТДМ

Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез-келген жастағы барлық адамдардың аман-дығына ықпал ету

- қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және Компания қызметкерлерінің денсаулығын сақтау
- жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау;

### 5-ТДМ

Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту

- тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау
- қызметті бағалау мен ақы төлеудің тең жүйесін қамтамасыз ету

### 8-ОДМ

Ұдайы, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмысбастылыққа және барлығы үшін лайықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

- ауыл шаруашылығындағы инвестициялардың өсуі
- лизингтік қызметтерді ұсыну арқылы АӨК-де бизнесті дамыту

### 12-ТДМ

Тұтыну мен өндірудің ұтымды модельдерін қамтамасыз ету

- энергия үнемдеу мәдениетін арттыру;
- ресурстарды тұтынуды қысқарту (энергия тұтыну, су тұтыну);
- Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру арқылы қағаз құжат айналымын оңтайландыру.

### 15-ТДМ

Құрлықтың экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері бұру және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату

- ҚазАгроҚаржы лизингке тек жаңа заманауи, ескірген тозған техникамен салыстырғанда қоршаған ортаға теріс әсері аз ауыл шаруашылығы техникасын ғана ұсынады (пайдалану кезінде мұнай-химия қалдықтарының түсуі нәтижесінде атмосфераға зиянды заттардың шығарылу шамасы және топырақтың ластануы төмендейді).



# ТҰРАҚТЫ ДАМУ (ESG)

## БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ

1  <b>КЕДЕЙЛІКТІ ЖОЮ</b>	Кедейлікті барлық нысандарында жаппай жою	Кедейлікті жою жөніндегі іс-шараларға жедел инвестициялауға жәрдемдесу үшін ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейлерде негізінде кедейлік мүдделері мен гендерлік аспектілерді ескеретін даму стратегиялары жатқан сенімді стратегиялық тетіктер құру	Көрсетілетін қаржылық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру қайырымдылық және демеушілік көмек
2  <b>АШТЫҚТЫ ЖОЮ</b>	Аштықты жою, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тамақтануды жақсарту және ауыл шаруашылығының тұрақты дамуына жәрдемдесу	Азық-түлік тауарлары мен оларды қайта өңдеу өнімдері нарықтарының тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін шаралар қолдану және азық-түлік бағаларының шамадан тыс құбылмалылығын шектеуге көмектесу мақсатында нарықтық ақпаратқа, оның ішінде азық-түлік резервтері туралы ақпаратқа уақтылы қол жеткізуге жәрдемдесу.	Компания ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын сатып алу үшін лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-ді техникалық жарақтандыруға жәрдемдесуді жүзеге асырады. Осылайша, АӨК-ді жоғары өнімді техникамен технологиялық жаңарту арқылы Компания азық-түлік қауіпсіздігіне айтарлықтай әсер етеді
3  <b>ЖАҚСЫ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛ-АУҚАТ</b>	Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез-келген жастағы барлық адамдардың амандығына ықпал ету	Денсаулық сақтау қызметтерімен жаппай қамтылуды, оның ішінде қаржылық тәуекелдерден қорғауды, сапалы негізгі медициналық-санитариялық қызметтерге қолжеткізілімді және баршаға қауіпсіз, тиімді, сапалы және арзан негізгі дәрілік заттар мен вакциналарға қолжеткізілімді қамтамасыз ету	Қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау және Компания қызметкерлерінің денсаулығын сақтау Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау
5  <b>ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК</b>	Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту	Саяси, экономикалық және қоғамдық өмірде барлық шешім қабылдау деңгейлерінде әйелдердің жан-жақты және нақты қатысуын және оларға жетекшілік ету үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету. Барлық әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жаппай жою.	Тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау Қызметті бағалау мен сый берудің тең жүйесін қамтамасыз ету
8  <b>ЛАЙЫҚТЫ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ</b>	Ұдайы, ауқымды және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмысбастылыққа және барлығы үшін лайықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу	Өртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары секторларға және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару арқылы экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу. Өнімді қызметке, лайықты жұмыс орындарын құруға, кәсіпкерлікке, шығармашылыққа және инновациялық қызметке ықпал ететін, дамуға бағдарланған саясатты жүргізуге жәрдемдесу және микро-, шағын және орта кәсіпорындарды ресми тану мен дамытуды, оның ішінде оларға көрсетілетін қаржылық қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы ресми тану мен дамытуды көтермелеу	Ауыл шаруашылығындағы инвестициялардың өсуі Лизингтік қызметтер көрсету арқылы АӨК-дегі бизнесті дамыту
12  <b>ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС</b>	Тұтыну мен өндірудің ұтымды модельдерін қамтамасыз ету	Өртараптандыру, техникалық жаңғырту және инновациялық қызмет арқылы, оның ішінде қосылған құны жоғары секторларға және еңбекті көп қажет ететін секторларға ерекше назар аудару арқылы экономикадағы өнімділікті арттыруға қол жеткізу	Энергия үнемдеу мәдениетін арттыру Ресурстарды тұтынуды қысқарту (энергия тұтыну, су тұтыну) Компанияның бизнес-процестерін автоматтандыру арқылы қағаздағы құжат айналымын оңтайландыру
15  <b>ҚҰРЛЫҚ ЭКОЖҮЙЕЛЕРІН САҚТАУ</b>	Құрлықтың экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және оларды ұтымды пайдалануға жәрдемдесу, ормандарды ұтымды басқару, шөлейттенуге қарсы күрес, жердің тозу процесін тоқтату және кері бұру және биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату	2030 жылға қарай қалдықтардың пайда болуының алдын алу, оларды қысқарту, қайта өңдеу және қайта пайдалану бойынша шараларды қолдану жолымен олардың көлемін айтарлықтай азайту	ҚазАгроҚаржы лизингке тек жаңа заманауи, ескірген тозған техникамен салыстырғанда қоршаған ортаға теріс әсер етпейтін ауыл шаруашылығы техникасын ғана ұсынады  (пайдалану кезінде мұнай-химиялық қалдықтардың түсуі нәтижесінде атмосфераға зиянды заттардың шығарылу шамасы және топырақтың ластануы төмендейді)

Директорлар кеңесі тұрақты дамудың енгізілуіне стратегиялық басшылықты және бақылауды жүзеге асырады. Басқарма тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ өзгерістерді, толықтыруларды бекітеді және оның іске асырылуына мониторингті жүзеге асырады. Басқарма тұрақты даму саласындағы іс-шараларды үйлестіруге жауапты болады.

Барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар Компанияның тұрақты дамуына үлес қосады.

ҚазАгроҚаржының 2022 жылға арналған

тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары Басқарманың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №36 шешімімен бекітілген. Іс-шаралар жоспарының орындалуы жөніндегі есепті Басқарма қарайды. Бұдан басқа, тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру жөніндегі ақпарат Жалғыз акционердің болжалдары туралы хаттың орындалуы туралы есепті қарау шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын болады.

Компанияда тұрақты дамуды басқару жалпы қызметті басқару жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

## МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға әсер етеді және өзіне олардың әсерін бастан кешіреді.

Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін арттыруға, Компанияны капиталдандыруға, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңдестірілген қатынастар орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

Мүдделі тараптар Компанияның қызметіне, атап айтқанда, Даму стратегиясын тиімді іске асыруға, тұрақты дамуына, беделі мен имиджіне оң да, теріс те әсер етуі, тәуекелдерді құруы

немесе төмендетуі мүмкін. Компания мүдделі тараптармен тиісінше өзара іс-қимылға айтарлықтай көңіл бөледі.

ҚазАгроҚаржы мүдделі тараптарды айқындау және олармен өзара іс-қимылдың халықаралық стандарттарын қолданады.

Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Компания мүдделеріне ықпал ету салаларын айқындау мақсатында 2021 жылы Компанияның стейкхолдерлерінің картасы бекітілді.

Компания әсер ету саласына байланысты мүдделі тараптардың 3 (үш) тобын айқындайды:

1. өкілеттік және жауапкершілік саласы (Жалғыз акционер, басқару органы, менеджмент және персонал);
2. тікелей әсер ету саласы (мемлекеттік органдар мен реттеушілер, инвесторлар, қаржы

институттары, өнім берушілер, серіктестер, клиенттер, тұтынушылар, аудиторлар, кредиторлар және консалтингтік ұйымдар);

3. жанама әсер ету саласы (халық, қоғамдық ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары, бәсекелестер және кредиттік рейтингтік агенттіктер).

Компания мүдделі тараптармен тиімді диалог және ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату бойынша шаралар қолданады.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл нормативтік құқықтық актілермен де, ішкі корпоративтік құжаттармен де реттеледі.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесі мүдделі тараптардың мүдделерін қызметті басқару процесінің барлық сатыларында ескеруді және мүдделі тараптарды маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға қатыстыруды білдіретін қатыстырушылық қағидаты негізінде құрылады

Қатыстырушылыққа төмендегі үш қағидат сақталған жағдайда қол жеткізіледі:

### Елеулілік:

Компания үшін де, стейкхолдерлер үшін де елеулі мүдделерді айқындау;

### Толықтық:

өз қызметінің елеулі салдарларын, Компания қызметіне байланысты стейкхолдерлердің пікірлері мен қажеттіліктерін, сондай-ақ олардың болжалдарын ұғыну және түсіну;

### Ден қою:

объективті ден қою және мүдделі тараптар үшін маңызды мәселелер бойынша барабар шаралар қолдану.

Барлық мүдделі тараптардың ортақ мүдделерді сақтауға қатысуы Компанияның табысты қызметінің іргелі шарты болып табылады.

Стейкхолдерлермен тиімді өзара іс-қимыл жауапқа мүмкіндік береді:

- проблемаларды шешу және мақсаттарға жету үшін ресурстарды (білім, кадрлар, ақша және технологиялар) біріктіруге;

- нарықтардың дамуын қоса алғанда, сыртқы ортаны бағалауға, сондай-ақ жаңа стратегиялық мүмкіндіктерді айқындауға;

- бизнес-процестерді жетілдіруге;

- қызметінің ашықтығы мен айқындығы саясатын жүргізуге мүмкіндік береді.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі тетіктері:

- келісім-шарттар, шарттар, ынтымақтастық туралы келісімдер;
- іскерлік кездесулер мен презентациялар;
- корпоративтік коммуникациялар жүйесі;
- бірлескен жұмыс топтары;
- қызметкерлер мен клиенттерге арналған жедел желілер;

- жұмыскерлердің, тұтынушылардың, жергілікті қоғамдастықтардың пікірлерін сұрау және зерттеу;

- қауымдастықтарға мүшелік;

- конференциялар, дөңгелек үстелдер;

- есептілік.

Компанияның атқарушы органы, оның құрылымдық бөлімшелері өздерінің өкілеттіктері мен құзыреті шеңберінде мүдделі тараптармен тікелей өзара іс-қимылды жүзеге асырады. ҚазАгроҚаржының мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл процесіне бақылау-қадағалау функцияларын Директорлар кеңесі жүзеге асырады.



Компания ішкі және сыртқы мүдделі тараптарды анықтап, олардың талаптары мен болжалдарына талдау жасады.

Мүдделі тараптар	Талаптар және болжалдар	Біз қалай өзара әрекет жасаймыз?	Біз не істеп жатырмыз?
<b>Тұтынушылар</b> (қарыз алушылар), клиенттер – Компанияның негізгі стейкхолдері. ҚазАгроҚаржы клиенттік базаны ұлғайтуға және көрсетілетін қызметтерінің сапасын арттыруға мүдделі.	Ұсынылатын техника тізбесін ұлғайту. Компанияның көрсететін қызметтерін алу бойынша рәсімдерді оңайлату. Пайыздық мөлшерлемені төмендету. Қарау мерзімдерін қысқарту. Компания тарапынан қызмет көрсету сапасын арттыру. Қаржыландыруды алу. Құжаттар пакетін қалыптастыруға кеңесшілік көмек. Компанияның ресми сайты уақтылы жүргізу және тұтынушылар үшін қажетті ақпаратпен толықтыру. Көрсетілетін қызметтер, ұсыныстар, акциялар туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру. Басқа қалалардағы филиалдар санын ұлғайту.	Клиенттермен жұмыс істеу жөніндегі құрылымдық бөлімшенің болуы.  Бизнес-процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Корпоративтік сайтта кері байланыстың болуы.	Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі мен клиенттердің қанағаттанушылығын арттыру Компанияның дамытудың маңызды стратегиялық бағыты болып табылады. Біз барынша тиімді құралдарды жасау үшін өнім желісін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырамыз. Сонымен қатар, бизнес-процестерді дамыту бойынша жұмыстар үнемі жүргізілуде, соның арқасында өткен жылы өтінімдерді қарау мерзімі мен қажетті құжаттар пакетін қысқартудың сәті түсті. Корпоративтік сайтта кері қоңырау шалу функциясы енгізілген.
<b>Өнім берушілер.</b> Серіктестік қарым-қатынас құру-тиімді өзара іс-қимылдың негізгі міндеттерінің бірі.	Ұзақ мерзімді серіктестік қарым-қатынастарды орнату және сақтау. Сатып алынатын техника мен жабдықтардың көлемін ұлғайту. Келісілген шарттарға сәйкес тауарлар мен көрсетілген қызметтерге ақысын толық және уақтылы алу. Сұралатын лизинг нысанасы маркасының, моделінің нақты сипаттамасы және оның айрықшаламасы.	Шарттар жасасу және шарттық міндеттемелерді орындау арқылы өзара тиімді серіктестікті қалыптастыру. Сатып алуды өткізу жүйесінің болуы. Форумдарға, көрмелерге қатысу. Бірлескен жобаларды жүзеге асыру.	Компанияның лизинг нысаналарының өнім берушілеріне қоятын талаптары барлығы үшін бірыңғай болып табылады және Компанияның сайтында орналастырылған, бұл өнім берушілер үшін Компаниямен өзара іс-қимыл процесін жеңілдетеді. Компанияның лизинг нысаналарын сатып алу рәсімі бекітілген ішкі құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады. Клиенттердің қажетті өнім берушілерді іздеуіне ыңғайлы болу үшін, Компанияның корпоративтік сайтында <a href="http://www.kaf.kz">www.kaf.kz</a> Компанияның бірге жұмыс жасауда тәжірибесі бар ауыл шаруашылығы техникасының, жабдықтарының және

Мүдделі тараптар	Талаптар және болжалдар	Біз қалай өзара әрекет жасаймыз?	Біз не істеп жатырмыз?
<b>Кредиторлар / инвесторлар.</b> Компания өз кредиторларына мүдделі, қабылданған міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.	Капитал салу қауіпсіздігі, төлем қабілеттілігі және кейіннен пайда таба отырып, Компанияның кірістілігі. Өзіне қабылдаған міндеттемелерді сақтау және уақтылы орындау.	Инвесторларды тарту бойынша жұмысты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы. Екіжақты, үшжақты іскерлік келіссөздерге қатысу. Шарттарға, меморандумдарға қол қою.	Компанияның Қарыз алысу департаменті инвесторларды тарту бойынша жұмысты жүзеге асырады. Компания қорландыру көздері мен инвесторлық базаны әртарапандыру саясатын ұстанады және көп жылдан бері ынтымақтасып келе жатқан инвесторлардың кең базасы бар. Капитал мен активтерді тиімді басқару Компанияға қаржылық тұрақтылықтың жоғары деңгейін ұстап тұруға мүмкіндік береді, бұл рейтингтік агенттіктердің бағаларымен расталады.
<b>Мемлекеттік органдар мен реттеушілер</b> – елдің стратегиялық маңызды институттары. Компания заңнама талаптарын жауапкершілікпен орындайды.	Компанияның өз қызметін заңнамаға сәйкес жүзеге асыруы, талаптар мен нормативтерді орындауы. Бюджетке уақтылы төлемдер. Жүргізілген тексерулердің қорытындылары бойынша нұсқамалардың орындалуы.	Заңнама талаптарын сақтау. Бақылаушы органдармен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын жеке құрылымдық бөлімшенің болуы. Өтініштерді уақтылы қарау және нұсқамаларды орындау.	Ішкі бақылау жүйесі қаржы-шаруашылық қызметті тиімді қадағалауды қамтамасыз етеді және Компанияның өз мақсаттарына қол жеткізуіне және қызметін жүзеге асыруы кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған. Компаниядағы менеджмент жүйесі заңнаманың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етеді.

Мүдделі тараптар	Талаптар және болжалдар	Біз қалай өзара әрекет жасаймыз?	Біз не істеп жатырмыз?
<b>Бәсекелестер</b> (лизингтік компаниялар). Компания өзінің бәсекелестерін құрметтейді және адал бәсекелестік қағидаттарының ұстанды.	Корпоративтік басқару кодексіне, Іскерлік этика кодексіне сәйкес адал бәсекелестік қағидатын ұстану. Нарықты мониторингтеу және талдау.	Бәсекелестік ортаға талдау жүргізу. Адал бәсекелестік қағидатын ұстану.	Компания басқа лизингтік ұйымдармен бірлесіп белсенді әрекет жасайды және өз тарапынан қаржыландырудың бұл түрі нарықтың барлық қатысушыларының мүддесінде неғұрлым сұранысқа ие бола түсетіндей етіп, Қазақстанда саланы дамыту үшін қолдан келгеннің бәрін жасайды. Компания агроөнеркәсіптік кешен салаларын, оның ішінде өңірлік ерекшелікке сәйкес және Компания қызметінің бағыттары бойынша, сондай-ақ Қазақстанның лизингтік және өзге де көрсетілетін қаржылық қызметтер нарығында зерделеу бойынша маркетингтік зерттеулер мен талдамалық шолулар жүргізеді.
<b>Сыртқы аудитті жүзеге асыратын ұйымдар</b> (Есеп комитеті, тәуелсіз аудитор және т.б.). Сыртқы бағалау институттары мүдделі тараптар тізіміндегі негізгі элементтердің бірі болып табылады.	Компанияның ақшалай қаражаты мен өзге де активтерін тиімді пайдалану. Заңнаманы, халықаралық, ұлттық стандарттарды сақтау.	Тараппен өзара іс-қимылды жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің болуы. Консалтингтік және аудиторлық қызметтер көрсету бойынша шарттар жасасу.	Компанияда кредиттік, валюталық, баға тәуекелдерін және өтімділік тәуекелдерін уақтылы анықтауға, сенімді бағалауға және барынша азайтуға мүмкіндік беретін қаржылық менеджмент пен тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесі құрылған. Жыл сайын қаржылық есептіліктің тәуелсіз аудиті жүргізіледі. Ішкі бақылау және ішкі аудит қызметтері жұмыс істейді.
<b>Жалғыз акционер, басқару органдары</b> (Директорлар кеңесі, Басқарма). Жалғыз акционердің мүддесін қамтамасыз ету-Компания басымдықтарының бірі.	Компанияның кірістілігі мен құнының өсуі. Инвестиция қауіпсіздігі. Экономикаға қосқан үлесі. Болашақта компанияның дамуы үшін әлеует құру. Компанияның тұрақты өсуі мен дамуы, мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу.	Жарғының, Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету. Жалғыз акционердің шешімдерін орындау. Қазақстан Республикасы заңнамасының,	Аграршыларды қолдау шеңберінде қызмет ауқымын кеңейту және қаржыны сапалы басқару Компанияның қаржылық көрсеткіштеріне оң әсерін тигізеді. Корпоративтік басқаруды және шешімдер қабылдау жүйесін тұрақты жетілдіру Компанияның нәтижелілігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды страте-

Мүдделі тараптар	Талаптар және болжалдар	Біз қалай өзара әрекет жасаймыз?	Біз не істеп жатырмыз?
<b>Қызметкерлер</b> - Компанияның ең маңызды активі және оның тиімді қызметінің негізі.	Жалақыны, сыйлықақыны тұрақты және уақтылы төлеу. Қанағаттанарлық әлеуметтік пакет, жайлы және қауіпсіз жұмыс жағдайлары (жұмыс күні, демалыс кестесі), қызметкерлердің заңды құқықтарын сақтау. Мансаптық өсу және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.	Қызметкерлермен еңбек шарттарын жасасу. Компанияның мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған лауазымдық міндеттерді орындау. Келісім комиссиясының еңбек қатынастары тәжірибесіне шағымдарды қарауы және келіссөздер жүргізуі. Қызметкерлермен байланыс корпоративтік поштамен жіберу арқылы да жүзеге асырылады.	Жарғының, ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы анық ақпарат беру.
			гиялық даму бағыты болып табылады. Бұл ретте Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау және есеп берушілік корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненттері болып табылады.
			Компания білікті және уәжі персонал қалыптастыруға бағытталған ашық және айқын кадр саясатының жүргізілуін қамтамасыз етеді. Қызметкерлер еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктермен, олардың еңбек нәтижелерінің риясыз және әділ бағалануымен қамтамасыз етіледі. Қызметкерлердің іріктелуі және мансаптық өсуі тек кәсіби дағдылары, тәжірибесі және білімі негізінде жүзеге асырылады. Қызметкерлерді оқыту, біліктілігін арттыру.



## ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕР

### Құрылған экономикалық құн

ҚазАгроҚаржының қызметі ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қаржылық құралдарға, сонымен қатар лизингтік негізде ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық

жабдықтарға қолжетімділігін қамтамасыз ету жолымен Қазақстан Республикасының аграрлық секторын дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған.

### Компания Қазақстан Республикасының экономикасына мына құралдар арқылы тікелей оң әсер етеді:

1. ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарын лизингке беру;
2. салықтарды және бюджетке басқа төлемдерді төлеу;
3. Компания қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар, жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алуды жүзеге асыру;
4. Компания жұмыскерлеріне жалақы төлеу.

Бұдан басқа, Компания қызметі Компаниядан қаржыландыру алған ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қызмет нәтижелері:

салықтар мен төлемдер төлеу, жалақы алу, қосымша жұмыс орындарын ұйымдастыру, өнімдер шығару есебінен жанама оң әсер етеді.

### ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКелей ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН

Бап	2021 ж.	2020 ж.	Өзг. (2020 жылмен салыстырғанда 2021), %
<b>Құрылған тікелей экономикалық құн:</b>			
Кірістер	47 888	39 237	+22.0
<b>Бөлінген экономикалық құн:</b>			
Операциялық шығыстар	1 211	1 201	+0.8
Жалақы	3 067	2 815	+9.0
Пайыздар бойынша шығыстар	22 950	20 258	+13.3
Табыс салығынан басқа салықтар	302	299	+1.0
Корпоративтік табыс салығы	-422	-9	+4 588.9
Өзге шығыстар	3 478	5 075	-31.5
<b>Бөлінбеген экономикалық құн</b>	<b>17 302</b>	<b>9 598</b>	<b>+80.3</b>

## САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕСІ

Компания орталық аппаратты, филиалдарды және клиенттерді операциялық қызметті жүргізуге қажетті сапалы тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен

қамтамасыз етуге ұмтылады. Алайда, бұл ретте ҚазАгроҚаржы тиімді және ашық сатып алу жүйесіне үлкен мән береді.

### Сатып алу процедураларын жүргізу Компанияда мынадай қағидаттарға негізделеді:

- ықтимал өнім берушілерге сатып алуды өткізу процедурасына қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру;
- әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік;
- сатып алу процесінің жариялылығы және ашықтығы;
- сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау.




Компанияда сатып алулар нақты уақыт режимінде өткізіледі және қатысушыларға заңды әрекеттерді электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландыра отырып, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелер жасаудың электрондық форматына қолжетімділік береді. Портал барлық әлеуетті өнім берушілерге компанияның бәсекелі сатып алуларына қатысуға тең мүмкіндік береді. Сатып алу Еуразиялық

электрондық порталда жүзеге асырылады: eер.mitwork.kz.

2021 жылы тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді (лизинг нысаналарын есепке алмағанда) сатып алудың нақты көлемі 964,87 млн теңгені құрады (ҚҚС қоса алғанда), 363 шарт жасалды, бұл ретте сатып алынатын ТЖҚ-дағы жергілікті қамту үлесі 73,58%, яғни 627,19 млн теңгені құрады.

**2021 ЖЫЛДАҒЫ ТАУАРДЫ САТЫП АЛУЛАР, ЖҰМЫСТАР ЖӘНЕ ҚЫЗ-  
МЕТ КӨРСЕТУЛЕР, мың теңге**



**2021 ЖЫЛҒЫ САТЫП АЛУЛАР КӨЛЕМІ**

Сатып алуды жүзеге асыру тәсілі	2021	
	Сомасы, мың теңге	Үлесі
Тендер	212 933,28	22,07%
Баға ұсыныстарын сұрату	109 486,80	11,35%
Бір көзден алу	642 452,18	66,58%

Бұл ретте, 2021 жыл ішінде кейіннен лизингке беру үшін сатылып алынған техниканың көлемі 141,6 млрд теңге сомасына 7 276 бірлік құрайды, оның ішінде отандық өндірісте құрастырылғандар - 63,1 млрд теңге сомасына 3 755 бірлік. Ли-

зингтік қызметті жүзеге асырған кезде тауарларды кейіннен лизингке беру үшін сатып алу Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асырылатындығын атап өту қажет.

**ӘЛЕУМЕТТІК  
ЖАУАПКЕРШІЛІК**

**Кадр саясаты**

Компанияның кадрлық саясаты, басты мақсаты Компанияның нақты уақыт мерзімінде қажетті сападағы және сандағы еңбек ресурстарына қажеттіліктерін толық және уақтылы қанағат-

тандыру болып табылатын персоналды басқарудың тұтас ұзақ мерзімді стратегиясын білдіреді.

Компанияда кадр саясаты мына қағидаттарға негізделген:

- персоналды басқару жүйесінің Компанияның қаржы-экономикалық нәтижелерімен өзара байланысы;
- әр жұмыскердің еңбек әлеуетін дамыту үшін кез келген деңгейдегі басшының жауапкершілігі;
- жұмыскерлерге жұмыс нәтижесіне қарай сыйақы беру;
- жұмыскерлерге жеке қабілеттерін іске асыру үшін мүмкіндіктер беру және жағдай жасау;
- Компанияның кадрлық стратегиясының персонал үшін ашықтығы және қолжетімділігі;
- жұмыскерлердің мансаптық өсуі мен олардың кәсіби деңгейін арттыру арасындағы сәйкестікті сақтау

Компания қызметкерлердің жоғары әлеуметтік қорғалу деңгейін қамтамасыз етеді, олардың толыққанды қызмет етуі мен еңбегіне барабар сыйақы алуына жағдай жасайды, кәсіби, жеке және мансаптық өсуге мүмкіндік береді және осылайша, жұмыскерлердің Компаниямен ұзақ мерзімді, тиімді және жемісті өзара қарым-қатынасқа қызығушылығын арттырады, мұның нәтижесі еңбектің жоғары тиімділігіне қол жеткізу болып табылады.

Компания өз қызметкерлерін еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін, нәтижелерін риясыз және әділ бағалау үшін тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етеді. Жұмыскерлерді іріктеу және олардың мансаптық өсуі тек кәсіби дағдылар, тәжірибе мен білім негізінде ғана жүзеге асады. Жұмыскерлердің құқықтарын кемсітудің және бұзудың ешқандай нысандарына жол берілмейді.

ҚазАгроҚаржының әлеуметтік саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметкерлердің конституциялық құқықтарын іске асыру шеңберінде үшін әлеуметтік-экономикалық жағдайларды дамытуға бағытталған.

Жеке еңбек дауларын шешу үшін Компанияда Келісу комиссиясы құрылды. Комиссия еңбек ұжымының жалпы жиналысында сайланған жұмыс беруші өкілдерінің және Компания жұмыскерлердің тең санынан тұрады. Комиссия жеке еңбек дауларын қарайтын тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Егер жұмыскер келіспеушілікті өз бетінше немесе өкілінің қатысуымен жұмыс берушімен немесе оның уәкілетті өкілімен тікелей келіссөздер кезінде реттемесе, еңбек дауы Комиссияның қарауына жатады.

Компания қызметіне қатысты елеулі өзгерістер орын алған жағдайда (қайта ұйымдастырумен немесе экономикалық, технологиялық жағдайлардың, еңбек жағдайларының өзгеруімен және (немесе) жұмыс көлемінің қысқаруымен байланысты өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістер), Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей жұмыскерге еңбек жағдайының өзгеруі туралы жазбаша хабарлама жіберіледі. Еңбек шартының талаптарына сәйкес аталған хабарламаны (шартқа өзгерістер енгізу туралы ұсыныс) екінші тарап хабарлама берілген күнен бастап бес жұмыс күні ішінде қарайды.

Жыл сайын Келісу комиссиясының мүшелері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, еңбек дауларында келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және консенсусқа қол жеткізу бойынша оқытудан өтеді.

2021 жылы Келісу комиссиясына өтініштер түскен жоқ.



### Персонал құрылымы

2021 жылдың соңында жұмыскерлердің орташа тізімдік саны 363 адамды құрады, оның ішінде ерлер – 50,4% (183 адам), әйелдер – 49,6% (180 адам). Барлық жұмыскерлердің жоғары білімдері бар. Жұмыскерлер санының 2020 жылмен салыстырғанда қысқаруы штат саны мен

әкімшілік шығыстарды оңтайландыру шеңберінде жаңа ұйымдық құрылымның бекітілуіне байланысты. Компанияда уақытша немесе толық емес жұмыс уақытымен қамтылған қызметкерлер жоқ.

**Кадр саясатын іске асырудың негізі тиімді ұйымдық құрылымның және оңтайлы кадр құрамының болуы болып табылады.**



### ПЕРСОНАЛ САНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

	2019	2020	2021
Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны, бірлік	405	395	363
<i>Персоналдың санаттар бойынша құрылымы:</i>			
– басқарушы лауазымдар	76	74	58
– жұмыскерлер	329	321	305
<i>Персоналдың жас санаттары бойынша құрылымы:</i>			
– 30 жасқа дейін	34	30	22
– 30 жастан 50 жасқа дейін	322	317	297
– 50 жастан үлкен	49	48	44
<i>Персоналдың гендерлік құрылымы:</i>			
– ерлер	221	204	183
– әйелдер	184	191	180
Кадрлардың тұрақтамауы, %	18,5	15,7	3,6
Жұмысқа қабылданғандардың саны, адам	63	35	59
Оқытудан өткен жұмыскерлер саны, адам	340	88	279

### ПЕРСОНАЛДЫҢ ГЕНДЕРЛІК ЖӘНЕ ЖАС ТОПТАРЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ

Көрсеткіш	ОА	Филиалдар	Барлығы	Басшы жұмыскерлер	Басқарушы жұмыскерлер	Орта буын басшылар	Әкімшілік жұмыскерлер	
<b>Тізімдік саны</b>	<b>363</b>							
Жыныс	Ерлер	68	115	183	6,01	1,1	18,5	74,3
	Әйелдер	98	82	180	1,1	-	5	93,9
Жас-қабыл-ла-ныс-ты топ-тар	30 жасқа дейін	11	11	22				100
	30 жастан 50 жасқа дейін	145	152	297	4,3	0,7	14,5	80,5
	50 жастан үлкен	24	20	44				100

### 2021 ЖЫЛҒЫ ОРТАША ТІЗІМДІК САНЫ, адам



## ПЕРСОНАЛДЫҢ АЙМАҚТАР БОЙЫНША ТҰРАҚТАМАУ ДЕҢГЕЙІ

№ п/п	ОА/филиалдардың атауы	Орташа тізімдік саны, адам	Персоналдың аймақтар бойынша тұрақтамау деңгейі, адам		Жұмыстан шығарылғандардың жалпы саны, адам	Тұрақтамау деңгейі %
			Ерлер	Әйелдер		
1	Орталық аппарат	166	5	2	7	4,2
2	Ақмола облысы	19	-	-	-	-
3	Ақтөбе облысы	14	-	-	-	-
4	Алматы облысы	12	1	-	1	8,3
5	Шығыс Қазақстан облысы	17	2	1	3	17,6
6	Жамбыл облысы	9	-	-	-	-
7	Батыс Қазақстан облысы	18	-	-	-	-
8	Қарағанды облысы	13	-	-	-	-
9	Қостанай облысы	18	-	-	-	-
10	Қызылорда облысы	9	-	-	-	-
11	Павлодар облысы	15	1	-	1	6,7
12	Солтүстік Қазақстан облысы	19	-	-	-	-
13	Нұр-Сұлтан қаласы (филиал)	8	-	1	1	12,5
14	Алматы қаласы	12	-	-	-	-
15	Түркістан облысы және Шымкент қаласы	14	-	-	-	-
<b>Барлығы</b>		<b>363</b>	<b>9</b>	<b>4</b>	<b>13</b>	<b>3,6</b>

## ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАНҒАНДАР САНЫ, адам

№ п/п	ОА/филиалдың атауы	Орташа тізімдік саны, адам	2021 жылы жұмысқа қабылданғандар саны, адам		2021 жылы жұмысқа қабылданған, %
			Ерлер	Әйелдер	
1	Орталық аппарат	166	18	16	20,5
2	Ақмола облысы	19	1	-	5,2
3	Ақтөбе облысы	14	-	1	7,1
4	Алматы облысы	12	2	-	17
5	Шығыс Қазақстан облысы	17	-	-	-
6	Жамбыл облысы	9	-	-	-
7	Батыс Қазақстан облысы	18	-	1	5,6
8	Қарағанды облысы	13	-	1	8
9	Қостанай облысы	18	-	-	-
10	Қызылорда облысы	9	-	1	11,1
11	Павлодар облысы	15	2	-	13,3
12	Солтүстік Қазақстан облысы	19	3	2	10,5
13	Нұр-Сұлтан қаласы (филиал)	8	3	1	12,5
14	Алматы қаласы	12	1	1	17
15	Түркістан облысы және Шымкент қаласы	14	5	-	35,8
<b>Барлығы</b>		<b>363</b>	<b>35</b>	<b>24</b>	<b>16,3</b>

## ЖАС САНАТТАРЫ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫҢ ТҰРАҚТАМАУ ДЕҢГЕЙІ

Жас санаты	Орташа тізімдік саны, адам	Жұмыстан шығарылғандардың саны, адам	Тұрақтамау деңгейі, %
30 жасқа дейін	22	-	-
30 жастан 50 жасқа дейін	297	13	4,4
50 жастан үлкен	44	-	-
<b>Барлығы</b>	<b>363</b>	<b>13</b>	<b>3,6</b>

## ҚАБЫЛДАНҒАН ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІҢ ЖАС САНАТТАРЫ БОЙЫНША САНЫ

Жас санаты	Орташа тізімдік саны, адам	Жұмыстан шығарылғандардың саны, адам	Қабылданғандардың үлесі, %
30 жасқа дейін	22	5	22,7
30 жастан 50 жасқа дейін	297	53	17,8
50 жастан үлкен	44	1	2,3
<b>Барлығы</b>	<b>363</b>	<b>59</b>	<b>16,3</b>



## Персоналды оқыту және дамыту

Компания қызметкерлерінің жоғары кәсіби деңгейі қолда бар білім мен дағдыларды дәйекті түрде жетілдіру арқылы тұрақты оқыту және біліктілікті арттыру жүйесінде қолдау табады және дамиды.

Компанияның кадрлық әлеуетінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында жұмыскерлер түрлі семинарларға, конференцияларға, арнайы оқыту курстарына қатысу түрінде оқытудан және біліктілігін арттырудан өтеді.

Жұмыскерлердің біліктілігін арттыруға деген ұмтылысы Компания басшылығы тарапынан моральдық жағынан да, материалдық жағынан да қолдау табады және ынталандырылады.

Компанияның персоналды оқытуға, олардың біліктілігін арттыруға қажеттілігі ішкі және сыртқы факторларға: стратегиялық міндеттердің өзгеруіне, заңнаманың өзгеруіне, жаңа бағдар-

ламалардың енгізілуіне, жұмыскерлердің кәсіби өсуі мен дамуына, олардың алдына жаңа міндеттер мен мақсаттардың қойылуына және т.б. байланысты.

2021 жылы 279 қызметкер оқыту және біліктілікті арттыру жүйесімен қамтылды. Оқыту үшін кәсіби тренерлер тартылды, офлайн да, онлайн да қарастырылған.

2021 жылы 278 қызметкер Қоғам қызметкерлерінің қызметіне кешенді жылдық бағалаудан өтті.

1 қызметкерге орташа сағат саны 9,2 құрады, оның ішінде ерлерде – 9,2, әйелдерде – 9,3.

## 2021 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ БОЙЫНША ДЕРЕКТЕР\*

2021 жылы жұмыскерлерді оқыту	Жалпы саны	Соның ішінде					
		гендерлік топтар		жұмыскерлердің санаттары			
		ерлер	әйелдер	басшы жұмыскерлер	басқарушы жұмыскерлер	орта буын басшылары	әкімшілік-тегі жұмыскерлер
Жұмыскерлердің орташа тізімдік саны	363	183	180	5	-	61	297
Оқытылған жұмыскерлердің жалпы саны, адам	279	140	139	5	-	52	222
Жұмыскерлерді оқыту сағатының жалпы саны	3 348	1 680	1 668	60	-	624	2 664
1 жұмыскерге шаққандағы орташа сағат саны	9,2	9,2	9,3	12	-	10,2	9,0

\*Басшы жұмыскерлер – Басқарма мүшелері, басқарушы жұмыскерлер – басқарушы немесе атқарушы директорлар-Басқарма мүшелері емес, орта буын басшылары – бөлімдердің, қызметтердің, департаменттердің, басқармалардың бастықтары, филиалдардың директорлары және олардың орынбасарлары.

## 2021 жылғы қызметкерлерді оқытудың негізгі бағдарламалары арасында:

- СИМА Р1 «Операциялардың тиімділігін басқару»;
- Операциялардың тиімділігін басқару. СИМА Part 2
- Квзимемлекеттік сектор компанияларының ТЖҚ сатып алу қағидалары;
- HR бизнес серіктесі;
- Кредиттік тәуекелдерді модельдеу курсы;
- Жауапты тұлғалардың еңбек қауіпсіздігі және еңбегін қорғау;
- Бизнес-кейс мысалында тәуекелдерді басқарудың біріктірілген жүйесі;
- Бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесін әзірлеу;
- мемлекеттің заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуы арқылы БИ ҚЭН экономикалық сараптамасы;
- Инвестициялық жобаның қаржы-экономикалық моделін әзірлеу;
- МИЖ әзірлеу;
- Жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс. ҚР ӘРПК сәйкес әкімшілік процестегі кезеңдер. ҚР ӘРПК сәйкес қаралатын істердің соттылығы;
- Р1 емтиханына дайындық;
- Кәсіби қаржы менеджері;
- MS Power BI-дегі бизнес-талдау
- Power Point бағдарламасында ақпаратты көрсету курсы;
- Ілгерішіл Excel;
- Комплаенс негіздері бойынша ICA сертификаты;
- Квзимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің 2022 жылғы сатып алулары;
- Қаржылық модельдеу.

## Уәждеме және сыйақы

Жұмыскерлерді уәждемелеу мен ынталандырудың тиімді жүйесін дамыту әрбір қызметкердің жеке еңбек қызметінде нәтижелілікке қол жеткізуге тікелей және тұрақты қызығушылығын қамтамасыз етеді.

Компания жұмыскерлерін уәждемелеу және ынталандыру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі еңбек үшін ақшалай сыйақы беру тетігі болып табылады. Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу және уәждемелеу тәртібі мен тетігі Компанияның ішкі актілерімен реттеледі.

Сондай-ақ, жұмыскерлерді уәждемелеу факторларына мыналар жатады:

- оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі (іске асыру нысаны: кадрларды ротациялау, жұмыс уақытында және өндірістен қол үзіп оқыту, семинарларға, біліктілікті арттыру курстарына қатысу);
- одан әрі мансаптық өсудің ашық келешегі;
- жұмыскерлердің әлеуметтік қорғалуы;
- қауіпсіз және жайлы еңбек жағдайларын жасау;
- ұжымда жұмыс істеуге қолайлы жағдайлар. Жаңадан қабылданған жұмыскерлерді бейімдеу жүйесі;
- корпоративтік мәдениет құндылықтарын тарату: Компания басшылығымен тұрақты кездесулер, сауалнамалар;
- алғыс хаттармен, грамоталармен наградау.

Компанияда грейдтер жүйесін қолдана отырып, лауазымдық жалақының үш деңгейлі тарифтік кестесі енгізілді.

Жұмыскерлердің еңбегіне ақы төлеу, атқарылатын жұмыстың санына, сапасына және күрделілігіне қарай лауазымдық жалақының ауқымы/шегі (ең төменгі және ең жоғары мөлшерлері) шеңберінде әрбір лауазымның

грейді ескеріле отырып, еңбекке ақы төлеудің мерзімдік-сыйлықақы жүйесі негізінде жүргізіледі.

Жұмыскердің жалақысы ҚазАгроҚаржы жұмыскерлерінің еңбегіне ақы, сыйлықақы төлеу және әлеуметтік қамсыздандыру шарттары туралы ережеге сәйкес жылына бір рет қайта қарала алады.

### Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау

Тең мансаптық мүмкіндіктер жасау, әйелдер мен ерлердің еңбегін әділ бағалауды қамтамасыз ету және еңбекақы төлеуде кемсітушілікке жол бермеу гендерлік теңдікке қол жеткізу үшін маңызы айтарлықтай және лайықты еңбектің негізгі құраушы бөлігінің бірі болып та-

Компанияда төмендегілерге қатысты әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасалған:

- жұмысқа орналастыруға - жас мамандарды, ерлерді де, әйелдерді де жұмысқа орналастыру үшін брондалған жұмыс орындары барынша пайдаланылады;
- өндірістік және басқарушылық шешімдер қабылдауға әйелдер мен ерлердің тепе-тең қатысуына;
- әйелдердің мансаптық өсу мүмкіндіктерін іске асыруына;

былады. Компания Құндылығы бірдей еңбек үшін тең сыйақы принципін ұстанады. Әйелдер сыйақысының базалық мөлшерлемесінің ерлер сыйақысының базалық мөлшерлемесіне қатынасы Компания қызметкерлерінің әрбір санаты үшін 1:1 құрады.

- жетекшілік дағдыларын дамытуға бағытталған іс-шараларға әйелдердің қатысу дағдыларына;
- әйелдердің де, ерлердің де бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты демалыс алу құқығын іске асыру.

Компаниядағы қызметкерлермен жұмыс еңбек саласындағы кемсітушіліктің алдын алуға, отбасылық міндеттері бар қызметкерлер үшін икемді еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге және жұмыс орнында гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Компания қызметкерлерінің 2021 жылғы гендерлік құрамын талдау көрсеткендей, ерлер мен әйелдер санының арақатынасы соңғы екі жыл ішінде іс жүзінде тұрақты болып қалуда: әйелдер - 50% деңгейінде және ерлер-50% деңгейінде. Ерлер мен әйелдердің нақты саны тиісінше 183 ер адамды және 180 әйелді құрайды.

### Этномәдени әртүрлілік

Компания мейірімділік пен қолдау атмосферасын құруға ұмтылады, бұл жағдайда барлық қызметкерлерге, сондай-ақ Қазақстанның барлық ұлттарының өкілдеріне жұмысқа орналастуға тең мүмкіндік берілген. Компания қызметкерлерінің этномәдени сан алуандығымен ерекшеленеді. Мысалы, Компанияда мынадай ұлт өкілдері жұмыс істейді: қазақтар, орыстар,

Компания басшыларының гендерлік құрамы: Басшы әйелдер (орта буын, басқарушы қызметкерлер) - 18 адам.

Қызметкерлердің эмоционалды және белсенді қатыстырылу деңгейін бағалау мақсатында EYE(EY Engagement) компаниясы 2021 жылдың қорытындысы бойынша ҚазАгроҚаржы қызметкерлерінің қатыстырылуына зерттеу жүргізді. Зерттеу нәтижелері бойынша Компания персоналының қатыстырылуы мен қанағаттануының біріктірілген мәні 0,77 құрады, бұл «орташадан жоғары» деңгейіне жатады.

дүнгендер, башқұрттар, грузиндер, поляктар, татарлар, көрістер, украиндар, түрікмендер, ұйғырлар, немістер. Бұл ретте, Компания басқарушылық құрамдағы этномәдени әртүрлілікті ұлғайта отырып, сонымен персоналды жұмысқа қабылдау ережелерін ұстана отырып, өзінің мәдениетін жетілдірудеі.

поративтік демалыстың арнайы іс – шаралары-тимбилдинг өткізіп тұрады.

Алайда, 2021 жылы Компания коронавирустық пандемиямен байланысты эпидемияға қарсы шаралардың енгізілуіне байланысты, мұндай шараларды ұйымдастыру мүмкіндігімен шектелді. Компания жаппай іс-шараларды тоқтатып, 2021 жылы іс-шараларды жүргізбеді.

### Спорттық-сауықтыру іс-шаралары

Командалық рухты ынталандыру және дамыту, корпоративтік коммуникациялар деңгейін арттыру және салауатты өмір салты мен спортпен шұғылдануды насихаттау мақсатында Компания ұжымды біріктіруге, командалық жұмыс істеу әдістерін жасауға бағытталған және Компанияның толыққанды дамуын қамтамасыз ететін корпоративтік менеджменттің перспективалық үлгілерінің бірі болып табылатын кор-

сондай-ақ ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік бағыттылықты дамытады.

### 2021 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ДЕМАЛЫС КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіш	Жынысы	Қызметкерлердің саны, адам
Ана/әке болу бойынша демалысқа шығу	әйелдер	12
	ерлер	2
Ана/әке болу бойынша демалыстан қайтып келу		9
Демалыстан шыққаннан кейін 12 ай ішінде Компанияда жұмыста қалған қызметкерлер саны.		9





## Компания басшылығы қызметкерлер үшін әлеуметтік және өзге кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

- Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын іске асыру;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес жұмыс орны;
- қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру;
- ерікті медициналық сақтандыру;
- ақы төленетін еңбек демалысы;
- жұмыскерлерге бала туғанда (бала асырап алғанда), жұмыскердің неке қию кезінде және жұмыскердің жұбайы (зайыбы) немесе жақын туыстары қайтыс болғанда материалдық көмек төлеу;
- еңбекке мерзімдік-сыйлықақы төлеу жүйесі;
- қызметкерлер қызметтік іссапарларда болған кезде ақы төлеу;
- кәсіби оқыту және біліктілікті арттыру мүмкіндігі.

Әлеуметтік саясаттың табысты іске асырылуы персоналды ынталандыруға және ҚазАгроҚаржының бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне, сондай-ақ жауапты жұмыс берушінің және әлеуметтік бағытталған ұйымның имиджін нығайтуға ықпал етеді.

Компания қызметкерлеріне тиімді жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай жасау, жоғары білікті қызметкерлерді ұстап қалу және тарту мақсатында әлеуметтік қолдау көрсетіледі.

### Еңбекті қорғау және қауіпсіздік

Компанияның басты басымдықтарының бірі қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайлар жасау болып табылады.

2021 жылы коронавирус пандемиясына байланысты Компания қызметкерлердің денсаулығын сақтауға және қорғауға бағытталған бірқатар санитарлық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) шараларды қолданды. Олардың негізгілеріне мыналар жатады: жұмыскерлердің 80% - ын қашықтан жұмыс форматына ауыстыру, Ммаска режимін енгізу, тиісті заттарды қолдана отырып үй-жайларды өңдеу, Компаниядағы ауру-сырқаулық мониторингі.

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауға қойылатын жалпы талаптар, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын талаптар ҚазАгроҚаржы Басқармасының шешімімен бекітілген Компания қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықта бекітілген. 2021 жылы өндірістік жарақаттану фактілері болған емес.

## ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Компания тұрақты негізде халықтың аз қорғалған топтарына қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетеді, сондай-ақ бейіндік коммерциялық емес ұйымдарға (интернат үйлері, мектепке дейінгі балалар, орта, кәсіптік-техникалық және жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу ұйымдары және т.б.) қолдау көрсетеді.

Осылайша, соңғы бес жылда Компания қайырымдылық және демеушілік көмекке 30 млн теңгеден астам қаражат бағыттады, оның ішінде 2017 жылы – 18 млн теңге, 2018 жылы – 5 млн теңге, 2019 жылы – 5 млн теңге, 2020 жылы – 2,5 млн теңге. 2021 жылы 1,98 млн теңгеге қайырымдылық көмек көрсетілді.

## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕР

### Қоршаған ортаны қорғау

Компания өз мүмкіндіктері шеңберінде елдің ауыл шаруашылығына қоршаған ортаны және адамдардың денсаулығын қорғайтын, табиғи ресурстарды үнемдеуге ықпал ететін, өндірістің тиімділігін, яғни шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын «жасыл» технологияларды енгізуді қолдауға ұмтылады. ҚазАгроҚаржы өз қызметіне байланысты ауыл шаруашылығы техникасын қаржыландыру арқылы қоршаған ортаға жанама әсер етуді жүзеге асырылады. Компания лизингке қазіргі заманғы талаптар мен стандарттарға (атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының нормаларына) жауап беретін және міндетті сертификаттауға жататын (онсыз техника Қазақстанға әкелінбейді) жаңа техника ғана

ұсынатынын атап өткен жөн. Осылайша, техниканың қоршаған ортаға минималды әсері қамтамасыз етіледі.

Компания қоршаған ортаға қолайсыз әсерді болдырмау мақсатында ресурстарды ұтымды пайдаланудың қағидаттары мен әдістерін қолданады.

ҚазАгроҚаржы өз қызметінде ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және энергиялық тиімді технологияларды енгізу, су тұтынуды төмендету, кеңсе мұқтаждары үшін қағаз жұмсауды азайту арқылы қолданыстағы теріс экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады.

Ресурстарды жауапкершілікпен пайдалану бойынша жұмыс жүргізу шеңберінде Компания келесі іс-шараларды өткізді:

### 1. Электр қуатын тұтынуды қысқарту

- технологиялық немесе қауіпсіздік себептері бойынша оларды қолдануды болдырмауға болмайтын жағдайларды қоспағанда, кеңседегі қыздыру шамдарын пайдалануға жол берілмейді;
- тиімді жарық көздері - электронды іске қосу-реттеу аппаратурасымен жабдықталған жарық диодтары және/немесе люминесцентті шамдар орнатылды (осы кластағы ең тиімді шамдар қолданылады);
- А, А+, А++ класты техника мен жабдықтар орнатылды;
- ноутбук мониторларының, компьютерлік жабдықтардың энергия үнемдеу режимінің функциялары қолданылады.

## 2. Жылу энергиясын үнемдеу және жеткілікті желдетуді қамтамасыз ету

- ББЖ жылу беруді реттеудің қолмен немесе автоматты жүйесі, сондай-ақ үй-жайда жұмыскерлердің болуына байланысты температураны реттейтін жүйе пайдаланылады;
- кабинеттерде ауаны тазалауға арналған жабдықтар бар;
- АҚРТ және ТҚЖ жылу энергиясының шығынын есептеу құралдары орнатылды.

## 3. Ластануды азайту және қалдықтармен жұмыс істеу.

- қатты тұрмыстық қалдықтарды іріктеп жинау жолға қойылды.

## 4. Ресурстарды үнемдеу және тұтынуды азайту.

- кеңседе принтерде басып шығаруды басып шығару шаралары көзделген (мысалы, екі жақты басып шығару режимі қолданылады);
- электрондық құжат айналымының ішкі жүйесі қолданылады.

Ресурстарды үнемді пайдалану саясатын енгізу мақсатында Компания 2019-2021 жылдар кезеңінде электр қуатын пайдалануға, су тұтынуға және қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеуге талдау жүргізді.

## ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҰТЫНУ

Энергия түрі	Өлшеу бірл.	2019	2020	2021
Электр қуаты(сатып алу)	КВт*сағ	252000	238646	254760
Бензин (сатып алу)	литрда	29610	31970	24170
Жылу энергиясы	Гкал	244,10	272,32	262,74

## ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ӨҢДЕУ

Қалдықтардың түрі	Өлшеу бірл.	2019	2020	2021
Қатты тұрмыстық қалдықтар	м <sup>3</sup>	114,36	114,36	114,36

## СУ ТҰТЫНУ

Тұтыну түрі	Өлшеу бірл.	2019	2020	2021
сумен жабдықтау, су тарту	м <sup>3</sup>	1577	1051	1870

Энергия үнемдеу бойынша іс-шараларды жүргізу шеңберінде люминесцентті шамдарды жарықдиодты шамдарға ауыстыру, сондай-ақ тиісті қаржы жылына бекітілген бюджетке сәйкес энергия және жылу ресурстарын тәуліктік көлемде тұтынуды автоматтандыру үшін санауыштарды біртіндеп, жоспарлы ауыстыру жоспарлануда. Бұдан басқа, макулатура үшін экоурналар орната отырып, «Таза кеңсе» жүйесін енгізу жоспарлануда.

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай табиғатты қорғау акциясы жоспарланған. Осы іс-шара шеңберінде өндірістік объектілерде сенбіліктер, сондай-ақ бюджетке сәйкес Компанияның қолда бар қаржылық және материалдық ресурстары шегінде жасыл желектерді күту, аумақтарды санитарлық тазалау, көгалдандыру, жасыл желектерді отырғызу және т.б. жұмыстар жүргізілетін болады.

## Экологиялық талаптарға сәйкестік

Компанияның қызметі экологиялық заңнама талаптарына сәйкес келеді, 2021 жылы экологиялық талаптарды бұзғаны үшін айыппұлдар жоқ.



# ГЛОССАРИЙ

<b>АӨК</b>	агроөнеркәсіптік кешен	<b>БАҚ</b>	Бұқаралық ақпарат құралдары
<b>ЖІӨ</b>	жалпы ішкі өнім	<b>АШТӨ</b>	ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер
<b>ЖЖМ</b>	жанар-жағармай материалдары	<b>ROA</b>	активтердің рентабелділігі (ағылш. return on assets)
<b>ММ</b>	мемлекеттік мекеме Компания – «ҚазАгроҚаржы» АҚ	<b>ROE</b>	капиталдың рентабелділігі (ағылш. return on equity)
<b>КММ</b>	коммуналдық мемлекеттік мекеме	<b>NPL</b>	бастапқы кредиттік келісімнің шарттары орындалмайтын кредит
<b>ҚТК</b>	қызметтің түйінді көрсеткіші Халықаралық қаржылық есептілік		
<b>ІҚМ</b>	ірі қара мал		
<b>ХҚЕС</b>	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары		

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

## Орталық аппарат

**Мекенжайы:**  
Қазақстан Республикасы,  
010000, Нұр-Сұлтан қ.,  
Кенесары көшесі 51, кж-4

**Қабылдау бөлмесі:**  
+7 (7172) 58-04-37, 58-04-38

**Сенім телефоны:**  
+7 (7172) 58-04-50

**Жалғыз акционермен жұмыс бойынша:**  
+7 (7172) 58-04-51

**Тікелей инвестициялар мәселелері бойынша:** +7 (7172) 55-73-40

**Баспасөз қызметі:**  
+7 (7172) 58-04-11

**Хат-хабарларды қабылдау:**  
+7 (7172) 55-65-33

**Call-center:**  
8/7172/55-77-55; 1429

**Факс:**  
+7 (7172) 58-04-46

**E-mail:** mailbox@kaf.kz

## Аудитордың деректемелері

**Атауы:**  
«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы,

**Заңды мекенжайы:**  
Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы,  
180, «Көктем» БО

**Банк деректемелері:**  
БСН: 930840000232  
БСК: VTBKZKZ  
ЖСК: KZ104322203398A00818  
«ВТБ Банкі (Қазақстан) АҚ ЕҰ» /«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ  
Кбе: 17

**Тел.:**  
8-7272-980898

**ҚазАгроҚаржы филиалдары**

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша филиалы Мекенжайы: Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр көшесі. 6/1 193-кеңсе, 19-шы қабат) Телефон: +7 (7172) 59-28-69	e-mail: nur_kaf@kaf.kz
Ақмола облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Көкшетау қ., Абай көшесі 96, «GreenWhich» БО, 702-704, 706, 712, 713 каб. Телефоны: +7 (7162) 91-00-30, 91-00-31, 91-00-32, 91-00-33, 91-00-34, 91-00-35	e-mail: akm2@kaf.kz
Ақтөбе облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Ақтөбе қ., Әбілхайыр хан көшесі, 77, 5-ші қабат. Телефоны: +7 (7132) 92-11-81, 92-11-82, 92-11-83	e-mail: akt3@kaf.kz
Алматы қаласы бойынша филиалы Мекенжайы: Алматы қ., Бөгенбай батыр көшесі, 142, «Қайсар» БО, 4-ші қабат Телефоны: +7 (727) 295-93-50, 295-93-51, 295-93-52	e-mail: alm@kaf.kz
Алматы облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Талдықорған қ., 7-ші шағын аудан, 10 ғимарат, «Көктем Грант» БО, 7-ші қабат. Телефон: +7 (728) 55-86-80	e-mail: tld@kaf.kz
Шығыс-Қазақстан облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Өскемен қ., Сәтпаев даңғылы, 62, 7-ші қабат Телефоны: +7 (7232) 49-24-77, 49-24-76	e-mail: vko2@kaf.kz
Жамбыл облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Тараз қ., Сүлейменов көшесі, 17 Телефоны: +7 (7262) 99-92-20, 99-92-21, 99-92-22, 99-92-23	e-mail: tar@kaf.kz
Батыс-Қазақстан облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Орал қ., Сырым Датов көшесі, 28 Телефоны: +7 (7112) 96-00-30, 96-00-31, 96-30-32, 96-30-33	e-mail: zko@kaf.kz
Атырау қ., Владимирская көшесі, 20Д, 2-ші қабат Телефоны: +7 (7122) 76-36-21, 76-36-22, 76-36-23	e-mail: atr@kaf.kz
Ақтау қ., 29 шағын ауданы, 225 ғимараты, «Сұлтан Энергия» БО, 3-ші қабат, каб.302 Телефоны: +7 702 587 24 23	e-mail: a.kondybayeva@kaf.kz
Қарағанды облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Қарағанды қ., Бұқар жырау көшесі, 53/1, «Дәулет» СУ, 4-ші қабат Телефоны: +7 (7212) 92-24-10, 92-24-09, 92-24-08, 92-24-07	e-mail: krg@kaf.kz
Қостанай облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Қостанай қ., Әл-Фараби даңғылы, 65, 11-ші қабат, каб. 1111 Телефоны: +7 (7142) 99-97-73, 99-97-72, 99-97-74	e-mail: kst3@kaf.kz
Қызылорда облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Қызылорда қ., Қонаев көшесі, 33, 2-ші қабат Телефоны: +7 (7242) 55-13-00, 55-13-02, 55-13-03, 55-13-04	e-mail: kzl@kaf.kz
Павлодар облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Павлодар қ., Луговая көшесі, 16 Телефоны: +7 (7182) 77-00-66, 77-00-67, 77-00-68, 77-00-69	e-mail: pvl@kaf.kz
Солтүстік-Қазақстан облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Петропавл қ., Бөкетов көшесі, 31А, 2-ші қабат Телефоны: +7 (7152) 63-10-30, 63-10-31, 63-10-32, 63-10-33, 63-10-34	e-mail: sko@kaf.kz
Шымкент қаласы және Түркістан облысы бойынша филиалы Мекенжайы: Шымкент қ., Д. Құнаев даңғылы, 3/3, 3-ші қабат Телефоны: +7 (7252) 98-40-10, 98-40-11, 98-40-12, 98-40-13 Түркістан қ., Б. Саттарханов даңғылы, 33Б. Телефоны: +7 (7760) 71-09-07	e-mail: uko@kaf.kz

**1-ҚОСЫМША.  
ЕСЕП ТУРАЛЫ**

ҚазАгроҚаржы жиырма жылдан астам уақыттан бері агроөнеркәсіптік кешенде лизинг нарығында қызметін жүзеге асырып келеді. Осы уақыт ішінде Компания көптеген отандық фермерлер, ауыл шаруашылығы техникасының өнім берушілері, мемлекет және жұртшылық үшін танылған және сенімді әріптеске айналды. Компанияның мүдделі тараптарының ауқымы кең және біз олар үшін халықаралық стандарттар мен үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес ақпараттың тиімді ашылуын қамтамасыз етуге тырысамыз.

Компанияның 2021 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша жылдық есеп GRI стандарттарына (сәйкестіктің негізгі деңгейі) сәйкес дайындалды, бұл Компанияның ақпараттық ашықтығын қамтамасыз етеді. Қаржылық деректер ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікке сәйкес есепте ұсынылған.

**Есеп мазмұнын анықтау**

Осы жылдық есептің мазмұнын және оның сапасын айқындау кезінде Компания GRI стандарттарының қағидаттарын басшылыққа алды. Атап айтқанда, осы жылдық есептің мазмұны маңыздылық қағидатын сақтау негізінде, сондай-ақ мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл қорытындылары ескеріле отырып айқындалды. Ақпаратты ашу кезінде тұрақты даму және толықтық мәнмәтінінің қағидаттары сақталды. Есептің сапасы дәлдік, теңгерім, анықтық, салыстырмалылық, сенімділік, уақтылық қағидаттарын сақтаумен қамтамасыз етілген.

Осы жылдық есептегі ақпарат Компания қызметінің неғұрлым елеулі аспектілері бойынша ашылды. Біз, біріншіден, терминнің кең мағынасында, Компанияның қоршаған ортаға әсері зор, екіншіден, мүдделі тараптар мен олардың мүдделеріне елеулі ықпалы орын алатын мәселелерді маңызды деп санаймыз.

Құжатты дайындау кезінде біз Қазақстан қор биржасының талаптарын ұстандық. Осы жылдық есеп қаржылық емес ақпараттың сыртқы растауынан өткен жоқ.

Компанияның жылдық есептері жыл сайынғы негізде дайындалады. Осы жылдық есеп Компанияның 2021 жылғы 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі қызметінің нәтижелерін көрсетеді.


Есепте Компания қызметінің нәтижелері, жетістіктері ментабыстары, стратегиялық міндеттер бойынша атқарылған жұмыс, корпоративтік басқару мәселелері және тұрақты даму саласындағы қызметі, сондай-ақ Компанияның одан әрі даму жоспарлары көрсетіледі.

Маңыздылықты талдау Компанияның экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалардағы ықпалын ішкі бағалауды, сондай-ақ мүдделі тараптардың көзқарасы тұрғысынан стейкхолдерлермен өзара іс-қимыл қорытындылары бойынша қойылған тақырыптардың маңыздылығын бағалауды қамтиды.

Жүргізілген талдауға сәйкес тақырыптар маңыздылық дәрежесі бойысараланған және Маңыздылық матрицасына енгізілген болатын. Осы жылдық есепте Маңыздылық матрицасының жоғарғы оң жақ бұрышына түскен тақырыптар ашылды, өйткені дәл солар ең маңызды деп танылған болатын. Барлық тақырыптардың ұйым ішінде де, одан тыс жерлерде де әсері бар



# МАҢЫЗДЫЛЫҚ МАТРИЦАСЫ



## ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

Тақырыптар	№ GRI
<b>Экономика</b>	
Экономикалық нәтижелілік	201*
Нарықтарға қатысу	202
Тікелей емес экономикалық әсерлер	203*
Сатып алу тәжірибесі	204*
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	205*
Бәсекелестікке кедергі	206
<b>Экология</b>	
Материалдар	301
Энергия	302*
Су	303*
Биоәртүрлілік	304
Шығарындылар	305*
Төгінділер мен қалдықтар	306*
Табиғатты қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестік	307
Өнім берушілерді экологиялық бағалау	308
<b>Қоғам</b>	
Жұмыспен қамту	401*
Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	402*
Жұмыс орнындағы денсаулық және қауіпсіздік	403
Оқыту және білім беру	404*
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	405*
Кемсітушілікке жол бермеу	406
Ассоциация және ұжымдық келіссөздер жүргізу бостандығы	407
Балалар еңбегі	408
Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек	409
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі	410
Байырғы және шағын халықтардың құқықтары	411
Адам құқықтарының сақталуын бағалау	412
Жергілікті қауымдастықтар	413

## ТҰРАҚТЫ ДАМУ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

Тақырыптар	№ GRI
Өнім берушілердің қоғамға әсерін бағалау	414
Мемлекеттік саясат	415
Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі	416
Өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді таңбалау	417
Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық	418
Талаптарға сәйкестік	419

\* маңызды деп танылған тақырыптар

## 2-ҚОСЫМША. ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

### ҚАЗАГРОҚАРЖЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ 2021 ЖЫЛҒЫ ЕСЕБІ

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Жалпы ережелер</b>		
Компания өз қызметінде Кодекстің ережелерін қатаң сақтауға міндетті. Сәйкес келмеген жағдайда жылдық есепте ережелердің әрқайсысының сақталмау себептері туралы түсіндірмесін көрсету қажет, мерзімді түрде (екі жылда бір реттен кем емес) корпоративтік басқаруға бағалау (қажет болған жағдайда тәуелсіз бағалау) жүргізу керек және тиісті нәтижелерді Компанияның интернет-ресурсында орналастыру қажет.	Сақталады	Корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін ішкі бағалауды Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес екі жылда кемінде бір рет Компанияның ішкі аудит қызметі жүргізеді. Корпоративтік басқару деңгейін сыртқы бағалауды Компания бюджетінде сыртқы бағалауды жүргізу үшін қажетті қаражат болған кезде тәуелсіз ұйым үш жылда бір рет кезеңділікпен жүргізетін болады (корпоративтік басқару деңгейін бағалау нәтижелері бойынша тиісті рейтинг беріледі). Корпоративтік басқару деңгейінің диагностикасы ІАҚ 2021 жылы жүргізді, аудитпен 2018 жылғы 01 қаңтар мен 2021 жылғы 01 шілде аралығындағы кезең қамтылды. Аудит қорытындысы бойынша Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 87,6% құрады. Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 12 қарашадағы №12 шешімімен Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі түзету және/немесе алдын алу іс-қимылдарының жоспары бекітілді. Аудит нәтижелері Компанияның корпоративтік <a href="https://www.kaf.kz/corporate-management/praktika-korporativnogo-upravleniya/">https://www.kaf.kz/corporate-management/praktika-korporativnogo-upravleniya/</a> интернет-ресурсында орналастырылған.
Компанияның осы Кодексті орындауын бақылау Компанияның Директорлар кеңесіне жүктеледі. Корпоративтік хатшы осы Кодекстің тиісін-	Сақталады	Компанияның Директорлар кеңесі есепті жыл сайын қарау арқылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады. Компанияның корпора-



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Жалпы ережелер</b>		
<p>ше сақталуы мәселелері бойынша мониторинг жүргізеді және Компанияның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына консультация береді, сондай-ақ жыл сайынғы негізде оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп дайындайды. Кейіннен осы есеп Директорлар Кеңесінің тиісті комитетінің қарауына шығарылады, Директорлар кеңесі бекітеді және Компанияның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.</p>		<p>тивтік хатшысы Кодекстің тиісінше сақталуына мониторинг жүргізеді және жылдық есеп дайындайды. Компанияның Директорлар кеңесіне және атқарушы органына осы Кодекстің тиісінше сақталуы туралы мәселелер бойынша консультация береді және Компанияның Корпоративтік хатшысына жүктелген функциялардың тиімді іске асырылуын қамтамасыз етеді, Компанияда Кодекстің ережелері мен қағидаттарын сақтамау фактілерін анықтауға және жоюға бағытталған тұрақты жұмыс жүргізеді. Корпоративтік хатшы жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесіне оның қағидаттары мен ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы есеп береді.</p>
<p>Компания корпоративтік басқаруға тәуелсіз бағалауды кемінде үш жылда бір рет жүргізеді, оның нәтижелерін Компанияның интернет-ресурсында орналастырады.</p>	ішінара сақталады	<p>Корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау жүргізілген жоқ. Сонымен қатар, Компанияның корпоративтік басқару деңгейін бағалау мақсатында ҚазАгроҚаржының Ішкі аудит қызметінің 2021 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне аудит жүргізуді көздейтін өзгерістер енгізілді. 2021 жылы корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігіне аудит жүргізілді. Аудитпен 2018 жылғы 01 қаңтардан 2021 жылғы 01 шілдеге дейінгі кезең қамтылды. Аудит қорытындысы бойынша Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 87,6% құрады. Аудит нәтижелері Компанияның корпоративтік <a href="https://www.kaf.kz/corporate-management/praktika-korporativnogo-upravleniya/">https://www.kaf.kz/corporate-management/praktika-korporativnogo-upravleniya/</a> интернет-ресурсында орналастырылған.</p>

<b>Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты</b>		
<p>Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреттері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалады және оларда бекітіледі.</p>	Сақталады	<p>Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз ететін Компания органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды көздейді. Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің, Компания Басқармасының қызметі, сондай-ақ Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты</b>		
<p>Жалғыз акционер Компанияны басқаруға Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген Жалғыз акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы және Компанияның Директорлар кеңесіндегі өкілдігі арқылы ғана қатысады. Компанияның директорлар Кеңесінде өкілдік ету.</p>	Сақталады	<p>Компания Басқармасының арасында өкілеттіктерді бөлу оңтайлы және толық көлемде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Компанияның Жарғысында, Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеде және Компанияның өзге де ішкі құжаттарында көрсетілген және регламенттелген.</p> <p>Компанияның Жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ. Кодекстің 46-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер айқындайды. Директорлар кеңесінің құрамы қызмет ауқымы, ағымдағы міндеттері, даму стратегиясы және/немесе даму жоспары және қаржылық мүмкіндіктер ескеріле отырып, жекелей белгіленеді. Директорлар кеңесінің құрамы теңдестірілген болып табылады, бұл Компанияның мүдделерінде шешімдер қабылдауды және оның алдына қойылған экономиканы дамыту міндеттерін қамтамасыз ететін Директорлар кеңесі мүшелерінің (Жалғыз акционер өкілдерінің, тәуелсіз директорлардың, Компанияның Басқарма Төрағасының) үйлесімін білдіреді. Компанияның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі Тәуелсіз директорлар болып табылады. Директорлар кеңесінің жанынан комитеттер құрылды, олардың құзыретіне аудит, тәуекелдерді басқару, стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер бойынша мәселелерді қарау кіреді, Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты</b>		
<p>Тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында Холдинг Компания үшін бірыңғай саясатты, әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды қалыптастырады және бекітеді.</p> <p>Компаниядағы тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит саласында Холдинг бекіткен корпоративтік стандарттарды қолдану туралы шешімді көрсетілген стандарттардың Компания қызметінің ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз етуді ескере отырып, Компанияның Директорлар кеңесі қабылдайды.</p> <p>Компания Басқармасы Компанияның Директорлар Кеңесі бекіткен Компанияның стратегиясы мен даму жоспарының орындалуын қамтамасыз етеді.</p>	Сақталады	<p>«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ - ның 2021 жылғы 19 сәуірдегі ішкі нормативтік құжаттарды (бұдан әрі-ІНҚ) енгізуге және өзектендіруге қатысты тапсырмасына (№04-1-1/1838 хат) сәйкес Компания «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ІНҚ негізінде бірқатар ІНҚ бекітті. Оның ішінде:</p> <p>Корпоративтік басқару кодексі (Жалғыз акционердің 2021 жылғы 22 желтоқсандағы № 68/21 шешімімен бекітілген);</p> <p>«ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның Тұрақты даму саласындағы саясаты (Компанияның Директорлары кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №7 шешімімен бекітілген).</p> <p>Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы № 10 шешімімен бекітілген);</p> <p>«ҚазАгроҚаржы» АҚ Ішкі аудитін ұйымдастыру қағидалары (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 мамырдағы № 5 шешімімен бекітілген);</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) 2020 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазАгроҚаржы» АҚ 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясын (бұдан әрі - Даму стратегиясы) орындау жөніндегі есеп бекітілді.</p> <p>2021 жылдың қорытындылары бойынша Даму Стратегиясын орындау шеңберінде Компания жылдық есепті «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ СҚДК жіберу бойынша іс-шараларды дайындайды.</p> <p>2022 жылғы 27 сәуірдегі № 05-2-7/2334 хатымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2021 жылдың қорытындылары бойынша Даму стратегиясының орындалуы туралы жылдық есепті ұсыну мерзімін 2022 жылғы 31 мамырға дейін ұзартты.</p>
<p>Компанияның Директорлар кеңесі басқарудың тиімділігін, тұрақты дамуды және Компания қызметінің рентабельділігін қамтамасыз етеді. Операциялық тиімділікті арттыру, есептілік сапасын жақсарту, корпоративтік мәдениет пен этиканың жақсартылған стан-</p>	Сақталады	<p>Компанияда Жалғыз акционердің шешімдерімен мыналар бекітілді: Компанияның Директорлар кеңесі туралы ереже, Компанияның Корпоративтік басқару кодексі, Компанияның Жарғысы, онда Компанияда нақты басқару жүйесінің болуын, Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Компанияның басқа да алқалы</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты</b>		
<p>дарттары, ашықтық пен айқындық, тәуекелдерді төмендету, ішкі бақылаудың тиісінше жүйесі Компаниядағы тиімді басқару нәтижелері болып табылады.</p> <p>Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:</p> <p>1) топта нақты басқару жүйесінің, межелеген өкілеттіктердің және шешімдер қабылдау процесінің болуын, функциялар мен процестердің қайталануының болмауын;</p> <p>2) бірыңғай стандарттарды, саясаттар мен процестерді, оның ішінде жоспарлауға, мониторингтеуге және бақылауға, нәтижелілікті бағалауға және түзету әрекеттерін қолдануға бірыңғай тәсілдерді айқындау бөлігінде;</p> <p>3) топ қызметіне қатысты сапалы ақпаратқа қолжетімділікті;</p> <p>4) топ тәуекелдерінің тиісінше басқарылуын қамтамасыз етеді.</p>		<p>органдары мен басшы қызметкерлерінің шешімдер қабылдау өкілеттіктерінің аражігін ажырату мен тәуелсіздігін, функциялар мен процестердің қайталануының болмауын қамтамасыз ететін процестер регламенттелген.</p> <p>Компанияда Директорлар кеңесінің шешімдерімен Компания қызметінің басым (даму) бағыттары, Компанияның стратегиялық мақсаттары (даму стратегиялары), мәселелері бойынша ішкі нормативтік құжаттар, жоспарлау және бюджеттендіру мәселелері бойынша құжаттар, ішкі бақылау, ішкі және сыртқы аудит мәселелері бойынша ішкі құжаттар бекітілді.</p> <p>Компания Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында Компанияның қызметіне қатысты сапалы ақпаратқа қолжетімділікті ұсынады.</p> <p>Компания корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік, аудиторлық есептер туралы мәліметтерді, үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 189 қаулысымен бекітілген талаптарға сәйкес Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурстарында ашылуға жататын өзге де ақпаратты ашады.</p> <p>Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Компанияда Компанияның келесі органдары мен бөлімшелерін: Директорлар кеңесін, Басқарманы, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшені, Ішкі аудит қызметін, өзге құрылымдық бөлімшелерді қатыстыра отырып, тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқару ұсынылған. Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Компанияның басқа да алқалы органдарының өкілеттіктерінің аражігін ажырату, сондай-ақ тәуекелдерді басқару құрылымы, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттері Компанияның тәуекелдерді басқару саясатында көрсетілген.</p>



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты**

Жалғыз акционердің құқықтарын сақтау Компанияға инвестицияларды тартудың негізгі шарты болып табылады. Осыған байланысты, Компанияны корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Компанияның тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметтің рентабельділігіне қол жеткізуге бағытталған.

Сақталады

Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 қаулысына сәйкес 1999 жылғы 28 желтоқсанда құрылды. Компанияның миссиясы - сапалы және бәсекелі лизингтік қызметтер көрсету арқылы Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін техникалық жарақтандыруға жәрдемдесу. Компанияның Жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесінің алты мүшесінің үшеуі Жалғыз акционердің өкілдері болып табылады. Компания «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Компанияның Жарғысында (Холдинг Басқармасының 2021 жылғы 31 наурыздағы №15/21 хаттамасы) көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға, Жарғыны, Корпоративтік басқару кодексін бекіту, Директорлар кеңесінің құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындау, Басқарма Төрағасын сайлау сыртқы аудиторды, жылдық қаржылық есептілікті және т. б. бекіту бойынша түйінді көрсеткіштерді қабылдауға қатысудан көрінетін, корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды және оның мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді. Компанияның қызметі туралы ақпарат Жалғыз акционерге толық көлемде ұсынылады және ақылға салынған және әділ шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Сақталады

Компания белгіленген тәртіппен Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде: акцияларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы; «Акционерлік қоғамдар ту-

Компания Жарғысының 5-бабының 17-тармағына сәйкес Жалғыз акционер:

- 1) Заңда және (немесе) осы Жарғыда көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға қатысуға құқылы;
- 2) дивидендтер алуға құқылы;
- 3) Компанияның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғыда

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты**

ралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында және/немесе Компанияның Жарғысында көзделген тәртіппен Компанияны басқаруға және Директорлар кеңесін сайлауға қатысу құқығы; Компания пайдасының үлесін (дивидендтер) алу құқығы; Компания таратылған кезде оның активтеріндегі үлесті алу құқығы; Компанияның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Жалғыз акционер немесе Компанияның Жарғысында айқындалған тәртіппен Компанияның қаржылық есептілігімен танысу құқығы; Компанияға оның қызметіне қатысты жазбаша сауалдармен жүгіну және Компания Жарғысында белгіленген мерзімде дәлелді және толық жауап алу құқығы; Компанияның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірме алу құқығы; Компания органдары қабылдаған шешімдерді сот тәртібімен даулау құқығы; «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда, Компанияның лауазымды тұлғаларының Компанияға келтірілген залалдарды өтеуі туралы талаппен, және Компанияның лауазымды тұлғаларының және/немесе олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және/немесе жасалуында мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Компанияға қайтаруы туралы талаппен сот органдарына өз атынан жүгіну құқығы;

айқындалған тәртіппен Компанияның қаржылық есептілігімен танысуға;

- 4) орталық депозитарийден немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға құқылы;
- 5) Компания органдары қабылдаған шешімдерге сот тәртібімен дау айтуға құқылы;
- 6) Заңда көзделген жағдайларда сот органдарына Компанияның лауазымды адамдарының Компанияға келтірілген залалдарды өтеуі және Компанияның лауазымды адамдарының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешім қабылдау нәтижесінде олар алған пайданы (кірісті) Компанияға қайтаруы туралы талаппен жүгінуге құқылы;
- 7) Компанияға оның қызметі туралы жазбаша сауалмен жүгінуге және Компанияға сауал келіп түскен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға құқылы;
- 8) Компания таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне құқылы;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен Компанияның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқылы;
- 10) Заңда көзделген тәртіппен Компания акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешімдер қабылдауға құқылы;
- 11) Директорлар кеңесіне Заңға сәйкес Жалғыз акционер отырысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға құқылы;
- 12) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге құқылы;
- 13) аудиторлық ұйымның Компанияның аудитін өз есебінен жүргізуін талап етуге құқылы.

Компания Жарғысында бекітілген Жалғыз акционердің құқықтарын Компания және Компания органдары сақтайды.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты**

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Компанияның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алу құқығы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Компания акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдау құқығы.

Сақталады

Компанияның Жалғыз акционеріне дивидендтер төлеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Компанияның Жарғысымен, сондай-ақ Компанияның Жалғыз акционерінің тиісті шешімімен реттеледі. Компанияның Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес («ҚазАгро» холингі» АҚ Басқармасының 12.03.2021 жылғы №11 хаттамасы) 2020 жылдың қорытындысы бойынша 6 718 739 242,71 теңге мөлшерінде дивиденд төлеу туралы шешім қабылданды.

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

Директорлар кеңесі Компанияға стратегиялық басшылықты және Басқарма қызметіне бақылауды қамтамасыз ететін басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына,

Сақталады

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережемен регламенттелген (Холдинг Басқармасының 2021 жылғы 17 қарашадағы №62/21 хаттамасы). Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік және жауапкершілік, Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру қағидаттарына негізделеді. Бұл қағидатты іс жүзінде Компанияның Директорлар кеңесі сақтайды. Директорлар кеңесі Жалғыз акцио-

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

Компанияның Жарғысына, осы Кодекске, Директорлар кеңесі туралы ережеге және Компанияның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте, Директорлар кеңесі мына мәселелерге ерекше назар аударады:  
 1) Даму стратегиясын (бағыттарын және нәтижелерін) айқындауға;  
 2) Даму стратегиясында және/немесе даму жоспарында белгіленген ҚТК қоюға және мониторингтеуге;  
 3) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруға және қадағалауға;  
 4) Директорлар кеңесінің құзыреті шеңберінде ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды бекітуге және олардың тиімді іске асырылуын мониторингтеуге;  
 5) атқарушы органның басшысы мен мүшелерін сайлауға (қайта сайлауға), марапаттауға, қызмет сабақтастығын жоспарлауға және қадағалауға;  
 6) корпоративтік басқаруға;  
 7) Компанияда осы Кодекстің ережелерін және Компанияның іскерлік этика саласындағы корпоративтік стандарттарын (Іскерлік этика кодексі) сақтауға.

Сақталады

Директорлар кеңесінде және оның комитеттерінде Компанияның мүддесінде және Жалғыз акционердің мүдделерін және тұрақты даму қағидаттарын сақтауды ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімін сақтаған жөн.

нер мен Компания Басқармасының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, Компанияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Компанияның Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 20 наурыздағы № 3 шешімімен ҚазАгроҚаржы акционерлік қоғамының 2020 – 2029 жылдарға арналған Даму стратегиясы бекітілді, онда Компанияның миссиясына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін қызметінің түйінді көрсеткіштері (ҚТК) айқындалған. Директорлар кеңесі Даму Стратегиясының орындалу мониторингін тұрақты негізде жүзеге асырады. Қазіргі уақытта акционердің ауысуына байланысты «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму стратегиясының мақсаттарына, міндеттеріне және ҚТК-не сәйкес келтіру шеңберінде ҚазАгроҚаржының 2020-2024 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясын дайындау бойынша жұмыс жүргізілуде. Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) 2020 жылдың қорытындылары бойынша ҚазАгроҚаржының 2020-2029 жылдарға арналған Даму стратегиясының (бұдан әрі - Даму стратегиясы) орындалуы жөніндегі есеп бекітілді. 2021 жылдың қорытындылары бойынша Даму стратегиясын орындау шеңберінде Компания жылдық есепті «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ СКДК жіберу бойынша іс-шараларды дайындауда. 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 05-2-7/2334 хатымен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2021 жылдың қорытындылары бойынша Даму стратегиясының орындалуы туралы жылдық есепті ұсыну мерзімін 2022 жылғы 31 мамырға дейін ұзартты.

Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесін, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі Комитеттерінің Төрағасы мен мүшелерін сайлау кезінде Жалғыз акционер және Компанияның Директорлар кеңесі заңнама талаптарын және өзге де ішкі нормативтік актілерді басшылыққа алады.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты</b>		
Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуы керек. Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс. Сонымен қатар, тәуелсіз директорлардың саны қабылданатын шешімдердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы тиіс. Компанияның Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін құрайды.	Сақталады	Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар қатысады. Компанияның Директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс, Компанияның Директорлар кеңесінің құрамында 2 тәуелсіз директор болуға тиіс. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 16 маусымдағы (№30/21 хаттама) шешімімен Компанияның Директорлар кеңесінің сандық құрамы анықталды – 6 адам.
Тәуелсіз директорлар мен Компания арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары, осы Кодекстің ережелері және Компанияның ішкі құжаттары ескеріле отырып, шарттармен ресімделеді. Шарттарда тараптардың құқықтарын, міндеттерін, жауапкершілігін және басқа да елеулі талаптарды, сондай-ақ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларының осы Кодекстің ережелерін сақтау жөніндегі міндеттемелерін көрсету қажет, оның ішінде оларға жүктелетін функцияларды орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу, Компания қызметі тоқтатылғаннан кейін Директорлар кеңесі белгілеген мерзімге Компания туралы ішкі ақпаратты жарияламау туралы және тәуелсіз директорлардың мәртебесі мен функцияларына қойылатын талаптарға негізделген қосымша міндеттемелерді көрсету қажет (тәуелсіздіктен айырылу туралы уақтылы өтініш беру бөлігінде және басқалар).	Сақталады	Компанияның Тәуелсіз директорларымен тиісті Шарттар жасалды.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты</b>		
Директорлар кеңесінің отырыстары күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін, қаралатын мәселелердің тізбесін және күндерін көрсете отырып, отырыстарды өткізу кестесін қамтитын жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу бетпе-бет немесе сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады, бұл ретте сырттай дауыс беру нысанындағы отырыстардың санын барынша азайту қажет. Маңызды және стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің бетпе-бет дауыс беру нысанындағы отырыстарында ғана жүзеге асырылады. Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің (Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 30% - ынан аспайтыны) Директорлар кеңесінің отырысына жеке өзі қатысуға мүмкіндігі болмаса, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырысының екі нысанын да байланыстыруға болады. Бұл ретте Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша нысанда ұсына алады. Мұқият және толық талқылауды және уақтылы әрі сапалы шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету үшін, жыл ішінде қарауға жоспарланған мәселелердің санын біркелкі бөлу ұсынылады.	Сақталады	Директорлар кеңесі өз функцияларын тиімді орындау үшін тұрақты отырыстар өткізеді. Директорлар кеңесінің отырыстары Компанияның Директорлар кеңесінің 29.12.2020 жылғы шешімімен (№13 хаттама) бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі. Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің отырыстарын өткізу бетпе-бет және сырттай дауыс беру нысандары арқылы жүзеге асырылады. 2021 жылы Директорлар кеңесінің 15 отырысы – 11бетпе-бет және 4 сырттай отырысы өткізілді, Компанияның Директорлар Кеңесінің 147 мәселе қаралып, олар бойынша шешімдер, қабылданды.



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

Директорлар кеңесі, комитеттері және Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте бағалау үш жылда кемінде бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Компанияны дамытудың стратегиялық міндеттеріне қол жеткізудегі, сондай-ақ бағыттарды анықтаудағы үлесін анықтауға және жақсартулар үшін шараларды ұсынуға мүмкіндік береді.

Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады.

Бағалау Директорлар кеңесінің және оның жеке мүшелерінің кәсіпқойлығын арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады. Бағалауды жүргізу тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционердің өкілдері үшін де міндетті.

Бағалауды жүйелілік, кешенділік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты қағидаттар бойынша жүзеге асырылады.

Директорлар кеңесінің, оның комитеттерінің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу процесін, мерзімдері мен тәртібін Компанияның ішкі құжаттарында нақты регламенттеген жөн.

Ішінара сақталады

Корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне сәйкес Компанияда Директорлар кеңесінің қызметін жыл сайын бағалау жүргізіледі, оның қорытындысы бойынша Директорлар кеңесінің одан әрі тиімді дамуы айқындалады.

Корпоративтік басқару кодексіне, Компанияның Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес - Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері жыл сайынғы негізде есепті жылдан кейінгі жылдың 1 маусымына дейін бағаланады.

Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу туралы шешімді Компанияның Директорлар кеңесі қабылдайды. 2021 жылы Компанияның Жалғыз акционерінің ауысуына және Компанияның Директорлар кеңесі құрамының өзгеруіне байланысты, Директорлар кеңесі 2021 жылғы 22 желтоқсанда (№14 хаттама) Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы қызметіне өз күшімен бағалау жүргізу туралы шешім қабылдады. Бағалау сауалнама әдісімен жүргізіледі және оның нәтижелері Компанияның жылдық есебіне енгізілетін болады.

Сақталады

Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы шешімімен (№2 хаттама) Компанияда Корпоративтік хатшы тағайындалды.

Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыру және Басқарманың Жалғыз акционермен өзара іс-қимылы мақсатында Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындайды.

Директорлар кеңесі Корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдай-

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

оның өкілеттік мерзімін, функциялары мен қызмет тәртібін, лауазымдық жалақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын айқындайды, Корпоративтік хатшы қызметін (Хатшылығын) құру туралы шешім қабылдайды (қажет болған жағдайда) және көрсетілген қызметтің бюджетін айқындайды. Корпоративтік хатшы Компанияның Директорлар кеңесіне есеп береді және Компания Басқармасына тәуелсіз. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдердің уақтылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және осы Кодекстің ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды, сондай-ақ осы Кодекстің іске асырылуын мониторингтеуді және Компаниядағы корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысуды қамтиды.

Корпоративтік хатшы Компанияның жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есепті дайындауды да жүзеге асырады. Бұл есепте тиісті түсініктемелерді келтіре отырып, Кодекстің сақталмайтын қағидаттары мен ережелерінің тізбесін көрсету қажет.

Сақталады

Іскерлік этика кодексінің қағидаттарын сақтау, Компанияда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Омбудсмен тағайындалады. Омбудсмен лауазымына кандидат мінсіз іскерлік абыройға, жоғары беделге, сондай-ақ әділ шешімдер қабылдау қа-

Іскерлік этика кодексінің қағидаттарын сақтау, Компанияда туындайтын әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 шілдедегі шешімімен (№9 хаттама) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысы қызметінің басшысы лауазымын атқарған Майра Дүйсенбайқызы Тұрғанова Ком-

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**

**Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды**

**Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

білетіне ие болуы керек. Омбудсмен Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен тағайындалады және әрбір екі жыл сайын қайта сайлануға тиіс. Омбудсменнің рөлі өзіне жүгінген жұмыскерлерге, еңбек дауларының, қақтығыстарының қатысушыларына кеңес беру және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтай отырып (оның ішінде, қажет болған жағдайда, құпиялылықты сақтай отырып), оларға өзара қолайлы, сындарлы және іске асырылатын шешімді әзірлеуге жәрдем көрсету, жұмыскерлердің, сондай-ақ Компанияның әлеуметтік-еңбек мәселелерін шешуге жәрдем көрсету болып табылады. Омбудсмен өзі анықтаған, жүйелі сипатқа ие және тиісті шешімдер (кешенді шаралар) қабылдауды талап ететін проблемалық мәселелерді тиісті органдары мен Компанияның лауазымды тұлғаларының қарауына шығарады, оларды шешу үшін сындарлы ұсыныстар жасайды. Омбудсмен жылына кемінде бір рет Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетке және Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетіне жүргізілген жұмысының нәтижелері туралы есеп береді, бұлар оның қызмет нәтижелерін бағалайды. Компанияның Директорлар кеңесі Омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалайды және Омбудсмен лауазымын атқаратын тұлғаның өкілеттігін ұзарту немесе тоқтату туралы шешім қабылдайды.

панияның Омбудсмені болып 2 жыл мерзімге тағайындалды.

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**

**Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды**

**Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

Компанияның жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру қызметі ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі құрылды және жұмыс істейді. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді қолдана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге көмектеседі. Компанияның Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен жұмыскерлерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады, оның жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйлықақы мөлшері мен оларды төлеу шарттарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің бюджетін айқындайды. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Ішкі аудит қызметі тікелей Компанияның Директорлар кеңесіне бағынады және Компания Басқармасынан тәуелсіз болып табылады. Ішкі аудит қызметінің міндеттері мен функциялары, оның құқықтары мен жауапкершілігі Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы ережемен айқындалады. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері Компаниядағы ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйелерінің сапасын бағалауды және Директорлар кеңесінің назарына осы жүйелердің жеткіліктілігі мен тиімділігі туралы ақпаратты

Сақталады

Компанияда ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Директорлар кеңесінің 30.07.2019 жылғы шешімімен (№7 хаттама) Компанияның ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі 30.07.2022 жылға дейін белгіленді. ІАҚ-ның Директорлар кеңесіне функционалдық есеп берушілігі бекітілді және практикада жүзеге асырылуда. ІАҚ басшысы Директорлар кеңесімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды. Жеке объективтілік қамтамасыз етіледі (мүдделер қақтығысын болдырмау). Ішкі аудиторлар кейіннен аудитке жататын операциялық функцияларды жүзеге асырмайды. ІАҚ туралы Ережеге сәйкес ІАҚ қызметкерлері Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамына сайлана алмайды. Корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйелерін бағалау бойынша тиісті әдіснамалар бекітілді. ІАҚ осы жүйелерге тұрақты бағалау жүргізеді және нәтижелерін Директорлар кеңесінің қарауына шығарады. ІАҚ жоғарыда аталған жүйелерді жетілдіру бойынша ұсыныстар береді. Стандарттар мен Этика кодексінің талаптарына сәйкес келетін ІАҚ туралы ереже бекітілді. Ішкі аудиторлардың білімі мен дағдыларына қойылатын талаптар рәсімделді. ІАҚ қызметкерлері ұжымдық қажетті білім мен дағдыға ие. Жыл сайын ІАҚ бюджеті бекітіледі, онда ІАҚ қызметкерлерін оқытуға арналған шығыстар көзделді. ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы мерзімді есептілік рәсімдері белгіленді және практикада орындалады, көрсетілген есептілік шеңберінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер, сондай-ақ менеджмент қабылдаған тәуекелдер туралы ақпарат ұсынылады. Аудиторлық тапсырманың нәтижелері бойынша қабылданған шаралардың мониторингі рәсімделді және практикада орындалуда. Мерзімді есептілік шеңберінде мониторинг нәтижелері Директорлар кеңесіне беріледі. Аудиторлық тапсырманың нәтижелерін қалыптастыру бойынша талаптар рәсімделген және іс жүзінде орындалуда. Аудиторлық файлдарды сақтау және оларға қол жеткізу рәсімдері рәсімделген және

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**

**Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды**

**Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

жеткізуді қамтиды. Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеті Компания қызметінің нәтижелерін жақсартуға жәрдемдесу болып табылады.

Ішкі аудит қызметі туралы ережеде мыналар айқындалады және бекітіледі:

1) халықаралық ішкі аудиторлар институты қабылдаған қағидаттар мен ережелерді ұстанушылық (The Institute of Internal Auditors);

2) Компанияның ішкі аудитінің мәртебесі, мақсаттары мен міндеттері;

3) ішкі аудиттің мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу үшін және Ішкі аудит қызметінің өз функциялары мен міндеттерін тиімді орындауы үшін Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін, объективтілігін және кәсіпқойлығын қамтамасыз ету шарттары;

4) Ішкі аудит қызметінің басшысына және қызметкерлеріне қойылатын біліктілік талаптары;

5) Ішкі аудит қызметінің көлемі мен мазмұны;

6) тиісті тапсырмаларды орындау кезінде материалдық активтерге, құжаттамаға, қызметкерлерге қол жеткізу құқығы;

7) Ішкі аудит қызметінің Директорлар кеңесімен және Компания Басқармасымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі және Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке және Компанияның Директорлар кеңесіне есептілік беру.

Ішкі аудит қызметі туралы ережеде сондай-ақ мынадай міндеттер мен функциялар көзделген:

1) тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар мен рәсімдерді әзірлеу және орындалуын мониторингтеуде Компания Басқармасы мен қызметкерлеріне жәр-

іс жүзінде сақталуда. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы әзірленіп, бекітілді. Директорлар кеңесі ІАҚ қызметкерлерінің жұмыс сапасын бағалау өлшемдерін әзірледі және бекітті, бағалау нәтижелері ІАҚ қызметінің тиімділігін бағалау шеңберінде Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылады. Сапаны қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасы жыл сайын ІАҚ қызметінің өзін-өзі бағалау сапасына ішкі бағалау жүргізуді көздейді). Жыл сайынғы өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі ІАҚ қызметін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді.

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**

**Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды**

**Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

**Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты**

демдесу;

2) Компанияның сыртқы аудиторымен, сондай-ақ тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару саласында кеңес беру қызметтерін көрсететін тұлғалармен қызметті үйлестіру;

3) Белгіленген тәртіп шеңберінде Компанияның ішкі аудитін жүргізу;

4) ішкі аудит қызметі жұмысының нәтижелері және (жылдық) аудиторлық жоспарды орындау туралы мерзімді есептерді (оның ішінде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындаудың елеулі тәуекелдері, кемшіліктері, нәтижелері мен тиімділігі туралы, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйесінің нақты жай-күйін, сенімділігі мен тиімділігін бағалау нәтижелері туралы ақпараттарды қамтитын есептерді) дайындау және Директорлар кеңесіне және Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетке ұсыну;

5) Компания Басқармасы мүшелерінің және оның қызметкерлерінің сақталуын тексеру тарапынан инсайдерлік ақпаратқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске, этикалық талаптарды сақтауға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының ережелері мен ішкі құжаттарды сақтауын тексеру;

6) сыртқы аудитор ұсынымдарының орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

7) Директорлар кеңесі бекіткен ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды, корпоративтік басқаруды және ішкі аудитті ұйымдастыру және жетілдіру және ішкі аудитті ұйымдастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ оған ішкі аудит қызметінің құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша жұмыс жоспары-



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты</b>		
<p>ның шеңберінде консультациялар беру.</p> <p>Ішкі аудит қызметі, оның басшысы мен қызметкерлері қызметінің тиімділігін бағалауды Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің есептерін қарау, (жылдық) аудиторлық жоспарды орындау және есептілікті ұсыну мерзімдерін сақтау, есептердің Ішкі аудит қызметінің стандарттары мен ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестігін бағалау негізінде жүзеге асырады.</p>		
<p>Компанияның ағымдағы қызметіне басшылықты Басқарма жүзеге асырады. Басқарма Төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және тұлғалық мінездемелерге, адал іскерлік беделге ие және этикалық стандарттарды ұстанады. Басқарма Төрағасы жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерге ие, Жалғыз акционермен белсенді өзара әрекеттестікте жұмыс істейді және Директорлар кеңесімен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тараптармен сындарлы диалог құрады. Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Компанияның күнделікті қызметіне басшылық жасайды, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады</p>	Сақталады	<p>Компанияда алқалы атқарушы орган - Басқарма жұмыс істейді.</p> <p>Басқарманың жұмысы Компанияның міндеттерін орындауға және Компанияның даму стратегиясын іске асыруға бағытталған.</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесінің 30.06.2021 жылғы шешіміне (№7 хаттама) сәйкес Компания Басқармасының сандық құрамы бекітілді - 5 бірлік.</p> <p>31.12.2021 ж. жағдай бойынша Компания Басқармасының құрамына мыналар кірді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Прашев А. Г. – Басқарма Төрағасы;</li> <li>2. Қарнақова Н. Ш. - Басқарма Төрағасының Орынбасары;</li> <li>3. Әшірбеков А. Б. - Басқарма Төрағасының Орынбасары;</li> <li>4. Сейтжанов А. Б. - Басқарма Төрағасының Орынбасары;</li> <li>5. Қайыржұбан Д. С. – Басқарма Төрағасының Орынбасары.</li> </ol> <p>Компанияның Басқарма Төрағасы мен мүшелері жоғары кәсіби және тұлғалық қасиеттерге, мінсіз іскерлік беделге ие және жоғары этикалық стандарттарды ұстанады. Басқарма Төрағасы А. Г. Прашев жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерге ие, Жалғыз акционермен белсенді өзара әрекеттестікте жұмыс істейді және Директорлар Кеңесімен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тараптармен сындарлы диалог құрады.</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты</b>		
<p>Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерін (Басқарма Төрағасын қоспағанда) сайлайды, өкілеттік мерзімдерін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, олардың еңбегіне ақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындайды. Басқарма құрамына үміткерлерді іздеу және іріктеу, олардың сыйақысын анықтау процесінде Компанияның Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті басты рөл атқарады. Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің қарауына, Басқарма құрамына сайлауға кандидаттар жөніндегі ұсыныстарды Басқарма Төрағасы енгізеді. Директорлар кеңесі Басқарма басшысы Басқарма құрамына бір бос лауазымға екінші рет ұсынған кандидаты қабылдамаған жағдайда, осы бос лауазымға кандидат бойынша ұсыныс енгізу Директорлар кеңесіне өтеді. Директорлар кеңесі Басқарма мүшелерінің (Басқарма Төрағасын қоспағанда) өкілеттіктерін кез келген уақытта тоқтата алады. Компанияның Басқарма мүшелерін үш жылға дейінгі мерзімге сайлау ұсынылады. Басқарма Төрағасының және Басқарма мүшелерінің өкілеттік мерзімдері жалпы Басқарма өкілеттігінің мерзімімен сәйкес келеді. Компанияның Басқарма мүшелерінің тағайындау және сыйақы беру процестерінің ашықтығын арттыру үшін Директорлар кеңесіне Компания Басқармасы мүшелерін тағайындаулар, сыйақылары, бағалау және сабақтастығы жөніндегі ережелерді бекіту және қатаң сақтау ұсынылады.</p>	Сақталады	<p>Компанияның Басқарма мүшелерін сайлау процестері Компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 28 наурыздағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген Басқарма туралы ережемен реттеледі.</p> <p>Компания Басқармасының қазіргі құрамының өкілеттік мерзімі Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен 30.07.2022 жылға дейін белгіленген (30.07.2019 жылғы № 7 хаттама).</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№7 хаттама) Компания Басқармасының құрамы 5 мүше болып белгіленген.</p> <p>Компанияның Басқарма мүшелеріне сыйақы беру процестері Компанияның Директорлар кеңесінің 30.09.2021 жылғы шешімімен (№11 хаттама) бекітілген Компанияның басшы қызметкерлерінің ақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы төлеу қағидаларымен реттеледі.</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты</b>		

Басқарма бетпе-бет отырыстар өткізеді және даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін және операциялық қызметті іске асыру мәселелерін талқылайды. Басқарма отырыстары тұрақты негізде өткізіледі. Сырттай отырыстар өткізу жағдайлары шектеулі және Компанияның Жарғысы мен ішкі құжаттарында айқындалған.

Басқарма күнтізбелік жылдың басына дейін сұрақтар тізімімен алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады. Басқарма мүшелері тиісті сападағы қарауға арналған материалдармен алдын ала қамтамасыз етіледі. Даму стратегиялары және/немесе даму жоспарлары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыстар өткізуге жол беріледі. Әрбір мәселені қарау кезінде жеке талқылау, шешім қабылдауға/ қабылдамауға және олардың Компанияның рентабельді қызметіне әсерлеріне байланысты тәуекелдерге арналады. Басқарма бастамасымен Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын барлық мәселелерді алдын ала Басқарма қарайды және мақұлдайды. Басқарма Төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысына байланысты жағдайдың туындауына жол бермейді.

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, олар бұл туралы мұны жазбаша тіркеу және сұрақ бойынша шешім қабылдауға қатыспау қажеттілігі туралы Директорлар кеңесін не Басқарма Төрағасын алдын ала хабардар етеді. Басқарма Төраға-

Сақталады

Компания Басқармасының 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 1 шешімімен Басқарманың жұмыс жоспары бекітілді.

Компания Басқармасының 2021 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізу үшін ұсынылатын мәселелер тізбесі анықталды. Жұмыс жоспарында Компанияның ішкі нормативтік құжаттарын бекіту, Директорлар кеңесін шақыруға бастамашылық ету, негізгі құралдарды есептен шығару мәселелері және өзге де мәселелер көрсетілген.

2021 жыл ішінде Компания Басқармасының 36 отырысы өткізілді, барлығы бетпе-бет тәртіпте, отырыстар тұрақты негізде – айдың әр онкүндігінде өткізілді.

Басқарма туралы ережеге сәйкес, шешім жобаларына бастамашы департаменттің басшысы, құқық департаментінің басшысы шешім жобасының заңнама талаптарына сәйкестігі мәніне және оларға жетекшілік ететін басшылар, тәуекел-менеджментін жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің басшысы Компанияның тәуекелдерді басқару саясатына сәйкестігі мәніне міндетті түрде бұрыштама қояды.

Бұдан басқа, Компания Жарғысының 85-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ішкі аудит қызметі, корпоративтік хатшы, комплаенс қызметі, омбудсмен мәселелерін қоспағанда, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау Басқарма құзыретіне жатады.

Компанияның мақсаттары мен міндеттері Компанияның миссиясына сәйкес келуі керек және Компанияның тәуекел тәбетімен келісілуі керек. Тәуекел-менеджменті департаменті Басқарма және басқа да уәкілетті органдар шешімінің жобасын келісу кезінде тәуекел деңгейімен мөлшерленген шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етеді. ТМД уәкілетті орган шешімінің жобасын келісу кезінде шешім жобасының Компанияның бекітілген тәуекел тәбет деңгейіне сәйкестігі / сәйкессіздігі фактісінің болуын тексереді.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты</b>		

сы мен мүшелері Директорлар кеңесінің мақұлдауымен ғана басқа ұйымдарда лауазымдарды атқара алады. Басқарма Төрағасы басқа заңды тұлғаның басқарма басшысы лауазымын атқармайды.

Басқарма алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастырады күнтізбелік жылдың басына дейін сұрақтар тізімімен. Басқарма мүшелері тиісті сападағы қарауға арналған материалдармен алдын ала қамтамасыз етіледі. Даму стратегиялары және/немесе даму жоспарлары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарау кезінде бірнеше отырыстар өткізуге жол беріледі. Әрбір мәселені қарау кезінде жеке талқылау байланысты тәуекелдерге арналады шешім қабылдаумен/қабылдамаумен және олардың компанияның рентабельді қызметіне әсер етуімен. Басқарма бастамасымен шығарылатын барлық мәселелер Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына Басқарма алдын ала қарайды және мақұлдайды. Басқарма Төрағасы мен мүшелері мүдделер қақтығысына байланысты жағдайдың туындауына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, олар бұл туралы Директорлар кеңесін не басқарма төрағасын алдын ала хабардар етеді, мұны жазбаша тіркеу және шешім қабылдауға қатыспау қажеттілігі туралы сұрақ бойынша. Басқарма Төрағасы мен мүшелері Директорлар кеңесінің мақұлдауымен ғана басқа ұйымдарда лауазымдарды атқара алады. Басқарма Төрағасы басқа

Сақталады

2021 жыл ішінде Компания Басқармасының 36 отырысы өткізілді, барлығы көзбе-көз тәртіпте, отырыстар тұрақты негізде – айдың әр онкүндігінде өткізілді.

Басқарма туралы Ережеге сәйкес, шешім жобаларына бастамашы департаменттің басшысы, құқықтық департаменттің басшысы шешім жобасының заңнама талаптарына сәйкестігі мәніне және оларға жетекшілік ететін басшылар, тәуекел-менеджментін жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшенің басшысы компанияның тәуекелдерді басқару саясатына сәйкестігіне міндетті түрде бұрыштама қояды.

Бұдан басқа, компания Жарғысының 85-тармағының 1) тармақшасына сәйкес ішкі аудит қызметі, корпоративтік хатшы, комплаенс қызметі, омбудсмен мәселелерін қоспағанда, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесіне шығарылатын мәселелерді алдын ала қарау Басқарма құзыретіне жатады.

Компанияның мақсаттары мен міндеттері компанияның миссиясына сәйкес келуі керек және компанияның тәуекелге тәбетімен келісілуі керек. Тәуекел-менеджмент департаменті басқарма және басқа да уәкілетті органдар шешімінің жобасын келісу кезінде тәуекел деңгейімен мөлшерленген шешімдердің қабылдануын қамтамасыз етеді. ДРМ уәкілетті орган шешімінің жобасын келісу кезінде шешім жобасының компанияның тәуекел дәрежесінің бекітілген деңгейіне сәйкестігі / сәйкес еместігі фактісінің болуын тексереді.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқару қағидаты</b>		
<p>заңды тұлғаның басқарма басшысы лауазымын атқармайды.</p> <p>Басқарма Төрағасы мен мүшелерін Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі қойылған ҚТК-не қол жеткізу болып табылады. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің уәждемелік ҚТК Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді. Басқарма мүшелерінің уәждемелік ҚТК бөлігіндегі ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қаруына Басқарма Төрағасы енгізеді. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді. Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің еңбегіне ақы төлеу тұрақты және ауыспалы бөліктен құралады. Лауазымдық жалақыны белгілеу кезінде орындалатын міндеттердің күрделілігі, қызметкердің жеке қызыреттері және оның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі, осы тұлғаның Компанияның дамуына қосқан үлесі, ұқсас компаниялардағы лауазымдық жалақылардың деңгейі, Компаниядағы экономикалық жағдай назарға алынады. Еңбек шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сыйақы Компанияның Директорлар Кеңесі бекіткен ішкі құжаттарға сәйкес төленеді.</p>	Сақталады	<p>Компания Жарғысының 37-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Компанияның Директорлар Кеңесінің айрықша қызыретіне Компанияның Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне лауазымдық айлық мөлшерін және еңбекақы, сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау жатады. Компанияның Басқарма Төрағасы мен мүшелерін жыл сайын Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі критерийі Компания қызметінің ерекшелігін ескеретін қызметтің корпоративтік және функционалдық түйінді көрсеткіштерінен тұратын Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің қойылған түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу болып табылады және түйінді қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді қамтиды. ҚТК Компанияның стратегиялық мақсаттарын каскадтау жолымен және белгілі бір лауазымға/ басшы қызметкерге бекітілген қызырет саласы негізге алына отырып әзірленеді және белгіленген тәртіппен Компанияның Директорлар кеңесінің бекітуіне шығарылады. 2021 жылға арналған ҚТК карталары Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 30 қыркүйектегі шешімімен (№11 хаттама) бекітілді.</p>
<b>Тұрақты даму қағидаты</b>		
Компания мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңы-	Сақталады	Компанияның тұрақты даму саласындағы басқару жүйелерін құруда ұстануы тиіс негіз қалаушы нормаларды, қағидаттарды, қағидалар мен тәсілдерді айқындау мақсатында Компанияда Директорлар кеңесі 2021 жылғы 30 маусымда (№7 хаттама)

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Тұрақты даму қағидаты</b>		
<p>здылығын түсінеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Компанияның тұрақты дамуына ықпал ететін болады. Компания қызметтің рентабельділігіне ұмтылады, тұрақты дамуды қамтамасыз етеді, мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтайды. Компания өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға әсер етеді немесе олардың өзіне әсерін сезінеді. Тұрақты даму саласындағы қызметі үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Мүдделі тараптар Компанияның қызметіне, атап айтқанда рентабельділікке жетуге, орнықты дамуға, бедел мен имиджге, тәуекелдерді құруға немесе төмендетуге оң да, теріс те әсер етуі мүмкін. Компания мүдделі тараптармен тиісінше өзара іс-қимылға үлкен мән береді.</p>		<p>ҚазАгроҚаржының тұрақты даму саласындағы саясатын (бұдан әрі – ТД саясаты) әзірледі және бекітті. Тұрақты даму саласындағы міндеттерді шеше отырып, Компания өзінің миссиясына, Компания мен Холдингтің Даму стратегиясына сүйенеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарда бекітілген халықаралық мінез-құлық нормалары мен қағидаттарын пайдаланады. Компания тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарды пайдалануды өз қызметінің үздік халықаралық тәжірибеге сәйкестігін қамтамасыз етудің және тұрақты даму саласында мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің қажетті шарты ретінде қарайды. Компания Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Компания мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға әсерінің маңыздылығын түсінеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Компанияның тұрақты дамуына ықпал етеді. Ашықтық, есеп берушілік, айқындық, әдепті мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу тұрақты даму саласындағы қағидаттар болып табылады. Жалпы, бұл қағидаттарды Компания қолданады және сақтайды. Тұрақты дамудың табысты және тиімді саясатын жүргізу үшін Компанияда мүдделі тараптармен өзара іс-қимылға лайықты көңіл бөлінеді. Мүдделі тараптардың тізбесін, олардың ықпал ету дәрежесін және Компания мүдделеріне әсер ету дәрежесін айқындау мақсатында Басқарманың 2021 жылғы 1 қазандағы №25 шешімімен Компа-</p>



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
Тұрақты даму қағидаты		<p>нияның стейкхолдерлерінің картасы бекітілді.</p> <p>Мүдделі тараптармен өзара іс-қимылдың негізгі формалары мыналар: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, ынтымақтастық туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбаттар және т. б.</p> <p>Компанияның мүдделі тараптармен өзара іс-қимылды ұйымдастыру процесі Компания қызметін басқару процесінің барлық сатыларында мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және мүдделі тараптарды маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, ықтимал тәуекелдер мен жауапкершілік шектерін талқылауға тартуды көздейтін қатыстырушылық қағидатына, негізделген.</p>
<p>Компания ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісімділігін қамтамасыз етеді. Компаниядағы тұрақты даму үш құрамдас бөліктен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.</p> <p>Экономикалық құрамдас бөлігі Компанияның қызметінің рентабельділігіне, Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз етуге, процестердің тиімділігін арттыруға, Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешеніндегі инвестициялардың өсуіне бағыттайды.</p> <p>Экологиялық құрамдас бөлігі биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуға, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануға, экологиялық, энергия және материал үнемдегіш технологиялары қолдануға ықпал етеді.</p> <p>Әлеуметтік құрамдас бөлігі әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, басқаларымен қатар оның ішінде, еңбек қауіпсіздігін</p>	Сақталады	<p>Компаниядағы тұрақты даму ТД саясатына сәйкес жүзеге асырылады және үш құрамдас санаттан тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.</p> <p>Компанияның тұрақты дамуының экономикалық құрамдас бөлігі келесі мақсаттарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Компания қызметінің шығынсыздығы;</li> <li>2) Жалғыз акционер мен инвесторлардың мүдделерін қамтамасыз ету;</li> <li>3) процестердің тиімділігін арттыру;</li> <li>4) ауыл шаруашылығындағы инвестицияларды өсіру;</li> <li>5) жаңа жұмыс орындарын құру.</li> </ol> <p>Компанияның тұрақты дамуының экологиялық құрамдас бөлігі келесі мақсаттарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайту;</li> <li>2) шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану;</li> <li>3) экологиялық, энергия және материалды үнемдегіш технологияларды қолдану.</li> </ol> <p>Компанияның тұрақты дамуының әлеуметтік құрамдас бөлігі келесі мақсаттарды қамтиды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық рәсімдер мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету;</li> <li>2) әділ сыйақы беру және қызметкерлердің құқықтарын сақтау;</li> </ol>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
Тұрақты даму қағидаты		<p>3) еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау;</p> <p>4) қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту;</p> <p>5) ішкі және сыртқы әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру.</p>
<p>қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау, әділ сыйақы және қызметкерлердің құқықтарын сақтау, персоналды жеке дамыту, қызметкерлерге арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізу.</p> <p>Компания осы үш аспект бойынша өз қызметіне және тәуекелдеріне талдау жүргізеді, сондай-ақ өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға жағымсыз әсеріне жол бермеуге немесе төмендетуге тырысады.</p>	Сақталады	<p>Компанияда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылуда, ол келесі элементтерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Директорлар кеңесі, Басқарма және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділік;</li> <li>2) ішкі және сыртқы ахуалды үш құрамдас (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша талдау;</li> <li>3) тұрақты даму саласындағы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тәуекелдерді айқындау;</li> <li>4) мүдделі тараптардың картасын жасау;</li> <li>5) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда, тұрақты дамуды негізгі процестерге, сондай-ақ даму стратегиясына және шешімдер қабылдау процесіне біріктіру;</li> <li>6) тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚТК айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғалар</li> </ol> <p>ТД саясаты тұрақты даму саласындағы басқару жүйесін құру кезінде негіз қалаушы қағидаттар мен тәсілдерді айқындайды.</p> <p>Компанияның тұрақты даму саласындағы міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) түйінді бизнес-процестерге және корпоративтік шешім қабылдау жүйесіне тұрақты даму қағидаттарын дәйекті енгізу;</li> <li>2) тұрақты даму саласында оның үш құрамдас бөлігі бөлінісінде қызметке талдау жүргізу және тәуекелдерді бақылау;</li> <li>3) жүйелі жұмысты ұйымдастыру есебінен тұрақты дамуды басқару сапасын арттыру;</li> <li>4) тұрақты даму саласындағы қызмет нәтижелері туралы тұрақты ақпараттандыруды қоса алғанда, Компанияның мүдделі тараптармен тиімді өзара іс-қимыл тетіктерін құру.</li> </ol> <p>Компанияның тұрақты даму мәселелеріне деген көзқарасы Компанияның мүдделерлері мен стратегиялық жоспарларының тұрақты даму және барлық мүдделі тараптарға қатысты адал және жауапты мінез-құлық қағидаттарын сақтау саласындағы негізгі</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Тұрақты даму қағидаты</b>		
<p>ды айқындау; 7) лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің тұрақты даму саласындағы біліктілігін арттыру; 8) тұрақты даму саласында іс-шаралардың тұрақты мониторингі және оларды бағалау, мақсаттарға және ҚТК-не қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсарту мәдениетін енгізу. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы тұрақты даму саласында тиісінше жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді. Барлық деңгейдегі барлық қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады.</p>		<p>қағидаттармен келісілгендігіне негізделген.</p>
<p>Компания тұрақты даму саласында мыналар арқылы іс-шаралар жоспарын әзірлеуде: 1) үш негізгі сала: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салалар бойынша ағымдағы ахуалды талдау арқылы; осы талдауды жүргізу кезінде ақпараттың анықтығы, уақтылығы және сапасы маңызды болып табылады; 2) тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау арқылы; тәуекелдер тұрақты дамудың үш бағытына сәйкес бөлінеді, сондай-ақ аралас бағыттарға әсер етуі және басқа да тәуекелдерді қамтуы мүмкін. Тәуекелдерді анықтау үшін Компанияға әсер етудің ішкі және сыртқы факторларына талдау жүргізіледі; 3) мүдделі тараптарды және олардың қызметке әсерін айқындау арқылы; 4) мақсаттарды, сондай-ақ мүмкіндігінше нысаналы көрсеткіштерді, үш құрамдас бөлік бойынша жауапты</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Басқарманың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы №36 шешімімен ҚазАгроҚаржы-ның 2022 жылға арналған Орнықты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді. Жоспар компанияның орнықты даму саласындағы озық халықаралық практиканы ұстануға ұмтылудағы бастамаларын көрсетеді. Жоспарға орнықты дамудың үш құрамдас бөлігі (экономикалық, экологиялық) бойынша іс-шаралар кіреді. және әлеуметтік). Жоспарды іске асыру шеңберінде энергиямен жабдықтау мәдениетін арттыру, энергия тұтынуды азайту, қағаз құжат айналымын оңтайландыру, оқытылған қызметкерлерді қамтуды ұлғайту және басқа да бірқатар іс-шаралар көзделген. Компания тұрақты даму қағидаттарын жаңа даму стратегиясына біріктіруді жоспарлап отыр.</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Тұрақты даму қағидаты</b>		
<p>тұлғалардың қызметін, қажетті ресурстарды және орындау мерзімдерін жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды айқындау арқылы; қызметті жетілдіру; 5) мақсаттарды, нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу іс-шараларын іске асыруды тұрақты мониторингтеу және бағалау арқылы; 6) мүдделі тараптармен жүйелендірілген және сындарлы өзара іс-қимыл жасау, кері байланыс алу арқылы; 7) қалыптастырылған жоспарды іске асыру арқылы; 8) тұрақты мониторинг және жүйелі есептілік арқылы; 9) жоспардың нәтижелілігін талдау және бағалау, қорытындылар шығару және түзету және жақсарту шараларын қабылдау арқылы. Тұрақты дамуды мыналарға біріктіру ұсынылады: 1) басқару жүйесіне; 2) даму стратегиясына; 3) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды (ұзақ мерзімді (стратегия), орта мерзімді) (5 жылдық даму жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдер), есептілік, тәуекелдерді басқару, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, операциялық қызмет және басқаларды қоса алғанда, түйінді процестерге, сондай-ақ органдардан (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, Басқарма) бастап, және қатардағы қызметкерлермен аяқтай отырып, барлық деңгейлердегі шешімдерді қабылдау процестеріне.</p>		

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты</b>		

Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі жұмыс істейді, ол Компанияның өзінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуінде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және төмендегілерді қамтамасыз ету үшін Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы құрған ұйымдастыру саясаттарының, рәсімдерінің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығын білдіреді:

- 1) Компания қызметінің рентабельділігі, стратегиялық мақсаттары мен олармен бірге жүретін тәуекелдер арасындағы оңтайлы теңгерім;
- 2) Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуін;
- 3) Компания активтерінің сақталуын және ресурстарының тиімді пайдаланылуын;
- 4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің сенімділігін және анықтығын;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Компанияның ішкі құжаттары талаптарының сақталуын;
- 6) алаяқтықтың алдын алу және негізгі және қосалқы бизнес-процестердің жұмыс істеуіне тиімді қолдауды қамтамасыз ету және қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылауды.

Сақталады

Компанияда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелері жұмыс істейді, олар Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізуінде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған өзара байланысты компоненттердің (ұйымдастыру саясаттары, рәсімдері, әдістері, тетіктері, мінез-құлық және іс-қимыл нормалары және т.б.) жиынтығын білдіреді.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару тұрақты, серпінді және үздіксіз процесс болып табылады және келесі схемаға сәйкес компоненттерден тұрады: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторинг.

Тоқсан сайынғы негізде Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу қабілетіне сыни әсер ететін тәуекелдер тіркелімі мен картасын өзектендіру жүргізіледі.

Ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін бағалауды жүргізеді.

2021 жылы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін бағалау КPMG-дан сыртқы кеңесшілермен жүзеге асырылды. Бағалау нәтижелері бойынша тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің қорытынды рейтингі 82% - ды құрады. 82%-ға бағалау «Жетілген» тиімділік деңгейіне сәйкес келеді және тәуекелдерді басқару жүйесінің элементтері «үздік тәжірибеге» сәйкес келеді және тәуекелдерді басқару жүйесі өте тиімді.

Компания тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін үнемі жетілдіріп отырады.

Ішкі бақылау жүйесі Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, басқарудың барлық деңгейлерін, Компанияның барлық ішкі процестері мен операцияларын қамтиды. Ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында Компанияда үш желілі қорғаныс құрылған:

- бірінші қорғаныс желісі, Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде Басқарма Төрағасының

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты</b>		

Компанияның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды осы жүйенің міндеттеріне сүйене отырып бекітеді. Компаниядағы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру, Компания қызметкерлерінің, менеджментінің, органдарының шешімдер қабылдауы кезін-

бұйрығымен Компания қызметкерлері қатарынан ішкі бақылаушылар тағайындалады;

- екінші қорғаныс желісі, Компанияның бақылау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;

- үшінші қорғаныс желісі Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау арқылы ішкі аудит қызметімен қамтамасыз етіледі.

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ҚазАгроҚаржының ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің 2019-2021 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары іске асырылды. 2021 жылға арналған Жоспардың орындалуы туралы есеп Директорлар кеңесінің 30.03.2022 жылғы № 3 шешімімен бекітілген. Директорлар кеңесінің 23.12.2021 жылғы №15 шешімімен Компания ҚазАгроҚаржының ішкі бақылау жүйесін жетілдірудің 2022-2024 жылдарға арналған жоспарын бекітті. Жоспар бес компонент бойынша іс-шараларды қамтиды: бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат және коммуникациялық арналар, мониторинг.

Сонымен қатар, Компанияның ішкі аудит қызметі белгіленген кезеңділікпен ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалауды жүргізеді, осылайша, 2021 жылдың екінші тоқсанында тиімділікті бағалау нәтижелері бойынша аудиторлық топ тиімділік рейтингін «орташадан жоғары» деп анықтады, бұл өте жоғары көрсеткіш болып табылады.

Сақталады

Компанияның Директорлар кеңесі келесі ішкі құжаттарды бекітті: Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама); Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі мақсаттары: тиімді кешенді жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру болып табылады;



**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**

**Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды**

**Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**

де тәуекелдер деңгейінің ақылға қонымдылығы мен қолайлылығын түсінуді қамтамасыз етуге, тәуекелдерге жылдам ден қоюға, негізгі және қосалқы бизнес-үдерістер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ кез келген елеулі кемшіліктер туралы тиісті деңгейдегі басшылықты дереу хабардар етуге қабілетті басқару жүйесін құруға бағытталған.

Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдері мыналарды көздейді:

1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін айқындау;

2) шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерін қамти отырып және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау процесіндегі тиісті деңгейдің рөлін ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымын;

3) тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыруға қойылатын негізгі талаптар (тәуекелдерді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау, мониторинг және басқалар);

4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптар (ішкі бақылау жүйесінің негізгі салалары мен негізгі компоненттерінің сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділік пен есептілікті бағалау тәртібі және басқалар).

Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында шоғырландырылған негізде тәуекелдерді басқару және ішкі

Компания қызметінің ауқымына бара-бар қолайлы тәуекелдерді Компанияның қабылдауын қамтамасыз ету. Компанияда тәуекелдерді басқару тұрақты, үздіксіз процесс болып табылады және алқалы органдарды, уәкілетті органдарды, құрылымдық бөлімшелерді және Компания қызметкерлері тарта отырып, барлық деңгейлерде жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат ҚазАгроҚаржының ішкі бақылау жүйесі туралы саясат (Компанияның Директорлар кеңесінің 06.09.2019 жылғы № 9 шешімімен бекітілген).

Саясат ішкі бақылау жүйесі ұғымдарын, мақсаттары мен міндеттерін, оның жұмыс істеу қағидаттарын, ішкі бақылау рәсімдерінің негізгі салалары мен негізгі компоненттерін, сондай-ақ ішкі бақылау субъектілерінің Компанияның ішкі бақылау жүйесі процедураларын орындау және бағалау бойынша құзыреті мен жауапкершілігін анықтайды, және.

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясаттың негізгі мақсаты үш негізгі сала бойынша қойылған міндеттерге қол жеткізу болып табылады:

- операциялық қызмет;  
- қаржылық есептілікті дайындау;  
- нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау.

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясат басқару және Компания қызметінің барлық деңгейлеріндегі лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге, құрылымдық бөлімшелерге, сондай-ақ ішкі бақылаудың басқа да қатысушыларына және мүдделі тараптарға қатысты қолданылады.

Бұдан басқа, Компанияда ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін айқындау мақсатында Компанияның Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидалары бекітілді. Компания алдағы уақытта да ішкі бақылау жүйесін дамытуды және оның тиімді жұмыс істеуін жалғастыра бермек.

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері**

**Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды**

**Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар**

**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**

бақылау жүйесінің тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету бойынша Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасының жауапкершілігі бекітілген

Компанияның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің тиісті қаралуын қамтамасыз етеді.

Компания Басқармасы тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуін қамтамасыз етеді.

Басқарма:

1) Директорлар Кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;

2) өзіне бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін іс жүзінде іске асыру және үздіксіз жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесі шешімдерінің және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саласындағы аудит және тәуекелдер жөніндегі комитеті ұсыныстарының орындалуына жауап береді;

4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мониторингін жүзеге асырады;

5) бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестері мен рәсімдерінің жетілдірілуін қамтамасыз етеді.

Ішкі бақылау қағидаттарын

Сақталады

Құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерде, лауазымдық нұсқаулықтарда және бизнес процестерді регламенттеу кезінде лауазымдық міндеттерді орындау үшін рөлдер мен жауапкершілік регламенттеледі. Басқару органы (Директорлар кеңесі) және Атқарушы орган (Басқарма) деңгейінде шешімдер қабылдау өкілеттіктері айқындалды, Атқарушы органның комитеттері немесе жеке-леген мүшелері деңгейінде өкілеттіктер қосымша берілді.

Өкілеттіктер шеңберінде мәселелерді қарау кезінде құрылымдық бөлімшелермен-сарапшылармен және/немесе бизнес-процесс шеңберінде міндетті құрылымдық бөлімшелермен алдын ала келісу көзделген.

Келісу нәтижелері бойынша қажет болған жағдайда сараптамалық қорытынды дайындалады.

Лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес Компания қызметкерлері өз құзыреті шеңберінде тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға және басқаруға жауапты болады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі есептілікті ұсыну тәртібі мен нысандарын, тәуекелдердің негізгі түрлерін басқару процесіне қатысушылардың міндеттері, функциялары мен жауапкершілігін, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шараларды және тәуекелдерді басқару процесінің басқа да құрамдас бөліктерін қоса алғанда, тәуекелдерді басқару процесінің әдістері мен рәсімдерінің сипаттамасы Компанияның уәкілетті органдары өздерінің құзыретіне сәйкес бекіткен ішкі құжаттарында ұсынылған.

Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидаларының 10-тармағына сәйкес

Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде бірінші қорғаныс желісінде ішкі бақылауды жүзеге асыру

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**

іске асыру және тәуекелдерді басқару және ішкі ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Компания Басқармасы төмендегі деңгейдегі басшылар және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшылары арасында тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттер мен жауапкершілікті бөледі. Құрылымдық бөлімшелердің басшыларыөзінің функционалдық міндеттеріне сәйкес Компания қызметінің өздеріне сеніп тапсырылған функционалдық салаларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, құжаттауға, енгізуге, мониторингтеуге және дамытуға жауапты болады.

мақсатында Басқарма Төрағасының 11.05.2021 жылғы № 76 бұйрығымен Компания қызметкерлері қатарынан ішкі бақылаушылар тағайындалды. Ішкі бақылау жүйесі туралы саясатты іске асыру қағидаларының 33-тармағына сәйкес бақылау функцияларын жүзеге асыратын ішкі бақылаушылар мен құрылымдық бөлімшелердің ұсынған есептері негізінде, Басқарманың 29.12.2021 жылғы № 36 шешімімен 2021 жылдағы ішкі бақылау жүйесінің анықталған бұзушылықтары мен кемшіліктері жөніндегі Жиынтық есеп бекітілді. Басқарманың 29.12.2021 жылғы №36 шешімімен Компанияда ішкі бақылауды 1-ші және 2-ші қорғаныс желілерінің құрылымында бес компоненттің әрқайсысы бөлінісінде (бақылау ортасы, тәуекелдерді бағалау, бақылау рәсімдері, ақпарат және коммуникациялық арналар, мониторинг) ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне әсер ететін факторларды талдау мен бағалауды қамтитын бақылау рәсімдерін қарау мен бағалауды көздейтін ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі бекітілді. Сондай-ақ, Әдістеме Компанияның ішкі бақылау жүйесін жыл сайынғы үздіксіз бағалауды (өзін-өзі бағалауды) жүзеге асыру үшін қолданылады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингтеу рәсімдерін, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шаралар қабылдауды көздейді жүргізу. Тәуекелдерді басқару жөніндегі рәсімдер жаңа тәуекелдерге жылдам ден қоюды, оларды нақты сәйкестендіруді және тәуекел иелерін айқындауды қамтамасыз етеді. Компанияның бәсекелестік немесе экономикалық ортасында кез келген күтпеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер картасын және оның тәуекел тәбетке сәйкестігін қайта бағалау жүзеге асырылады.

Сақталады

Тәуекелдерді басқару саясаты (Компанияның Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 31 тамыздағы шешімімен бекітілген (№10 хаттама) тәуекелдерді басқару құрылымын, тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі компоненттерін анықтайды, тәуекелдерді басқару процесін жүзеге асыру кезінде жүйелі және дәйекті тәсілдемені қамтамасыз етеді. Компанияның Директорлар кеңесінің 23.12.2021 ж. № 15 шешімімен 2022 жылға арналған тәуекел тәбеті бекітілді. Компанияның Директорлар кеңесінің 23.12.2021 жылғы № 15 шешімімен 2022 жылға арналған тәуекелдің негізгі индикаторлары бекітілді. Компанияның Директорлар кеңесінің 22.02.2022 жылғы № 1 шешімімен 2022 жылға арналған Тәуекелдер тіркелімі және Тәуекелдер картасы бекітілді. АПБК-нің 2022 жылғы 31 наурыздағы № 10-2022 шешімімен ЕДБ-ға лимит-

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**

Директорлар кеңесі Компанияның ішкі құжаттарымен бекітілетін негізгі тәуекелдерге қатысты тәуекелге және төзімділік деңгейіне тәбеттің жалпы деңгейін бекітеді. Негізгі тәуекелдер бойынша төзімділік деңгейлері елеулі оқиғалар туындаған жағдайда қайта қаралады. Күнделікті қызметтегі тәуекелдерді шектейтін лимиттер белгіленеді. Тән тәуекелдерді толық және анық түсіну үшін Компанияда кем дегенде жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тіркелімінде, тәуекелдер картасында, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарында (процестерді жақсарту, барынша азайту стратегиясы) көрсетілетін тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі. Директорлар кеңесі тәуекелдер тіркелімі мен картасын қарау кезінде оларға стратегиялық міндеттерді іске асыруға шынымен әсер етуі мүмкін тәуекелдердің енгізілуін, ал тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау кезінде іс-шаралардың пайдалылығына көз жеткізілуін қамтамасыз етеді. Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқармасы негізгі тәуекелдер, Компанияның стратегиясы мен даму жоспарына әсері тұрғысынан оларды талдау туралы ақпаратты тұрақты түрде алып тұрады. Тәуекелдер жөніндегі есептер Директорлар кеңесінің отырысына тоқсанына кемінде бір рет шығарылады және тиісті түрде толық көлемде талқыланады.

тер бекітілді. Басқарманың 20.10.2021 жылғы № 27 шешімімен тәуекелдерді сәйкестендіру, мониторингтеу және басқару бойынша әдістерді, құралдар мен тәсілдерді регламенттейтін Компанияның Тәуекелдерді басқару қағидалары бекітілді..

Компанияда тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау жүйесінің және корпоративтік басқару тәжірибесінің тиімділігі мен сенімділігін жүйелі

Сақталады

ІАҚ тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау, сондай-ақ корпоративтік басқару жүйелеріне тұрақты бағалау жүргізеді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады.

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты</b>		
<p>түрде тәуелсіз бағалау үшін Ішкі аудит қызметі құрылды. Ішкі аудит қызметі өз қызметін Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелге бағдарланған (жылдық) аудиторлық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады. Аудиторлық есептердің нәтижелері, негізгі анықтаулар және тиісті ұсынымдар тоқсан сайын Директорлар кеңесінің қарауына шығарылады. Ішкі аудит қызметінің басшысы Компанияда қабылданған тәуекелдерді басқару тұжырымдамасын назарға алады, сондай-ақ Компания Басқармасымен және Аудит және тәуекелдер комитетімен кездескеннен кейін, қалыптасқан тәуекелдер туралы өзінің пікірін қолданады.</p>		<p>2021 жылы корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілді, оның нәтижелері бойынша корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар берілді, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігіне бағалау жүргізілді, оның нәтижелері бойынша да ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар берілді. Бұдан басқа, 2021 жылы аудиторлық тапсырмаларды орындау нәтижелері бойынша ішкі бақылау жүйесін (ІБЖ) бағалау мақсатында жүйелі бұзушылықтар мен қателіктер анықталды және ІБЖ мен тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар берілді. ІАҚ басшысы Компанияның стратегиялық мақсаттарына сәйкес ішкі аудиттің басымдықтарын айқындайтын тәуекелге бағдарланған жоспар жасайды. ІАҚ қызметінің нәтижелері туралы мерзімді есептілік рәсімдері белгіленді, көрсетілген есептілік шеңберінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктер туралы, сондай-ақ менеджмент қабылдаған тәуекелдер туралы ақпарат ұсынылады.</p>
<p>Компания тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді, ол сыртқы тұлға ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның Халықаралық қаржылық есептілік стандартының талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір ұсынады. Сыртқы аудиторды таңдау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Іріктеу кезінде конкурс өткізу мақсатында әзірленген біліктілік талаптарды және/немесе техникалық айрықшалауды келісетін Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің пікірі ескеріледі.</p>	Сақталады	<p>Компания тәуелсіз және білікті аудиторды тарту арқылы қаржылық есептіліктің жыл сайынғы аудитін жүргізеді, ол сыртқы тұлға ретінде мүдделі тараптарға қаржылық есептіліктің дұрыстығы және оның ХҚЕС талаптарына сәйкестігі туралы объективті пікір береді.</p>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты</b>		
<p>Компанияның Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, Компания қызметкерлері өздерінің кәсіби функцияларын акционерлердің және Компанияның мүддесінде, қайшылықтарға жоламай, адал және ақылға қонымды етіп орындайды. Корпоративтік қайшылықтар болған (туындаған) жағдайда қатысушылар Компания мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында оларды келіссөздер жолымен шешу жолдарын іздестіреді. Бұл ретте Компанияның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға және/немесе Омбудсменге қайшылықтың болуы (туындауы) туралы уақтылы хабарлайды. Корпоративтік қайшылықтардың алдын алу және реттеу бойынша жұмыстың тиімділігі осындай қайшылықтарды толық және тез арада анықтауды және Компанияның барлық органдарының іс-қимылдарын үйлестіруді көздейді.</p>	Сақталады	<p>2021 жылы мүдделер қайшылығына байланысты жағдаятқа жол беру жағдайлары Компанияда тіркелген емес.</p>
<p>Мүдделер қайшылығы Компания қызметкерінің жеке мүдделілігі қызметтік міндеттерін әділ орындауға әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдаят ретінде анықталады. Компания қызметкерлері не өзіне (өзімен байланысты тұлғаларға), не басқаларға қатысты мүдделер қаайшылығының туындауы ықтимал болатын жағдайға жол бермейді. Компания Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қайшылығын болдырмау мақсатында және Компанияның Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеу үшін оларға жол</p>	Сақталады	<p>Компанияда корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қайшылығының алдын алу және реттеу мақсатында сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылын үйлестіру мақсатында Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 04 қарашадағы шешімімен (№17 хаттама) Компаниядағы корпоративтік қайшылықтар мен мүдделер қайшылығын реттеу қағидалары бекітілді. Компанияның Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 23 ақпандағы (№2 хаттама) шешімімен бекітілген:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Компанияның іскерлік этика кодексі - корпоративтік (іскерлік) этиканың негізге алынатын құндылықтары мен қағидаттарын белгілейтін;</li> <li>2) Компанияның Омбудсмені туралы ереже – Омбудсмен институтының еңбек дауларын, қайшылықтар-</li> </ol>



Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты**

бермеу және оларды реттеу тетіктерін енгізуде. Мүдделер қайшылығын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Директорлар кеңесі бекітетін Компанияның іскерлік этика кодексінде бекітілген.

ды, әлеуметтік-еңбек сипатындағы проблемалық мәселелерді шешудегі, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің іскерлік этика қағидаттарын сақтаудағы функцияларын айқындайтын ереже жанжалдарды

**Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен объективтілігі қағидаттары**

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Компания Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жағдайын, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады. Ақпаратты ашу және қорғау қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттар, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпарат тізбесі, ақпаратты ашу мерзімдері, тәртібі, тәсілі, нысаны, функциялары көрсетіле отырып, жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелер бекітіледі. Коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратты қорғау мақсатында Компания Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпаратты қолжетімділік санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын айқындайды. Компания коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізу құқығы бар тұлғалар тобын айқындайды және оның құпиялылығын қорғау шараларын қолданады.

Ішінара сақталады

Компания өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 11 ақпандағы № 1 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржының қызметі туралы ақпаратты ашу саясатын басшылыққа алады, ол ақпаратты ашу мақсаттарын, қағидаттарын, нысандары мен тәсілдерін, коммерциялық қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындайды. Қаржылық есептілік депозитарийінің, Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында, Компанияның корпоративтік интернет-ресурсында ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері Басқарманың 2022 жылғы 06 сәуірдегі № 10 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржының қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықта (бұдан әрі - Ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулық) регламенттелген. Ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулық мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпарат тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, функциялары мен міндеттерін көрсете отырып, жауапты лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерді, сондай-ақ ақпаратты ашу процестерін реттейтін басқа да ережелерді көздейді. 2021 жылы заңнаманың және Ақпаратты ашу қағидаларының талаптарына сәйкес Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының корпоративтік оқиғалар, қаржылық есептілік туралы ақпаратты, үлестес тұлғалар туралы мәліметтерді және акционердің мүддесін қозғайтын өзге де ақпаратты

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
--	--	---

**Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен объективтілігі қағидаттары**

Интернет-ресурс навигацияны пайдалану үшін қолайлы, құрылымдалған болып табылады және мүдделі тұлғаларға Компанияның қызметін түсіндіру үшін жеткілікті ақпаратты қамтиды. Ақпараттың интернет-ресурстың жеке тақырыптық бөлімдерінде орналастырылуы ұсынылады. Интернет-ресурсты өзектендіру қажеттілігіне қарай, бірақ аптасына кемінде бір рет жүзеге асырылады. Компанияда интернет-ресурста орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне тұрақты негізде бақылау жүзеге асырылып тұрады, сондай-ақ интернет-ресурстың қазақша, орысша, ағылшынша нұсқаларында орналастырылған және ақпараттың сәйкестігі анықталды. Осы мақсатта интернет-ресурстағы ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне жауап беретін жауапты тұлғалар (құрылымдық бөлімше) бекітіледі.

Сақталады

ашу жүзеге асырылды. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан қор биржасының интернет-ресурсында 78 ақпараттық хабарлама, Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында-54 орналастырылды, оның ішінде екі оқиға бойынша (1 Жалғыз акционердің шешімі, 1 Директорлар кеңесінің облигациялар шығарылымы туралы шешімі) қаржылық есептілік депозитарийіне ақпаратты ұсыну мерзімі бұзыла отырып орналастырылған. Сондай-ақ, Компанияның www.kaf.kz корпоративтік интернет-ресурсында Компанияның қызметі, ұйымдық құрылымы, қаржыландыру өнімдері туралы толық ақпарат және басқа да маңызды ақпарат орналастырылды. Компанияда Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 25 қазандағы № 13 шешімімен бекітілген ҚазАгроҚаржының ақпараттық қауіпсіздік саясаты жұмыс істейді.

Компанияның (www.kaf.kz) корпоративтік сайты құрылымдалған және қолдануға ыңғайлы. Компания туралы жалпы ақпаратты, басшылық туралы мәліметтерді, қызмет нәтижелерін және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибесіне сәйкес басқа да ақпаратты қамтиды. Компанияның корпоративтік сайты өзектендіру тұрақты негізде, құрылымдық бөлімшелердің сұраныстары және деректердің өзектілігін бақылау негізінде жүзеге асырылады, ақпарат орыс, қазақ, ағылшын (қажет болған жағдайда) тілдерінде тең қолжетімділікте жарияланады. Компанияның корпоративтік сайты жетілдіру және жаңғырту қажеттілігіне қарай жүзеге асырылады. Компанияның корпоративтік сайты жүргізу тәртібі Ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықпен (№3, 3-1-қосымша) регламенттелген және корпоративтік сайттың бөлімдерін уақтылы жаңарту, толтыру және өзектендіру үшін жауапты құрылымдық бөлімшелерді айқындайды.

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері****Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды****Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар****Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен объективтілігі қағидаттары**

Компания жылдық есепті осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашудың үздік тәжірибесіне сәйкес дайындайды. Жылдық есепті Жалғыз акционер бекітеді. Жылдық есеп ұрылымдалған құжат болып табылады және қазақ, орыс және ағылшын (қажет болған жағдайда) тілдерінде жарияланады. Жылдық есеп дайындалады және Компанияның Жалғыз акционері бекіткеннен кейін интернет-ресурста орналастырылады.

126. Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар мынадай ақпараттың болуын барынша аз болжайды:

1) Компанияның Директорлар кеңесі Төрағасының алғы сөзін;

2) Басқарма Төрағасының алғы сөзін;

3) Компания туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналдық құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, біпақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналдық құны, Жаоғыз акционер туралы мәліметтер, оған тиесілі жай акциялардың саны, меншік құқығына иелік ету тәртібі туралы мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталдың құрылымы туралы, миссиясы; даму стратегиясы, оны іске асыру нәтижелері; нарыққа шолу және нарықтағы жағдай туралы ақпарат;

4) есепті жылдағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері: алға қойылған міндеттерге қатысты қызметті шолу және талдау; қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері; негізгі елеулі оқиғалар және жетістіктер; елеулі мәмілелер туралы ақпарат; мемлекеттен алынатын/алынған кепілдік-

Сақталады

Компания жыл сайынғы негізде қызмет қорытындылары бойынша Жалғыз акционер бекітетін Жылдық есеп дайындайды.

2021 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2021 жылғы 25 тамыздағы №43/21 шешімімен Компанияның 2020 жылғы Жылдық есебі бекітілді.

ҚазАгроҚаржының 2020 жылға арналған Жылдық есебі (бұдан әр і-Жылдық есеп)

Қазақстан қор биржасының бағалы қағаздарға рұқсат беру бастамашыларының Ақпаратты ашу қағидаларында, ҚазАгроҚаржының қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібі жөніндегі нұсқаулықта айқындалған құрылымға сәйкес, сондай-ақ жылдық есептерді қалыптастыру бойынша үздік тәжірибеге сәйкес (GRI (сәйкестіктің негізгі деңгейі) стандарттарына сәйкес) әзірленген.. Жылдық есепте ұсынылған ақпарат шынайы мәліметтерді ашады, Компания қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді және Компанияның корпоративтік басқару қағидаттарына бейілділігін көрсетеді.

Жылдық есеп «Қазақстан қор биржасы» АҚ интернет-ресурсында және Компанияның корпоративтік сайтында ([www.kaf.kz](http://www.kaf.kz)) «Есептілік» бөлімінде (<https://www.kaf.kz/about/reporting/>) орналастырылған.

**Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері****Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды****Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар****Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен объективтілігі қағидаттары**

терді және Компания өзіне қабылдаған мемлекет пен қоғам алдындағы кез келген міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген қаржылық қолдау (егер ХҚЕС сәйкес ашылмаса);

5) активтердің құрылымы, шолу, олардың қаржылық және өндірістік қызметінің негізгі қорытындылары;

6) болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар;

7) тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі;

8) корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлердің құрамы және иелену құрылымы; біліктілігін, іріктеу процесін қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттарын көрсете отырып, тәуелсіз директорлар туралы; Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің есепті кезеңдегі қызметінің қорытындылары көрсетілетін Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметі туралы есеп, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстар саны, отырыстар нысаны, келушілер саны; корпоративтік басқару тәжірибесінің осы Кодекстің қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат, ал ол сәйкес келмеген жағдайда, әр қағидатты сақтамау себептері туралы түсіндірмелер; Компания Басқармасының құрамы; Басқарма қызметі туралы есеп; лауазымды тұлғаларға сыйақы беру саясаты;

9) тұрақты даму;

10) аудитордың қорытындысы және ескертулерімен бірге қаржылық есептілік;

11) талдамалық көрсеткіштер мен жылдық есепке енгізілетін деректерде өткен

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен объективтілігі қағидаттары</b>		
<p>кезеңге қатысты салыстырмалы талдау мен қол жеткен прогресті (регресті) көрсету қажет (өткен жылдық есепте көрсетілген ұқсас көрсеткіштердің мәндерімен салыстыру). Көрсеткіштерді ұқсас салада жұмыс істейтін халықаралық деңгейдегі компаниялармен салыстыру мақсатында салалық бенчмаркинг-талдау жүргізуге мүмкіндік беретін қызмет көрсеткіштерін жариялау ұсынылады.</p>		
<p>Компания өзара тиімділік, құрмет, сенім, адалдық және әділдік негізінде іскерлік серіктестермен (клиенттер, инвесторлар, рейтингтік агенттіктер, консалтингтік компаниялар және т.б.) өзара әрекет жасайды. Компания заңды қызметпен айналысатын сенімді іскери серіктестермен ғана жұмыс істейді. Компания көрсетілетін қызметтердің/тауарлардың өнім берушілеріне заңнамаға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес көбінесе конкурстық негізде таңдайды. Компания іскерлік серіктестер алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды және олардан да соны талап етеді. Қызмет барысында туындайтын дауларды Компания келіссөздер жүргізе отырып және өзара қолайлы ымыраға келуге тырыса отырып, әрқашан заңды түрде шешеді. жүргізеді және.</p>	Сақталады	<p>ТД саясатына сәйкес Компанияның контрагенттерімен және инвесторлармен өзара әрекеттесу кезінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) жеткілікті дәрежеде қаржы жағдайы, дивидендтік саясат және кредиттік тарих туралы, сондай-ақ даму перспективалары туралы өзекті ақпаратты ашып көрсетеді;</li> <li>2) қаржылық және басқарушылық есептілік заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес уақтылы дайындалып, ұсынылады, бұл ретте, қаржылық есептілік тәуелсіз аудиторлардың тексеруінен өтеді;</li> <li>3) Жалғыз акционердің және басқа да мүдделі тұлғалардың (мемлекеттік органдардың) ықпалы туралы, сондай-ақ мүдделі тұлғалармен мәмілелерді бақылау және келісу тәртібі туралы ақпарат белгілі, ашық және қолжетімді;</li> <li>4) стратегиялық шешімдер қабылдауға тәсілдердің проактивті коммуникациясын жүзеге асырады;</li> <li>5) іскер әріптестері алдындағы өзінің келісімшарттық міндеттемелерін адал орындайды;</li> <li>6) ақпараттық айқындықты, ашықтықты, тең құқықтылықты, әділдікті, Қазақстан Республикасының заңнамасына қатаң сәйкестікте кемсітушіліктің және бәсекелестікті негізсіз шектеудің болмауын қамтамасыз етеді;</li> <li>7) әлемдік жетекші тәжірибеге сәйкес корпоративтік басқару және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру саласындағы қағидаттарды сақтайды. Клиенттермен және тұтынушылармен өзара әрекеттесу кезінде Компания:</li> </ol>

Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелері	Сақталады/ ішінара сақталады / сақталмайды	Корпоративтік басқару Кодексінің қағидаттары мен ережелерін іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
<b>Компания қызметі туралы ақпаратты ашудың айқындығы мен объективтілігі қағидаттары</b>		
		<ol style="list-style-type: none"> <li>1) тұтынушыларға қолжетімді қызметтерді көрсетеді;</li> <li>2) таралып кетуін және заңсыз пайдаланылуын қорғау мақсатында тұтынушы деректерін және коммерциялық ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;</li> <li>3) тұтынушылардың барлық топтарына кемсітусіз бірдей сападағы және бірдей қызмет көрсету деңгейіндегі қызмет көрсетеді;</li> <li>4) сервистің және халыққа қызмет көрсету сапасын арттыруға жәрдемдеседі, бұл клиенттерге қызмет көрсету стандарттарының жақсаруынан көрінеді;</li> <li>5) клиенттерге тұрақты негізде жұмыстың жаңа құралдары мен қағидаттары туралы ақпаратты жеткізіп отырады;</li> <li>6) өз мүмкіндіктері шегінде және қолжетімді нысандарда тұтынушылардың және өз клиенттерінің қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді. Компанияда тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алулар нақты уақыт режимінде жүргізіледі және қатысушыларға заңды іс-әрекеттерді электрондық-цифрлық қолтаңбамен куәландыра отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелер жасаудың электрондық форматына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Портал отандық өнім берушілерге Компанияның бәсекелі сатып алуларына қатысуға мүмкіндік береді. Сатып алулар eep.mitwork.kz Еуразиялық электрондық порталында жүзеге асырылады. Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі жыл сайын Компанияға ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг беру бойынша рейтингтік бағалау жүргізеді, мұқият талдау жүргізеді. Fitch Ratings бүкіл әлем бойынша 20 000-нан астам ұйымда 100 жылдан астам терең тәжірибесі бар.</li> </ol>







**KAZAGROFINANCE**

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК  
ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ  
АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІМЕН БІРГЕ

2021

**«ҚАЗАГРОҚАРЖЫ»**  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ


# МАЗМҰНЫ

<b>ТӘУЕЛСІЗ</b>	
<b>АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ</b>	<b>225</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК</b>	<b>232</b>
Қаржылық жағдай туралы есеп	233
Пайда мен зиян туралы есеп	235
Жиынтық кіріс туралы есеп	237
Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп	238
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	240
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР</b>	<b>243</b>
Қызмет сипаттамасы	244
Қаржылық есептілікті дайындау негізі	245
Есеп саясатының негізгі ережелері	245
Елеулі есептік пайымдаулар мен бағалаулар	257
Салыстырмалы көрсеткіштерді қайта жіктеу және қайта қарау	258
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	261
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	262
Клиенттерге берілген кредиттер	263
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	269
Қаржылық жалдауға арналған мүлік	276
Қосылған құнға салық және өтелуге жататын басқа да салықтар	277
Берілген аванстар	277
Акционер алдындағы берешек	278
Кредиттік ұйымдардың қаражаттыры	279
Шығарылған борышқорлық қағаздар	280
Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек	281
Салық салу	281
Алынған аванстар	284
Кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер	284
Басқа да міндеттемелер	284
Капитал	285
Шарттық және шартты міндеттемелер	286
Кредиттік залалдар бойынша шығыстар	287
Басқа да кірістер	288
Персоналға арналған шығыстар және басқа да операциялық шығыстар	289
Тәуекелдерді басқару	290
Әділ құнды бағалау	303





Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдерінің талдауы	307
Байланысты тараптармен операциялар	312
Қаржы қызметіне жататын міндеттемелердегі өзгерістер	315
Капиталдын жеткілігі	316
Сегменттік есептілік	317
Есепті күннен кейінгі оқиғалар	318
<b>4-ҚОСЫМША. GRI ИНДЕКСІ</b>	<b>319</b>
Жалпы ашылымдар	319
Тұрақты даму тақырыптары бойынша мәні	322



# ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРЛАРДЫҢ АУДИТОР- ЛЫҚ ЕСЕБІ



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
Қазақстан, А25D6T5, Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
Тел.: +7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ Аудит»  
Казахстан, А25D6T5, Алматы,  
пр. Достык, 180,  
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

### АО «ҚазАгроҚаржы» АҚ директорларының кеңесіне

#### Пікір

Біз 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайдалар немесе залалдар және өзге жиынтық кірістер, ақша қаражаттарының қозғалысы мен меншікті капиталдағы өзгерістер туралы жекелеген есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелері мен басқа түсіндірмелі ақпараттардан тұратын «ҚазАгроҚаржы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігінің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл ішіндегі оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын барлық елеулі аспектілерде Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ("ХҚЕС") сәйкес шынайы көрсетеді.

#### Пікір білдіруге негіздеме

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан әрі біздің есебіміздің "Қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлардың жауапкершілігі" бөлімінде сипатталған. Біз Халықаралық бухгалтерлерге арналған әдеп стандарттары жөніндегі кеңесінің (ХБӨДК Кодексі) Халықаралық кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне (оның ішінде, халықаралық тәуелсіздік стандарттары) және біздің жекелеген қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарына сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен ХБӨДК Кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің иелікшісі. KPMG Global, LLC немесе алыбын қолданушының қолма қолы KPMG, тәуелсіз фирмалары жағдайы ұйымның иелікшісі.

ТОО «КПМГ Аудит», компания, заңгерлік-қаржылық және бухгалтерлік қызметтерін Қазақстан Республикасында, ұлттық компаниялар мен иелікшілік фирмалары KPMG Global, LLC немесе алыбын қолданушының қолма қолы KPMG, тәуелсіз фирмалары жағдайы ұйымның иелікшісі.



«ҚазАгроҚаржы» АҚ  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
2-бет

#### Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері - біздің кәсіби пікірімізге сәйкес ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болып табылатын мәселелер. Бұл мәселелер біздің қаржылық есептілік аудиті аясында және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылды және бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз.

#### Клиенттерге берілетін кредиттер және қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек бойынша болжалды кредиттік залалдар (БКЗ)

Қаржылық есептіліктің 8 және 9-ескертпелерін қараңыз.

Аудиттің негізгі мәселесі	Аудиттің негізгі мәселесіне қатысты аудиторлық рәсімдер
<p>Клиенттерге берілетін кредиттер және қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек активтердің 81% - ын құрайды және тұрақты есептелетін және пайдаланылатын болжамдар сезімтал болжалды кредиттік залалдарға (БКЗ) резервті шегергенде ұсынылды.</p> <p>Компания басшылықтан келесі негізгі салаларға қатысты кәсіби пайымдау мен жорамалдарды пайдалануды талап ететін БКЗ бағалау моделін қолданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кредиттік тәуекелдің және клиенттерге берілетін кредиттерге және қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекке қатысты дефолт оқиғаларының едәуір артуын уақтылы анықтау (ХҚЕС (IFRS) 9-ға сәйкес 1, 2 және 3-деңгейлер арасында бөлу);</li> <li>- дефолт (PD) ықтималдығын және дефолт (LGD) жағдайында шығын шамасын бағалау;</li> <li>- кредиттік-құнсызданған болып табылатын клиенттерге берілген кредиттер және қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешек үшін күтілетін ақша ағындарының болжамы.</li> </ul>	<p>Біз БКЗ бағалауға қатысты Компанияның әдістемесі мен саясатының негізгі аспектілеріне 9 ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкестігі мәнине, оның ішінде қаржылық тәуекелдерді басқару саласындағы біздің мамандарды тарту арқылы талдау жүргіздік.</p> <p>Басшылық қолданған кәсіби пайымдау мен БКЗ резервін есептеу кезінде жасалған жорамалдардың барабарлығын талдау үшін біздің аудиторлық рәсімдеріміз мыналарды қамтыды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Клиенттерге берілетін кредиттерді және қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекті іріктеу бойынша PD, LGD және EAD есептеу кезінде пайдаланылатын бастапқы деректердің дұрыстығын, алғашқы құжаттармен ішінара салыстыру арқылы мерзімін өткізіп алу мен өтеуді уақтылы көрсетуді тексердік.</li> <li>- Клиенттерге берілген кредиттерді және 3-деңгейге жатқызылған жеке бағаланатын БКЗ резервтері қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекті іріктеу бойынша біз Компанияның болашақ ақша ағындарын болжау үшін пайдаланатын болжамдарын, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асырудан түсетін болжамды түсімдерді және оларды іске асырудан күтілетін мерзімдерді, бұрынғы тәжірибеден алған түсінігімізге және жалпыға қолжетімді нарықтық ақпаратқа сүйене отырып, сыни тұрғыдан бағаладық.</li> <li>- Клиенттерге берілген кредиттер мен қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешекке қатысты коллективтік бағаланатын БКЗ бойынша резервтер, біз ұйымды бағаладық және кредиттік тәуекел</li> </ul>





**«ҚазАгроҚаржы» АҚ**  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
3-бет

Клиенттерге берілетін кредиттер көлемінің және қаржылық жалгерлік бойынша дебиторлық берешектің елеулі болуына және осыған байланысты бағалаудың белгісіздігіне байланысты бұл сала аудиттің негізгі мәселесі ретінде қаралады.	деңгейінде кредиттерді уақтылы жатқызу бойынша ішкі бақылаулардың операциялық тиімділігін тексердік.  Біз сондай-ақ қаржылық есептілікті ашын көрсетудің Компанияның кредитті тәуекелге ұшырағыштығын тиісті түрде көрсететіндігіне бағалау жүргіздік.
---	--

#### Маңызды мәліметтер

Біз қаржылық есептіліктің 5-ескертпесіне назар аударамыз, онда 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін салыстырмалы көрсеткіштер қайта есептелгені баяндалған. Бұл жағдайға қатысты біздің пікіріміз өзгерген жоқ.

#### Салыстырмалы көрсеткіштерге қатысты өзге де мәліметтер

2020 жылғы 31 желтоқсандағы және 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша (оның негізінде 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп дайындалды) және қаржылық есептіліктің 5-ескертпесінде сипатталған түзетулерді қоспағанда, көрсетілген күндер аяқталған жылдар үшін Компанияның қаржылық есептілігінің аудитін басқа аудиторлар жүргізді. Оны 2021 жылғы 1 наурыздағы есебінде есеп беру туралы өзгертілмеген пікір бар.

Біз жүргізетін 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша қаржылық есептілік аудиті шеңберінде бі 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша және көрсетілген күні аяқталған жыл үшін салыстырмалы көрсеткіштерді қайта есептеу және 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қаржылық есептілік туралы есеп үшін қолданылған 5-ескертпеде сипатталған түзетулерге аудиторлық тексеру жүргіздік. Бі қаржылық есептіліктің 5-ескертпесінде сипатталған түзетулерге қатысты рәсімдерді қоспағанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда және 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар ішінде Компанияның қаржылық есептілігін қатысты аудит, шолу тексеруін жүргізуге немесе қандай да бір рәсімдерді орындауға тартылған жоқпыз. Тиісінше, біз тұтастай алғанда сол қаржылық есептілікке қатысты пікір немесе қандай да бір өзге сенімділік түрін білдірмейміз. Алайда, біздің ойымызша, мұндай түзетулер тиісті және дұрыс қолданылған.



**«ҚазАгроҚаржы» АҚ**  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
4-бет

#### Басқа ақпараттар

Басшылық басқа ақпарат үшін жауапты болады. Өзге ақпарат 2021 жылғы жылдық есепте қамтылған ақпаратты қамтиды, бірақ қаржылық есептілікті және ол бойынша біздің аудиторлық есепті қамтымайды. 2021 жылға арналған жылдық есеп осы аудиторлық есеп берілген күннен кейін бізге беріледі деп болжануда.

Қаржылық есептілік туралы біздің пікіріміз басқа ақпаратқа қолданылмайды және біз осы ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті қамтамасыз ете отырып, қорытынды ұсынбаймыз.

Біздің қаржылық есептілік аудитін жүргізуімізге байланысты біздің міндетіміз басқа ақпарат қолжетімді болған кезде онымен танысу және бұл ретте басқа ақпарат пен қаржылық есептілік немесе аудит барысында алынған біздің біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктер бар ма және өзге де ақпаратта елеулі бұрмаланулар бар ма деген мәселені қарау болып табылады.

#### Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалануларды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептейтін ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Компанияның жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған және жабу немесе қызметті тоқтатудан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде есептілікті құруға жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауапты болады.

#### Қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы орынды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Орынды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды анықтайтындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы жылдық жекелеген қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз:





**«ҚазАгроҚаржы» АҚ**  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
5-бет

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесі туралы түсінік аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған ақпараттың тиісінше ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аударуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді өзгертуіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына өкелуі мүмкін;
- жалпы қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын, ақпаратты ашуды қоса алғанда, сондай-ақ жылдық жекелеген қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынуын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертпелер, оның ішінде аудит процесінде анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Біз сондай-ақ корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағанымыз және осы адамдарды аудиторлардың тәуелсіздігіне ықпал ететіне негізді деп санауға болатын барлық өзара қатынастар мен өзге де мәселелер туралы, ал қажет болған жағдайларда - қатерлерді жоюға бағытталған қабылданған іс-әрекеттер мен өзге де сақтық шаралары туралы хабардар өткеніміз туралы мәлімдеме жасаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларға жеткізген сұрақтардың ішінен ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды мәселелерді анықтаймыз, сондықтан аудиттің негізгі мәселелері болып табылады. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есепте сипаттаймыз, егер бұл мәселелер туралы көпшілікке заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған болса немесе өте сирек жағдайларда біз кез-келген мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы керек деген қорытындыға келсек, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың салдары оның хабарлаудың өлеуметтік маңызды пайдасынан асып түседі.



**«ҚазАгроҚаржы» АҚ**  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
6-бет

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың басшысы:


Магомедова М. М.  
Қазақстан Республикасының  
сертификатталған аудитори,  
Аудитордың біліктілік куәлігі № МР-0000594  
2018 жылғы 24 мамырда берілген

#### «КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін  
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген №0000021 мемлекеттік лицензиясы


Дементаев С. А.  
Жарғы негізінде әрекет ететін  
«КПМГ Аудит» ЖШС Бас директоры

2022 жылдың 29 сәуірі



## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН

мың теңгемен	Ескерт.	2021 жылдың 31 желтоқса- ны	2020 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есеп- телді)	2019 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есеп- телді)
<b>Активтер</b>				
Ақша қаражаты мен оның бала- малары	6	<b>30.011.182</b>	12.235.576	20.580.665
Кредиттік ұйымдардағы қаражат құралдары	7	<b>35.098.466</b>	39.618.524	8.451.527
Инвестициялық бағалы қағаздар		-	-	11.179.190
Клиенттерге берілген кредиттер	8	<b>21.720.408</b>	28.548.012	34.775.908
Қаржылық жалдау бойынша де- биторлық берешек	9	<b>314.712.495</b>	256.753.398	225.208.374
Қаржылық жалдауға арналған мүлік	10	<b>3.001.248</b>	4.288.552	7.704.941
Сатуға арналған активтер		-	-	511.083
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша активтер	17	<b>134.115</b>	134.115	134.137
Негізгі құралдар		<b>902.719</b>	939.426	463.556
Материалдық емес активтер		<b>491.984</b>	535.146	581.104
Қосылған құн салығы және өте- луі тиіс басқа салықтар	11	<b>6.405.180</b>	6.127.673	6.137.493
Берілген алғытөлемдер	12	<b>477.865</b>	1.254.879	5.597.916
Басқа да активтер		<b>389.959</b>	1.083.223	849.024
<b>Активтердің жиыны</b>		<b>413.345.621</b>	351.518.524	322.174.918
<b>Міндеттемелер</b>				
Акционердің алдындағы бере- шек	13	<b>12.087.335</b>	53.444.325	54.136.402
Кредиттік ұйымдардың қара- жаты	14	<b>66.310.724</b>	63.549.227	75.934.329
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	15	<b>157.204.186</b>	98.237.807	65.384.934

7-бі бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



## ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАН

мың теңгемен	Ескерт.	2021 жыл- дың 31 жел- тоқсаны	2020 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есеп- телді)	2019 жылдың 31 желтоқсаны (қайта есеп- телді)
Өнім берушілер алдындағы креди- торлық берешек	16	<b>5.778.126</b>	5.212.367	5.861.586
Кейінге қалдырылған корпора- тивтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	17	<b>7.359.124</b>	1.800.269	754.648
Алынған алғытөлемдер	18	<b>5.471.667</b>	7.957.142	4.795.803
Кейінге қалдырылған қосымша құн салығы бойынша міндеттемелер	19	<b>8.817.626</b>	8.301.324	7.642.894
Басқа да міндеттемелер	20	<b>2.846.819</b>	1.487.935	1.965.997
<b>Міндеттемелер жиыны</b>		<b>265.875.607</b>	239.990.396	216.476.593
<b>Капитал</b>				
Жарғылық капитал	21	<b>82.837.204</b>	82.837.204	82.837.204
Қосымша төленген капитал	21	<b>56.818.898</b>	31.607.374	26.156.975
Резервтік капитал	21	<b>1.436.184</b>	1.436.184	1.436.184
Бөлінбеген пайда /(жинақталған зиян)		<b>6.377.728</b>	(4.352.634)	(4.732.038)
<b>Капитал жиыны</b>		<b>147.470.014</b>	111.528.128	105.698.325
<b>Міндеттемелер мен капитал жиы- ны</b>		<b>413.345.621</b>	351.518.524	322.174.918
<b>Бір жай акцияның баланстық құны (теңгемен)</b>	21	<b>1.774,30</b>	1.339,89	1.268,96

### Компанияның Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Прашев Айдар Гилимович

Басқарма Төрағасы

Шоданова Гульнара Такишевна

Бас бухгалтер

2022 жылғы 29 сәуір

7-61 бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## ПАЙДА МЕН ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ

мың теңгемен	Ескерт- пе.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Тиімді мөлшерлемені пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер</b>			
Клиенттерге берілген кредиттер		<b>2.363.188</b>	2.921.896
Ақша қаражаты мен оның баламалары		<b>1.821.126</b>	1.805.450
Кредиттік ұйымдардағы қаражат құралдары		<b>1.445.309</b>	1.174.765
		<b>5.629.623</b>	5.902.111
<b>Өзге де пайыздық кірістер</b>			
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		<b>41.366.107</b>	31.495.219
		<b>41.366.107</b>	31.495.219
<b>Пайыздық кірістер жиыны</b>		<b>46.995.730</b>	37.397.330
<b>Пайыздық шығыстар Процентные расходы</b>			
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар		<b>(12.808.420)</b>	(9.345.315)
Кредиттік ұйымдардың қаражаты		<b>(7.471.038)</b>	(6.996.262)
Акционердің алдындағы берешек		<b>(2.670.052)</b>	(3.916.340)
<b>Пайыздық шығыстар жиыны</b>		<b>(22.949.510)</b>	(20.257.917)
<b>Таза пайыздық кіріс</b>		<b>24.046.220</b>	17.139.413
Кредиттік шығындар бойынша шығыстар	23	<b>(2.946.841)</b>	(4.276.299)
<b>Кредиттік шығындар бойынша шығыстардан кейінгі таза пайыздық кіріс</b>		<b>21.099.379</b>	12.863.114
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірі- стер		<b>208.972</b>	934.056
Басқа кірістер	24	<b>683.784</b>	905.895
Персонал шығыстары	25	<b>(3.337.628)</b>	(3.088.197)
Басқа да операциялық шығыстар	25	<b>(1.242.411)</b>	(1.226.587)
Сақтық қордың құнсыздануынан және оны құрудан туын- дайтын басқа да шығыстар	23	<b>(320.708)</b>	(526.872)
Клиенттерге берілген кредиттерді түрлендіруден және танудың тоқтатылуына әкеп соқпайтын қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектен таза шығын		<b>(211.963)</b>	(272.265)

7-61 бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



## ПАЙДА МЕН ЗИЯН ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ

мың теңгемен	Ескерт- пе.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Пайыссыз кірістер</b>		<b>(4.219.954)</b>	(3.273.970)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдегенге дейінгі пайда</b>		<b>16.879.425</b>	9.589.144
Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем	17	<b>422.320</b>	9.055
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>17.301.745</b>	9.598.199
<b>Жай акцияға базалық және бытыраңқы пайда (теңгемен)</b>	21	<b>208,86</b>	115,87

### Компанияның Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Прашев Айдар Гилимович

Басқарма Төрағасы

Шоданова Гульнара Такишевна

Бас бухгалтер

2022 жылғы 29 сәуір

## ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ

мың теңгемен	Ескерт- пе.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Жыл ішіндегі пайда</b>		<b>17.301.745</b>	9.598.199
Жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс		-	-
<b>Жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны</b>		<b>17.301.745</b>	9.598.199

### Компанияның Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Прашев Айдар Гилимович

Басқарма Төрағасы

Шоданова Гульнара Такишевна

Бас бухгалтер

2022 жылғы 29 сәуір

## МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚ- САНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ

мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Сақтық капитал	Шартты үлестірім бойынша сақтық қор	(Жи-нақталған шығын)/ бөлінбеген пайда (қайта есептелді)	Жиыны
<b>Бұрынырақ 2019 жылғы 31 желтоқсанға ұсынылған</b>	<b>82.837.204</b>	<b>26.156.975</b>	<b>1.436.184</b>	<b>(9.605.611)</b>	<b>8.434.234</b>	<b>109.258.986</b>
Шартты үлестірім бойынша сақтық қорды қайта жіктеу	-	-	-	9.605.611	(9.605.611)	-
Бөлінбеген пайданы түзету (5-ескертпе)	-	-	-	-	(3.560.661)	(3.560.661)
<b>2020 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелді)</b>	<b>82.837.204</b>	<b>26.156.975</b>	<b>1.436.184</b>	<b>-</b>	<b>(4.732.038)</b>	<b>105.698.325</b>
Жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны	-	-	-	-	9.598.199	9.598.199
1.362.600 мың теңге мөлшеріндегі салықты шегергенде, Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды бастапқы танудан түскен кіріс	-	5.450.399	-	-	-	5.450.399
(21-ескертпе)	-	-	-	-	(9.210.964)	(9.210.964)
Клиенттерге нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша берілген кредиттерді бастапқы танудан болған шығыстар	-	-	-	-	(7.831)	(7.831)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға (қайта есептелді)</b>	<b>82.837.204</b>	<b>31.607.374</b>	<b>1.436.184</b>	<b>-</b>	<b>(4.352.634)</b>	<b>111.528.128</b>
Жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиыны	-	-	-	-	17.301.745	17.301.745

7-61 бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚ- САНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ

мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Сақтық капитал	Шартты үлестірім бойынша сақтық қор	(Жи-нақталған шығын)/ бөлінбеген пайда (қайта есептелді)	Жиыны
6.302.881 мың теңге мөлшеріндегі салықты шегергенде, Акционерден нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыздарды бастапқы танудан түскен кіріс (13-ескертпе)	-	25.211.524	-	-	-	25.211.524
Жарияланған дивидендтер (21-ескертпе)	-	-	-	-	(6.718.739)	(6.718.739)
Акционердің еншілес ұйымына берілген кепілдікке қатысты сақтық қорды қалпына келтіру	-	-	-	-	147.356	147.356
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>82.837.204</b>	<b>56.818.898</b>	<b>1.436.184</b>	<b>-</b>	<b>6.377.728</b>	<b>147.470.014</b>

### Компанияның Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:

Прашев Айдар Гилимович Басқарма Төрағасы

Шоданова Гульнара Такишевна Бас бухгалтер

2022 жылғы 29 сәуір

7-61 бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚ- САНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ

мың теңгемен	Ескерт- пе.	2021 жыл	2020 жыл
<b>Операциялық қызметтен түскен ақша ағындары</b>			
Алынған пайыздар		43.546.441	34.644.097
Төленген пайыздар		(18.824.307)	(17.988.242)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша кірістерді шегергендегі іске асырылған шығыстар		(24.281)	(153.657)
Төленген персонал шығыстары		(3.177.691)	(3.074.683)
Төленген басқа операциялық шығыстар		(833.387)	(968.500)
Алынған басқа да кірістер		353.334	317.304
<b>Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен ақша ағындары</b>		<b>21.040.109</b>	<b>12.776.319</b>
<i>Операциялық активтердің таза (ұлғаюы)/азаюы</i>			
Кредиттік ұйымдардағы қаражат		4.617.633	(30.099.858)
Клиенттерге берілген кредиттер		6.394.306	5.722.279
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		(56.452.915)	(23.151.085)
Қосылған құн салығы және өтеуге жататын өзге де салықтар		(322.200)	(220.041)
Берілген алғытөлемдер		(266.724)	(1.083.739)
Басқа да активтер		(103.868)	(407.625)
<i>Операциялық міндеттемелердің таза ұлғаюы / (азаюы)</i>			
Алынған алғытөлемдер		49.238	1.930.735
Басқа да міндеттемелер		978.362	(762.353)
<b>Корпоративтік табыс салығына дейін операциялық қызметте ақша қаражатын таза жұмсау</b>		<b>(24.066.059)</b>	<b>(35.295.368)</b>
Төленген корпоративтік табыс салығы		(358.546)	(305.966)
<b>Операциялық қызметте ақша қаражатын таза жұмсау</b>		<b>(24.424.605)</b>	<b>(35.601.334)</b>
<b>Инвестициялық қызметтен болған ақша ағындары</b>			

7-бі бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП 2020 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚ- САНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛДАҒЫ

мың теңгемен	Ескерт- пе.	2021 жыл	2020 жыл
Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан түскен түсімдер		–	11.180.024
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		(209.735)	(107.353)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсімдер		4.915	6.837
<b>Инвестициялық қызметтегі ақша қаражатының таза (жұмсалуды)/түсуі</b>		<b>(204.820)</b>	<b>11.079.508</b>
<b>Қаржы қызметінен болған ақша ағындары</b>			
Акционерден қарыздар түсімі	30	5.835.875	20.000.000
Акционерден алынған қарыздарды өтеу	30	(15.782.396)	(15.820.436)
Кредиттік ұйымдардан қарыздар алу	30	18.917.333	20.416.000
Кредиттік ұйымдардан алынған қарыздарды өтеу	30	(16.883.249)	(32.578.583)
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша түсімдер	30	65.000.000	33.214.631
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар бойынша өтеулер	30	(8.000.000)	–
Акционерге төленген дивидендтер	30	(6.718.739)	(9.210.964)
<b>Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза түсімі</b>		<b>42.368.824</b>	<b>16.020.648</b>
Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері		36.593	155.787
Күтілетін кредиттік шығындар өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларына әсері	23	(386)	302
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламаларының таза (азаюы)/ұлғаюы</b>		<b>17.775.606</b>	<b>(8.345.089)</b>
Ақша қаражаты мен оның баламалары, жыл басына	6	12.235.576	20.580.665
<b>Ақша қаражаты мен олардың баламалары, жыл соңына</b>	6	<b>30.011.182</b>	<b>12.235.576</b>
<b>Ақшалай емес операциялар</b>			
Өзге салықтар бойынша міндеттемелерге қарсы корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтерді есепке жатқызу		–	22

7-бі бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.



**Компанияның Басқармасы атынан қол қойылды және шығаруға бекітілді:**

Прашев Айдар Гилимович

Басқарма Төрағасы

Шоданова Гульнара Такишевна

Бас бухгалтер

2022 жылғы 29 сәуір



# ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

7-61 бет арасындағы қоса беріліп отырған ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

## 1. ҚЫЗМЕТ СИПАТТАМАСЫ

«ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Ауыл шаруашылығының кейбір мәселелері туралы» 1999 жылғы 24 қарашадағы № 1777 Қаулысымен құрылған болатын. Компания қызметін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») Қазақстан Республикасының банк заңнамасында көзделген операцияларды жүргізуге берген 2006 жылғы 31 наурыздағы № 16 лицензиясы негізінде жүзеге асырады. Сонымен бірге, ҚРҰБ 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 195 қаулысына сәйкес, Компания қаржы агенттігі мәртебесіне ие.

Компанияның негізгі қызмет түрлері:

- агроөнеркәсіптік кешендегі лизингтік қызмет;
- агроөнеркәсіптік кешенді кредиттеу;
- агроөнеркәсіптік кешенді дамытуға бағытталған республикалық бюджеттік және басқа да бағдарламаларды іске асыруға қатысу.

Компанияның тіркелген офісі мына мекен-жайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Кенесары көшесі, 51 үй.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының аумағында

### Қазақстанда шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар да жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Қазақстандық теңгенің құнсыздануы, әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы және коронавирустық инфекция пандемиясы да шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының белгісіздігі деңгейін арттырады.

Компанияның 15 тіркелген филиалы бар (2020 жылғы 31 желтоқсанда: Қазақстан Республикасының аумағында 16 тіркелген филиалы).

2021 жылғы 18 наурызға дейін «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Компания акцияларының 100% иеленді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан Жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 52-тармағына сәйкес «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы мен «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамын біріктіру жолымен бірыңғай даму институты құрылды.

2021 жылғы 18 наурызда Компания акцияларының 100% «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамына берілді.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның жалғыз акционері «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша «Бәйтерек» немесе «Акционер») болып табылады.

Компанияның түпкі меншіктенушісі Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Соңғы уақытта байқалып отырған Ресей мен Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін қосымша арттырды.

Ұсынылып отырған қаржылық есептілік Қазақстандағы бизнесті жүргізу жағдайының Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Болашақ шаруашылықты жүргізу жағдайларының нақты әсері оларды басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

### Жалпы бөлім

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХҚЕС») сәйкес дайындалды.

Осы қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде көрсетілгендерді қоспағанда, нақты шығындар бойынша бағалауды есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік бір жай акцияның баланстық құнын есептеудегі деректерді қоспағанда, немесе, егер өзгеше көрсетілмесе, қазақстандық мың теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «мың теңге») ұсынылған.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Төменде сипатталған есеп саясатының ережелері осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде рет-ретімен қолданылды.

### Әділ құнды бағалау

Әділ құн бағалау күніне нарыққа қатысушылар арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміле шеңберінде активті сатқаны үшін алынатын немесе міндеттемені бергені үшін төленетін баға болып табылады. Әділ құнның бағалануы активті сату бойынша немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не осы актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не негізгі нарық болмаған жағдайда, осы актив немесе міндеттеме үшін неғұрлым қолайлы нарықта жасалып отырғанын болжайды.

Компанияның негізгі немесе неғұрлым қолайлы нарыққа қолжетімділігі болуы керек. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарыққа қатысушылар активтің немесе міндеттеменің бағасын айқындау кезінде пайдаланатын жорамалдар пайдаланыла отырып бағаланады, бұл ретте, нарыққа қатысушылар өздерінің ең жақсы мүдделерінде әрекет етеді деп жорамалдануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарыққа қатысушының активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланудан немесе оны осы активті ең жақсы және неғұрлым тиімді түрде пайдаланатын нарықтың басқа қатысушысына сатудан экономикалық пайданы түрлендіру мүмкіндігін ескереді.

Компания қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды бақыланатын бастапқы деректерді барынша көп пайдаланады және бақыланбайтын бастапқы деректерді барынша аз пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылатын барлық активтер мен міндеттемелер әділ құнды тұтастай бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде әділ құн көздерінің төменде сипатталған иерархиясы шеңберінде жіктеледі:

О 1-деңгей – бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарықтағы бағалардың нарықтық белгіленімдері (қандай да бір түзетулерсіз).

О 2-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды, иерархияның неғұрлым төменгі деңгейіне жатқызылған бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама түрде бақыланатын деректер болып табылатын бағалау модельдері.

О 3-деңгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды, иерархияның неғұрлым төмен деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта бақыланбайтын деректер болып табылатын бағалау модельдері.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде танылатын активтер мен міндеттемелер жағдайында, Компания әрбір есепті кезеңнің соңына жіктелімді қайтадан талдай отырып (жалпы әділ

құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төменгі деңгейдің бастапқы деректері негізінде), иерархия көздерінің деңгейлері арасындағы ауысу фактісін айқындайды.

## Қаржы активтері мен міндеттемелері

### Бастапқы тану

Қаржы активтері мен міндеттемелерінің стандартты талаптарда сатып алынуы немесе сатылуы мәміле жасалатын күніне, яғни Компания өзіне актив немесе міндеттеме сатып алу бойынша міндеттемені алатын күні көрсетіледі. Стандартты талаптарда сатып алуға немесе сатуға, талаптары бойынша активтер мен міндеттемелердің нарықта қабылданған қағидаларда немесе келісімдерде белгіленген мерзім шегінде жеткізілуі талап етілетін шарттық шең-

берінде қаржы активтері мен міндеттемелерін сатып алу немесе сату жатады.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарының жіктелуі шарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржы құралдары бастапқыда мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, әділ құн бойынша бағаланады.

### Бастапқы бағалау

*Қаржы активтері мен міндеттемелерін бағалау санаттары*

Компания өзінің барлық қаржы активтерін активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельдің және:

- амортизацияланған құн;
- басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құн справедливой стоимости через прочий со-вокупный доход (бұдан әрі мәтін бойынша – «БЖКӘҚ»);
- ПЗӘҚ бойынша бағаланатын активтердің шарттық талаптары негізінде жіктелді.

Компания туынды құралдар мен саудаға арналған құралдарды ПЗӘҚ бойынша жіктейді және бағалайды. Компания қаржы құралдарын өз қалауы бойынша ПЗӘҚ бойынша бағаланатын құралдар ретінде жіктей алады, егер мұндай жіктеу бағалау немесе тану қағидаларын қолданудың сәйкессіздігін жоюға немесе оны айтарлықтай азайтуға мүмкіндік беретін болса.

Қарыз мен қаржы кепілдіктерін беру бойынша міндеттемелерден басқа қаржы міндеттемелері, егер олар саудаға арналған және туынды құралдар болып табылса, амортизацияланған құн бойынша немесе ПЗӘҚ бойынша бағаланады, не ұйымның қалауына әділ құн бойынша бағаланатын міндеттемелер ретінде жіктеледі.

*Кредиттік ұйымдардағы қаражат, клиенттерге берілген кредиттер амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалау қағаздар*

Компания кредиттік ұйымдардағы қаражатты, клиенттерге берілетін кредиттер және басқа да қаржы инвестицияларын амортизацияланған құн бойынша бағалайды, тек егер мына шарттардың екеуі де орындалған жағдайда ғана:

- қаржы активі, мақсаты шартпен көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталады;
- қаржы активінің шарттық талаптары тек қана борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыз (SPPI) есебіне төлемдер болып табылатын ақша ағындарының белгіленген күні алынуын қамтамасыз етеді.

Бұл шарттар төменде толығырақ қарастырылған.

### Бизнес-модельді бағалау

Компания бизнес-модельді бизнестің белгілі бір мақсатына жету үшін топтарға біріктірілген қаржы активтерін басқарудың қалай жүзеге асырылатындығын жақсы көрсететін деңгейде анықтайды.

Компанияның бизнес-моделі жекелеген құралдар деңгейінде емес, портфельдерді біріктірудің жоғары деңгейінде бағаланады және мынадай бақыланатын факторларға негізделген:

О осы портфель үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттардың практикада қолданылуы. Ол шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшер-

лемелердің белгілі бір құрылымын сақтауға, қаржы активтерін өтеу мерзімдерінің аталмыш активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржы міндеттемелерін өтеу мерзімдеріне немесе ақша қаражатының күтілетін ағындарына сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша ағындарын іске асыруға басшылықтың стратегиясын қамтиды;

- бизнес-модельдің нәтижелілігі және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігі қалай бағаланатындығына және бұл ақпарат ұйымның негізгі басқарушы персоналына қалай хабарланатындығына

- бизнес-модельдің нәтижелілігіне (және осы бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қаржы активтерінің кірістілігіне) әсер ететін тәуекелдер, атап айтқанда, осы тәуекелдерді басқару тәсілі;

- бизнесті басқаратын менеджерлер қалай сыйақы берілетіндігіне (мысалы, сыйақы басқарылатын активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген алынған ақша ағындарына негізделген бе);

- күтілетін сату жиілігі, көлемі мен мерзімі де Компанияның бизнес-моделін бағалау кезінде маңызды аспектілер болып табылады.

Бизнес-модельді бағлау «ең нашар» немесе «күйзелісті» сценарийлерді есепке алмағанда, пайда болуы дәлелді түрде күтілетін сценарийлерге негізделген. Егер ақша ағындары бастапқы танудан кейін Компанияның болжалынан өзгеше тәсілмен іске асырылған болса, Компания аталмыш бизнес-модель шеңберінде ұсталатын қалған қаржы активтерінің жіктелімін өзгертпейді, алайда, кейіннен мұндай ақпаратты жақында құрылған немесе жақында сатып алынған қаржы активтерін бағалау кезінде назарға алады.

*«Борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздардың есебіне ғана төлемдер» тестісі (SPPI testісі)*

Жіктеу процесінің екінші кезеңі шеңберінде Компания шартта көзделген актив бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздар болып табылатынын айқындау үшін қаржы активінің шарттық талаптарын бағалайды (SPPI testісі).

Осы тестің мақсаттары үшін «борыштың негізгі сомасы» бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құнын білдіреді және ол осы қаржы активінің қолданылу мерзімі ішінде өзгеруі мүмкін (мысалы, егер борыштың негізгі сомасын өтеу есебіне төлеу немесе сыйлықақы/дисконт амортизациясы орын алса).

Кредит шарты шеңберіндегі пайыздардың ең маңызды элементтері, әдетте, ақшаның уақытша құнын өтеу және несие тәуекелін өтеу болып табылады. SPI тестін өткізу үшін Компания пайымдаманы қолданады және жергілікті факторларды, мысалы, қаржы активі қай валютада көрсетілгенін және пайыздық мөлшерлеме белгіленген кезеңді талдайды.

Сонымен бірге, шартта көзделген, базалық кредиттік келісімге байланысты емес ақша ағындарының тәуекелдерге ұшырағыштығына немесе құбылмалылығына барынша аз әсер ететін шарттық талаптар шартта көзделген, тек борыштың негізгі сомасы мен борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздардың есебіне ғана төлемдер болып табылатын ақша ағындарының туындауына себепші болмайды. Мұндай жағдайларда қаржылық активті ПЗӘҚ бойынша бағалау қажет.

Мерзімінен бұрын өтеу туралы шарт, егер мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленген сома негізгі соманың өтелмеген бөлігін және өтелмеген бөлікке есептелген пайыздарды білдірсе және шарттық қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны қамти алатын жағдайда ғана SPPI критерийіне сәйкес келеді. Бұдан басқа, мерзімінен бұрын өтеу туралы талап, егер қаржы активі шартта көрсетілген номиналды сомаға қатысты сыйлықақымен немесе дисконтпен бірге сатып алынатын немесе құрылатын жағдайда, осы критерийге сәйкес келетін ретінде қаралады, мерзімінен бұрын өтеу кезінде төленуге жататын сома шын мәнінде шартта көрсетілген номиналды соманы плюс шартта көзделген есептелген (бірақ төленбеген) пайыздарды білдіреді (сондай-ақ шарттық қолданылуын мерзімінен бұрын тоқтатқаны үшін ақылға қонымды қосымша өтемақыны да қамтуы мүмкін); және қаржы активін бастапқы тану кезінде оның мерзімінен бұрын өтеу туралы шартының әділ құны болмашы болып табылады.

*БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар*

Компания мына талаптардың екеуі де орындалған жағдайда, борышқорлық құралдарды БЖКӘҚ бойынша бағалайды:

- О құрал, шартта көзделген ақша ағындарын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да мақсатқа қол жеткізілетін бизнес-модель шеңберінде ұсталады;

- О қаржы активінің шарттық талаптары SPPI тестінің критерийлерін сақтайды.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар кейіннен әділ құн бойынша бағаланады, әділ құнның өзгеруі нәтижесінде пайда болатын пайдалар немесе залалдар өзге жиын-



тық кірістің (бұдан әрі мәтін бойынша – «ӨЖК») құрамында танылады. Валюталық бағамдардың өзгеруінен түскен пайыздық түсім және пайдалар немесе шығындар пайданың немесе залалдың құрамында амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері жағдайындағыдай танылады. Тану тоқтатылған кезде бұрын ӨЖК құрамында танылған жинақталған пайда немесе шығын ӨЖК құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта жіктеледі.

БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар бойынша болжалды кредиттік залалдар (бұдан әрі мәтін бойынша – «БКЗ») әділ құн бойынша бағалануын жалғастыра беретін осы қаржы активтерінің теңгерімдік құнын қаржылық жағдай туралы есепте кемітпейді. Оның орнына активті амортизацияланған құн бойынша бағалау кезінде құрылатын болжалды залалдарға арналған бағалау сақтық қорына тең сома ӨЖК құрамында пайда немесе залал құрамындағы тиісті сомаларды танумен құнсыздандудың жинақталған сомасы ретінде танылады. ӨЖК құрамында танылған залалдардың жинақталған сомасы активті тану тоқтатылған кезде пайданың немесе залалдың құрамына қайта жіктеледі.

Кейде Компания кейбір инвестицияларды борышқорлық құралдарға бастапқы тану кезінде, егер олар 32 «Қаржы құралдары: ұсыну» ХҚЕС (IAS) сәйкес борышқорлық құралдың анықтамасына сай келсе және саудаға арналмаған болса, оларды кейіннен БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар ретінде жіктеу туралы күшін жою құқығынсыз шешім қабылдайды. Мұндай жіктелім туралы шешім әрбір құрал бойынша жекелеп қабылданады.

Мұндай борышқорлық құралдар бойынша пайдалар мен залалдар пайда мен залал құрамына ешқашан қайта жіктелмейді. Дивидендтер алу құқығы белгіленген кезде, компания мұндай түсімдерден осындай құралдың бастапқы құнының бір бөлігін өтеу ретінде пайда алатын жағдайлардан басқада, дивидендтер пайданың немесе шығынның құрамында өзге де кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда пайда ӨЖК құрамында танылады. БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық құралдар құнсыздану мәніне бағалауға жатпайды. Мұндай

құралдар істен шыққан кезде, қайта бағалау бойынша жинақталған сақтық қор бөлінбеген пайда құрамына ауыстырылады.

*Кредит беру бойынша қаржы кепілдіктері мен міндеттемелері*

Компания кредит беру бойынша қаржы кепілдіктері мен міндеттемелерін шығарады.

Қаржы кепілдіктері бастапқыда алынған сыйлықақы сомасында әділ құн бойынша қаржылық есептілікте танылады.

Бастапқы танылғаннан кейін, Компания әрбір кепілдік бойынша өзінің міндеттемесін пайда немесе шығын туралы есепте танылған жинақталған амортизацияны және БКЗ арналған бағалау резервін шегере отырып, бастапқы танылған сомадан мейлінше жоғары шама бойынша бағалайды.

Кредит беру бойынша міндеттемелер шарттық міндеттемелер болып табылады, оның талаптары бойынша міндеттеменің қолданылу мерзімі ішінде Компания клиентке алдын ала келісілген талаптарда кредит беруге міндетті.

Компания кейде нарықтық мөлшерлемелерден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша кредит беру міндеттемелерін шығарады. Мұндай міндеттемелер бастапқыда әділ құн бойынша танылады, сонан соң БКЗ арналған бағалау сақтық қоры сомасынан және бастапқы танылған сомадан мейлінше жоғары шама бойынша, орынды болған кезде, табыстың танылған жинақталған сомасы шегеріле отырып бағаланады.

*Орындау кепілдіктері*

Орындау кепілдіктері – егер екінші тарап шартта көзделген міндетті орындамаса, бұл қтемақы беретін шарттар. Орындау кепілдіктері кредит тәуекелін бермейді. Орындау кепілдігімен шарт бойынша тәуекел екінші тараптың шартта көзделген міндетті орындамау мүмкіндігі болып табылады. Тиісінше, орындау кепілдіктері қаржы құралдары болып табылмайды, сондықтан, ХҚЕС (IFRS) 9 қолдану саласына жатпайды.

## Қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеу

Компания қаржы активтерін басқарудың бизнес-моделін өзгерткендегі ерекше жағдайларды қоспағанда, Компания қаржы активтерін бастапқы танылғаннан кейін қайта жіктемейді. Қаржы міндеттемелері ешқашан қайта жіктелмейді. 2021 жылы және 2020 жылы Компания қаржы активтері мен міндеттемелерін қайта жіктеген емес.

### Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламалары қолма-қол ақшалай қаражатты және кредиттік ұйымдардағы өтеу мерзімі туындаған күнінен бастап 90 (тоқсан) күннен аспайтын, қандай да бір шарттық міндеттемелермен ауыртпалық салынбаған қаражатты қамтиды.

### Қарыз қаражаттары

Егер Компанияның шарттық келісім нәтижесінде ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін салу немесе міндеттемені ақша қаражатының немесе басқа да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті борышқорлық құралдардың тіркелген санына айырбастау жолынан өзгеше түрде орындау міндеттемесі болса, шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері міндеттемелер ретінде жіктеледі. Мұндай құралдарға акционер алдындағы берешек және кредиттік ұйымдардағы қаражаттар кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін қарыз қаражаттары тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданыла отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелерді тану тоқтатылғаннан кейін, сондай-ақ амортизация процесінде пайданың және залалдың құрамында көрсетіледі.

Компания өзінің берешегін сатып алатын жағдайда, соңғысы қаржы жағдайы туралы есептен шығарылады, ал міндеттеменің теңгерімдік құны мен төленген қаражат сомасының арасындағы айырмасы пайда мен залалдың құрамында көрсетіледі.

### Өзара есепке алу

Қаржы жағдайы туралы есепте тек қана таза сальдоны көрсете отырып, қаржы активтері мен міндеттемелердің өзара есепке алынуы өзара есепке алуды жүргізуге заңды түрде бекітілген құқығы болғанда және міндеттемені реттеумен бірге бір мезгілде активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Өзара есепке алуды жүргізу құқығы болашақтағы оқиғаға негізделмеуге тиіс және мынадай барлық жағдайларда заңды күшке ие болуға тиіс:

- әдеттегі қызмет барысында;
- міндеттеме орындалмаған жағдайда; және
- ұйым немесе контрагенттердің бірі дәрменсіз болған немесе банкротқа ұшыраған жағдайда.

Бұл талаптар, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

### Кредиттерді қайта құрылымдау

Компания, мүмкіндігінше, кепілден өндіріп алудың орнына, кредит талаптарын қайта қарауға, мысалы, төлемдердің шарттық мерзімдерін ұзартуға және кредит берудің жаңа талаптарын келісуге тырысады.

Егер шарттық талаптары бұл шын мәнінде жаңа кредитке айналады деп, ал айырмасы, құнсыздандудан болған танылған залал ескеріле отырып, тануды тоқтатудан болған пайда немесе залал ретінде танылады деп қайта қаралса, Компания қаржы активін, мысалы, клиентке берілген кредитті тануды тоқтатады. Бастапқы тану кезінде, құрылған кредит сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған актив (бұдан әрі мәтін бойынша – «СҚКҚ») болып саналатын жағдайларды қоспағанда, кредиттер БКЗ бағалау мақсатында 1-кезеңге жатады. Клиенттің кредитті тануын тоқтату керек пе екендігін бағалау кезінде, Компания бұлардан басқа, мынадай факторларды қарастырады:

- кредит валютасының өзгеруі;
- контрагенттің өзгеруі;
- түрлендіру енді құралдың SPPI тестінің критерийлеріне сәйкес келмеуіне әкеле ме.

Егер түрлендіру ақша ағындарының айтарлықтай өзгеруіне әкелмесе, түрлендіру тануды тоқтатуға әкелмейді. Бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде Компания құнсыздандудан болған залал танылғанға дейін пайда немесе залал туралы есепте өзге кірістердің немесе шығыстардың құрамында ұсынылатын, түрлендіруден болған пайданы немесе залалды таниды.

Тануды тоқтатуға әкелмейтін түрлендіру жағдайында, Компания кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюының немесе активтерді кредиттік-құнсызданған ретінде жіктеу қажеттілігінің

болуын да қайта бағалайды. Түрлендіру нәтижесінде кредиттік-құнсызданған ретінде активті жіктегеннен кейін, ол кемінде 6-айлық сынақ кезеңі бойына 3-саты құрамында қалады. Қайта құрылымдалған қарызды 3-сатыдан ауыстыру үшін өзгертілген төлемдер кестесіне сәйкес сынақ кезеңінің кемінде жартысы ішінде негізгі борыштың немесе пайыздардың болмашы сомасынан көбірек тұрақты төлемдер қажет.

#### Қаржы міндеттемелерінің талаптарын түрлендіру

Түрлендірілген міндеттеме бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасы айтарлықтай өзгеретіндей болып қаржы міндеттемесінің талаптары өзгерген кезде, Компания қаржы міндеттемесін тануды тоқтатады. Бұл жағдай түрлендірілген талаптарымен жаңа қаржы міндеттемесі әділ құн бойынша танылады. Бұрынғы қаржы міндеттемесінің теңгерімдік құны мен түрлендірілген талаптарымен жаңа қаржы міндеттемесінің құны арасындағы айырма пайданың немесе залалдың құрамында танылады.

Егер талаптардың түрлендірілуі (немесе қаржы міндеттемесінің ауыстырылуы) қаржы міндеттемесін тануды тоқтатуға әкелмейтін болса, онда Компания талаптарды түрлендіру қаржы активін тануды тоқтатуға әкелмейтін жағдайлардағы қаржы активінің жалпы теңгерімдік құнын түзетуге қатысты тәсілмен келісетін есеп саясатын қолданады, – яғни Компания талаптарды түрлендіру (немесе қаржы міндеттемесін ауыстыру) күніне пайданың немесе залалдың құрамында мұндай түрлендіру (немесе қаржы активін ауыстыру) нәтижесінде туындайтын қаржы міндеттемесінің амортизацияланған құныныңдағы кез келген түзетуді таниды.

Қолданымдағы қаржы міндеттемелері бойынша ақша қаражаты ағындарының шамасындағы өзгерістер, егер олар ағымдағы шарт талаптарының салдары болып табылса, талаптарды түрлендіру болып саналмайды.

Компания сапалық факторларды, сандық факторларды және сапалық пен сандық факторлардың жиынтық әсерін талдай отырып, талаптарды түрлендірудің маңыздылығы мәніне сандық және сапалық бағалау жүргізеді. Компания келесі сапалық факторлардың негізінде талаптарды түрлендіру маңызды деген қорытындығы келіп отыр:

- қаржы міндеттемесі валютасының өзгеруі;
- қамтамасыз ету түрінің немесе міндеттеме сапасын арттырудың басқа да құралдарының өзгеруі;
- айырбастау талабының қосылуы;

- қаржы міндеттемесі субординациясының өзгеруі.

Егер жаңа талаптарға сәйкес, ақша қаражаты ағындарының келтірілген құны бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергенде, комиссиялық сыйақы төлеуді қоса алғанда, бастапқы қаржы міндеттемесі бойынша қалған ақша қаражаты ағындарының дисконтталған келтірілген құнының ең аз дегенде 10%-на айырмашылығы болса, сапалық бағалауды жүргізу мақсаттары үшін талаптар айтарлықтай өзгеше болып саналады. Егер бір борышқорлық құралдың басқасымен ауыстырылуы немесе оның талаптарының түрлендірілуі есепте өтеу ретінде көрсетілсе, онда келтірілген шығындар немесе комиссиялар тиісті борышқорлық міндеттемені өтеуден болған пайданың немесе залалдың бір бөлігі болып танылады. Егер бір борышқорлық құралдың басқасымен ауыстырылуы немесе оның талаптарының ауыстырылуы есепте өтеу ретінде көрсетілмесе, онда келтірілген шығындардың немесе комиссиялардың сомасына тиісті міндеттеменің теңгерімдік құны түзетіледі және бұл түзету түрлендірілген міндеттеменің қалған қолданылу мерзімі ішінде амортизацияланады.

#### Қаржы активтері мен міндеттемелерін тануды тоқтату

#### Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе, қолданылатын жерде – қаржы активінің бөліні немесе ұқсас қаржы активтері тобының бөлігі) қаржы жағдайы туралы есепте танылуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алынған ақша ағындарын «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа елеулі кідіріссіз толық аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Компания а) не болмаса барлық тәуекелдерді және активтен түскен пайданы іс жүзінде берді, не болмаса б) барлық тәуекелдерді және активтен түскен пайданы бермеді, бірақ өзінде сақтамайды, алайда аталмыш активті бақылауды берді.

Егер Компания активтен түскен ақша ағындарын алуға өзінің құқығын берсе, бұл ретте онымен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды беріп те, сақтап та қоймай, сондай-ақ активті бақылауды бермей берсе, мұндай актив Компанияның осы активке тұрақты қатысуы шегінде есепте көрсетіледі. Берілген актив бойынша кепілдік нысаны бар активке

қатысуды жалғастыра беру активтің бастапқы теңгерімдік құны мәндерінің мейлінше азы және Компанияға төлеуге ұсынылуы мүмкін өтеудің барынша жоғары мөлшері бойынша бағаланады.

#### Есептен шығару

Қаржы активтері Компания бұдан былай олардың құнын өтеуді күтпеген кезде ғана ішінара немесе толығымен есептен шығарылады. Егер есептен шығаруға жататын сома құнсыздануға жинақталған сақтық қордың шамасынан жоғары болса, онда айырмасы алдымен сақтық қордың ұлғаюы ретінде есепке алынады, содан кейін ол жалпы теңгерімдік құнға қолданылады. Одан кейінгі кез келген қалпына келтіру кредиттік шығындар бойынша шығыстарға жатқызылады. Есептен шығару тануды тоқтатуға жатады.

#### Қаржы міндеттемелері

Қаржы міндеттемесін есептен алу тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда жүргізіледі.

Қолданымдағы бір қаржы міндеттемесі сол кредитор алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай өзгеше талаптарда алмастырылған кезде немесе қолданымдағы міндеттеменің талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алынады, ал жаңа міндеттеме пайданың немесе залалдың құрамында міндеттемелердің теңгерімдік құнындағы айырма таныла отырып, есепте көрсетіледі.

#### Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес есептеледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер теңгерімдік міндеттемелер әдісі қолданыла отырып, барлық уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Кейінге қалдырылған табыс салықтары қаржылық есептілік мақсаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың теңгерімдік құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмалар бойынша көрсетіледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер болашақта салық базасын төмендететін осы уақытша айырмашылықтар есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайданы алу ықтималдығы бар шамада ғана көрсетіледі. Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер активті іске асы-

ру кезеңі ішінде Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер мен міндеттемелер есепті күнге күшіне енген немесе нақты күшіне енген заңнама негізге алына отырып, активті іске асыру немесе міндеттемені реттеу кезеңі ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады

Компания кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелерін өзара есепке алуды жүргізеді және, егер:

- Компанияның ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы ағымдағы салық талаптарын есепке алуды жүргізуге заңды түрде бекітілген құқығы болса; және

- Кейінге қалдырылған салық талаптары мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері сол бір салық органы сол бір салық субъектісінен өндіріп алатын корпоративтік табыс салығына жататын болса, нетто негізде қаржы жағдайы туралы есепте көрсетеді.

Компания өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасында Компанияның қызметіне қатысты қолданылатын әртүрлі салықтарды есептеу және төлеу бойынша талаптар бар. Бұл салықтар пайда немесе залал туралы есепте басқа операциялық шығыстар құрамында көрсетіледі.

#### Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған өтемпұл және құнсызданудан болған жинақталған шығындар шегеріле отырып, күнделікті қызмет көрсетуге арналған шығындар есепке алынбай, нақты құн бойынша көрсетіледі. Мұндай құн, егер олар капиталдандыру критерийлеріне сай келсе, келтірілген фактісі бойынша танылатын, жабдықты ауыстыруға байланысты шығындарды қамтиды.

Негізгі құралдардың теңгерімдік құны, осы активтің теңгерімдік құнын өтеу мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар немесе жағдайларда өзгерістер туындаған кезде құнсыздану мәніне бағаланады.

Объект өтемпұлы оны пайдалануға қолжетімді болған кезде басталады. Өтемпұл активтерді пайдалы қолданудың келесі бағалау мерзімі ішінде желілік әдісімен есептеледі:



	Өтемпұл нормасы
Жер	0%
Фимараттар мен құрылыстар	2%
Көлік құралдары	10-14%
Компьютерлер мен ұйымдастыру техникасы	14-20%
Басқалары	6-20%

Қалдық құны, пайдалы қолдану мерзімі және активтердің өтемпұл есептеу әдістері әрбір есепті жылдың соңында талданады және қажеттілігіне қарай түзетіледі.

Жөндеуге және қайта құруға арналған шығыстар олардың жүзеге асырылуына қарай шығындарға жатқызылады және олар капиталдандыруға жататын жағдайларды қоспағанда, өзге де операциялық шығыстардың құрамына енгізіледі.

#### Қаржы жалгерлігіне арналған мүлік

Қаржы жалгерлігіне арналған мүлік екі шама-ның: өзіндік құнның және сатудың ықтимал таза бағасының ең аз шамасы бойынша есепке алынады. Қаржы жалгерлігіне арналған мүліктің өзіндік құны мүлікті тағайындалған жеріне жеткізуге және оны жұмыс күйіне келтіруге тікелей арналған шығындарды қамтиды.

#### Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтер бағдарламалық жасақтаманы және лицензияларды қамтиды.

Бөлек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бастапқы танудан кейін, материалдық емес активтер жинақталған өтемпұл мен құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріле отырып, нақты құны бойынша көрсетіледі. Пайдалы қолдану мерзімі шектелген материалдық емес активтер 1 жылдан 10 жылға дейінгі уақытты құрайтын пайдалы қолдану мерзімі ішінде амортизацияланады және материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне талданады.

#### Бағалау міндеттемелері

Бағалау міндеттемелері, егер Компания бұрын белгілі бір оқиғаның салдарынан Бағалау міндеттемелері, егер Компанияның бұрын белгілі бір оқиғаның салдарынан реттеу үшін жоғары ықтималдық дәрежесімен ресурстардың жылыстауы қажет болатын, құрамында болашақ экономикалық пайдалар бар және жеткілікті сенімділік дәрежесімен бағалауға

болатын заңды немесе өзіне ерікті түрде қабылданған міндеттемелері болса танылады.

#### Акционерлік капитал

##### Жарғылық капитал

Акционерлік капиталға арналған жарналар акцияларды шығаруға арналған тікелей шығындар шегеріле отырып, тарихи құн бойынша танылады.

##### Қосымша төленген капитал

Компания өзінің акционерінен нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша қарыз немесе өзге де қаржылық көмек алғанда, алынған ақша қаражаты мен алынған қарыздың әділ құны арасындағы айырма қосымша төленген капитал ретінде есепке алынады.

##### Сақтық қор капиталы

Сақтық қор капиталы Компания Акционерінің шешімі негізінде бөлінбеген пайдадан қаражатты аудару арқылы ұлғайтылуы мүмкін.

##### Дивидендтер

Дивидендтер міндеттеме ретінде танылады және, егер соңғы күнін қоса алғанда, олар есепті күнге дейін жарияланған жағдайда ғана есеп беру күніне капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есеп беру күніне дейін ұсынылған болса, сондай-ақ есеп беру күнінен кейін, бірақ қаржылық есептілік бекітілген күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашылады.

#### Сегменттік есептілік

Компанияның бизнесі мен географиялық сегменттері бұл қаржылық есептілікте жеке ұсынылмаған, өйткені Компания басшылығы кредиттер мен қаржы лизингін берудің негізгі операциялық сегменті Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы ұйымдары болып табылады, олар бойынша тәуекелдер мен қайтару дәрежесі бүкіл ел бойынша ұқсас деп есептейді.

#### Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржы жағдайы туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте, ресурстардың өтелуге байланысты істен шығуы екіталай болып табылатын жағдайларды қоспағанда, олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады. Шартты активтер қаржы жағдайы туралы есепте көрсетілмейді, бұл ретте, олармен байланысты экономикалық пайда алу ықтималдығы болған жағдайларда, олар туралы ақпарат қаржылық есептілікте ашылады.

#### Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Компанияның экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болса және түскен ақша сенімді бағалануы мүмкін болса, ақшалай түсім танылады. Түсімді қаржылық есептілікте тану үшін келесі критерийлер де орындалуы керек:

##### Пайыздық және ұқсас кірістер мен шығыстар

Компания амортизацияланған құн бойынша немесе БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржы активтері бойынша пайыздық ақша түсімін кредиттік-құнсызданған қаржы активтерінен басқа, қаржы активтерінің жалпы теңгерімдік құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл дисконттау кезінде болашақ ақшалай есеп айырысу төлемдері немесе ақша түсімдері қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде немесе, қолданылатын жерде, неғұрлым қысқа уақыт кезеңі ішінде қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің таза теңгерімдік құнына дәл келтірілетін мөлшерлеме. Есептеу кезінде қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімінен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын құралмен тікелей байланысты комиссиялық немесе қосымша шығыстар ескеріледі, бірақ болашақ кредиттік залалдар ескерілмейді. Қаржы активінің немесе қаржы міндеттемесінің теңгерімдік құны Компания төлемдердің немесе ақша түсімдерінің бағалауын қайта қараған жағдайда түзетіледі. Түзетілген теңгерімдік құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша есептеледі, ал теңгерімдік құнның өзгеруі пайыздық түсім немесе шығыстар ретінде көрсетіледі.

Кредиттік-құнсызданған болатын қаржы активі жағдайында, Компания пайыздық түсімді осы қаржы активінің таза амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып есептейді. Егер қаржы активі бойынша дефолт жойылса және енді ол кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, Компания жалпы құн негізінде пайыздық түсімді есептеуге қайтып оралады.

Тиімді мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген, пайда немесе залал туралы есепте ұсынылған пайыздық кірістер амортизацияланған

құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерді және БЖКӘҚ бойынша бағаланатын борышқорлық қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал туралы есептің «басқа да пайыздық кірістер» бабы қаржы жалгерлігі бойынша дебиторлық берешек бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

##### Комиссиялық кірістер

Компания клиенттерге көрсететін қызмет түрлерінен комиссиялық кірістер алады.

Кредитті ұйымдастырғаны үшін комиссиялар тиісті тікелей шығындармен бірге кейінге қалдырылады және кредиттің тиімді пайыздық мөлшерлемесін түзету ретінде танылады. Егер кредит беру бойынша міндеттеменің болуы салдарынан кредит беру туралы шарттың жасалуы ықтималдығы бар болса, кредит беру бойынша міндеттеме үшін комиссия болашақтағы кезең кірісінің құрамына енгізіледі (тиісті тікелей шығындармен бірге) және кейіннен кредит бойынша нақты табыстарды түзету ретінде көрсетіледі. Егер кредит беру бойынша міндеттемелер кредит беруге әкеп соғуы мүмкін деген ықтималдық төмен деп бағаланған жағдайда, кредит беру бойынша міндеттеме үшін комиссия кредит беру бойынша міндеттемелердің қалған қолданылу кезеңі ішінде пайда немесе залал туралы есепте көрсетіледі. Кредит берумен аяқталмаған кредит беру бойынша міндеттемелердің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, кредит беру бойынша міндеттеме үшін комиссия оның қолданылу мерзімі аяқталған күнге пайда немесе шығын туралы есепте танылады.

Кредитке қызмет көрсеткені үшін комиссия қызмет көрсету шамасына қарай есепке алынады. Синдикатталған кредиттерді ұйымдастырғаны үшін комиссия қаржыландыруды ұйымдастыру бойынша осындай қызмет көрсетілген кезде пайда немесе шығын туралы есепте танылады. Басқа комиссиялар қызмет көрсету шамасына қарай көрсетіледі.

#### Жалдау

##### Пайдалану құқығы нысанындағы актив

Компания активтерді жалдау басталған күнге пайдалану құқығы нысанында таниды (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күні). Пайдалану құқығы нысанындағы активтер жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзетіле отырып, жинақталған өтемпұл мен құнсызданудан жинақталған шығындар шегеріле отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны, жалдау бойынша алынған ынталандыру төлемдерін шегергенде, жалдау бойынша танылған міндеттемелердің шамасын, келтірілген бастапқы тікелей шығындарды және жалдау басталған



күнге немесе осындай күнге дейін жүргізілген жалдау төлемдерін қамтиды. Егер Компания жалдау мерзімінің соңында жалға алынған активке меншік құқығын алатынына жеткілікті сенімді болмаса, пайдалану құқығы түріндегі танылған актив келесі кезеңдердің мейлінше қысқа мерзімі бойына желілік әдіспен амортизацияланады: активтің болжамды пайдалы қолданылу мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

#### Жалдау бойынша міндеттеме

Жалдау басталған күнге Компания жалдау мерзімі ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау бойынша міндеттемелерді таниды. Жалдау төлемдеріне, жалдау бойынша алуға жататын кез келген ынталандыру төлемдерін алып тастағанда, тіркелген төлемдер (соның ішінде шын мәнінде тіркелген төлемдер), индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалдау төлемдері және таратылу құнының кепілдіктері бойынша төленуі күтілетін сомалар кіреді. Жалға беру төлемдеріне сатып алуға арналған опционның орындалу бағасы да кіреді, егер Компанияның осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, сондай-ақ, егер жалға алу мерзімі Компанияның жалға алуды тоқтатуға арналған опционды ықтимал орындауын көрсетсе, жалдауды тоқтатқаны үшін айыппұл төлемақылары кіреді. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді емес ауыспалы жалдау төлемдері осындай төлемдерді жүзеге асыруға әкелетін оқиға немесе жағдай басталған кезеңде шығыстар ретінде танылады.

Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін, егер жалдау шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені оңай анықтау мүмкін болмаса, Компания жалдау басталған күнге қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдау басталған күннен кейін жалдау бойынша міндеттемелердің шамасы пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады. Сонымен бірге, жалдау мерзімі жетілдірілген, өзгертілген, тиянақталған жалдау төлемдері шын мәнінде өзгерген немесе базалық активті сатып алуға опцион бағаламасы өзгерген жағдайда, жалдау бойынша міндеттеменің теңгерімдік құнына қайта бағалау жүргізіледі.

#### Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалға алу

Компания қысқа мерзімді жалдауға қатысты қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни, жалдау басталған күнге көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын және сатып алуға арналған опционды қамтымайтын шарттарға) қатысты танудан босатуды қолданады. Компания, сондай-ақ құны төмен деп саналатын офистік

жабдықты жалдау шарттарына құны төмен активтерді жалға алуға қатысты танудан босатуды қолданады. Қысқа мерзімді жалдау және құны төмен активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен жалдау бойынша шығыс ретінде танылады.

#### Ұзарту опционымен шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Компания жалдау мерзімін, егер оның орындалатынына жеткілікті сенім болса, жалдауды ұзартуға опцион көзделген кезеңдермен бірге немесе егер оның орындалмайтынына жеткілікті сенім болса, жалға беруді тоқтатуға опцион көзделген кезеңдермен бірге мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатпайтын жалдау кезеңі ретінде айқындайды.

#### Қаржы жағдайы туралы есепте және пайдалар немесе залалдар туралы есепте танылған сомалар

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания жалға алушы болып табылатын қаржы жалгерлігі шарттарын жасасқан емес. 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңде Компания тиісінше 113.605 және 123.951 мың теңге мөлшерінде қысқа мерзімді жалгерлікке жататын шығыстарды мойындайды. Компания құны төмен активтерді жалдау шарттарын жасаған емес.

#### Қаржылық жалдау - Компания жалға беруші ретінде

Компания жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті жалдау мерзімі басталған күннен бастап, жалдауға салынған таза инвестицияларға тең сомада көрсетеді. Қаржылық кіріс таза инвестициялардың теңгерімдік сомасына кірістіліктің тұрақты мерзімді нормасын көрсететін схема бойынша есептеледі. Бастапқы тікелей шығындар жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасының құрамында есепке алынады.

Жалдау, егер ол активті иеленумен байланысты іс жүзінде барлық тәуекелдер мен пайданың берілуін білдірсе, қаржылық жалдау (лизинг) ретінде жіктеледі.

Жалдаудың қаржылық жалдау ретінде жіктелуі шарт нысанына емес, мәміленің мазмұнына байланысты. Төменде жекелеп немесе жиынтықталған түрде әдетте жалдауды қаржылық жалдау ретінде жіктеуге әкелетін жағдайлардың мысалдары келтірілген:

1) жалдау шарты жалдау мерзімінің соңында активке меншік құқығының жалға алушыға берілуін көздейді;

2) жалға алушының активті жалгерлік қатынастардың басталу күніне осы опционның орындалуын сенімділікпен күтуге болатындай соншалықты әділ құннан осы опционды орындау күніне төмен болады деп күтілетін баға бойынша сатып алуға опционы бар;

3) жалдау мерзімі, меншік құқығы берілмесе де, активті экономикалық пайдалану мерзімінің едәуір бөлігін құрайды.

4) жалгерлік қатынастарының басталу күніне ең аз жалдау төлемдерінің келтірілген құны іс жүзінде базалық активтің әділ құнына тең; және

5) базалық активтің оны тек жалға алушы ғана айтарлықтай түрленусіз пайдалана алатындай мамандандырылған сипаты бар.

ХҚЕС (IFRS) 16 да жекелеп немесе жиынтықтап алғанда жалдауды қаржылық жалдау ретінде жіктеуге әкеле алатын белгілерді айқындайды:

1) егер жалға берушінің шартты бұзылуға байланысты шығындары жалға алушыға тиесілі болатын, жалға алушының жалдау шартын мерзімінен бұрын бұзу құқығы болса;

2) таратылу құнының әділ бағасының ауытқуынан болған пайда немесе залал жалға алушыға есептеледі (мысалы, жалдау мерзімінің соңында сатудан түскен түсімдердің көбірек бөлігіне тең жалдау ақысынан шегерім нысанында); және

3) жалдау ақысы нарықтық деңгейден едәуір төмен болған кезде жалға алушының жалдауды тағы бір мерзімге ұзартуға мүмкіндігі бар.

#### Бастапқы бағалау

Бастапқы бағалау кезінде Компания қаржылық жалдауға (лизингке) берілген жалдау (лизинг) нысаналарын дебиторлық берешек ретінде, жалгерлікке (лизингке) салынған таза инвестицияларға тең сомада таниды.

Бастапқы тану жалға алушымен жалдау (лизинг) нысанасын қабылдау-тапсыру актісіне қол қою күніне жүзеге асырылады. Бұл ретте, жалгерлікке салынған таза инвестициялар – бұл жалгерлікке салынған, жалдау шартында көзделген пайыз мөлшерлемесі бойынша дисконтталған жалпы инвестициялар.

Жалдау (лизинг) нысанасын сатып алуға байланысты бастапқы тікелей шығындар қаржылық жалдау (лизинг) бойынша дебиторлық берешекті бастапқы бағалауға енгізіледі.

Лизингтік төлемдерді лизинг алушылар қаржы лизингі шарттарына сәйкес кезеңділікпен жүзеге асырады. Жалдау төлемдерінің бөлінуі жалған қаржы лизингі шарттарының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қаржылық кірістің танылуы қаржылық жалдауға (лизингке) қатысты лизинг берушінің өтелмеген, таза инвестициясына кірістің тұрақты кезеңдік нормасын көрсететін графикке негізделуі тиіс. Сыйақының есептелуі, егер қаржылық жалдау (лизинг) шартында өзгесі көзделмеген болса, жалдау (лизинг) мерзімінің басталуымен бірге басталады.

Жалдау мерзімінің басталуы — лизинг алушы лизинг нысанасын пайдалану өзінің құқығын іске асыруға мүмкіндік алғаннан басталатын күн. Бұл жалдаудың бастапқы танылған күні (яғни тиісті активтерді, міндеттемелерді, жалдауға байланысты кірістерді немесе шығыстарды лизинг алушы таныған күн).

#### Тануды тоқтату

Қаржылық жалдау (лизинг) бойынша негізгі борышты, сыйақылар мен өзге де дебиторлық берешекті қалыптастырылған сақтық қор (про-визиялар) есебінен есептен шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

а) борышкер банкрот деп танылған және (немесе) борышкер сәйкестендіру нәмірлерінің ұлттық тізілімдерінен шығарылған жағдайда;

б) Компания сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізуді тоқтату және борышкерде өндіріп алу айналысы қолданылуы мүмкін мүліктің болмауына байланысты өндіріп алушыға атқарушылық парағын қайтарып беру туралы актісін алған жағдайда. Бұл ретте, берешектің есептен шығарылуы тек заңнамалық шектеулердің салдарынан банкроттық рәсімін қолдау мүмкін болмаған кезде ғана жүргізіледі.

Қаржылық жалдау (лизинг) шарттары бойынша комиссиялық сыйақылар алынуы мүмкін. Комиссиялық сыйақы қаржылық жалдау (лизинг) бойынша тиімді пайыз мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын жағдайда, мұндай комиссия қаржылық жалдау (лизинг) бойынша негізгі борыш сомасына дисконт ретінде танылады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша кірістерге жатады. Комиссиялық сыйақы шартта көзделген мерзімде төленуге жатады.

Төмендегі екі талап сақталған жағдайда, Компания қаржылық жалдау (лизинг) шартының модификациялануын бөлек жалдау шарты ретінде ескереді:

1) егер жалдау шарты бойынша активтердің саны артса; және

2) жалдау үшін өтем қолданылу аясын ұлғайту үшін оқшауланған сату бағасымен, сондай-ақ белгілі бір шарттың мән-жайларын көрсететін осындай оқшауланған сату бағасының түзетулеріне өлшемдес шамаға ұлғайса.

Егер қаржылық жалдау (лизинг) шартының модификациялануы бөлек жалдау шарты ретінде ескерілмесе, онда Компания модификацияны ХҚЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес ескереді.

Компания жалға алушы ретінде болатын қаржылық жалдау (лизинг) бойынша мәміле жасалған жағдайда, Компания мәмілелерді тану және бағалау мақсатында, ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» тиісті ережелерін басшылыққа алатын болады.

#### Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік функционалдық валюта және Компанияның қаржылық есептілін ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен ұсынылып отыр. Шетел валюталарымен жүргізілген операциялар бастапқыда операция күніне қолданыстағы айырбас бағамы бойынша функционалдық валютаға қайта есептеледі. Шетел валюталарында тұлғаланған монетарлық активтер мен міндеттемелер функционалдық валютаға есепті күнге қолданыстағы айыр-

бас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валюталарымен жүргізілген операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар «Шетел валютасымен жүргізілген операциялар бойынша таза шығыстар» бабы бойынша пайдалар немесе залалдар туралы есепте көрсетіледі. Шетел валютасында нақты құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операция күніне қолданыстағы айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құн бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды анықтау күніне қолданыстағы айырбас бағам бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасында жүргізілген операциялар бойынша шарттық айырбас бағамы мен осындай операция күніне Қазақстан Қор Биржасының (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») ресми бағамы арасындағы айырма бағамдық айырмадан болған шығыстар шегеріле отырып, кірістердің құрамына енгізіледі. Төменде Компанияның қаржылық есептілікті жасау кезінде қолданған айырбас бағамдары келтірілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Теңге / АҚШ доллары	431,80	420,91
Теңге / евро	489,10	516,79
Теңге / Ресей рублі	5,76	5,62

#### Пайдалануға әлі қабылданбаған жаңа стандарттар мен түсініктемелер

Бірқатар жаңа стандарттар мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2022 жылғы 1 қаңтардан кейінгі басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Алайда, Компания осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде жаңа және өзгертілген стандарттарға мерзімінен бұрын көшуді жүзеге асырмады.

Стандарттарға жасалған келесі түзетулер мен түсіндірмелер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде. Стандарттарға келесі түзетулер мен түсіндірмелер Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде:

- Ауыртпалықты шарттар – шартты орындауға шыққан шығындар (ХҚЕС (IAS) 37 түзетулері);
- Бір мәміленің салдарынан туындайтын, активтер мен міндеттемелерге жататын кейінге қалдырылған салық (ХҚЕС (IAS) 12) түзету;
- 2021 жылдың 30 маусымынан кейінгі кезеңдерді қозғайтын, COVID-19 пандемиясымен байланысты жалдау бойынша жеңілдіктер

(ХҚЕС (IFRS) 16 түзету);

- ХҚЕС жыл сайынғы жетілдірулері, 2018-2020 жж. кезең – әртүрлі стандарттар;
- Негізгі құралдар: мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер (ХҚЕС (IAS) 16 түзетулер) «Негізгі құралдар»);
- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелер (ХҚЕС (IFRS) 3) түзетулер;
- Міндеттемелердің қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді ретінде жіктемесі (ХҚЕС (IAS) 1 түзетулер);
- Есеп саясатын ашу (ХҚЕС (IAS) 1 және ХҚЕС бойынша 2 практикалық ұсынымдарға түзетулер);
- Бухгалтерлік бағалауларды анықтау (ХҚЕС (IAS) 8 түзетулер).

Бірқатар жаңа түсіндірмелер 2021 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енді. Бұл түсіндірмелердің қолданылуы Компанияның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпеді.

## 4. ЕЛЕУЛІ ЕСЕПТІК ПАЙЫМДАУЛАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

### Бағалаулардың белгісіздігі

Компанияның есеп саясатын қолдану процесінде басшылық өзінің пайымдамаларын пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған сомаларды анықтау кезінде баға берді. Төменде пайымдамалар мен бағалауларды қолданудың ең маңызды жағдайлары келтірілген:

#### Қаржы құралдарының әділ құны

Егер қаржы құралдарының және қаржы міндеттемелерінің қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілген әділ құнын белсенді нарықтағы бағалар негізінде анықтау мүмкін болмаса, ол математикалық модельдерді қамтитын әртүрлі бағалау модельдері пайдаланыла отырып анықталады. Мұндай модельдер үшін бастапқы деректер, егер мұндай мүмкін болса, бақыланатын нарықтың негізінде анықталады; олар болмаған жағдайда, әділ құнды анықтау үшін пайымдаманы қолдану қажет. Қосымша ақпарат 27-ескертепде берілген.

#### Кепілзаттық қамтамасыз етуді бағалау

Компания басшылығы тұрақты негізде кепілзаттық қамтамасыз ету мониторингін жүзеге асырып отырады. Компания басшылығы нарықтағы ағымдағы жағдайды ескере отырып,

тәжірибеге негізделген пайымдауларды немесе кепілзаттық қамтамасыз етудің құнын түзету үшін тәуелсіз бағалауды қолданады. Қосымша ақпарат 8, 9 и 10-ескертепелерде берілген.

*Болжалды кредиттік залалдар / қаржы активтері бойынша құнсызданудан болған шығындар*

Шығындарды бағалау ХҚЕС (IFRS) 9 сәйкес, қаржы активтерінің барлық санаттары бойынша пайымдаманы қолдануды талап етеді, атап айтқанда, БКЗ / құнсызданудан болған және кредит тәуекелінің елеулі ұлғаюын бағалау бойынша шығындарды анықтау кезінде болашақ ақша ағындарының шамасы мен туындау мерзімін және қамтамасыз ету құнын бағалау қажет. Мұндай есептік бағалаулар өзгерістері құнсыздануға арналған бағалау сақтық қорының әртүрлі сомаларына әкелуі мүмкін бірқатар факторларға байланысты болады. Компанияның БКЗ есеп-қисабы ауыспалы бастапқы деректер мен олардың өзара тәуелділігін таңдауға қатысты бірқатар негізгі қателесулерді қамтитын күрделі модельдердің нәтижесі болып табылады.

Пайымдамалар мен есептік бағалаулар болып саналатын БКЗ есептеу модельдерінің элементтеріне мыналар жатады:

- Компанияның кредит тәуекелінің едәуір ұлғайғанын бағалау үшін қолданатын критерийлер, соның нәтижесінде қаржы активтері бойынша құнсыздануға арналған бағалау сақтық қоры бүкіл мерзім ішінде БКЗ тең сомада бағалануы тиіс, және сапалы бағалау;
- Қаржы активтері бойынша БКЗ топтық негізде бағаланған кезде, оларды топтарға біріктіру;
- әртүрлі формулалар мен бастапқы деректерді таңдауды қоса алғанда, БКЗ есептеу модельдерін әзірлеу;
- микроэкономикалық сценарийлер мен экономикалық деректер арасындағы өзара байланыстарды анықтау, мысалы, жұмыссыздық деңгейі мен қамтамасыз ету құны арасындағы, сондай-ақ дефолт ықтималдығының көрсеткіштеріне (PD), дефолт тәуекеліне ұшыраған шамаға (EAD) және дефолт кезіндегі ысырап деңгейіне (LGD) әсері;
- болжамды макроэкономикалық сценарийлерді таңдау және БКЗ бағалау модельдеріне арналған экономикалық бастапқы деректерді алу ықтималдығын ескере отырып,

оларды өлшеу.

Қосымша ақпарат 26-ескертпеде берілген.

#### Салық салу

Қазақстан Республикасының салық, валюта және кеден заңнамасы жеткілікті жиі орын алуы мүмкін әртүрлі түсіндірмелер мен өзгерістердің объектісі болып табылады. Басшылықтың мәмілелер мен Компанияның қызметіне қатысты қолданатын мұндай заңнамаға қатысты түсіндірмемен тиісті жергілікті және мемлекеттік органдар келіспеуі мүмкін. Осылайша, қосымша салықтар, айыппұлдар мен өсімпұлдар есептелуі мүмкін. Салық кезеңдері салық есептеуге қатысты тиісті мемлекеттік органдардың тексеруі үшін қаралатын жылдың алдындағы күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде ашық болып қалады. Белгілі бір жағдайларда мұндай шолулар тым ұзақ кезеңдерді қамтуы мүмкін.

Басшылық, 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша, оның заңнаманы түсіндіруі тиісті болып табылады және Компанияның салық салу мәселесі мен кеден заңнамасы бойынша ұстанымдары расталатын болады деп санайды.

## 5. САЛЫСТЫРМАЛЫ КӨРСЕТКІШТЕРДІ ҚАЙТА ЖІКТЕУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ҚАРАУ

Компания кейбір активтер бойынша кепілзаттық қамтамасыз етуді бағалаудың қайта қаралуына байланысты, клиенттерге берілетін кредиттер бойынша БКЗ және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті бағалауды қайта қарау туралы шешім қабылдады. Бұл өзгерістер 2019 жылғы 31 желтоқсаннан ертерек қабылданған қамтамасыз етуді қозғайтындықтан, мұндай бағалау 2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептіліктің салыстырмалы көрсеткіштеріне әсер етті.

Компания 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компанияның соңғы қаржылық есептілігінде танылған шартты үлестірім бойынша сақтық қорды капиталдағы бөлінбеген пайданың сақтық қорының құрамына ауыстырды. Компания бұдан бұрын қаржы активтерін бастапқы тану кезінде, бұрын талаптары Акционермен анықталған дисконтты капиталдағы шартты үлестірім бойынша жеке сақтық қор құрамында танитын болған.

Сонымен бірге, Компания пайдалар немесе залалдар туралы есепте белгілі бір баптарды ұсы-

ну тәртібін өзгертті. Ағымдағы кезеңде ақпарат ұсыну тәртібіне сәйкес салыстырмалы деректердің ұсынылуы да тиісті түрде өзгертілді. 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайдалар немесе залалдар туралы есептегі ақпарат ұсыну тәртібіне негізгі өзгерістердің әсері мынадай:

О Пайыздық кірістерді ұсыну тәртібі инвестициялық бағалы қағаздардан түскен пайыздық кірістер ақша қаражаттары мен олардың баламаларынан түскен пайыздық кірістердің құрамында ұсынылатын болатындай етіп өзгертілді. Кредиттік ұйымдардағы қаражаттардан түскен пайыздық кірістер ақша қаражаттары мен олардың баламаларынан түскен пайыздық кірістерден бөлек жеке ұсынылған болатын.

О Амортизация бойынша шығыстар өзге операциялық шығыстардың құрамында ұсынылған.

Төменде келтірілген кестелерде аталмыш өзгерістердің Компанияның қаржылық есептілігіне тигізген әсері туралы ақпарат ұсынылған.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы есеп	Өткен кезеңдегі есептілікке сәйкес	Түзетулердің әсері	Қайта жіктеудің әсері	Қайта есептелген/қайта жіктелген
<b>Активтер</b>				
Клиенттерге берілген кредит	30.701.902	(2.153.890)	-	28.548.012
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	258.160.169	(1.406.771)	-	256.753.398
<b>Капитал</b>				
Шартты үлестірім бойынша сақтық қор	(9.613.442)	-	9.613.442	-
(Жинақталған залал)/ бөлінбеген пайда	8.821.469	(3.560.661)	(9.613.442)	(4.352.634)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржы жағдайы туралы есеп	Өткен кезеңдегі есептілікке сәйкес	Түзетулердің әсері	Қайта жіктеудің әсері	Қайта есептелген/қайта жіктелген
<b>Активтер</b>				
Клиенттерге берілген кредит	36.929.798	(2.153.890)	-	34.775.908
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	226.615.145	(1.406.771)	-	225.208.374
<b>Капитал</b>				
Шартты үлестірім бойынша сақтық қор	(9.605.611)	-	9.605.611	-
(Жинақталған залал)/ бөлінбеген пайда	8.434.234	(3.560.661)	(9.605.611)	(4.732.038)



2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы пайда мен залал туралы есеп	Өткен кезеңдегі есептілікке сәйкес	Түзетулердің әсері	Қайта жіктеудің әсері	Қайта есептелген/қайта жіктелген
<b>Тиімді мөлшерлеме қолданыла отырып есептелген пайыздық кірістер</b>				
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	2.039.768	–	(234.318)	1.805.450
Инвестициялық бағалы қағаздар	940.447	–	(940.447)	–
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	–	–	1.174.765	1.174.765
Зге де операциялық шығыстар	(952.489)	–	(274.098)	(1.226.587)
Амортизация	(274.098)	–	274.098	–

## 6. АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОЛАРДЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары мынадай позицияларды қамтиды:

	2021 ж. 31 желтоқсан	2020 ж. 31 желтоқсан
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем депозиттер		
- кредиттік рейтингсіз (Ситибанк АҚ)	3.501.205	1.466
<b>Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем депозиттер жиыны</b>	<b>3.501.205</b>	<b>1.466</b>
Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражаты:		
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінде	5.821.923	–
- кредиттік рейтингі BBB бастап – BBB+ дейін	20.620.384	–
- кредиттік рейтингі BB бастап – BB+ дейін	68.349	12.220.394
- кредиттік рейтингі B бастап – B+ дейін	–	1
- кредиттік рейтингсіз (Ситибанк АҚ)	–	14.008
<b>Ағымдағы банктік шоттардағы ақша қаражатының жиыны</b>	<b>26.510.656</b>	<b>12.234.403</b>
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны, болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қор шегерілгенге дейінгі</b>	<b>30.011.861</b>	<b>12.235.869</b>
Болжамды кредиттік шығындарға арналған сақтық қор	(679)	(293)
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны, болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қор шегерілгенде</b>	<b>30.011.182</b>	<b>12.235.576</b>

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияның бір банкте шоттары бар, ондағы ақша қаражаты мен олардың баламаларының қалдықтарының жалпы сомасы меншікті капиталдың 10%-дан астамын құрайды. Аталған банктегі қалдықтардың жиынтық көлемі 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша 20.620.385 мың теңгені немесе ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жалпы сомасының 68,71% құрайды (2020 жылғы 31 желтоқсанда: бір банкте 12.064.354 мың теңге месе 98,6% мөлшерінде).

Кредиттік рейтингтері «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе өзге де рейтингтік агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған. Ақша қаражаты мен олардың баламалары мерзімі өткен болып табылмайды.

### Кредиттік сапаны талдау

Ақша қаражаты, негізінен, кредиттік рейтингі жоғары және тәуекел деңгейі төмен құралдар ретінде ұсынылған. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорын 12-айлық болжалды кредиттік залалдарға тең сомада таныды.

## 7. КРЕДИТТІК ҰЙЫМДАРДАҒЫ ҚАРАЖАТ

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардағы қаражат мынадай позицияларды қамтиды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
<b>Кредиттік ұйымдардағы қаражат</b>		
– кредиттік рейтингі ВВ бастап – ВВ+ дейін	<b>35.099.362</b>	39.619.641
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны, болжалды кредиттік залалға арналған сақтық қор шегерілгенге дейінгі</b>	<b>35.099.362</b>	39.619.641
Болжалды кредиттік залалға арналған сақтық қор	<b>(896)</b>	(1.117)
<b>Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының жиыны, болжалды кредиттік залалға арналған сақтық қор шегерілгенде</b>	<b>35.098.466</b>	39.618.524

Кредиттік рейтингтері «Standard & Poor's» рейтингтік агенттігінің стандарттарына немесе өзге де рейтингтік агенттіктерінің ұқсас стандарттарына сәйкес ұсынылған. Кредиттік ұйымдардағы ақша қаражаттары мерзімі өткен болып табылмайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияда үлесіне меншікті капиталының 10% артығы келетін банктерде қалдықтар болған емес (2020 жылғы 31 желтоқсанда: бір банкте 23.898.811 мың теңге немесе 60,3% мөлшерінде қалдығы болды).

### Кредиттік сапаны талдау

Кредиттік ұйымдардағы қаражат, негізінен, негізінен, кредиттік рейтингі жоғары және тәуекел деңгейі төмен құралдар ретінде ұсынылған.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания кредиттік ұйымдардағы қаражат бойынша болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорын 12-айлық болжалды кредиттік шығындарға тең сомада таныды.

## 8. КЛИЕНТТЕРГЕ БЕРІЛГЕН КРЕДИТТЕР

2021, 2020 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттер мынадай позицияларды қамтиды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан (қайта есеп- телген)	2019 жылғы 31 желтоқсан (қайта есеп- телген)
Заңды тұлғаларға берілген кредиттер	<b>35.205.572</b>	43.741.763	48.509.786
<b>БКЗ арналған сақтық қорды шегергенге дейін клиенттерге берілген кредиттердің жиыны</b>	<b>35.205.572</b>	43.741.763	48.509.786
БКЗ арналған сақтық қор	<b>(13.485.164)</b>	(15.193.751)	(13.733.878)
<b>Клиенттерге берілген кредиттер</b>	<b>21.720.408</b>	28.548.012	34.775.908

### Амортизацияланған құн бойынша бағалантын, клиенттерге берілген кредиттер бойынша БКЗ арналған бағалау сақтық қоры

Төмендегі кестеде 2021 жылғы БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдау ұсынылған:

	2021 жыл			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
<b>2021 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор (қайта есептелген)</b>	<b>17.605</b>	<b>139.338</b>	<b>15.036.808</b>	<b>15.193.751</b>
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	<b>190.378</b>	–	–	<b>190.378</b>
1-кезеңге аударымдар	<b>163.596</b>	<b>(163.596)</b>	–	–
2-кезеңге аударымдар	<b>(7.030)</b>	<b>212.080</b>	<b>(205.050)</b>	–
3-кезеңге аударымдар	<b>(18.947)</b>	<b>4.444</b>	<b>14.503</b>	–
Бағалау сақтық қорын залалға таза қалпына келтіру	<b>(224.583)</b>	<b>(177.422)</b>	<b>(1.988.759)</b>	<b>(2.390.764)</b>
Болжалды кредиттік залалдардың келтірілген құнына қатысты дисконтты босату	–	–	<b>506.150</b>	<b>506.150</b>
Есептен шығарылған сомалар	–	–	<b>(14.351)</b>	<b>(14.351)</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>121.019</b>	<b>14.844</b>	<b>13.349.301</b>	<b>13.485.164</b>

Төмендегі кестеде 2020 жылғы БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдау ұсынылған:

	2020 жыл (қайта есептелген)			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
<b>2020 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор (қайта есептелген)</b>	381.325	58.421	13.294.132	13.733.878
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	39.120	701	3.305	43.126
1-кезеңге аударымдар	321.125	(319.957)	(1.168)	–
2-кезеңге аударымдар	(195.097)	603.998	(408.901)	–
3-кезеңге аударымдар	(174.445)	(48.718)	223.163	–
Залалға бағалау сақтық қорын таза (қалпына келтіру)/құру	(354.423)	(155.107)	1.699.096	1.189.566
Болжалды кредиттік залалдардың келтірілген құнына қатысты дисконтты босату	–	–	299.333	299.333
Сомаларды есептен шығару	–	–	(72.152)	(72.152)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>17.605</b>	<b>139.338</b>	<b>15.036.808</b>	<b>15.193.751</b>

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттерге берілген кредиттердің кредиттік сапасы туралы ақпарат ұсынылған:

	2021 ж. 31 желтоқсан			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды кре- диттік залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
– мерзімі өтпеген	<b>2.451.021</b>	–	<b>4.769.522</b>	<b>7.220.543</b>
– 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	<b>4.190</b>	–	<b>3.929.514</b>	<b>3.933.704</b>
– 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	<b>735.328</b>	<b>3.337.412</b>	<b>4.072.740</b>
– 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	<b>818.158</b>	<b>818.158</b>
– 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	<b>1.376.042</b>	<b>1.376.042</b>
– 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	–	–	<b>17.784.385</b>	<b>17.784.385</b>
	<b>2.455.211</b>	<b>735.328</b>	<b>32.015.033</b>	<b>35.205.572</b>
Залалға арналған бағалау сақтық қоры	<b>(121.019)</b>	<b>(14.844)</b>	<b>(13.349.301)</b>	<b>(13.485.164)</b>
<b>Клиенттерге берілген кредит жиыны</b>	<b>2.334.192</b>	<b>720.484</b>	<b>18.665.732</b>	<b>21.720.408</b>



	2020 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды кре- диттік залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
– мерзімі өтпеген	3.340.253	1.746.228	8.178.705	13.265.186
– 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	1.026.640	–	2.361.340	3.387.980
– 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	334.255	3.758.078	4.092.333
– 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	199.986	199.986
– 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	5.360.416	5.360.416
– 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	–	–	17.435.862	17.435.862
	4.366.893	2.080.483	37.294.387	43.741.763
Залалдарға арналған бағалау сақтық қоры	(17.605)	(139.338)	(15.036.808)	(15.193.751)
<b>Клиенттерге берілген кредит жиыны</b>	<b>4.349.288</b>	<b>1.941.145</b>	<b>22.257.579</b>	<b>28.548.012</b>

**Жалпы теңгерімдік құнның өзгеруін талдау**

Одан әрі клиенттерге берілген кредиттердің жалпы теңгерімдік құнының елеулі өзгеруі болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорларының өзгеруіне қалай ықпал еткені түсіндіріледі.

2021 жыл ішінде 3-кезеңде 6.900.152 мың теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1.069.077 мың теңге) және 2-кезеңдегі 1.850.999 мың теңге мөлшеріндегі (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 2.768.953 мың теңге) клиенттерге берілген кредиттерді өтеулер 3-кезеңде клиенттерге берілген кредиттер бойынша 1.743.858 мың теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсан: 325.497 мың теңге) және 2-кезеңде клиенттерге берілген кредиттер бойынша 33.355 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 40.279 мың теңге) мөлшерінде болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың кемуіне алып келді.

**Қамтамасыз ету және кредит тәуекелін төмендететін өзге де құралдар**

Компания ұсынылуын талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі контрагенттің кре-

дит тәуекелін бағалауға байланысты болады. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау параметрлерінің ұйғарындылығына қатысты қағидаттар белгіленген.

Коммерциялық кредиттеу кезінде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері жылжымайтын мүлік, жер, ауыл шаруашылығы техникасы болып табылады.

Келесі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қамтамасыз ету типтері бойынша клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету және кредиттердің сапасын арттырудың өзге де құралдары туралы ақпарат ұсынылған (залалға арналған бағалау сақтық қорын шегергенде):

	Клиенттерге кредиттер, теңгерімдік құны	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттер</b>	<b>2.334.192</b>	<b>2.334.192</b>
Жылжымайтын мүлік	2.334.192	2.334.192
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны</b>		
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер:</b>	<b>720.484</b>	<b>720.484</b>
Жылжымайтын мүлік	720.484	720.484
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны</b>		
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер</b>	<b>18.475.988</b>	<b>18.475.988</b>
Жылжымайтын мүлік	18.475.988	18.475.988
Көлік құралдары	66.105	66.105
Өзге де қамтамасыз ету	123.639	123.639
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны:</b>	<b>18.665.732</b>	<b>18.665.732</b>
<b>Клиенттерге берілген кредиттердің жиыны</b>	<b>21.720.408</b>	<b>21.720.408</b>

Келесі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, қамтамасыз ету типтері бойынша клиенттерге берілген кредиттер бойынша қамтамасыз ету және кредиттердің сапасын арттырудың өзге де құралдары туралы ақпарат ұсынылған (құнсыздануға арналған сақтық қорды шегергенде):

	Клиенттерге кредиттер, теңгерімдік құны (қайта есептелген)	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін (қайта есептелген)
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттер:</b>		
Жылжымайтын мүлік	4.349.288	4.349.288
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны</b>	<b>4.349.288</b>	<b>4.349.288</b>
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер:</b>		
Жылжымайтын мүлік	1.941.145	1.941.145
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны</b>	<b>1.941.145</b>	<b>1.941.145</b>
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттер:</b>		
Жылжымайтын мүлік	22.163.657	22.163.657
Көлік құралдары	90.691	90.691
Өзге де қамтамасыз ету	3.231	3.231
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын клиенттерге берілетін кредиттердің жиыны</b>	<b>22.257.579</b>	<b>22.257.579</b>
<b>Клиенттерге берілген кредиттердің жиыны</b>	<b>28.548.012</b>	<b>28.548.012</b>

Басшылық қамтамасыз етудің нарықтық құнының мониторингін жүзеге асырады, негізгі келісімге сәйкес қосымша қамтамасыз ету сұратады, сондай-ақ құнсызданудан болатын залалдарға арналған сақтық қордың жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамтамасыз етудің нарықтық құнын қадағалайды.

#### Клиенттерге берілетін кредиттердің шоғырлануы

2021 жылдың 31 желтоқсанына Компанияның он ең ірі тәуелсіз тарапқа берген клиенттерге

берілетін кредиттерінің шоғырлануы 14.899.291 мың теңгені немесе жиынтық кредиттік портфелінің 42,32% (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 16.917.234 мың теңге немесе жиынтық кредиттік портфелінің 38,7%) құрады. 2021 жылғы 31 желтоқсанға осы кредиттер бойынша 5.668.836 мың теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 5.583.704 мың теңге) БКЗ арналған сақтық қор құрылған болатын.

Кредиттер қызметін Қазақстан Республикасында экономиканың ауыл шаруашылығы секторында жүзеге асыратын клиенттерге беріледі.

## 9. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУ БОЙЫНША ДЕБИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің талдауы төменде берілген:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)	2019 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Бір жылдан кем	101.146.928	89.980.499	83.175.666
1 жылдан 2 жылға дейін	65.802.822	52.942.445	49.013.324
2 жылдан 3 жылға дейін	63.591.332	53.842.787	44.593.064
3 жылдан 4 жылға дейін	62.824.200	47.742.737	44.172.746
4 жылдан 5 жылға дейін	60.948.122	44.663.558	35.952.318
5 жылдан жоғары	166.085.802	121.308.537	99.575.512
<b>Ең төменгі жалдау төлемдері</b>	<b>520.399.206</b>	<b>410.480.563</b>	<b>356.482.630</b>
Еңбексіз табылған қаржы кірісін шегергенде			
Бір жылдан кем	(4.783.600)	(4.086.146)	(2.684.193)
1 жылдан 5 жылға дейін	(78.902.473)	(58.163.721)	(49.074.897)
5 жылдан жоғары	(91.516.205)	(64.920.421)	(55.512.178)
<b>Еңбексіз табылған қаржы кірісін шегергенде, жиыны</b>	<b>(175.202.278)</b>	<b>(127.170.288)</b>	<b>(107.271.268)</b>
Болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қоры	(30.484.433)	(26.556.877)	(24.002.988)
<b>Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек</b>	<b>314.712.495</b>	<b>256.753.398</b>	<b>225.208.374</b>

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдауы ұсынылған:

	2021 жыл			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
<b>2021 жылдың 1 қаңтарына БКЗ арналған сақтық қор (қайта есептелген)</b>	<b>4.047.880</b>	<b>986.731</b>	<b>21.522.266</b>	<b>26.556.877</b>
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	2.888.610	-	16.199	2.904.809
1-кезеңге аударымдар	2.790.946	(2.790.946)	-	-
2-кезеңге аударымдар	(857.129)	3.238.472	(2.381.343)	-
3-кезеңге аударымдар	(413.964)	(2.545.537)	2.959.501	-
Залалдарға арналған бағалау сақтық қорын таза (қалпына келтіру)/құру	(3.428.369)	2.099.612	2.674.359	1.345.602
Сомаларды есептен шығару	-	-	(322.855)	(322.855)
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>5.027.974</b>	<b>988.332</b>	<b>24.468.127</b>	<b>30.484.433</b>

Төмендегі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдау берілген:

	2020 жыл (қайта есептелген)			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
<b>2020 жылғы 1 қаңтарға БКЗ арналған сақтық қор, қайта есептелген</b>	<b>4.427.759</b>	<b>1.070.908</b>	<b>18.504.321</b>	<b>24.002.988</b>
Жаңа құрылған немесе сатып алынған активтер	2.955.473	-	63.753	3.019.226
1-кезеңге аударымдар	3.209.998	(3.144.476)	(65.522)	-
2-кезеңге аударымдар	(1.079.333)	3.660.310	(2.580.977)	-
3-кезеңге аударымдар	(818.882)	(3.295.484)	4.114.366	-
Залалдарға арналған бағалау сақтық қорын таза құру	(4.647.135)	2.695.473	1.746.704	(204.958)
Сомаларды есептен шығару	-	-	(260.379)	(260.379)
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>4.047.880</b>	<b>986.731</b>	<b>21.522.266</b>	<b>26.556.877</b>



## Қаржылық жалдау портфелінің кредиттік сапасы

Төмендегі кестеде 2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жалдау портфелінің кредиттік сапасы туралы ақпарат берілген:

	2021 ж. 31 желтоқсан			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды кре- диттік залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
– мерзімі өтпеген	275.505.700	3.474.325	15.451.230	294.431.255
– 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	5.059.784	1.206.590	6.100.985	12.367.359
– 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	2.865.243	2.737.890	5.603.133
– 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	2.231.010	2.231.010
– 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	3.323.782	3.323.782
– 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	–	–	27.240.389	27.240.389
	280.565.484	7.546.158	57.085.286	345.196.928
Залалдарға арналған бағалау сақтық қоры	(5.027.974)	(988.332)	(24.468.127)	(30.484.433)
<b>Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>275.537.510</b>	<b>6.557.826</b>	<b>32.617.159</b>	<b>314.712.495</b>

	2020 ж. 31 желтоқсан (қайта есептелген)			
	1-кезең 12-айлық бол- жалды кре- диттік залал- дар	2-кезең Кредиттік-құн- сызданған болып табыл- майтын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі бол- жалды кре- диттік залал- дар	3-кезең Кредит- тік-құнсы- зданған болып табы- латын актив- тер бойынша бүкіл мерзім ішіндегі болжалды залалдар	Жиыны
– мерзімі өтпеген	216.553.292	4.565.296	–	233.056.934
– 30 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	5.258.887	1.089.748	11.938.346	7.853.315
– 31 күннен артық, бірақ 90 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	3.288.722	1.504.680	8.422.089
– 91 күннен артық, бірақ 180 күннен аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	5.133.367	906.618
– 181 күннен артық, бірақ 1 жылдан аз уақытқа мерзімі өткен	–	–	906.618	9.969.412
– 1 жылдан артық уақытқа мерзімі өткен	–	–	9.969.412	23.101.907
	221.812.179	8.943.766	23.101.907	283.310.275
Залалдарға арналған бағалау сақтық қоры	(4.047.880)	(986.731)	–	(21.522.266)
<b>Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>217.764.299</b>	<b>7.957.035</b>	<b>31.032.064</b>	<b>256.753.398</b>

## Жалпы теңгерімдік құнның өзгеруін талдау

2021 жылғы лизингтік мәмілелерді қаржыландырудың өсуі портфельдің жалпы теңгерімдік құнының жалпы сомасы 119.633.899 мың теңгеге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 86.373.411 мың теңге) өсуіне және 2.904.809 мың теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 3.019.226 мың теңге) портфель бойынша залалдарға арналған бағалау сақтық қорының тиісінше ұлғаюына себепші болды.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 3-кезеңде 5.165.704 мың теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 6.517.714 мың теңге) өтелуі 1.683.792 мың теңге мөлшерінде (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1.639.611 мың теңге) болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың кемуіне әкелді.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 3-кезеңде 14.853.222 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда 19.913.619 мың теңге) мөлшерінде аударылуы 1.799.473 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 1.813.494 мың теңге) мөлшерінде болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың ұлғаюына әкелді.

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 3-кезеңнен 2-кезеңге 6.869.203 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 13.411.042 мың теңге) мөлшерінде аударылуы 454.788 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 936.746 мың теңге) мөлшерінде болжалды кредиттік залалдарға арналған сақтық қордың кемуіне әкелді. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің 1-кезеңнен 2-кезеңге 30.648.615 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 38.140.284 мың теңге) мөлшерінде аударылуы 1.911.360 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда

## Қамтамасыз етуді талдау

Келесі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қамтамасыз ету типтері бойынша, қамтамасыз ету, жалға алынған активтер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке қатысты басқа да кредит сапасын арттыру құралдары туралы ақпарат ұсынылған:

	Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек, теңгерімдік құны	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде болатын жалгерлік:</b>		
Көлік құралдары	261.168.237	261.168.237
Жабдықтар	10.430.973	10.430.973
Жылжымайтын мүлік	1.441.599	1.441.599
Өзге активтер	2.496.701	2.496.701
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде болатын жалгерлік жиыны</b>	<b>275.537.510</b>	<b>275.537.510</b>
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын жалдау:</b>		
Көлік құралдары	5.693.396	5.693.396
Жабдықтар	631.226	631.226
Өзге активтер	233.204	233.204
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын жалдау жиыны</b>	<b>6.557.826</b>	<b>6.557.826</b>
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын жалдау:</b>		
Көлік құралдары	16.361.591	16.361.591
Жабдықтар	12.412.339	12.412.339
Жылжымайтын мүлік	1.174.360	1.174.360
Өзге активтер	2.668.869	2.668.869
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын жалдау жиыны</b>	<b>32.617.159</b>	<b>32.617.159</b>
<b>Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>314.712.495</b>	<b>314.712.495</b>

Келесі кестеде 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қамтамасыз ету типтері бойынша, қамтамасыз ету, жалға алынған активтер және қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке қатысты басқа да кредит сапасын арттыру құралдары туралы ақпарат ұсынылған:

	Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек, теңгерімдік құны (қайта есептелген)	Қамтамасыз етудің әділ құны – есепті кезең ішінде бағаланған қамтамасыз ету үшін (қайта есептелген)
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде болатын жалдау:</b>		
Көлік құралдары	198.647.793	198.647.793
Жабдықтар	12.293.063	12.293.063
Жылжымайтын мүлік	2.059.393	2.059.393
Өзге активтер	4.764.050	4.764.050
<b>Болжалды кредиттік залалдары 12 ай шегінде болатын жалдау жиыны</b>	<b>217.764.299</b>	<b>217.764.299</b>
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын жалдау:</b>		
Көлік құралдары	6.343.444	6.343.444
Жабдықтар	1.156.330	1.156.330
Өзге активтер	457.261	457.261
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын активтер бойынша болатын жалдау жиыны</b>	<b>7.957.035</b>	<b>7.957.035</b>
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын жалдау:</b>		
Жабдықтар	14.009.960	14.009.960
Көлік құралдары	14.023.651	14.023.651
Жылжымайтын мүлік	620.439	620.439
Өзге активтер	2.378.014	2.378.014
<b>Болжалды кредиттік залалдары бүкіл мерзім ішінде кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер бойынша болатын жалдау жиыны</b>	<b>31.032.064</b>	<b>31.032.064</b>
<b>Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек жиыны</b>	<b>256.753.398</b>	<b>256.753.398</b>

Бұрын келтірілген кестелер артық қамтамасыз ету құнын жоққа шығарады.

## Лизинг нысаналарын алып қою

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Компания 1.297.061 мың теңге мөлшерінде лизинг нысаналарын алып қойған (2020 жылы: 2.005.990 мың теңге).

## Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғырлануы

2021 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның он ең ірі тәуелсіз тараптарға берген қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің шоғыр-

лануы 25.139.204 мың теңге немесе қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешектің жиынтық сомасының 7.28% құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 22.645.732 мың теңге немесе 9,0%). 2021 жылғы 31 желтоқсанға Компаниямен танылған осы дебиторлық берешек бойынша БКЗ арналған сақтық қор 3.839.190 мың теңгені құрады (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 2.505.134 мың теңге).

Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға қосылған құнға салық бойынша төлемдер болып саналатын, 8.812.626 мың теңге мөлшеріндегі лизинг алушылардан алынатын соманы қамтиды (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 8.301.324 мың теңге).

## 10. ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАЛДАУҒА АРНАЛҒАН МҮЛІК

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жалдауға арналған мүлік келесі позицияларды қамтиды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Қаржылық жалдауға арналған жабдық	2.210.086	3.436.243
Меншікке айналдырылған кепілзаттық мүлік	1.596.904	1.801.143
Өзге материалдар	33.249	31.372
	<b>3.840.239</b>	5.268.758
Құнсыздануға арналған сақтық қор (23-ескертпе)	(838.991)	(980.206)
<b>Қаржылық жалдауға арналған мүлік</b>	<b>3.001.248</b>	4.288.552

2021 жылдың ішінде қарыз алушылардың берешегін өтеу ретінде алынған әртүрлі активтер Компания меншігіне ауысты. Компания бұл мүлікті қаржы лизингі шарты бойынша беруді жоспарлап отыр.

## 11. ҚОСЫЛҒАН ҚҰНҒА САЛЫҚ ЖӘНЕ ӨТЕЛУГЕ ЖАТАТЫН БАСҚА ДА САЛЫҚТАР

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қосылған құнға салық пен өтелуге жататын басқа да салықтар келесі позицияларды қамтиды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Өтелуге жататын қосылған құнға салық	6.390.344	6.109.181
Өзге салықтар	14.836	18.492
<b>Қосылған құнға салық және өтелуге жататын басқа да салықтар</b>	<b>6.405.180</b>	6.127.673

## 12. БЕРІЛГЕН АВАНСТАР

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген аванстар келесі позицияларды қамтиды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Ауыл шаруашылығы техникасы үшін берілген аванстар	472.642	272.826
Жабдықтар үшін берілген аванстар	10.770	10.770
Басқа да берілген аванстар	5.736	982.566
	<b>489.148</b>	1.266.162
Құнсыздануға арналған сақтық қор (23-ескертпе)	(11.283)	(11.283)
<b>Берілген аванстар</b>	<b>477.865</b>	1.254.879

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша аванстар кейіннен қаржылық жалға беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын, жабдықтарды және ірі қара малды жеткізгені үшін алдын ала төлем болып табылады.



## 13. АКЦИОНЕР АЛДЫНДАҒЫ БЕРЕШЕК

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Акционер алдындағы берешек мыналарды қамтиды:

	Валюта	Өтеу мерзімі	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
№ 25 Қарыз шарты	Теңге	2041 жыл	<b>10.834.739</b>	-
№ 63 Қарыз туралы негіздемелік келісім	Теңге	2022 жыл	<b>1.031.597</b>	3.018.335
№ 113 Қарыз туралы негіздемелік келісім	Теңге	2022 жыл	<b>220.999</b>	500.277
№ 35 Қарыз туралы негіздемелік келісім	Теңге	2023 жыл	-	19.807.393
№ 22 Қарыз шарты	Теңге	2030 жыл	-	13.417.468
№ 86 Қарыз шарты	Теңге	2021 жыл	-	10.544.278
№ 39 Қарыз туралы негіздемелік келісім	Теңге	2027 жыл	-	4.329.926
№ 118 Қарыз шарты	Теңге	2021 жыл	-	991.912
№ 64 Қарыз шарты	Теңге	2023 жыл	-	834.736
<b>Акционер алдындағы берешек</b>			<b>12.087.335</b>	53.444.325

Бұрын жасалған шарттар бойынша берешек сомаларын біріктіру жолымен ҚазАгро холдингі Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражатынан Қоғамға бұрын берген қарыз алу құрылымын оңтайландыру шеңберінде 2021 жылғы 16 маусымдағы №25 қарыз шартына қол қойылды. Қарыздың жалпы сомасы – 50.000.000 мың теңге, қарыз мерзімі – 2041 жылғы 10 ақпанға дейін, сыйақы мөлшерлемесі: жылдық 1,02%, дисконттау мөлшерлемесі – жылдық 11,98%, 5.835.875 мың теңге мөлшеріндегі жаңа игеруді қоса алғанда. Қарыздың нысаналы мақсаты – кейіннен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне қаржы лизингіне беру үшін отандық өндірілген және/немесе құрастырылған ауыл шаруашылығы техникасын, оның ішінде өздігінен жүретін, тіркемелі және аспалы техниканы, сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін, оларды қайта өңдеуден алынған өнімдерді және биологиялық активтерді тасымалдайтын отандық өндірілген және/немесе құрастырылған көлік құралдарын сатып алу. Бұл мәміленің жасалуы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландырылған алдыңғы келісімдерді және 2021 жылғы 16 маусымдағы №25 Қарыз шарты бойынша жаңа міндеттемелерді танудың тоқтатылуына әкелді. Бұрынғы қаржы міндеттемелерінің теңгерімдік құны мен жаңа қаржы құралдарының әділ құны арасындағы 31.514.405 мың теңге мөлшеріндегі айырма (6.302.881 мың теңге мөлшеріндегі салық әсерін қоспағанда) соңғы бақылаушы тараппен жаңа талаптарды

келісу жөніндегі мәміленің әсері ретінде, қосымша капитал құрамында капиталда тікелей көрсетілген болатын. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша осы келісім бойынша міндеттеменің теңгерімдік құны 10.834.739 мың теңгені құрайды.

2018 жылғы 24 шілдеде Компания мен Акционердің арасында Акционер Басқармасының шешімі бойынша 36 айға дейін ұзарту мүмкіндігімен 12 ай мерзімге 10.000.000 мың теңге сомасына № 86 қарыз шарты жасалған болатын. 2020 жылғы 20 наурызда қарыз мерзімін 36 айға дейін ұзартуды көздейтін № 2 қосымша келісім жасалды. 2021 жылғы 23 шілдеде 10.000.000 мың теңге сомасына негізгі борыш толық көлемде өтелді.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда Акционермен жасалған шарттар бойынша қаржы ковенанттарын сақтау міндеттемелері жоқ. Акционер алдындағы берешек кепілзаттық мүлікпен қамтамасыз етілген.

## 14. КРЕДИТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚАРАЖАТТАРЫ

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша кредиттік ұйымдардың қаражаттары мыналарды қамтиды:

	Валюта	Өтеу мерзімі	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
«Халық Банкі» АҚ	Теңге	2024-2025 жыл	<b>38.131.865</b>	36.605.399
«Сбербанк России» АҚ ЕБ	Теңге	2026 жыл	<b>13.593.189</b>	9.152.623
«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ	Тенге	2025-2029 жыл	<b>13.146.580</b>	15.515.127
РОСЭКСИМБАНК АҚ	Ресей рублі	2022-2023 жылдар	<b>1.439.090</b>	2.276.078
<b>Кредиттік ұйымдардың қаражаттары</b>			<b>66.310.724</b>	63.549.227

2020 жылғы 28 тамызда Компания мен «Сбербанк» АҚ ЕБ арасында 5 жыл мерзімге 9.333.333 мың теңге сомасына Несие желісін ашу туралы шарт жасалған. 2021 жылғы 12 шілдеде Қосымша келісім жасалып, оның шеңберінде несие желісінің мерзімі 2026 жылғы 28 тамызға дейін ұлғайтылды.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Компания 2020 жылғы 28 тамыздағы несие желісінің шеңберінде «Сбербанк» АҚ ЕБ-нен 2025 жылы өтелу мерзімімен жалпы сомасы 9.333.000 мың теңгеге қарыз тартты.

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде Компания 2019 жылғы 13 тамыздағы несие желісінің шеңберінде «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-нан 2025 жылы өтелу мерзімімен жалпы сомасы 9.584.000 мың теңгеге қарыз тартты.

### Шектеуші қаржы талаптары

Кредиттік ұйымдардың қарыз шарттарының талаптарына сәйкес, Компания Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешені саласындағы «Бәйтерек» компаниясының ешілес ұйымдары үшін ҚРҰБ белгілеген пруденциалдық нормативтерді қоса алғанда, белгілі бір қаржылық коэффициенттерді сақтауға міндетті.

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания кредиторлармен жасалған шарттар бойынша шектеуші қаржы талаптарын орындау талаптарын сақтайды.

## 15. ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШҚОРЛЫҚ ҚАҒАЗДАР

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар келесі позицияларды қамтиды:

	Өтеу күні	Мөлшерлемесі, %	Валюта	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Купондық облигациялар шығарылымы	2028 жылғы 20 тамыз	11,9%	Теңге	41.555.385	–
Купондық облигациялар шығарылымы	2031 жылғы 21 желтоқсан	11,5%	Теңге	25.079.861	–
Екінші облигациялық бағдарлама шегіндегі төртінші шығарылым	2024 жылғы 24 желтоқсан	12,0%	Теңге	19.503.095	19.301.533
Екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде купондық облигациялардың үшінші шығарылымы	2024 жылғы 24 желтоқсан	12,0%	Теңге	19.445.272	19.351.821
Купондық облигациялардың екінші шығарылымы	2022 жылғы 12 маусым	8,5%	Теңге	18.062.146	18.044.098
Бірінші облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялардың үшінші шығарылымы	2023 жылғы 16 қаңтар	8,0%	Теңге	17.409.234	17.263.736
Екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде купондық облигациялардың бірінші шығарылымы	2023 жылғы 8 қараша	12,0%	Теңге	12.190.675	12.173.321
Купондық облигациялардың бірінші шығарылымы	2024 жылғы 12 маусым	8,5%	Теңге	3.958.518	3.955.269
Екінші облигациялық бағдарлама шеңберінде облигациялардың екінші шығарылымы	2021 жылғы 14 қараша	15,0%	Теңге	–	8.148.029
<b>Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар</b>				<b>157.204.186</b>	<b>98.237.807</b>

2021 жылғы тамызда Компания номиналдық құны 40.000.000 мың теңге купондық облигацияларды шығарды және шығарылымды толық көлемде орналастырды.

2021 жылғы қарашада Компанияның екінші облигациялық бағдарламасы шеңберінде номиналдық құны 8.000.000 мың теңге облигациялардың екінші шығарылымын өтеді.

2021 жылғы желтоқсанда Компания номиналдық құны 25.000.000 мың теңге купондық облигацияларды шығарды және толық көлемде орналастырды.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компания шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар бойынша шектеуші талаптарды орындау талаптарын сақтайды.

## 16. ӨНІМ БЕРУШІЛЕР АЛДЫНДАҒЫ КРЕДИТОРЛЫҚ БЕРЕШЕК

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек Компанияның кейіннен қаржылық жалға беруге арналған мүлік үшін өнім берушілер алдындағы берешегін қамтиды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Ауыл шаруашылығы техникасы	4.881.657	4.658.610
Жабдық	635.374	469.026
Ірі қара мал	741	783
Басқалары	260.354	83.948
<b>Өнім берушілер алдындағы кредиторлық берешек</b>	<b>5.778.126</b>	<b>5.212.367</b>

## 17. САЛЫҚ САЛУ

Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем мынадай баптардан тұрады:

	2021 жыл	2020 жыл
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	358.546	305.966
Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс – уақытша айырмалардың пайда болуы және азаюы	5.558.855	1.045.621
Капиталда танылған кейінге қалдырылған салықты шегергенде	(6.339.721)	(1.360.642)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем</b>	<b>(422.320)</b>	<b>(9.055)</b>

2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы активтер 134.115 мың теңгені құрайды (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 134.115 мың теңге).

Компанияның корпоративтік табыс салығы бойынша мөлшерлеме 2021 және 2020 жылдары 20,0% құрады.

Корпоративтік табыс салығының тиімді мөлшерлемесі пайдаға салық салудың ресми мөлшерлемесінен ерекшеленеді. Төменде қаржылық есептілікте көрсетілген корпоративтік табыс салығының үнемімен, ресми мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстардың салыстыруы келтірілген.

### Тиімді салық мөлшерлемесіне қатысты салыстыру:

	2021	%	2020	%
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>16.879.425</b>	<b>100</b>	9.589.144	100
Табыс салығы бойынша қолданыстағы мөлшерлемеге сәйкес есептелген табыс салығы	3.375.885	20	1.917.829	20
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс	(4.775.816)	(28)	(3.160.525)	(33)
Төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	358.546	2	305.965	3
Шегерілмейтін кредиттік залалдар	589.368	3	855.260	9
Басқа да шегерілмейтін шығыстар	29.697	-	72.416	1
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша үнем</b>	<b>(422.320)</b>	<b>(3)</b>	(9.055)	-

31 желтоқсанға корпоративтік табыс салығы олардың қозғалысы келесі позицияларды бойынша кейінге қалдырылған активтер мен қамтиды: міндеттемелер, сондай-ақ тиісті жылдардағы

	Уақыт айырмашылықтарының пайда болуы және азаюы			Уақыт айырмашылықтарының пайда болуы және азаюы			
	2019 жыл	Пайда немесе залал туралы есепте	Капитал-да	2020 жыл	Пайда немесе залал туралы есепте	Капитал-да	2021 жыл
<b>Шегерілетін мезгілдік айырмалардың салықтық әсері</b>							
Клиенттерге берілген кредит	355.722	(147.923)	1.958	209.757	(133.543)	-	76.214
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	110.677	(63.507)	-	47.170	37.911	-	85.081
Кредиттік ұйымдардың қаражаттары	126.300	2.453	-	128.753	24.641	-	153.394
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептелген шығыстар	53.450	(26.790)	-	26.660	34.781	-	61.441
Сот шешімі бойынша таңылған тұрақсыздық айыбы	-	-	-	-	471.964	-	471.964
Кепілдіктер	36.840	-	-	36.840	-	(36.840)	-
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер</b>	<b>682.989</b>	<b>(235.767)</b>	<b>1.958</b>	<b>449.180</b>	<b>435.754</b>	<b>(36.840)</b>	<b>848.094</b>
<b>Салық салынатын мезгілдік айырмалардың салықтық әсері</b>							
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	(98.734)	98.734	-	-	-	-	-
Акционер алдындағы берешек	(855.250)	340.691	(1.297.767)	(1.812.326)	242.486	(6.302.881)	(7.872.721)
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар	(434.998)	107.248	(64.833)	(392.583)	93.198	-	(299.385)
Негізгі құралдар және материалдық емес активтер	(48.655)	4.115	-	(44.540)	9.428	-	(35.112)
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер</b>	<b>(1.437.637)</b>	<b>550.788</b>	<b>(1.362.600)</b>	<b>(2.249.449)</b>	<b>345.112</b>	<b>(6.302.881)</b>	<b>(8.207.218)</b>
<b>Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған таза міндеттеме</b>	<b>(754.648)</b>	<b>315.021</b>	<b>(1.360.642)</b>	<b>(1.800.269)</b>	<b>780.866</b>	<b>(6.339.721)</b>	<b>(7.359.124)</b>



Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер, тек есебіне актив пайдаланылуы мүмкін болашақтағы салық салынатын пайданың қолжетімді болу ықтималдығы бар көлемде ғана танылады. Корпоративтік

табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер енді тиісті салық жеңілдігінің іске асырылу ықтималдығы болмайтын көлемде азайтылады.

## 18. АЛЫНҒАН АВАНСТАР

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 5.471.667 мың теңге (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 7.957.142 мың теңге) сомасындағы қаржылық жалдауға арналған, қаржылық жалдау шарттарының талаптары бойынша сатып алынған,

бірақ жалға алушыға әлі берілмеген, клиенттердің мүлік үшін төлеген алдын-ала төлемдері, сондай-ақ қаржылық жалдау шарттары бойынша алдын ала төленген төлемдер болып табылады.

## 19. КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРЫЛҒАН ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМELER

Мүлікті қаржы лизингіне бере алдында Компания кейінге қалдырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелерді таниды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша кейінге қал-

дырылған қосылған құн салығы бойынша міндеттемелер 8.817.626 мың теңгені (2020 жылғы 31 желтоқсанда: 8.301.324 мың теңге) құрайды.

## 20. БАСҚА ДА МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша басқа да міндеттемелер келесі позицияларды қамтиды:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
<b>Басқа да қаржы міндеттемелері</b>		
Кредит сипатындағы шартты міндеттемелер бойынша БКЗ арналған сақтық қор (22-ескертпе)	233.258	173.104
<b>Басқа да қаржы міндеттемелері</b>	<b>233.258</b>	173.104
<b>Басқа да қаржылық емес міндеттемелер</b>		
Болашақтағы кезеңдердің пайыздық кіррістері	2.196.795	858.547
Төленетін корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар	53.955	77.352
Бюджетке төленетін міндетті төлемдер бойынша берешек және қызметкерлерге берешек	37.885	46.929
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	324.926	332.003
<b>Басқа да қаржылық емес міндеттемелер</b>	<b>2.613.561</b>	1.314.831
<b>Басқа да міндеттемелер</b>	<b>2.846.819</b>	1.487.935

## 21. КАПИТАЛ

2021жылдың 31 желтоқсанына және 2020 жылдың 31 желтоқсанына жарияланған және төленген жай акциялардың жалпы саны бір акция үшін 1.000 теңге орналастыру бағасы бойынша 82.837.204 дананы құрайды. Бір жай акцияның иесі бір дауысқа ие және дивидендтер алуға тең құқылы. Бөлінетін пайда Компанияның қаржылық есептілігінде көрсетілген пайда негізінде анықталады.

Акционердің 2020 жылғы 29 мамырдағы шешіміне сәйкес Компания 2019 жылға 9.210.964 мың теңге немесе бір жай акцияға 111,19 теңге мөлшерінде дивиденд жариялады. 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дивиденд толық мөлшерде төленді. Акционердің 2021 жылғы 12 наурыздағы шешіміне сәйкес Компания 2020 жылға 6.718.739 мың теңге немесе бір жай акцияға 81,11 теңге мөлшерінде дивиденд жариялады. Есепті кезең ішінде дивидендтер толық мөлшерде төленді.

Компанияның ережесіне сәйкес, сақтық қор капиталы болашақ шығындар мен басқа да күтпеген тәуекелдер мен міндеттемелерді қоса алғанда, жалпы тәуекелдер үшін қалыптасады. Сақтық қор капиталы акционердің жалпы жиналыстағы шешімі негізінде бөлінуге жатады. 2021 және 2020 жылдың он екі айы ішінде сақтық қор капиталы өзгерген емес. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сақтық қор капиталы 1.436.184 мың теңгені құрайды.

2021 жылғы 31 желтоқсанға Қазақстан қор биржасының әдіснамасына сәйкес есептелген бір жай акцияның теңгерімдік құны 1 827,27 теңгені (2020: 1 382,88 теңге) құрайды. 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бір акцияның теңгерімдік құнының есебі:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)	2019 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
Активтер	413.345.621	351.518.524	322.174.918
Материалдық емес активтер	(491.984)	(535.146)	(581.104)
Міндеттемелер	(265.875.607)	(239.990.396)	(216.476.593)
Таза активтер	146.978.030	110.992.982	105.117.221
Есептеу күніне жай акциялардың саны, дана	82.837.204	82.837.204	82.837.204
Теңгемен акцияның теңгерімдік құны	1.774,30	1.339,89	1.268,96

Төменде акцияға базалық және бытыраңғы пайданы есептеу кезінде пайда пен акциялар туралы деректер келтірілген:

	2021 жыл	2020 жыл
Жыл ішіндегі таза пайда	17.301.745	9.598.199
31 желтоқсанда аяқталған жылдағы жай акциялардың орташа өлшенген саны	82.837.204	82.837.204
<b>Жай акцияға базалық және бытыраңғы пайда (теңгемен)</b>	<b>208,86</b>	115,87

2021 жылдың және 2020 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Компанияда акцияға пайданы көбейтетін қаржы құралдары болған емес.

## 22. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Сот талқылаулары

Нарықтағы әдеттегі қызметін жүзеге асыру барысында Компания әртүрлі заңды кінәрат-талаптарға тап болады. Басшылық сот талқылаулары нәтижесінде туындайтын міндеттемелердің түпкілікті шамасы (олар болған жағдайда) Компанияның қаржылық жағдайына немесе одан арғы қызметіне елеулі теріс әсер етпейді деп пайымдайды.

Басшылықта қандай да бір маңызды немесе шешілмеген сот талқылаулары туралы, сондай-ақ Компанияға қарсы қойылуы мүмкін ықтимал талаптар туралы ақпарат жоқ.

### Салық салу

Қазақстандық коммерциялық және, атап айтқанда, салық заңнамасында интерпретациясы түрленуі мүмкін ережелер бар, жекелеген

жағдайларда заңнамаға жанама ретроспективті әрекеті бар өзгерістер енгізілуі мүмкін. Бұдан басқа, Компания басшылығының заңнама ережелерін түсінуі салық органдарының осы ережелерді түсінуінен өзгеше болуы мүмкін және нәтижесінде Компания жүргізген операцияларды салық органдары өзгеше түрде бағалауы мүмкін және бұл қосымша салықтардың, айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуіне әкелуі мүмкін. Компания басшылығы барлық қажетті салық төлемдері жүргізілді және сәйкесінше, есептілікте ешқандай сақтық қорлар есептелген жоқ деп санайды. Салық органдары соңғы 5 (бес) жылдағы салық салу жөніндегі деректерге тексеру жүргізуі мүмкін.

### Кредит сипатындағы міндеттемелер

2021 жылғы және 2020 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның шарттық және шартты міндеттемелері келесі позицияларды қамтыған:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2021 жылғы 31 желтоқсан
<b>Кредит сипатындағы міндеттемелер</b>		
Қаржылық жалгерлік ұсыну бойынша міндеттемелер	<b>11.379.962</b>	10.017.928
Берілген кепілдіктер	–	285.994
<b>БКЗ арналған сақтық қорды шегергенге дейінгі кредиттік сипаттағы міндеттемелер</b>	<b>11.379.962</b>	10.303.922
БКЗ арналған сақтық қор	<b>(233.258)</b>	(173.104)
<b>Жиыны</b>	<b>11.146.704</b>	10.130.818

2021 жылғы 16 маусымда Компания қарыз беру туралы келісім бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ ақшалай міндеттемелерін қамтамасыз ететін Ислам Даму Банкімен 6.661.130 ислам динары сомасына қаржылық кепілдік беру туралы шарт жасасты. Бұл кепілдік Акционердің қарсы кепілдігімен қамтамасыз етілген. 2021 жылғы 24 маусымда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ алған қарыз толық көлемде өтелді.

нындағы жағдай бойынша Компания 12-айлық болжалды кредиттік залалдарға тең сомада пайдаланылмаған кредиттік желілерге қатысты болжалды кредиттік залалдарға арналған бағалау сақтық қорын таныды.

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы қаржылық жалға беру және берілген кепілдіктер бойынша БКЗ арналған сақтық қор өзгерістерінің талдауы төменде келтірілген. 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы және 2020 жылдың 31 желтоқса-

	Пайдаланыл- маған кредит- тік желілер	Берілген кепілдіктер	Жиыны
<b>2020 жылдың 1 қаңтарына БКЗ арналған сақтық қор</b>	<b>156.868</b>	<b>3.251</b>	<b>160.119</b>
Жыл ішіндегі БКЗ өзгерістері	<b>15.842</b>	<b>(2.857)</b>	<b>12.985</b>
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>172.710</b>	<b>394</b>	<b>173.104</b>
Жыл ішіндегі БКЗ өзгерістері	<b>60.548</b>	<b>(394)</b>	<b>60.154</b>
<b>2021 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>233.258</b>	<b>–</b>	<b>233.258</b>

## 23. КРЕДИТТІК ЗАЛАЛДАР БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Төмендегі кестеде 2021 жылғы 31 желтоқсанда және 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы пайда немесе залал құрамында танылған қаржы құралдары бойынша БКЗ арналған шығыстар көрсетілген:

	Ескер.	2021 жыл	2020 жыл
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	9	<b>(4.250.411)</b>	(2.814.268)
Кредит сипатындағы міндеттемелер	22	<b>(60.548)</b>	(15.842)
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары		<b>(386)</b>	302
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын бағалы қағаздар		–	834
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар		<b>222</b>	(1.112)
Берілген кепілдіктер		<b>394</b>	2.857
Клиенттерге берілген кредиттер	8	<b>2.200.386</b>	(1.232.692)
Басқа да қаржы активтері		<b>(836.498)</b>	(216.378)
		<b>(2.946.841)</b>	(4.276.299)

Төменде құнсыздануға арналған сақтық қордың және өзге де сақтық қорлардың қозғалысы берілген:

	Қаржылық жалдауға арналған мүлік	Берілген аванстар	Сатуға арналған активтер	Жиыны
<b>2019 жылғы 31 желтоқсанға</b>	(976.782)	(24.073)	-	(1.000.855)
(Аудару)/түзетпе жасау	(537.892)	12.790	(1.770)	(526.872)
Активтерді есептен шығару	534.468	-	1.770	536.238
<b>2020 жылғы 31 желтоқсанға</b>	<b>(980.206)</b>	<b>(11.283)</b>	-	<b>(991.489)</b>
(Аудару)/түзетпе жасау	<b>(320.664)</b>	<b>(44)</b>	-	<b>(320.708)</b>
Активтерді есептен шығару	<b>461.879</b>	<b>44</b>	-	<b>461.923</b>
<b>2021 жылғы желтоқсанға</b>	<b>(838.991)</b>	<b>(11.283)</b>	-	<b>(850.274)</b>

Активтердің құнсыздануына арналған тиісті қорлар тиісті активтердің құнынан шегеріледі.

## 24. БАСҚА ДА КІРІСТЕР

Басқа да кірістер келесі позицияларды қамтиды:

	2021 жыл	2020 жыл
Шығыстарды өтеуден түскен кіріс	<b>286.633</b>	481.792
Босалқы қорлар бойынша құрылған сақтық қорды қалпына келтіруден түскен кіріс	<b>253.128</b>	276.266
Алынған айыппұлдар мен өсім-пұлдар	<b>98.950</b>	38.845
Қайта жіктеуге байланысты сатуға арналған активтерді қайта бағалаудан түскен кіріс	-	87.800
Басқалары	<b>45.073</b>	21.192
<b>2021 жылғы желтоқсанға</b>	<b>683.784</b>	905.895

Компания айыппұлдар мен өсім-пұлдарды қаржылық жалдауға арналған жабдықтарды мерзімінде жеткізбегені үшін өнім берушілерден алды.

## 25. ПЕРСОНАЛҒА АРНАЛҒАН ШЫҒЫСТАР ЖӘНЕ БАСҚА ДА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

Персоналға арналған шығыстар мен басқа да операциялық шығыстар келесі позицияларды қамтиды:

	2021 жыл	2020 жыл
Персоналды ұстауға арналған шығыстар	<b>(3.066.819)</b>	(2.815.104)
Әлеуметтік қамсыздандыруға арналған шығыстар	<b>(270.809)</b>	(273.093)
<b>Персоналға арналған шығыстар</b>	<b>(3.337.628)</b>	(3.088.197)
Бағдарламалық жасақтама мен өзге де материалдық емес активтердің амортизациясы	<b>(147.241)</b>	(132.480)
Негізгі құралдардың амортизациясы	<b>(142.188)</b>	(141.618)
НҚ мен МЕА жөндеу және техникалық қызмет көрсету	<b>(139.008)</b>	(119.961)
Операциялық жалдау бойынша шығыстар	<b>(113.605)</b>	(123.951)
Аутсорсингке арналған шығыстар	<b>(105.696)</b>	(121.571)
Пайдаға салынатын салықтан басқа өзге салықтар	<b>(102.324)</b>	(112.050)
Консультациялық қызмет көрсету/кәсіби қызмет көрсету	<b>(86.100)</b>	(35.246)
Материалдар	<b>(38.385)</b>	(39.569)
Байланыс қызметін көрсету	<b>(37.081)</b>	(35.587)
Жарнамалық және маркетингтік қызмет көрсету	<b>(26.661)</b>	(25.879)
Рейтингті беру/бақылау/ұстап тұру бойынша рейтингтік қызмет көрсету шығыстары	<b>(22.628)</b>	(24.775)
Ақпараттық қызмет көрсету	<b>(21.131)</b>	(22.482)
Іссапар шығыстары	<b>(19.543)</b>	(10.286)
Көлік қызметін көрсету	<b>(14.303)</b>	(9.290)
Кеңсе және баспаханалық өнімдер бойынша шығыстар	<b>(12.533)</b>	(10.457)
Қызметкерлерді оқыту	<b>(12.009)</b>	(10.128)
Директорлар кеңесін ұстауға арналған шығыстар	<b>(8.345)</b>	(12.327)
Сақтандыру	<b>(2.897)</b>	(2.924)
Қайырымдылық және демеушілік	<b>(1.971)</b>	(2.452)
Өкілдік шығыстар	<b>(35)</b>	(12)
Басқалары	<b>(188.727)</b>	(233.542)
<b>Басқа да операциялық шығыстар</b>	<b>(1.242.411)</b>	(1.226.587)



## 26. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

### Кіріспе

Компания қызметіне тәуекелдер тән. Компания тәуекелдерді басқаруды анықтау, бағалау және бақылаудың тұрақты процесі барысында, сондай-ақ тәуекел лимиттерін белгілеу және басқа да ішкі бақылау шараларын қолдану арқылы жүзеге асырады. Тәуекелдерді басқару процесі Компанияның тұрақты кірістілігін сақтау үшін өте маңызды және Компанияның әрбір жеке қызметкері өз міндеттеріне байланысты тәуекелдер үшін жауапты болады. Компания кредиттік тәуекелге, өтімділік тәуекеліне және нарықтық тәуекелге ұшырайды, ол өз кезегінде сауда операцияларымен байланысты тәуекелге және саудадан тыс қызметпен байланысты тәуекелге бөлінеді. Компания сондай-ақ операциялық тәуекелдерге бейім.

Тәуекелдерді тәуелсіз бақылау процесі, мысалы, ортаны, технологияны өзгерту немесе саланы өзгерту сияқты қызметті жүргізу тәуекелдеріне жатпайды. Мұндай тәуекелдерді Компания стратегиялық жоспарлау процесінде бақылайды.

#### Тәуекелдерді басқару құрылымы

Тәуекелдерді анықтау және оларды бақылау бойынша жалпы жауапкершілікті Директорлар кеңесі көтереді, алайда тәуекелдерді басқару мен бақылау үшін жауап беретін жекелеген тәуелсіз органдар да бар.

#### Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Директорлар кеңесі жалпы тәуекелдерді басқару тәсілдемесіне, тәуекелдерді басқару стратегиясы мен қағидаттарын бекітуге жауап береді.

#### Басқарма

Басқарманың міндеті Компаниядағы тәуекелдерді басқару процесін бақылау болып табылады.

#### Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдерді басқару бөлімшесі тәуелсіз бақылау процесін қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқаруға байланысты рәсімдерді енгізу және жүргізу үшін жауап береді.

#### Тәуекелдерді бақылау

Тәуекелдерді бақылау бөлімшесі Компанияның тәуекелдерді басқару қағидаттарының, саясатының және тәуекел лимиттерінің сақталуын бақылауға жауап береді. Компания құрылымына, белгіленген лимиттермен салыстырғанда тәуекелге ұшыраған позициялардың мөлшерін бақылауды қоса алғанда, тәуекелдерді тәуелсіз бақылауға, сондай-ақ жаңа өнімдер мен

құрылымдалған мәмілелердің тәуекелін бағалауға жауап беретін, Компания Басқармасына тікелей бағынатын бөлек бөлімше кіреді. Бұл бөлімше сондай-ақ тәуекелді бағалау жүйесінде және тәуекелдер туралы есептілікте толық ақпараттың жиналуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тәуекелдерді бақылау мақсатында Компания филиалдарында тәуекел-менеджерлері көзделген.

#### Компанияның қазынашылығы

Компанияның қазынашылығы Компанияның активтері мен міндеттемелерін, сондай-ақ жалпы қаржы құрылымын басқаруға жауап береді. Қазынашылық сондай-ақ, өтімділік тәуекеліне және Компанияны қаржыландыру тәуекеліне жауап береді.

#### Ішкі аудит

Ішкі аудит қызметінің жұмысы Компанияның Директорлар кеңесіне жыл сайын рәсімдер жеткіліктілігіне де, сол сияқты Компанияның осы рәсімдерді орындауына да аудит жүргізуге негізделген тәуелсіз, объективті және риясыз ақпарат беру болып табылады. Аудит бөлімі басшылықпен бірге жүргізілген тексерістердің нәтижелерін талқылайды және өзінің қорытындылары мен ұсынымдарын тікелей Директорлар кеңесіне ұсынады.

#### Тәуекелдерді бағалау және тәуекелдер туралы ақпаратты беру жүйесі

Компанияның тәуекелдері әдеттегі қызмет барысында келтірілуі ықтимал болжалды залал ретінде де, сондай-ақ статистикалық модельдер негізінде неғұрлым үлкен нақты залалдарды бағалау болып саналатын күтпеген залалдар ретінде де көрсететін әдіс арқылы бағаланады. Модельдерде бұрынғы тәжірибеден алынған және экономикалық жағдайлар ескеріле отырып түзетілген ықтималдылық мәндер қолданылады. Компания сондай-ақ туындау ықтималдылығы аз болып саналатын оқиғалар басталған жағдайда орын алатын «ең нашар сценарийлерді» қолданады.

Тәуекелдердің мониторингі мен бақылауы негізінен Компания белгілеген лимиттерге негізделеді. Мұндай лимиттер қызметті жүргізу стратегиясын және Компания жұмыс істейтін нарықтық жағдайларды, сондай-ақ Компания қабылдауға дайын тәуекел деңгейін көрсетеді әрі жекелеген салаларға ерекше назар аударылады. Бұдан басқа, Компания тәуекелдер мен операциялардың барлық түрлері бойынша жиынтық позицияға қатысты өзінің тәуекелдерді көтеру қабілетін бақылайды және бағалайды.

Қызметтің барлық түрлері бойынша алынған ақпарат тәуекелдерді талдау, бақылау және

ерте анықтау мақсатында зерделенеді және өңделеді. Көрсетілген ақпарат Директорлар кеңесіне, Компания Басқармасына, Редит комитетіне, бөлімшелердің басшыларына ұсынылады. Бұл ақпарат кредиттік тәуекелдің жиынтық мөлшерінің көрсеткішін, болжамды кредиттік көрсеткіштерді, тәуекелдің белгіленген лимиттерінен тыс жайттарды, тәуекелді ескере отырып, құнды, өтімділік көрсеткіштерін, пайыздық тәуекел көрсеткіштерін, тәуекел деңгейіндегі өзгерістерді қамтиды.

Компанияның барлық деңгейлері үшін Компанияның барлық бөлімшелеріне кең, қажетті және тиісті ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін таратылатын түрлі тәуекелдер туралы есептер жасалады.

Басқарма мен Компанияның өзге де қызметкерлерінің мәжілістері тұрақты түрде өткізіледі, онда белгіленген лимиттерді ұстап тұру туралы мәселе талқыланады, тәуекел, инвестициялар, өтімділік ескеріле отырып, құн, сондай-ақ тәуекел деңгейіндегі өзгерістер талданады.

#### Тәуекелдің азаюы

Тәуекелдерді басқару шеңберінде Компания пайыздық мөлшерлемелердегі, айырбас бағамдарындағы туындайтын позицияларды, акция бағасының өзгеру тәуекелін, кредит тәуекелін, сондай-ақ болжанатын мәмілелер бойынша позицияларды басқару үшін туынды және басқа да құралдарды пайдаланады.

Компания өзінің кредит тәуекелін төмендету үшін қамтамасыз етуді белсенді қолданады.

### Кредит тәуекелі

Кредит тәуекелі - бұл өзінің клиенттері немесе контрагенттері шарттық міндеттемелерін орындамауы салдарынан Компанияның шығынға ұшырау тәуекелі. Компания кредит тәуекелін жекелеген контрагенттер, тәуекелдің географиялық немесе салалық шоғырлануы бойынша қабылдауға дайын тәуекелдің шекті мөлшерін белгілеу арқылы, сондай-ақ белгіленген тәуекел лимиттерінің сақталуын мониторингтеу арқылы басқарады

Компания қамтамасыз ету мөлшерін мерзімді қайта қарауды қоса алғанда, контрагенттердің кредит төлеу қабілеттілігіндегі ықтимал өзгерістердің ерте анықталуын қамтамасыз ету үшін кредиттік сапаны тексеру рәсімін әзірледі. Контрагенттер бойынша лимиттер әрбір контрагентке кредит тәуекелі беретін кредит тәуекелін жіктеу жүйесі пайдаланыла отырып айқындалған. Кредит тәуекелі үнемі қайта қаралып отырады. Кредиттік сапаны тексеру процедурасы Компанияға Компания ұшырайтын тәуекелдер бойынша ықтимал залалдардың мөлшерін бағалауға және қажетті шараларды қолдануға мүмкіндік береді.

Компанияның кредит тәуекелінің ең жоғары деңгейі, әдетте, қаржы жағдайы туралы есепте қаржы активтерінің теңгерімдік құнында көрсетіледі. Есепті күнгі жағдай бойынша теңгерімдік кредит тәуекелінің ең жоғары деңгейі мынадай түрде ұсынылуы мүмкін:

	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан (қайта есептелген)
<b>Активтер</b>		
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	30.011.182	12.235.576
Кредиттік ұйымдардағы қаражаттар	35.098.466	39.618.524
Клиенттерге берілген кредиттер	21.720.408	28.548.012
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	314.712.495	256.753.398
Басқа да қаржы активтері	80.945	891.709
<b>Кредит тәуекеліне ең жоғары ұшырағыштық деңгейінің жиыны</b>	<b>401.623.496</b>	<b>338.047.219</b>

**Туынды қаржы құралдары**

Туынды қаржы құралдарымен байланысты кредит тәуекелі кез келген уақытта қаржы жағдайы туралы есепте танылған оң әділ құны бар туынды құралдармен шектелген.

**Кредит сипатындағы міндеттемелермен байланысты тәуекелдер**

Компания өз клиенттеріне клиенттердің атынан Компанияның төлем жүргізу қажеттілігі туындауы мүмкін кепілдіктер алу мүмкіндігін ұсынады. Клиенттер Компанияның мұндай төлемдерін аккредитив ұсыну шарттарына сәйкес өтейді. Көрсетілген шарттар бойынша Компания кредиттер бойынша тәуекелдерге ұқсас және сол процедуралар арқылы және тәуекелдерді бақылау саясатының көмегімен төмендетілетін тәуекелдерді көтереді.

Есепті күнгі жағдай бойынша танылмаған шарттық міндеттемелерге қатысты кредит тәу-

екелінің ең жоғары мөлшері туралы неғұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 22-ескертпеде берілген.

**Құнсыздануды бағалау**

Компания БКЗ-ды тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконтталатын ақшалай қаражаттың күтілетін толық алынбауларын бағалау үшін ықтималдылық ескеріле отырып өлшемделген бірнеше сценарийлердің негізінде есептейді. Ақшаны толық алмау – шартқа сәйкес ұйымға тиесілі ақша ағындары және ұйым алуды күтіп отырған ақша ағындары арасындағы айырма.

БКЗ есептеу тетігі төменде сипатталған, ал негізгі элементтері мыналар болап табылады:

Дефолт ықтималдығы (PD)	Дефолт ықтималдығы – берілген уақыт аралығы бойына дефолттың пайда болуы ықтималдығын есептік бағалау болып саналады. Егер активтің танылуы тоқтатылмаған болса және ол бұрынғыдай портфельдің бөлігі болып табылса, дефолт қарастырылып отырған кезең ішінде белгілі бір уақытта ғана орын алуы мүмкін.
Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама (EAD)	Дефолт тәуекеліне ұшыраған шама болашақта қандай да бір күнге шартта немесе өзгеше түрде көзделген негізгі борыш сомасы мен пайыздардың төленуін, берілген қарыздардың болжалды өтелуін және төлемдердің мерзімін өткізіп алу нәтижесінде есептелген пайыздарды қоса алғанда, есепті күннен кейін осы шаманың күтілетін өзгерістерін ескере отырып, дефолтқа ұшыраған шаманы есептік бағалау дегенді білдіреді.
Дефолт кезіндегі шығын деңгейі (LGD)	Дефолт кезіндегі шығын деңгейі белгілі бір уақытта дефолт басталған жағдайда туындайтын залалдарды есептік бағалау дегенді білдіреді. Бұл көрсеткіш шартта көзделген ақша ағындары мен кредитор алынуын күтетін, оның ішінде қамтамасыз етуді іске асыру нәтижесінде алынуын күтетін ақша ағындары арасындағы айырма негізге алына отырып есептеледі. Әдетте EAD қатысты пайызбен көрсетіледі.

БКЗ арналған бағалау сақтық қоры, егер бастапқы танылған сәттен бастап кредит тәуекелінің едәуір ұлғаюы болса, пайда болуы активтің қолданылу мерзімі бойына күтілетін (бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залалдар немесе бүкіл мерзімдегі БКЗ) кредиттік залалдардың негізінде есептеледі, олай болмаған жағдайда, бағалау сақтық қоры 12-айлық болжалды кредиттік залалдарға (12-айлық БКЗ) тең сомада есептеледі. 12-айлық БКЗ – бұл есепті күннен кейінгі 12 ай ішінде болуы ықтимал қаржы құралы бойынша дефолттардың салдарынан туындайтын БКЗ болып саналатын, бүкіл мерзімдегі БКЗ бөлігі. Бүкіл мерзімдегі БКЗ және 12-айлық

БКЗ қаржы құралдарының базалық портфелінің сипатына қарай не жеке негізде, не топтық негізде есептеледі.

Компания қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде дефолт басталу тәуекелінің өзгерістерін есепке алу жолымен бастапқы тану сәтінен бастап қаржы құралы бойынша кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаюы болған-болмағанына қатысты әрбір есепті кезеңнің соңына бағалауды жүзеге асыру үшін саясат әзірледі. Жоғарыда сипатталған процестің негізінде Компания қаржы активтерін келесі топтарға біріктіреді:

1-кезең:	Активті бастапқы тану кезінде Компания бағалау сақтық қорын 12 айлық БКЗ-ға тең сомада таниды. 1-кезеңге сондай-ақ кредиттер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және кредит тәуекелі 2-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендеген басқа да кредиттік желілер жатады.
2-кезең:	Егер актив бойынша кредит тәуекелі бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай ұлғайған болса, Компания бағалау сақтық қорын бүкіл мерзім ішіндегі БКЗ-ға тең сомада таниды. 2-кезеңге сондай-ақ кредиттер, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек және кредит тәуекелі 3-кезеңнен ауыстырылған дәрежеге дейін төмендеген басқа да кредиттік желілер жатады.
3-кезең:	Кредиттік-құнсызданған болып табылатын активтер. Компания бағалау сақтық қорын бүкіл мерзімдегі БКЗ-ға тең сомада таниды.
СҚКҚ:	Сатып алынған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған (СҚКҚ) активтер – бұл бастапқы тану сәтіне кредиттік құнсыздану болған қаржы активтері. СҚКҚ бастапқы тану кезінде активтер әділ құн бойынша бағаланады, кейіннен кредит тәуекелі ескеріле отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме пайдаланыла отырып есептелген пайыздық түсім танылады. БКЗ арналған бағалау сақтық қоры бүкіл мерзімдегі болжалды кредиттік залал сомасының кейінгі өзгерісі болған көлемде ғана танылады немесе танылуын тоқтатады.

БКЗ қайта бағалау кезінде Компания үш сценарийді қарайды: базалық, оптимистік, пессимистік. Олардың әрқайсысы үшін өздерінің PD, EAD және LGD көрсеткіштері белгіленеді. БКЗ анықтау модельдерінде Компания бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады. Құнсызданудан болған залалдар мен олардың өтелуі ескеріледі, және олар туралы ақпарат қаржы активтерінің жалпы теңгерімдік құнын түзету ретінде көрсетілетін түрлендіруден түскен пайдадан немесе залалдан бөлек ұсынылады.

**Дефолтты анықтау және қалпына келтіру**

Компания қаржы құралы бойынша дефолт болды деп санайды, демек, қарыз алушы шартта көзделген төлемдерді 90 күнге кешіктірген кез келген жағдайда, БКЗ есептеу мақсатында Компания оны 3-кезеңге (кредиттік-құнсызданған активтер) жатқызады. Қазынашылық және банкаралық операциялар жағдайында, Компания дефолт болды деп санайды және, егер операциялық күн жабылған сәтке жекелеген келісімдерде көрсетілген қажетті бір күндік төлемдер жасалмаса, оны жою бойынша дереу шаралар қабылдайды. Бағалы қағаздар, депозиттер, ағымдағы шоттардағы қаражат бойынша болжалды кредиттік залалды есептеу Fitch Ratings, Moody's InvestorsService, S&P GlobalRatings халықаралық рейтингтік агенттіктері беретін сыртқы кредиттік рейтингтер негізінде жүзеге асырылады.

Клиент бойынша дефолттың болуын сапалы бағалау шеңберінде Компания сондай-ақ, төлемнің екіталай екенін көрсететін бірқатар оқиғаларды қарастырады. Мұндай оқиғалар туындаған жағдайда, Компания мұндай оқиға

дефолтқа әкеле ме және БКЗ есептеу мақсатында активтерді 3-кезеңге жатқызу керек пе, әлде 2-кезең қолайлы бола ма, соны мұқият талдайды. Мұндай оқиғаларға мыналар жатады:

- Компанияда форс-мажорлық жағдайлар туралы, сондай-ақ қарыз алушыға (қосалқы қарыз алушыға) елеулі материалдық залал келтірген немесе қызмет түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру/тоқтата тұру туралы ақпаратты, сондай-ақ қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) еңбекпен қамтылмағандығы немесе коммерциялық қызметінің болмауы туралы ақпаратты қоса алғанда, оған өз қызметін жалғастыруға мүмкіндік бермейтін өзге де жағдайлар туралы ақпараттың болуы;

- банкроттықтың немесе қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдығы, сондай-ақ қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) қаржылық жағдайын нашарлатуы мүмкін сот талқылауларына оның тартылғандығы туралы негізделген және расталған ақпарат. Бұл ақпарат ретінде Компания келесі оқиғаларды қарайды:

- жеке тұлға қарыз алушысының (қосалқы қарыз алушысының) қайтыс болуы туралы ақпараттық болуы;

- соңғы күнін қоса алғанда күнтізбелік 60 күннен астам кросс-дефолт (Компанияда ақпарат болған кезде);

- қарыз алушының кредиттік рейтингісінің CC рейтингіне дейін және Standard&Poor's, Moody's Investors Service и Fitch рейтингтік агенттіктері берген рейтингтен төмен төмендеуі;



- қаржылық қиындықтардың нәтижесінде осы қаржы активі үшін белсенді нарықтың жоғалуы.

*Қазынашылық және банкаралық қатынастар*

Қазынашылық және банкаралық қатынастарға қаржылық қызмет көрсету ұйымдары, банктер, брокер-дилерлер сияқты контрагенттермен қарым-қатынас кіреді. Мұндай қатынастарды бағалау үшін Компанияның қаржы департаменті мен тәуекелдерді басқару департаменті қаржылық есептілік сияқты жалпы қолжетімді ақпаратты және басқа сыртқы көздерден алынған мәліметтерді, мысалы, сыртқы рейтингтер сияқты мәліметтерді талдайды.

*Дефолт кезіндегі шығындар деңгейі*

Кредит тәуекелін бағалау нәтижесінде LGD белгілі бір деңгейлері белгіленетін LGD бағалаудың стандартты моделіне негізделеді. LGD осы деңгейлері ұстап қалатын қамтамасыз етуді сату нәтижесінде қалпына келтірілетін болады деп немесе іске асырылатын болады деп күтілетін сомалармен салыстырғанда, LGD болжалды көрсеткішін есепке алады. Компания өзінің кредиттік өнімдерін болашақтағы ақша ағындарын бағалау үшін қолайлы кредит тәуекелінің негізгі сипаттамалары негізінде біртекті топтарға біріктіреді. Ол үшін өткен кезеңдердің залалдары туралы ақпарат қолданылады және мәмілелерге тән сипаттамалардың кең спектрі (мысалы, қамтамасыз ету түрлері), сондай-ақ қарыз алушының сипаттамалары қаралады.

Қажет болған жерде, ҚЕХС (IFRS) 9 бойынша LGD деңгейін айқындау үшін қаржы құралдарының әрбір тобы үшін жаңа деректер мен болжамды экономикалық сценарийлер қолданылады. Болжамды ақпаратты бағалау кезінде күтілетін нәтижелер көптеген сценарийлерге негізделеді. Негізгі бастапқы деректердің мысалдары қамтамасыз ету құнының өзгеруін және төлемдер мәртебесін қамтиды.

LGD деңгейлері 1, 2 және 3-кезең активтерінің және СҚКҚ активтердің барлық санаттары үшін бағаланады. LGD осындай деңгейлері үшін бастапқы деректер соңғы қалпына келтірулерді ескере отырып, тарихи деректердің негізінде тестілеу арқылы бағаланады және мүмкін болған жерде, түзетіледі. Қажет болған жағдайда мұндай деректер әрбір экономикалық сценарий үшін айқындалады.

*Кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы*

Компания БКЗ есептелетін барлық активтерді үнемі тексеріп отырады. Құрал немесе құралдар портфелі бойынша құнсыздануға арналған бағалау сақтық қорын қандай сомада құру қажет екенін анықтау үшін (яғни, 12-айлық БКЗ немесе бүкіл мерзімдегі БКЗ сомасында), Компания бастапқы танылған сәттен бастап осы құрал немесе құралдар портфелі бойынша кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғайды ма, соны тал-

дайды. Компания кредит тәуекелінің мынадай айтарлықтай ұлғайған белгілері анықталған жағдайда, бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралы бойынша кредит тәуекелі айтарлықтай ұлғайды деп есептейді:

- күнтізбелік 30 (отыз) және одан артық күн мерзімін кешіктіру;
- басқа кредиттік ұйымдарда қарыз алушының (қосалқы қарыз алушының) соңғы күнін қоса алғанда күнтізбелік 31 күннен бастап 60 күнге дейін мерзімі өткен негізгі борыш және/немесе сыйақы бойынша өтелмеген берешегі туралы ақпараттың Компанияда болуы (Компанияда ақпарат болған кезде);
- қайта құрылымдалған және/немесе мерзімі ұзартылған сәттен бастап 12 айдан астам, бірақ соңғы күнін қоса алғанда 24 айдан аз уақыт өткен, есепті күнге кешіктіру болмаған немесе 60 күннен аспай мерзімі кешіктірілген активтер;
- қайта құрылымдалған және/немесе мерзімі ұзартылған сәттен бастап 24 айдан астам уақыт өткен және есепті күнге олар бойынша 30 күннен артық, бірақ 60 күннен аспайтын кешіктірулері бар активтер;
- қарыз алушының сыртқы кредиттік рейтингінің нақты немесе болжалды (негізделген және расталған ақпараттың негізінде) төмендеуі;
- міндеттеме бойынша қамтамасыз ету құнының (бастапқы танылған күнінен бастап кепілзаттық қамтамасыз етудің әділ құнының 50% артық шамаға төмендеуі) немесе қарыз алушы үшін шартта көзделген жоспарлы төлемдерді жүзеге асыруға экономикалық стимулды азайтады деп немесе дефолттың басталу ықтималдығына өзгеше түрде әсер етеді деп күтілетін үшінші тұлғаларға берілген кепілдік сапасының немесе кредиттік сапаны көтеру тетіктерінің айтарлықтай өзгеруі (Компанияда ақпарат болған кезде);
- ЕДБ берілген кепілдік сапасының айтарлықтай өзгеруі, атап айтқанда, қазынашылық активтер үшін пайдаланылатын тәсілге сәйкес кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюына әкелетін ЕДБ рейтингінің өзгеруі (рейтингтің 2 нотчаға және одан да көп төмендеуі) (кепілдік болған кезде);
- қаржы жағдайының нашарлауы.

Сонымен қатар, Компания актив бойынша кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғайғанын көрсету үшін қосымша сапалы әдісті қолданады, мысалы, клиентті/активті проблемалылардың тізіміне ауыстыру немесе кредиттік оқиғаға байланысты қайта құрылымдау. Кейбір жағдайларда Компания жоғарыда, «Дефолтты анықтау» бөлімінде келтірілген оқиғаларды да дефолт ретінде емес, кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғайғанына нұсқау ретінде қарай ала-

ды. Кредиттік рейтинг деңгейлерінің өзгеруіне қарамастан, егер шартта көзделген төлемдер 30 күннен астам мерзімге кешіктірілсе, онда бастапқы танылған сәттен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы орын алды деп есептеледі.

БКЗ-ды ұқсас активтер тобы бойынша топтық негізде бағалау жағдайында, Компания бастапқы тану сәтінен бастап кредит тәуекелінің айтарлықтай ұлғаюы болған-болмағанын бағалаудың осындай қағидаттарын қолданады.

Ақшалай қаражаттар және олардың баламаларына, сондай-ақ кредиттік ұйымдардағы қаражаттарға қатысты, Компания кредит тәуекеліне ұшырайтын нақты бір позиция бойынша кредит тәуекелі, егер Топ эмитенттің кредиттік рейтингі бастапқы танылған сәттен бастап 2 тармаққа немесе одан да көп тармаққа төмендегенін анықтаса, бастапқы танылған сәтінен бастап айтарлықтай көтерілді деп санайды.

*Болжамды ақпарат және көптеген экономикалық сценарийлер*

Компания өзінің БКЗ есептеу модельдерінде бастапқы экономикалық деректер ретінде болжамды ақпараттың кең спектрін пайдаланады:

- ЖІӨ өсу қарқыны;
- жұмыссыздық деңгейі;
- инфляция деңгейі;
- экспорт көлемі.

БКЗ есептеу кезінде қолданылатын бастапқы деректер мен модельдер қаржылық есептілікті ұсыну күніндегі нарықтық барлық сипаттамаларын әрдайым көрсете бермейді. Мұны көрсету үшін, кейде сапалы түзетулер жасалады немесе, егер мұндай айырмашылықтар маңызды болып табылатын болса, уақытша түзетулер ретінде қабаттастырып белгі қояды.

Болжамды ақпарат алу үшін Компания сыртқы көздерден (сыртқы рейтингтік агенттіктер, мемлекеттік органдар, мысалы, халықаралық қаржы институттары) алынған деректерді пайдаланады. Компания көптеген сценарийлерге жатқызылатын салмақ коэффициенттерін анықтайды. Төмендегі кестеде БКЗ бағалау үшін әрбір экономикалық сценарийде қолданылатын негізгі болжамды экономикалық айнымалылардың/болжамдардың мәндері көрсетілген. Төмендегі кестеде күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін әр экономикалық сценарийде қолданылатын негізгі болжамды экономикалық айнымалылардың/жорамалдардың мәндері көрсетілген.

**БОЛЖАМДЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ И КӨПТЕГЕН ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЦЕНАРИЙЛЕР**

Түйінді факторлар	БКЗ сценарийі	2022 жылға берілген ықтималдық, %	2023 жылға берілген ықтималдық, %	2022 жыл	2023 жыл
<b>ЖІӨ өсімі, %</b>	Оптимистік	9%	9%	4,0	5,0
	Базалық	64%	55%	3,7	4,6
	Пессимистік	27%	36%	2,7	2,9
<b>Жұмыссыздық деңгейі, %</b>	Оптимистік	0%	0%	5,1	4,9
	Базалық	64%	64%	5,1	4,9
	Пессимистік	36%	36%	7,0	6,7
<b>Инфляция деңгейі, %</b>	Оптимистік	18%	18%	4,9	4,1
	Базалық	73%	73%	6,0	5
	Пессимистік	9%	9%	6,5	5,5
<b>Экспорт көлемі, миллиардтаған АҚШ доллары</b>	Оптимистік	9%	9%	46,9	51,3
	Базалық	82%	82%	43,0	47
	Пессимистік	9%	9%	39,1	42,7



## Өтімділік тәуекелі және қаржыландыру көздерін басқару

Өтімділік тәуекелі - бұл Компанияның әдеттегі немесе күтпеген жағдайларда өтеу мерзімі басталған кезде төлемдер бойынша өз міндеттемелерін орындай алмау тәуекелі. Осы тәуекелді шектеу мақсатында басшылық әр түрлі қаржыландыру көздерінің қол жетімділігін қамтамасыз етті. Басшылық сондай-ақ өтімділікті ескере отырып, активтерді басқаруды және болашақ ақша ағындары мен өтімділіктің күнделікті мониторингін жүзеге асырады. Бұл процесс күтілетін ақша ағындарының бағалауын және қажет болған жағдайда, қосымша қаржыландыру алу үшін пайдаланылуы мүмкін жоғары сапалы қамтамасыз етудің болуын қамтиды.

2021 жылғы 31 желтоқсан	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
Акционер алдындағы берешек	350.686	1.454.298	2.040.000	56.783.000	60.627.984
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	2.540.792	21.170.865	56.216.112	2.714.479	82.642.248
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	3.058.090	31.261.375	115.689.552	88.895.000	238.904.017
<b>Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>5.949.568</b>	<b>53.886.538</b>	<b>173.945.664</b>	<b>148.392.479</b>	<b>382.174.249</b>

2020 жылғы 31 желтоқсан	3 айдан аз	3 айдан 12 айға дейін	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан артық	Жиыны
Акционер алдындағы берешек	3.053.496	23.779.981	27.825.646	10.951.220	65.610.343
Кредиттік ұйымдардың қаражаты	3.674.056	19.345.921	54.467.513	3.701.593	81.189.083
Шығарылған борышқорлық бағалы қағаздар	678.090	17.980.950	111.834.017	-	130.493.057
<b>Дисконтталмаған қаржы міндеттемелерінің жиыны</b>	<b>7.405.642</b>	<b>61.106.852</b>	<b>194.127.176</b>	<b>14.652.813</b>	<b>277.292.483</b>

Төмендегі кестеде Төмендегі кестеде Компанияның шарттық және шартты міндеттемелерінің шарттық қолданылу мерзімдері көрсетілген. Кредит беру бойынша барлық орындалмаған міндеттемелер клиент оның орындалуын та-

